

САФУАН
ШАЙМЕРДЕНОВ



Ағалардың
алаңаны





C. Warburton

САФУАН
ШАЙМЕРДЕНОВ

Ағалардың алаңаны

Повестер, әңгімелер, эсселер

АЛМАТЫ
«ЖАЗУШЫ»
1987

84 Каз 7-44
Ш-18

Пікір жазғандар: `
Б. Нұржекеев, Т. Қаупынбаев

Ш $\frac{4702230200-014}{402(05)-87}$ 67-87

112

© «Жазушы», 1987

94
12 x 5020

Бірінші бөлімі

ЖЕЛ КЕРУЕН



БІР ТАБА НАН

Мен туған анамнан сегіз жасымда қалыппын. Сегіз жас есіңнің кірген шағы. Сегіз түгіл, төрт, бес жасыңдағы уақиғалардың да жадында сақталып қалатындары бар. Айталық, өзімнен төрт жас кіші інім Есмағидың дүниеге келгені күні бүгінге дейін есімде. Отынағаш атты күздеуде отырғанда жеті айлығында шала туған інімнің үлкен қара тымаққа салынып кереге басында ілулі тұрғаны — маған сондай айқын. Ал бес жасымда көрген бір қорқынышты түсімді қазір де дәп басып айтып бере алам.

Біздің ауылда орман қорушысы Хамит деген тұрды. Тіпті Рабиға дейтін әдеміше келген әйелі де менің көз алдымда.

Әкем жанағы орманшымен дос болатын. Ертеңгі шай, кешкі тамақ Хамитсыз ішілмейтін-ді. Неге екенін кім білсін, бірде екеуінің арасынан ала мысық өтіп кетіп, араздасып қалғаны бар. Сол тұста әкемнің бір шана әкелгені де көз алдымда. Бұрын дос болып жүрген кезінде бір шана түгіл, он шана отынға да қыңқ демес Хамит бұл жолы дуылдата келді: қырамын да жоямын.

Кісі бетіне келе бермейтін әкем де шорт кетті.

— Қылатыныңды қылып ал! Шық үйден, найсап! Ойтпесе мына балтамен табанда жайратамын.

Бұл ерегістің аяғы немен тынды, есімде жоқ. Бірақ, сол күні түнде көрген түсім күні бүгінгідей: сақалды біреу қуып келеді. Мен қашып келем. Бұл кім деймін бе, артыма қарасам, қуып келе жатқан сақалдым — орманшымның өзі. Қолында балта, жалақтатып қояды. Мен тегі бақырған болсам керек, шошып ояндым...

Кішкене кезімдегі осындай болымсыз елестің өзін жадымда ұстаған менің, бір өкініштісі, сегіз жасымда дүние салған туған анам туралы білетінім тіпті бұлдыр, көмескі.

Өз ойымша, анам ат жақты, қызыл шырайлы, әдемі кісі болатын. Күлкісі мүлде жадымда жоқ. Ал ашулы кезінде қызыл шырайлы өңі бұзылып, сұрланып кететіні есімде. Күннің бір ыстығында өзім тұрғылас бір топ бала суға түсіп жүр едік, анам келді. Өзгеріп тұрған өңінен ашулы екенін бірден түсіндім. Салмақты дауыспен мені шақырып алды да, шапалақтап-шапалақтап үйге алып барды. Мен онда бес жаста болсам керек. Ал Есмағи інім бір жаста. Қанға, ұғымға сіңген тәртіп бойынша бес жастағы бала өзінен кейінгілерге бас-көз болуға тиісті. Тәрбиелі үйде жалғыздікті анаға көмектесу, мал қайыру, өрістен оралған табынның алдынан шығып, төлдерді жамыратпау секілді міндеттер бар бес жасар бала пешенесіне жазылған. Ал мен болсам осы міндеттерімді орындауды ұмытып, ойнап кететін болсам керек. Дәл осылай ма, анық біле бермеймін. Білетінім — анамның әйтеуір ұрсатыны, анам ұрысқан кезде әкемнің сыртына барып паналайтыным. Шынымды айтсам, шешемнен көрі әкем қайырымдылау секілді. Өйткені, әкемнің сыртына барып тығылған кездерімде:

— Жарайды, бір жолға кешір енді, батыр-екесі, енді қайталамайды,— деген арашашы дауысты жиі естітімін.

Бұл, әрине, нені болсын сырттай қабылдайтын бала ұғымы. Ал есейіп ат жалын тартып мінген кезімде ағайын-туғаннан да, былайғы елден де:

— Анаң сенің ел кісісі еді ғой. Сондай ұқыпты, іскер, таза, біреуді екеу, екеуді он етіп отыратын өнер иесі-тін. Ұры басынып ұрлайды, қонақ тандап түседі деген бар. Дәулеттерің шағын болса да үйлерің сол ауылдағы тандап қонақ түсетін санаулы үйлердің бірі болатын. Қиза марқұм сіздің үйдің құты еді,— дегенді сан рет естігенмін.

Осы пікірді бұл күнде сексеннің төртеуіне шыққан әкемнің өзі де қостап, қайталап отырудан жалықпайды.

— Қиза шешен туралы жұрт тегін айтпайды. Марқұмның орыны бөлек еді ғой.

Туған анамның дүние салғанына міне елу жылға жақындап қалса да, әкемнің айнымас пікірі осы. Өзім ес білгелі оның осы пікірден жаза басқан кезін байқаған емеспін. Ал өзі жөніндегі, менің анам Қизамен көңіл қосқан кезіндегі ағайын-туғандардың қарым-қатынастары жөніндегі пікірі әрқилы.

Олардың қосылуы да бір хикая. Еңлік пен Кебек

оқиғасындағыдай қан төгіс болмаса да, соған пара-пар.

Менің болашақ анам байгүс әу баста Әмина деген қызымен жесір қалыпты. Күйеуі Нұрмағанбет әкеме жамағайын. Әменгерлік жолы ма табыстырған, кім білсін, әйтеуір жесір қалған жанға мен қайын іні көңіл қосыпты. Ал оларға екі жақтың да ағайын-туғандары қарсы болыпты. Бұл қарсылықтың насырға шабар түрі соншалық, тіпті «айтқанымызға көнбейсін, райыңнан қайтпайсың»,— деп өз ағайындары әкемді арқан байлап құдыққа тастап, тәуліктеп мұздай суға да ұстапты. Осы оқиға жайында бала кезімде әкемнің «ағайындарым маған не көрсетпеді!»— деп ренжіп отыратынына талай куәгер болғанмын. Ал ағаларының бәрі дүние салып, өзінің де жасы ұлғайған осы бір шағында: «ағаларымның ол ісінде зұлымдық жоқ, шешенді басқа біреуге жөнелткісі келген мықты нағашыларыңның ырқынан шыға алмай маған жасаған жәй қокан-лоққысы ғой»,— деп шәйіп-жуып отыратынды шығарды.

— Дегенмен құдыққа тастаған кезде қорықпадың ба?— деп сұраймын мен әкемнен.

— Қорыққан жоқпын. Себебі шешен сендім. Қизм марқұм бүкіл ел болып қанша азғырып, қанша қинаса да айтқанынан қайтпады ғой,— деп жауап береді ол кісі.

Тегі анам бір бет, айтқанынан қайтпайтын, мынау жақын, анау алыс демейтін әділ, тура кісі болса керек. Олай дейтінім: басқаны былай қойғанда өз туғандары — төркіп жұртына кейде разы болман отыратын-ды. Бір жолы мен қысқы соғымның мүше-мүшелерінен сыбаға алып нағашыларыма барып қайттым. Нағашы әжем Сәлиманың сондағы жиен қоржынына салып жіберген сәлем-сауқаты — жарты таба кепкен нан болып шықты. Сонда қолы ашық шешем: «Мұны не деп жіберді екен?»— деп ашуланып есіктен шығарып сыртқа, итке лақтырған еді. Елде коллективтендіру жүргізілгенде, көрші «Талпын» атты колхозға, ал біз «Лия» колхозына ауысқанбыз. Менің нағашы ағам Әбу Файзуллин сауаты ерте ашылған, есеп-қисапқа жүйірік, әрі өте бір сүйкімді жігіт. Алдымда туған ағам болмағандықтан ба, әйтеуір мен оны жақсы көретінмін. Сол нағашы ағам біздің колхозға есепшілік қызметке келді де, біздің үйде тұрды. Менде ес жоқ, әйтпегенде ше. Жақсы көрген нағашы ағаммен бір үйде тұрып, бір төсекте жатсаң, туған ағасы жоқ балаға одан артық қуаныш бола ма!

Бірақ бұл қуанышым көпке бармады. Бір күні анам тамақ үстінде өзінің інісіне:

— Жыл болса жаман, дүшпенің бәрі тарылып кетті. Оның үстіне менің де денсаулығым жоқ. Жағдайың бола бермеуі мүмкін. Ағайынның алыстан сыйласқаны жөн. Басқа пәтерге шыққаның дұрыс болар,— деді.

— Әбу ала бөтен күтім тілер дейсің бе. Біз не ішсек, соны ішер. осында-ақ болсын,— деген әкеме де, «Әбу ағамды жібермеймін»,— деп жылаған маған да көптен жоқ.

Анамның дүшпеден өтер күні де көз алдымда. Ғалым-синоптиктердің айтуына қарағанда, ол жыл күн белсенділігі артқан жыл екен. Жазда жаңбырлы қара дауыл үй шатырларын ұшырып, киіз үйлерді көкке көтеріп кетсе, қысы бір зымыстан болған. Екі үйдің арасына бала түгіл, ересек адамдардың өзі арқан байлап жүргендері есімде. Сол бір ала құйын ақ түтек зымыстан қыстың адам айтса сенгісіз ақ үлпек қар жауып басылған тып-тынық, жып-жылы, май тоңғысыз бір күні болатын. Әкем төсекте жатқан анамның басында отырған-ды. Кенет әлсіз дауыс шықты:

— Екі қарғамды шақыршы.

Терезе алдында тұрған мен бұрынырақ жеттім. Анамның салдырап қалған қу сүйек қолы менің басыма жақындай берді де түсіп кетті. «Шы... бы... ным...»— деп бір ашылып, екі жабылған шүберек ерні қимылсыз қалды. Тарамыс қол неге түсіп кетті? Кезерген ерін неге қимылсыз қалды?— Мен оны түсінбеген болсам керек. Әйтеуір, әкем байғұстың әлде не деп күбірлеп, анамның қолын түзеп жанына салып, кірпігін жапқанын ғана білем...

Біз сөйтіп жетім қалдық.

Есмағи екеуміздің қолымыздан көп нәрсе келе бермейтін секілді. От жағып, тамақ пісіру, кір-қонды жуу бәрі де енді әке мойнында.

Әке жұмысы мұнымен тынбайды. Неге екенін білмеймін, жетпіс-сексен үйден құрылған осы «Лния» колхозында белсенділерді қоспағанда бас көтерер, күрек ұстар жалғыз әкем ғана. Сол себепті оған тапсырылар жұмыс та көп.

Таң атпай тарсылдап терезе қағылады. Өктем дауыс естіледі.

— Шәймерден, орталық малы кеше су ішпей қалыпты. Тез киініп ойыққа айда.

— Қолхоз малына кеше шөп салыпбанты. Ұлып тұр. Бір шана шөп апарып шаш.

— Ауданнан келген өкілді көрші ауылға апарып салып кел.

Әкем сөз қайтармайды. Терезе қағылды дегенше киіне бастайды.

Қалай десек де бұл өтініш-жарлықтар киіп-киы бұйрықтардың ішіндегі қиналмай, көңілді жүріп аткарылар түрі. Ал олардың жиі қайталанатын киын, суық түрі де бар:

— Шәймерден, пәлен үйде пәленшекең өліп қалыпты. Алып шық.

Шәкең өзіне серік болар жанның жоғын жақсы біледі. Сол себепті: «Менен басқа кім барады?»— деп сұрап жатпайды. Інім Есмағи екеуімізге: «мынаны ішіндер, мынаны жөңдер»,— деп қатқан-құтқан бірдемелерді көрсетеді де, қар баспаса қақпадан, қар басып қалса, қора жапсарынан шығып, өлгендерді жерлеп түннің бір уағында қайтады. Біз болсақ, суық үйде зарығып әкемізді күтумен боламыз.

Сондай сұрқай күннің бірі. Түнімен жыңды боран соқты. Жел кеулеп азынап кеткен суық үйде ұйықтап та жарытпадық қой деймін, әкем ерте тұрып от жақты. Үй жылына бастағанда біз тұрдық. Үлкен кісінің қос алақанындай ғана кішкене терезенің көзіне тұрған қырауды қос елі десек де болады. Көсеуді әуелі отқа саламыз. Қып-қызыл болған кезде оны апарып әйнекке басамыз. Күнгірт тартқан үй іші ашылайын деді. Қырауы еріп, шынысы тазарған терезеге қараймын. Үй төбесімен жүріп кеткен ақ күртікті бір кішкене саңылау бар. Сол саңылаудан ең әуелі ақ пиманың басы көрінді. Сол пима олай-бұлай тебініп жаңағы саңылауды кеңейтті де, солбаң етіп біреу терезе алдындағы қуысқа түсті. Әйнекке тақылдап таяқ соғылды.

— Шәймерден, далаға шық. Жанболат өліп қалыпты.

Жанболатты мен жақсы білем. Жауырыны күдірейген құныс шал болатын. Суық түспей семьясы ішке кетіп, өзі бір үйде жападан-жалғыз қалған-ды. Қалай, неге бардым? Жадымда жоқ, әйтеуір, мен әкеме еріп Жанболатты жерлесуге бардым. Жыңды боран бұл үйдің де төбесінен жүріп кетіпті. Қақпаға тіпті жолап болмайды. Әкемнің үй терезесін қиратуына тура келді. Қара моладай сұрқай тартқан балшық үйдің төргі бөлмесінің төрінде аударылған ұзын қораптай болып бірдеме жа-

тыр. Сол жақтан шыққан сасық иіс қолқанды атады. Байқасам аударылған қорап дегенім Жанболаттың өзі екен. Осы күні көзім жетеді: қаптай болып ісіп, іркілдеп кеткеніне қарағанда, өлгеніне ай өтпесе де апталар өткен. Жүрексінер әкем жоқ, өлікті киімшең қалпында арқанмен шапдып байлап, терезеден тартып шығарды да, қол шанаға салып сүйреп апарып жерледі.

Лия көліне қоныс тепкен осы ел қазірде де сол баяғы жетпіс-сексен үй құралпы. Өзгеріс мәні санда емес, басқада. Ат орынын тай басар дегендей, замана зырлап өткен сайын әке орынын ұл, ұл орынын немере басып жатқаны айқын. Сан өзгерісі ана мола жақта. Қоныс тепкен елмен бірге қоныс тепкен ауыл зираты қанатын кеңге салып, далиып жатыр бұл күнде. Ағаштан қиып, цементтен құйып, немесе қызыл кірпіштен қалап, әйтеуір жұпыны болса да әр қилы ретпен басын қалқайтқан сол зиратта кіші-гірім ауыл қотанындай алаң бар. Сол «алаңнан» қырағы көз жер болып кеткен төмпелерді көре алады. Басында түк белгі жоқ осы төмпелер — сол жылғы қыста жалғыз жүріп әкем жерлеген ауыл адамдары.

Дені дұрыс адамдардан әкесін жақсы көрмейтін кім табылмақ. Мен де әкенің аты әке деймін. Бірақ бұл күнде қайраты қайтып, қолтоқпақтай ғана кішкене шал болып, шөгіп қалған, шектен тыс адалдығы мен өтірік айтпайтындығынан басқа түк өнері жоқ әкемді екі қасиеті үшін артық бағалаймын. Біріншісі — еңбекқорлығы. Бейнет атаулыны өз басына тілеп аларлығы. Екіншісі — артық сөйлемейтіндігі, мақтан құмайтындығы.

Артық сөйлемейтіндігі демекші, елде менен кейінгі балаларының қолында тұратын ақсақал қыста үнемі Алматыға, маған келіп, қонақтап кетіп жүреді. Бұл кем дегенде соңғы отыз жылдың ұрғасы. Осы жылдардың ішінде ел жайында, жер жайында, өзінің көрген, білген, естігендері жайында әкем айтқан әңгімелердің ұшы-қиыры жоқ. Бірақ бір ғажабы — бір айтқанын, өзім сұрамасам, қайталап айтып көрген емес. Мен мұны анық білем. Әрі зеректігіне қайран қаламын. Ал бейнетке жақындығы қырық шақты адамды жападан-жалғыз өзі жүріп жерлегендігін айтып та дәлелдеуіме болады ғой.

Әкемнің осы ісін мен елден шыққан ерлік деп бағалаймын. Жолым түсіп ауылға бара қалсам, қасыма ергендердің бәрін де сол зиратқа апарып әлгі «алаң» сырын баяндаймын. Бірақ әкем оған басқаша қарайтын

секілді. Үскірік қыста бір өзі соншалықты адамды жалғыз жүріп жерлесе, онда тұрған ерлік не деп түсіне ме, «ә, ол бір сондай кез еді ғой»,— дейді де қояды. Мен ырымшыл адам емеспін. Сөйтсе де өзім ес білгеннен бергі жылдардың ішінде біздің семьяның талай-талай кездейсоқ қатерлерге кезігіп, соның бәрінен де аман өтіп келе жатқанын байқап, тәуба демекпін. «Өзім үшін емес, өзгелер үшін»,— деп тер төгетін адамды алғыс, рахмет аманда жебеп жүруге тиісті ғой. Соған бірер мысал келтіруді жөн көрем:

...Ішке аттанған сапарымызда (Солтүстік Қазақстан қазақтары өзіне іргелес Омбы, Түмен, Қорған облыстарын осылай «Іш»—деп атайды) жақынымыз ағайынды Нығаш пен Қауыштың йіне түнедік. Бұлар совхозда қызмет істейді екен. Паек алады. Тұрмыстары жақсы. Ел жағдайын сырт естігені болмаса, көзбен көрмеген. Аштық, кісі өлімі дегенді білмейді. Сондай ақ көңіл, ақ-жарқын адамдар. Бізді жақсы қарсы алды. Барын алдымызға қойды. Күтті. Ертеңіне ертемен: «Егер ауыздарыңның салымы болса, бірдеме атып әкелермін»—деп Нығаш мылтығын тазалады.— Ол кісінің ел ішінде үш артық қасиеті ботатын: Бірі-жүзгіштігі. Біздің «Күздік» деген көлді ортасынан жүзіп өткен. Екіншісі— құралайды көзден атқан мергендігі. Оның үстіне Нығаштың жауырыны жерге тимеген балуандығы тағы бар.

Біз төсекте жатырмыз. Әуелі әкем, одан кейін мен, сонан соң Есмағи, өгей шешем Бейіс... Астымызда төрт қабат текемет... Ал Нығаш болса әкемнің ар жағында орынбаспайда оқпанын бізге қаратып мылтығын тазалап отыр. Інісі Қауыш бір кезде:

— Әй, Нығаш, байқасаңшы. Мылтығыңды Шәймерденге қарай кезей бересің, атылып кетіп жүрмесің,— деді.

— Оғы болмаса, қалай атылады? Ал міне қара!— деп Нығаш мылтығын әкеме қарай көтере беріп, шүріппесін басып қалды. Мылтық гүрс етті...

Жансақ оқталған құс мылтықтың оғы әкемнің сол жақ қабырғасынан бір-ақ елі төмен төрт қабат текеметті тесіп өтіп жерге кіріпті... Әкем аман қалды. Мен осы күні ойлаймын: мылтық аузы бір-ақ елі жоғары көтерілсе... Бір үзім нап үшін ағайынымызды іздеп ішке кетіп бара жатқан біздің содан кейінгі халіміз не болар еді?!

Екінші мысал: кейін 1935-1939 жылдар мұғдарында ауылға қайта оралған соң біздің колхозда егін шықпа-

ды ма, әлде басқа себеп бар ма, әйтеуір, көрші «Қоскөл» деген колхозға әкемді көмекке жіберді. Көлік те, машина да жоқ. Әкем төсек-орын, ыдыс-аяғын ит арбаға артты да, үстіне Есмағи інімді отырғызып, біз жаяу, жиырма шақырым жерге жол тартты. Аралықтағы «Балуан» колхозынан өткен кезде бір ақ сары пұшық орысқа кездестік. Аты жардай. Ойнақшып, ауыздығымен алысып тұрмайды.

Әкем шала орысшасымен айтып жатыр:

— Әй, тамыр, біз «Қоскөл» барады. Мен арба таскайт қылады. Старший баранчук пен маржа сам ходит, серуана шаршады. Младше баранчук телешке сидит, серуана шаршады. День нехороши. Сондай жарко. Пить еткісі келеді. Скорей приехать надо. Подвозить қылшы.

Ақ сары пұшық сөз айтпастан көне кетті:

— Ал онда тездетіп отыра қалындар.

Өгей шешем — Бейіс екеуміз арбаға отырдық. Ал артқан жүгі бар, үстінде Есмағи отырған ит арбамызды не істеу керек? Соны шешкенше болмады, ақ сары пұшық, «ал кеттік!» — деп делбені қағып қалды. Ит арбаны сүйреп келе жатқан қалпы әкем тарантасқа қарғып мінді. Ойнақшып тұрған арғымақ делбе қаққан соң ала жөнелген... Зырлап келеміз. Есмағи інім отырған арба да зырлап келеді. Ақ сары пұшық аусар ма, кім білсін, онсыз да ауыздығымен алысып құйғытып келе жатқан атты «ну, собака!» — деп бишігімен үйіріп-үйіріп тартып жіберді. Ат шаба жөнелді. Ит арба үстіндегі Есмағи қорқып жылай бастады.

— Әй, тамыр, нехорошой так ехать. Лошадь плохо будет, мой баранчуку плохо будет. Не гоняй лошадь так! — деп жалынды оған әкем. Әке өтінішін тыңдаған ол жоқ. Тісін ақсита қарқылдай күлді де, атқа тағы да қамшы басты. Көрпе-жастық үстінде қолайсыздау отырған Есмағи енді сыпырылып түсіп қалуға айналды. Сол кезде әкем өзі ұстап отырған ит арба арысын қоя берді де тарантастан қарғып түсті. Арысы жер сызған ит арба бұрыла тартты да тез тоқтады. Ал әкем болса, үш домалап, оң нығын, арқасын жерге жыртқызып тұрды. Ақ сары пұшықтың ақылы осыдан кейін кіргендей. Ат басын тартып, әкем мен Есмағиды енді тарантасқа отырғызды да, бізді «Қоскөлдің» жол бойындағы дала қосына әкеп салды. Есер атшыға рахметін айтқанымен, әкемнің он бес — жиырма күн бойы ауырсынып жүргені күні бүгінгідей есімде.

Әкемнің осы бір еңбек сатпайтыны, ...бұлдануды біл-

мейтіндігі, елгезектігі себеп болса керек, сол бір ауыр қысты біз жүдемей өткіздік. Қыс басында бар малын ортаға салып, өзіне деп тоқты-торым бірдемелерін қымқырып қалғандардың үйі тас-талқан тінтіліп, көже-қатық дегендерінің бәрі сыпырып алынса, біздің үйге белсендінің қайсысы болсын қол сұққан жоқ.

Қол сұқпағаны былай тұрсын, қайта ілтифат білдіріп қарайласып жүргендері де болды. Осы орайда ауыл ішінде «Қаһар Жүсіп» атанып кеткен өкілді еске аламын...

Ең алдымен оның біздің ауылға қалай келгені айнақатесіз көз алдымда. Пар ат жегіп, бір мылтық аз болғандай, екі нығына айқарып екі винтовка асынып келді. Келді де шапқылап жүріп көшелерді аралады. Жұртты біржолата ығыстырып алайын дегені ме, тарсылдатып мылтық атты. Өкіл әсері сұмдық: сырттағылар сыпырыла қашып үйге тығылып, үйдегілер «не сұмдық болып қалды» деп сыпырыла босып далаға шықты. Сол Қаһар Жүсіптің өзі әкеме бір пұт бидай берді. Бидай болғанда да қандай, қып-қызыл... Тұқымдық бидай. Тұқымдық бидайды алуға бола ма, болмай ма, онда біздің шаруамыз жоқ. Өйткені ауыл ұғымында Қаһар Жүсіп кісі өлтірем десе де өз еркінде.

Бұл оқиға былай болған еді. Қай жақтан екенін кім білсін, қыс ортасы ауған соң колхоз қоймасына шана-шана тұқымдық бидай келіп түсіріле бастады. Соншама көп бидайға қапшық дегенің қайдан жетсін. Жұрттан алаша жиналады да екі бүктетіліп шеті сырылады. Сөйтіп қанар жасалады. Қанар қапты көтеріп қоймаға жеткізу онай емес, сол себепті тұқымды жұрт шелектеп тасиды. Бір күні осындай бір іс үстінде Қаһар Жүсіп келді:

— Шелектегеннен не өнеді, қаптап неге тасымайсыңдар?— деді ақырып.

— Бұл қап емес, алаша ғой. Оны кім көтере алады дейсін, Жүсеке,— деп Мәуияның кілтші Құрманы жоралай жауап берді.

Қаһар Жүсіп менің әкеме қарады.

— Әй, Шәймерден, сені жұрт мықты дейді ғой. Мына алашаны көтеріп албарға жеткізші кәне, ақысына бір пұт бидай аласың.

Әкем «рас па?»— дегендей кішкене көзін күлімдете қарады. Бұл кезде біздің үйде де қаптың түбі тақырлап қалған еді, итермелеген сол жай ма, тайынар емес.

— Шын айтасың ба?

— Неменеге бажырайдың? Жүсіп қашан екі сөйлеп еді?

— Көтерсем, көтерейін. Тек демесіп, нығыма салысып жіберетін болсын. Әйтпесе құшағым жетпейді.

Қаһар Жүсіптің қабағын бағып тұрған жүкшілер алашаны әкемнің арқасына құлата бастады. Менің денем қалтырады. Қаһар қап басып қалып мерт бола ма деймін бе, жасқа булығып үнсіз тұрмын. Дегенмен ақыры қуанышпен тынды. Әуелі алаша, шынында да, әкемді басып қалған секілденіп еді. Қол-аяғын, басын түгел жауып кеткен. Ендігі сәтте қарасам, алаша қабым жан біткендей қоймаға қарай сүйретіле қозғалып барады. Сол алаша қаптан әкемнің қыбырлаған өкшесі ғана көрінсін.

Әлі есімде, таразыға салған Құрман кілтші:

— Он сегіз пұт, бес қадақ!— деп нәштей сөйледі. Даусында ырзалық бар.

Қанша катал десем де Қаһар Жүсіп сөзінде тұрды. Әкем екеуміз бір қап алтын берсең де таптырмайтын бір пұт бидайды алып қуана-қуана үйге келдік.

Менің әкем шапаты келген кішкене кісі. Сөйтсе де күш атасын танымайды дегендей жасында сондай қайратты еді. Өз басым әкемнің күреске түскенін көрген емеспін. Бірақ талай-талай жиын-тойдың туын көтеріп, желегін ұстағанын, әрі жауырыны жерге тимегенін ол кісінің өзі осы күнге дейін айтып отырады. Қазақ күресінде ауыр салмақ, жеңіл салмақ деген ұғым жоқ. Салмағы жүз килограмм тартатын түйе балуан мен алпысжетпіс килограмм салмақтағы ашан жігіттер белдесе береді. Солардың бәрінде де бәйгені ауыр салмақты түйе балуан ғана алатын еді десек...— қате. Аласасы мен ашандарының да мерейі үстем шығып жатқан. Сол себепті мен әкем сөзіне кәміл сенемін.

Бір қызық жәй: кейін мен қазақ университетінде оқып жүрген кезімде жазғы бір демалыста ауылға бардым. Ол кезде жазғандарым аздап болса да баспа бетін көріп жүретін-ді. Сол жәй дәнекер болды ма, біздің үйге аудандық орман шаруашылығының бастығы Ахметжан Нұртазин келді. Ол өзі асықпай отырып, тілдің майын тамызып сөйлейтін, сөзге ұста, алды кең, мінезге бай, көшелі кісі болатын. Халық ақындарының стилінде өлең де жазатын. (Олары кейін С. Мұқановтың алғы сөзімен кітап болып та шықты.) Сол кісі шай үстінде айналаға көзін жүгіртіп:

— Сафуан, сен қызықсың. Күшім жетпейді дейтін

емес, аяқ-қолы балғадай міне жұтынып отырған інілерің бар. Төрт-бес бөлмелі ағаш үй неге қиып алмайсың? — деді.

Олай дейтіні — біздің үй айналуға келмейтін бір-ақ бөлме болатын.

Ауданның орман қожасынан мынадай ұсынысты күтпесем керек.

— Ағашты қайдан алам? — деппін.

— Ағашты ма? Ағашты тап мына менен аласың.

Осыдан кейін орман аралап бөрене таңдауға кірістік. Бөрене дегенде бәрін табатын әкем. Осы жерде туып, осы жерде өскендіктен бе, шоқ-шоқ болып өсетін орманның «Ана жерінде анадай бөренелік қайың, мына жерінде мынадай бөренелік қайың бар», — деп дөп басып айтады да, жаза баспай табады. Біз — мен және екі інім Есмағи мен Еркебұлан пар өгізді жегеміз де әке сонынан ереміз. Содан кейін бәріміз жабыла жығып, бұтарлап тастаған жуан бөренелердің өлдім-талдым деп төртеу-бесеуін арбаға артып, арып-ашып, құр сұлдерімізді сүйретіп ауылға қайтамыз. Шаршайтынымыз сондай, жатқан қалпымызда ертеңіне аяғымызды да жия алмай қаламыз. Ондайда әкем бізді қинамайды, пар өгізін жегеді де, орманға жалғыз кетеді. Содан кешке қарай кешегі біз әкелген бөренелерден де жуан бөренелерді алып келеді. Біз қайран қаламыз.

— Жалғыз жүріп қалай арттың бөренелерді? — деп сұраймыз.

Әке жауабы әрі келте, әрі қызық:

— Ой, тәйірі, со да сөз болып па?!

Ол кісіге сөз болмаса да, бізге сөз, әрине. Өйткені біз үшеу-төртеуіміз жабылып мықшындап көтерсе алмай алатсақ, көтерсе алмағандықтан арбаның донғалағын алып, неше түрлі айла-тәсіл қолданып жатсақ, ол кісі сырттай қарап, жәй бақылаушы болып отырмайды. Жанымыз әрекетіміздің бел шешіп жуан ортасында жүреді ғой. Және аянып та жүрмейтін секілді. Шынымды айтсам, әкемнің «О, тәйірі, со да сөз болыпласы», — маған күні бүгінге дейін жұмбақ.

Әкем кеуде көтеріп, артық сөйлеп көрген жан емес. Мен ес білгелі былапыт сөз айтқанын да естіген жоқпын. Біреуді кекең, мысқылдау, әжуа ету де оған жат қылық. Жұрттың бәрінен де өзін кіші санайды. Бірақ жағымпазданып елбек қағу, жалған айту, алдау дегендерің де табиғатында жоқ. Содан ба, бір көргеннен-ақ жұрт біткен о кісімен бірден табысып, достасып кетеді.

Ондай достарына өзі де құлай беріліп, аузынан тастамай отырады. Сондай ұзақ жылғы созылған қалтқысыз шынайы достық Сәбит Мұқанов екеуінің арасында туған еді. Мен елге бара қалсам, не әкемнің өзі Алматыға келе қалса, «немерелерім аман ба?»—деуден бұрын «Сәбит аман ба?»—деп сұрар еді. Соған орай Сәбең мұрқұмның да ол кісі десе, жаны қалмайтын. Елге барса, бұрыс болса да, нөкерлерін шұбалтып «шалыма сәлем бермей кетпеймін»,—деп әдейі соғып өтетін. Ал Шәкен қалаға келсе, бірінші болып келіп сәлем беретін де, кара «Зиміне» отырғызып алып қала аралататын, тауға қыдыртатын да Сәбең марқұм еді. Ондайда әкем үйге көтеріліп келеді. «Мен кім? Жасым үлкен болса да, казактың жаман кара шалымын. Ал Мықанов ел азаматы. («Мұқанов»—демейді. «Мықанов»—деп бұрып айтатын өз дағдысы. Ал мен болсам, әке сөзіне түзету енгізіп көрген емен.) Соған қарамастан уақытын бөліп мені анда қыдыртып, мында қыдыртып жүргені—білімділігі, кісілігі, кішіпейілділігі емес пе!»—дейтін. Кей-кейде маған шұқшия қадалып, құдды мен бір басқа пиғылдағыдай-ақ:

— Балам, қанша өсіп кеттім десен де, Мықановты сыйлап жүр,—деп құлағыма құйып қоятын да кезі болған.

Шәкеннің сол кәдімгі Мықановы үйінде болған бір жолы әкеме өзінің құндыз бөркін сыйлады.

— Әй, шал, мынау бір аса қымбат бөрік. Ана жылы қазақ әдебиетінің он күндігін өткізейік деп түрікпендерге барған едік. Сонда бір түрікпеннен басындағы қоқайма сенсең бөркін сұрап алып айналдырып көре бастағанымда, қасымда тұрған мына ку балан: «Сәбе, тым қызығып тұрған секілдісіз ғой, қызық бір сауда болып қалсын, ана, басыңыздағы құндыз бөркіңізбен айырбастай салыңыз. Мынау Сәбит Мұқановтың өзінің бөркі деп кейін мактанып жүретін болады»,—дегенде естімегенсіп едім. Түрікпенге кимаған сол бөрікті саған сыйладым»,—деп тарғыл даусымен көңілдене айтты. Содан кейін әкемнің өз акцентіне салып.—Мықановтың көзіндей көріп киіп жүр. Жаман айтпай жақсы жоқ, алда-жалда олай-пұлай болып кетсең, ауылдағы бір жаман шалдың қолына түсіп кетіп жүрмесің. Мына отырған балаңа өсиет ет,—деді.

Мен Сәбең үйінен шыққан соң, әкеме мұның аса бір қымбат жәдігер екенін түсіндіріп, Сәбең сөзінің астарын аңғарттым. Әкем мақұлдаумен болды.

Жәдігер-реликвия. Бұл Еуропа халықтарында баға жетпес асыл дүние. Жыл өтіп, көнерген сайын реликвия құнының арта түсетіні, тіпті табынарлық киелі, қасиетті затқа айналып кетерлігі соншалық, атадан балаға, баладан немере, шөберелерге өтіп, қастерленіп сақтала беріп тек. Орыстың ұлы жазушысы Тургеневтің досы, кезінде жер дүниеге аты кеткен даңқты әнші Полина Виардо тәйге болғаннан кейін өзінің жеке басының заттары миллион сомдық реликвия ретінде аукционға түскені тарихтан белгілі. Тіпті келе-келе «мынау Виардоның тарағы еді», «мынау Виардоның айнасы еді»,— деп көдімгі дүкендегі жәй айна, тарақтарды сатып олжаға қарық болғандар да толып жатыр. Жә болмаса, Потсдам музейіне келушілердің ішінде кешегі Дүниежүзілік екінші соғыстың қорытындысына арналған Потсдам конференциясында Сталин отырған креслоның былғарысын тіліп алып, шегелерін суырып алып АҚШ-қа апарып сатып, байып кеткендер де болғаны баспасөз бетінде жарияланған.

Мұның бәрі реликвияны жұрт қастерлейтінін дәлелдейді.

Жәдігерлік қазақта да болған. Көзімдей көріп мініп жүргейсің деп сәйгүлік мінгізіп, берен-барқын шапан жабатыны, көзімдей көріп салып жүргейсің деп алтын, күміс сақина-жүзік сыйлайтыны бұл қазақтың есте жоқ ескі күннен келе жатқан ежелгі дәстүрі. Бірақ ат өледі. Шапан тозады. Ал сақина-жүзік болса атадан балаға мирас болып ауыспайды. Ауыса қалса, одан кейінгі буынға жәдігер болып жетпейді. Бағаланады. Бірақ жәдігерлік ретінде бағаланбайды. Алтын болғандықтан, күміс болғандықтан ғана бағаланады. Кезінде ақын Сара шолпы тақпады. Әйгерім сақина салмады деп кім айтады? Жоқ қой сол бұйымдар. Ақан сері, Біржан сал, Құрманғазы салған алтын жүзіктер қайда? Бәрі де жоғалған. Жоқ, жоғалмаған. Біреу болмаса біреудің қолында, біреу болмаса, біреудің сандығы түбінде жатқан да болар. Бірақ енді олар жәдігер-реликвия емес, көпестен келе жатқан асыл заттар ғана. Бары сол. Қазақ қауымында жәдігерлік заттар бір ұрпақтан екінші ұрпаққа ауыспайды.

Сәбен сыйлаған құндыз бөрік тағдыры да дәп осылай болып кетті. Кейін жазушының мемориалдық музей-үйі ашылған кезде баяғы Сәбен бөркі қайда екен деп сұрау салсам, жоқ болып шықты. Інім Есмағидың ауылда Зейнеш деген әдебиетші мұғалім қызы бар. Бас-

қамы былай қойғанда оқыған, көзі ашық сол баламның өзі берікті сегіпті де, пальтосына жаға жасап алыпты.

Сондай өкінішті-ақ.

Тағы да сол Сәбене байланысты менің өз басымда болған тап осындай тағы бір оқиғаны айта кетсек, артық болмайды ғой деп ойлаймын.

1960 жылы Сәбен алпысқа келді. Данқты жазушының бұл мүшелді тойы апрель айынан туу ноябрьге дейін созылған болатын. Арнайы жиыны октябрьдің аяғында өткен-ді. Оған туысқан республикалардан жиырма шақты қонақтар келген-ді. Сәбенді, Сәбеннің сонынан ерген елу шақты дос-жар, іні-қарындастарына жаңағы сырттан келген қонақтарын, қосып, қазақ өнерінің кәрі тарланы Кенен өз ауылына шақырған-ды. Облыстық көлемдегі бұл қонақасыда Кенен ақсақал өзінің Сәбит інісіне күмістеген ер-тұрман, әбзелімен кара арғымақ мінгізіп, шапан жапқан болатын. Дән разы Сәбен берен шапанды киіп, күміс сапты қамшыны қолына ұстап кара арғымақпен олай-бұлай ойқтап жүрген-ді. Сол дүрмек той үстінде менің машинама отырып келген Хамит Ерғалиев қолына қалай түсіргенін білмеймін жаңағы Сәбен қамшысын алып келді де маған берді.

— Мә, машинаның бір жеріне тыға тұр. Көресің, Сәбен қазір іздейді қамшысын. Сонысын қызықтайық,— деді.

Айтқанындай шықты, Сәбен қамшысын іздеді. Өзінің дағдылы тарғыл даусымен: «Әй, қамшымды қайсың алдыңдар?»— деп көпке дейін сұрау салумен болды. Біз Хамит екеуміз үлкен кісінің мына бала мінезін қызықтаумен жүрдік. Сөйтіп қамшы менің машинама кетті. «Әне апарып берейін, міне апарып берейін» деп жүргенімде қыс түсті. Бір күні жұмыстан келсем, алты жасар ұлым Саян ілулі тұрған қамшының таспаларын тарқатып кесіп-кесіп конькиін шандып байлап жатыр екен...

Саяным бұл күнде атақты хоккейші. Спорт шебері. Жеті дүркін СССР чемпионы. Көгалдағы хоккейден СССР біріншілігін сегіз рет жеңіп алған «Динамо» командасының капитаны. Баламның осындай атақ-данққа ие болуына мүмкін қасиетті Сәбеннің қамшысы тиген шығар?!

Қалай ақталсам да, бұл да бір өкінішті жай.

Сөйтіп, 1932 жылдың замыстан қысын да аман өткіздік-ау, әйтеуір. Ауыз аққа тиді. Оның үстіне тағы да босқа бір жақтардан аппақ, қып-қызыл жүгері тиелген арбалар ағылып келе бастады. Жүгері болса да ел енді шөк алатын болды. Арқа кеңінін деді.

Адамның адамдығы қиын кезде анықталады ғой. Ішінде жатқан кісілік пе, иттік пе, басына ауыртпалық түскен шақта көрінбек. Бала болсам да сол жылғы көктемде егіс басында болған оғаш бір жай жадымнан күні бүгінге дейін шығар емес.

Халық ат қойғыш. Менің жақын ағам Мырза-Ахметті жұрт «хатшы бала», дейтін. Өйткені ол он төрт жасында хатқа зеректігімен, іс басына іліккенімен елге танылған. Тағы бір нағашы ағам Сейтахмет үнемі шілмип жүретін арық «Кілегей» аталатын. Ал мына бір көк көз, жалпақ бет жуан сарының лақабы «Доңыз». Ол Бисараның Рамазаны деген кісі. Біреуге жасаған қиянат, қастығы болды деп айта алмаймын. Бірақ ағайын арасында бір бет, қатал, айтқанға көне бермейтін кісі еді. Екі сөзінің бірінде «Әй, доңыз»,— деп сөйлейтін. •Доңыз» аталынуының себебі де осы.

Жұрт ертемен тұрады да, жұмысқа аттанады. Соның ішінде менің әкем де бар. Ал қос басында осы Рамазанның әйелі Айша екеуіміз ғана қаламыз. Мен баламын. Ал Айша болса, ас пісіреді. Жұрт оған мысқалдап өлшеп ботқалық жүгерісін қалдырып кетеді.

Кіші бесінде Айша от жағады. Ошаққа көтерілген кішкене қазандар от үстінде жапырлай бастайды. Мен де қарап отырмаймын. Шөпшек теріп әкеліп Айшаға көмектескен боламын. Сөйтіп жүргенде кеш түседі. Уақты күн бас білмейтін арық-тұрақ сиырмен алысып, арип-ашып шаршап, жер жыртып келген жұрт жүгері көкелеріне жапырласады. Ал Айша болса, өз қазанын сонда ғана көтере бастайтын. Өйткені жұрт сенген Айшаның өз әйелі болса да доңыз Рамазан сенбейтін. Жүгері салған жәшіктің кілті оның өз қалтасында жүреді. Көзденің татымын байқаймын деп ожаудың сыртын жатаған Айшаның талай-талай соққыға жығылғанын да білемін. Сондағы Рамазанның: «Әй, доңыз, менен бұрын ауыз салып, әкетіп бара ма, тарт қолыңды»,— деген күлділдек даусы күні бүгін менің құлағымда тұрғандай.

Бұл оқиғаны есіме алып отырған себебім — әкеме байланысты. Кісі жамандауды білмейтін сол кісінің өзі: •Рамазанның онысы — қараулығы. Жай қараулығы емес,

кас караулығы. Жер аяғы кеңіген жоқ па? Енді жұрт жуа теріп жесе де өлмейді ғой»,— дегенін талай естін-тінмін. Соған орай сол доңыз Рамазанға жамағайым Бостау шалдың ірілігін де тандана әңгімелейтіні бар.

— Кісі деп әне Бостауды айт,— дейді әкем тамашалап.

Өткен қыста көптен көрінбеген сол халін білейінші деп әкем сол үйге барынты. Бостау төрде жатыр екен дейді. Кемпірі жоқтан-бардап ботқа жасап шалының алдына қойғаны сол болса керек, әкем сонда ауыз үйде тұрып мынадай әңгіменің куәсі болған.

Шал:— Кемпір-ау, барынды сен тағы да менің алдыма әкеп қойдың ба?

Кемпір:— Аяқ-қолынды байқамаймысың? Ісік бар, өліп қаласың. Сөзді қой да, жеп ал, байғұс.

Шал:— Өй, жазған-ай. Кеше де осыны айтып едің ғой, бірақ тірімін ғой. Мен өлмеймін. Бүйте берсен, сен сорлы өліп қаласың. Бүгінгі көжені сен іш. Сенің кезегің,— деп болмаған.

Өмірлік жолдасының жәйін ойлап кезегін берген сол Бостау шалыңыз сол қысты кемпірімен елбесіп әйтеуір амап өткізіп, көп кейін қартайып барып өз қазасымен өлгенін мен жақсы білем.

— Әне, ерлік деп соны айт,— дейді әкем.— Тіпті, ондай ерлік қолынан келмейді екен, төңірегіне қара. Көптің ауқымында бол. Жұрттан ала бөтен жырылып шығу — ұятсыздық. Амал не, қарау адамдар ұялу дегенді білмейді ғой. Құдайдан қорықпайды. Ұялатын, қорқатын болса ондайлар қарау да болмас еді ғой бірақ.

Әкемнің осы сөзі менің әлі күнгі көкейімде.

Жұрттан ұялу... «құдайдан қорқу»...— Адам бойындағы обырлық пен қомағайлықты, ынсапсыздықты тейтейтін қасиет болса керек бұл екеуі.

Есіме түседі... Мен ұйықтап қалсам керек, сықырлап ашылған есік пен адам дауысынан оянып кеттім. Түнделетін келген-қазанның бір құлағын ұстап жүретін ауыл белсенділерінің бірі екен.

— Шәймерден, ояусың ба? Құдай берді,— деді әлгі кісі жайғасып болмай жатып.

— Иә?..

— Албар күзетшісімен келісіп келіп отырмын. Ертең түнде бір арба бидайды артып алып шық та, ағаш арасына апарып тық. Құдай жазса, екеуіміздің келер көктемге дейін мұртымызды балта шаппайды.

— Мұртымызды балта шаппайды дегенде....— деп

тоқталды әкем. Өлде ұйқысын ана алмай отыр ма, өлде онда жоқта тап болайын деп тұрған олжадан бас тартпайсы келгені ме, әйтеуір жауабы ықылассыз, салғырт.

Соны аңғарған ана белсенді:

— Ау, саған не болған? Қабырғаңды бидай тіреп тұрған жоқ еді ғой...— деп реніш білдірді.

— Тірегенді айтасын, енді бір жұмадан кейін мына сі бала не жейді? Соны ойласам, аркам мұздайды тіпті...— деді әкем ағынан жарылып.

Бір жұмадан кейінгі мүшкіл халімді ойлаймын ба, әйтеуір ұйқым шайдай ашылды. Бірақ қозғалған жоқпын.

— Енді неге күмілжисің. Ағайын болған соң сол жөніңді ойлап келіп отырмын ғой. Басқаға баруды білмедің бе?!

— Қайдам... біреу-міреу сезіп қалып жүрсе...— деп күмілжіді әкем тағы да.

Белсенді кейістік білдірді.

— Ой, жоқтан қорқады екенсің. Сөзсе не істейді?! Ауылдағы милиция өзіміздің бала. Ұстап бермейді. Шынымды айтсам, оған шет жағасын сездіртіп те келіп отырмын. Мен білмеген болайын деді ол бала.

Әкем даусы енді орнығайын деді.

— Сотталып кетем деп қорқып отырғаным жоқ. Пәленшекендер дардай басымен бидай ұрлапты деген қаңсу сөзі жаман ғой. Одан да құрыған жақсы. Аштан өлмеспіз. Бір жөні болар. Мені қинама.

— Шының осы ма?

— Шыным осы. Жұрттан ұят,— деп әкем үзілді-кесілді жауап берді.

Біздің үйдің сықырлауық есігі қаттырақ жабылды.

(Қазанның бір құлағын ұстаған бұл белсенді кейін шымында да колхоз құрылысын құрушылардың бірі болды. Ауылда есепшілік қызмет атқарды. Ұзақ жыл дүкен ұстағаны да бар. Сөзге ұста, жөп-жобаны білетін, сырттан біреу келсе, сол кісі деп келетін ел адамы атанған кісі еді. 1955—56 жылдардың бірінде дүние салды. Армақты мазаламайын, өзінен қалған нұсқалы балалары мен білікті немерелерінің бетіне шіркеу түсірмейін деген ниетпен атауды жөн көрмедім.)

Бұл күнде қайраты қайтып, қолтөкпақтай ғана кішкене шал болып шөгіп қалған, адалдығы мен тазалығы, бейнетқорлығы мен өтірік айтпайтындығынан басқа түк өнері жоқ, сексеннің төртеуіндегі менің әкем міне осындай кісі.

Осы көктемде біздің үйде семья тағдырын жана арнаға салған үлкен жапалық туды. Біз Есмағи екеуіміз шешелі болдық. Аты Бейіс. Біздің үй осы кісінің қолына көшерде де әкемнің естілігін байқаймын. Ол кісі онға жақындап қалған мені, алты жастағы інім Есмағиды қасына отырғызды да:

— Міне көрмейсің бе, үй болса азып барады. Маған колхоз жұмысы да олқы соқпас. Ал үй ішіндік отын-су, тамақ пісіру, кір-қондарынды жуу секілді шаруаны, сендер қарсы болмасаңдар, бір әйелге тапсырғым келеді,— деді. Және ол кісінің қақ-соқта жұмысы жоқ, момын, ісіне тынғылықты, әрі біздерге дұрыс қарайтын, кеудемізден итеріп, кет әрі демейтін адам екенін ескертті.

Әкем бекер айтпапты. Сол жылғы көктемнен бастап отыз жыл бойына бар-жоқты, ыстық-суықты әкеммен бірге бөліскен, бізге ана орнына ана бола білген, әрі Еркебұлан атты іні тауып берген Бейіс, шынында да, сондай адам болып шықты. Біз тегі әке сөзіне қарсы болмасак керек. Сол күннің ертеніне көрпе-жастық, шымылдық, алаша, текемет, ыдыс-аяк, самауырын секілді дүние артылған кішкене арба кішкене үйіміздің алдына келіп тоқтады. Біз сөйтіп сордан құтылдык. Үйімізге тазалық, тәртіп келді. Бөлме іші ақталып, еден мен терезе шынылары жуылды. Әйнектерге қызыл ала сисадан шілтертер ұсталды. Бұрын құрым жапқандай қаруытын тұратын қара пеш енді ақ шаңқай түрге түсті. Үй еңсесі көтеріліп, самаладай жарық болып жүре берді. Ең бастысы Есмағи екеуіміз көп айлар бойы уысымыздан шығып кеткен, зарықтырған алақан жылылығын сезіндік. Көйлегіміздің жағасы тазарды.

Бейіс көп сөйлемейтін, қойылған сұраққа «бар» немесе «жоқ»— деп жауап беретін кісі. Бізді еркелететін еді, бетімізден сүйетін еді деп те айта алмаймын. Сырт көзге салқын да сабырлы. Бірақ жылылығы ішінде, жүрегінің тереңінде болатын. Бала жүрегі ол жылылықты әу баста-ақ аңғарған-ды.

...Бір ересек бала мені жығып салып, асығымды тартып алды. Бет-аузым қан-қан, жылап үйге келдім. Сондағы өгей шешемнің жағдайын көрсен. Мені жетектеп алды да, жанағы баланың үйіне барды. Тентектің құлағын бұрап, шапалақпен тартып-тартып жіберді.

— Жетім деп, жақтаушысы жоқ деп басынбақсыңдар ма?! Басындырмаймын. Бұдан былай әлім-жеттік

а аласаң тура сирағыңды қыркамып,— деді. Содан кешкі үйге келе жатып:

— Ондай сойқанға жолағаныңның соны осы болсын. Жолағаныңды көрмейін мен енді»,— деп маған ұрысты.

Өгей шешем қанша ұрысса да көңіліме алған жоқ-тын. Бала жүрегі тамыршы секілді. Жек көріп ұрсу бар, жақсы көріп ұрсу бар.— Бірден айырады. Мен де солай. Көктембеген, ренжімеген себебім, өгей болса да, Бейістің үлкен жүрегін, маған деген махаббатын, жан ашырлығын сезіндім. Бейіс құдды өз анам секілді. Өз анам болып, жаны ашып ұрсып келе жатқандай болып кетті. Маған ана болған сол отыз жылдың ішінде өмірдің не тауқыметін тартпадық. Не қиындықты бастан кешірмедік. Қандай бір қиямет кезеңде де Бейіс бізге деген жаңағы бір ішкі жылылығынан айнып көрген емес. Арып-анып, таусылған, мойып жасыған күнін де көрмедім. Жаратылысында сондай нәзік, ашаң болса да, ауыртпалықтың бәрін әкеммен бірдей жүріп көтеріскен еді. Балапанына жемді құсып берер көгершіндей таршылық кезеңде өз сыбағасын аузынан жырып бізге бергенін ұмыта алармын ба сірә де.

Әлі есімде: сол жылы жаз ортасында біздің үй ішке көшті. Түменде біздің ағайындар бар. Соларды сағалап кеткен болсақ керек. Пәлен жерде бақыр бар. Барсаң бақыр түгіл, сапты аяқ та жоқ дегендей, ағайынсырап барған біздің онда да қарық болғанымыз шамалы. Бірақ бір жақсысы, әйтеуір, жұмыс табылды. Әкем мен шешем, тағы бір елдес ағайындар қалың орман ішінен күрке қалқайтып, құрылыстық қарағай кесті. Ақысына не алатындарын білмеймін, әйтеуір, екі ай бойы қара көжеден басқа түк көргеніміз жоқ. Нан дегенің түсімізге де енбеген. Августің аяғында ол жақта қара бидай орылады. Қара бидайы орылып алынған сондай егістіктен масақ теріп Бейістің нан пісіргені бар. Екі айдан бері нан сағынған Есмағи екеуіміз төңіректен от басынан шықпаймыз. Таба жаппайдағы нан иісі бұрқырап біздің сілекейімізді шұбыртады.

Біз шайға бас қойдық. Бейіс буын бұрқыратып үстінгі табаны көтерді де, қып-қызыл болып күреңіте піскен бір таба нанды қолына алып қақ бөлді. Сөйтті де жарты таба нанды: «Ертеден қара кешке көретінің бейнет, үздігіп кетерсің, жеп ал!»— деп әкем алдына қойды. Ал қалған жартысын тағы да қақ бөліп: «Нан дәмін ұмытқандарыңа екі ай болды ғой, мә жәндер»,—

деп Семаги екеуміздің алдымызға қойды. Есімді біліп қалған мен: «Өзіңе қайда?» — дедім.

— Мен тағы да барып масақ терем. Тағы да нан пісірем. Сонда жеймін,— деді менің өгей шешем.

Осыдан кейін қалайша оны өгей шеше демексің? Тумаған деп аузың барып қалайша айта алмақсың? Ашаршылықта жеген құйқаның дәмі аузыңнан кетпейді дегендей, бұл ұлы оқиғаны — әйел ұлылығын, ана ұлылығын қайтіп ұмыта алмақсың?!

Өгей бала мен өгей ана арасын жалғастырған осы оқиға ма, әлде күнделікті күйкі тірліктің қарым-қатынасындағы жадында қала бермейтін ұлы жүректің сен деп соққан лүпілі, аялы алақанның жылуы ма, мен әйтеуір тумаса да туғандай болған анамды таптым. 1962 жылы Бейіс дүние салғанға дейін сол балалық махаббатымнан айнып көрген жоқпын. Мен кейін университетте оқып жүрген кезімде елді сағынатын едім. Сонда сағыныш тұңғышына тереңірек бойлап: «Ал нені сағынасың, ал кімді сағынасың?» — деп көңіл көзіне ой жүгіртсем, балалық шағым өткен сары белдерді, шоқ-шоқ болып өсетін қайыңды орман мен тана көз мөлдір көлдерді, өңі салқын болса да алақаны жылы өгей шешем — Бейісті сағынатын едім. Оқу бітірген соң семья құрып, Қарағандыда қызмет істеген кезімде де, кейін «Болашаққа жол» романын жазып бітірген соң Алматыға ауысқанымда да шешемді жиі-жиі шақырып алып жүрдім. Үнемі қасы мен қабағына қарайтынмын. Жаным әмәнда сол кісінің үстінде. «Көңілінен шықпай, бабын таппай қалған жоқсың ба?» — деп жұбайым Бағдатқа шұқшиған кездерім де бар. Шешемнің табиғатында өкпешіл адам емес екенін, неге болса да төзгіштігін, көнтерлілігін бес саусағымдай білемін. Неге болсын ақыл көзімен қарайтын сабырлы Бағдатымның ибалы, қызметшіл келіні ретінде енссін шашаусыз күтетініне де көзім жетеді. Біле тұра, көзім жете тұра ойлаған жерінен шықпай қалдық па деген күдік баурайтын да, бәйек болатынмын. Бәлкім, мен тумандығымды осы мазасыздығыммен аңартып алар ма екенмін? Туған анаң туралы дәп осылай шыр-пыр болып жатпауың да мүмкін ғой. Бейіс онымды ұната бермейді.

— Шырағым, бәрі де бар. Күтімім де жақсы. Алаң болмай жұмысыңды істе,— дейтін.

Өстіп жүргенде шешемнің ауылға қайтар уақыты болады.

Бейіс жауабы келте:

— Ауылдағы қарғаларды сағындым.

Еркебұлан ол кезде жана ғана үйленген-ді. Балалы-малы бола қоймаған кезі. Шешемнің «ауылдағы қарғалар» деп отырғаны өзінен тұмаған Есмағидың балалары. Мен бұл сөздің құр көлтірсу емес екенін түсінемін. Жас кезінде, қайратының бар, дәр шағында мүш-тін жетім біздерді алаламағанда, енді өз қолы өз аузы-на жеткен ересек балаларының қолына қараған кезінде немерелерін қайдан алаласын. Есмағидың тұңғыш қызы Бейнеш пен одан кейінгісі Зейнеп туа осы кісінің бауы-рында. Сағынатын жөні сол.

Сөйтіп, шешеміздің ауылға аттанар кезі болады. Келіні Бағдат Бейіске айтпай көйлек-көншек секілді әде бір сыйлықтар дайындайды оған. Айтпайтыны — шешеміз біліп қалса, өлердей қарсылық білдіреді.

— Шығынданып қайтерсіндер. Ауысқан бірдемелерің болса, ана қарғаларына жұмсандар,— дер еді.

1960 жыл февралінің бас кезінде ауылдан хабар келді: «Шешен әл үстінде. Қайтсен де жет!» Мен барып самолетке билет алдым да, бір түнді Қызылжарда өткі-зіп келер күнгі бесінде ауылға келдім. Үйге кіріп кел-сем, толы жан екен. Төргі бөлмеде оң қабырғада темір керсует болатын. Сонда беті орамалмен жабулы бір кісі жатыр. Оның Бейіс екенін мен бірден аңғардым. Қам көңіл жұрттың күбірлей сөйлегеніне, шешем бетін-дегі орамалға қарап мен әуелі ол кісіні жүріп кеткен екен ғой деп шошынып қалып едім, «балаң келді ғой»,— деп дүр ете түскен жұрт шуылы әсер етті ме, төсекте жатқан кісінің салдырап қалған қу сүйек қолы қимыл-лап бетіндегі шүберекті сырғытты. Жоқ, тірі екен. Тая-нып келіп үніле бердім. Әуелі көргенім өнменіннен өтер шарадай үлкен көз. Әуелі естігенім, баяғы жан тәсілі-мін қыларда анам айтқан таныс сөз: «шыбыным...»— Содан кейін тың сөз «...келдің бе?!» Шешемнің көзі жұмылып кетті. Байқасам, нұрға, жылылыққа, мейірге толы жүрегінің терең түкпірінен жарып шыққан көз жасы әкім айғыздаған бетіне мөлдір жол салып дома-лап бара жатыр екен. Бұл бейнет пен қасіретке толы осынау біз жиырма тоғыз жылдың ішінде өгейі шешем-нің жылағанын тұңғыш көруім еді. Осыдан кейін тіл қатпады. Жұмған көзін де ашқан жоқ. Сұлық бір күйде қозғалыссыз жатты да қойды.

— Жана ғана көзі ілініп еді, шаршап қалар, қасын-да тұра берме. Былай шық, мына жұртпен амандас. Бейіс дем алсын,— деді әкем.

Ауру жайын сұрастырсам, осыдан үш-төрт күн бұрын қан құсқан. Содан кейін әтсіреп қалыпты.

Бір кереметі ертеңіне талайдан бері төсекте қимылсыз жатқан шешем басын көтерді. Белін мата белбеумен қатты буып, ертеңгі шайға келіп отырды. «Қалайсың?» — дегендерге: «Бүгін жақсымын», — деп жауап берді.

Мен аудан орталығынан дәрігер шақырттым. Ол Бейістің көптен бері көкірек ауруымен ауыратынын, екі өкпесінің де сау еместігін айтты.

— Ал егер Алматыға алып кетсем қайтеді?

Дәрігерлер бірден құптады.

— Жеткізе алсан, тамаша болады. Өйткені бұл кісі өмірі дәрі ішпеген, дәріге еті үйренбеген адам. Тез сауығады.

Мен сөйтіп тәуекел дедім де шешемді Алматыға алып жүретін болдым. Басында өзі де келісімін беріп еді. Мен облыс орталығы — Қызылжардан санитарлық самолет шақыртып қойған кезде, әлде біреу азғырды ма, ол кісі «Алматына бармай-ақ қойсам қайтеді?» — дегенді айтты. Мен бұл дұдамалдықтың негізін бірден түсіндім де:

— Баланның қуаты жетеді, Бейіс, далада қалып қоям деп қорықпа. Жаман айтпай жақсы жоқ, егерде олай бұлай болып кетсең, сүйегінді осы араға алып келем, — дедім төтесінен.

Байқасам, күдік үстінен дөп түсіппін. Шешем бірден көңді.

Сөйтіп, мен Бейісті Алматыға алып келдім. (Шешем біздің үйге ес біліп, есейіп қалған кезімізде келгендіктен бе, мен де, Есмағи да ол кісінің атын атайтынбыз.) Жолда әуелі Қызылжарға дейін самолетті көтере алмай қиналғанымен, кейін Алматыға дейін поездың ауасы тарлығынан мазасы кеткенімен, аман-есен үйге жетіп, февральдің орта кезінде өгей шешемді республикалық туберкулез институтына орналастырдым.

Мен әлдеқашан ашылған Американы қайта ашам деп арам тер болмай-ақ қояйын. Бірақ қайталап айтса көптік етпес бір шындық: адам өзі өскен ортасымен мықты. Суда жүйткіген балықты сыртқа шығарып тастасаң, пұшайман. Аспанда қалықтаған қыранды қапатын қырқып жерге жіберсең, пұшайман. Адам да солай. Бейіс дәрі ішпеген болса, аурухана бетін де көрмеген жан ғой. Біз Бағдат скеуіміз соны ескеріп, шешеміз

Индуса болмасын деп күніне бір рет, кей күндері екі рет барып, қасында ұзақ отырып кетіп жүрдік.

Бейісті Алматыға алып келгенімнің бірден-бір дұрыс жол екеніне екі жарым айдан кейін көзім анық жетті. 1961 жылдың май қарсаңында егер ауылдан біреу болмаса, біреу келіп шешемді көрсе, танымай калуы да мүмкін еді. Осы уақыттың ішінде ол аппақ манаардай болып толығып, сауығып кетті. Күні-түні бұныдыратын жөтел де жоқ. Апталаса кара судан басқа нәр татпайтын шешеміз әкелген тамағынды сыпыра соғатын болды. Емші дәрігерлерінің де, өзінің де, біздің де көкірегімізді қуаныш кернеді.

Емші дәрігер айтады: Маманның беті бері қарады. Бірақ сауығып кеткен жоқ әлі. Туберкулез — айлап, жылдап жатып емделуді тілейтін наукас. Бұл кісі әлі де екі-үш ай осында болады. Содан кейін бес-алты айтымына қала іргесіндегі «Каменское плато» санаториясына жібереміз. Сонда емделеді.

Біз Бағдат екеуміз дәрігер сөзін қуана қарсы аламыз. Шешемізге жеткенше асығамыз. Бірақ Бейіс қуана бермейтін секілді.

— Иә, дәрігер маған да айтқан-ды, — дейді де қояды.

Осы кезде ол кісінің көңіл күйінен басқа бір өзгерісін байқағандаймын. Мен бара қалсам, шешемнің үнемі терезеге қарап, әлдеқайда алысқа көз тігіп отыратынын көремін.

Мені көріп далаға қуана шыққанымен, әңгімеміз жалғаспайды. Үзіліп қала береді. Мен сол тұста Бейіснің менің сөзіме құлақ қоя бермейтінін, көңілі басқада отыратынын аңғарамын. Осы бір ала көңілділіктің аяғына көктемнің құлпыра көктеп, өрік ағашы аппақ гүлге оранған тамаша бір күні (сол кезде институттың көк шалғыны құлпырған саялы кең ауласында өрік ағашы да көп болатын) нүкте қойылды: шешем сол аулада орынбаспайда отырғанымызда маған оқыс бұрылды да:

— Балам, саған енді өлсем аруағым разы. Мен жаңалдым ғой. Ана қарғаларды сағындым. Ауылға қайтаршы! — деді.

Амал жоқ, Бейіс ауылға аттанды. Кетерде емдеуші дәрігері:

— Салқын тиіп қалмасын, ауыр жұмыс істемейіз. Бойыңды күтіңіз. Сіз әлі түгелдей айығып болған жоқсыз, — деп ескертті.

Ауылға барған соң ауыр жұмыс істемеу, бой күт қайда. Өмір бақи еңбекпен, бейнетпен көзі ашылға адам қарап отыра алар ма?! Екі жаз, бір жарым қыста араға салып 1962 жылдың январінде елу тоғызға қараған шағында менің өгей шешем дүниеден өтті.

Тағы да: «Шешен әл үстінде, тез жет!» — деген шұғыл хабар келді. Мен тағы да шұғыл қамданып араға бір күн салып бесін кезінде ауылыма келдім. Келсем әкем бастаған ауыл адамдары шешемді жерлеп келіп отыр екен.

— Неге маған қаратпадыңдар? — болса керек алғашқы сөзім.

— Қашан келерінді білмедік. Бүгін күн жұма. Мәйіпті ертеңге қалдыруға болмады.

— Ендеше хабарды неге кеш бердіңдер? Мен ауыл арасында жүрген адам емеспін ғой.

Мен, сөйтіп, өгей десен де туған анамдай болып кеткен үлкен жүректі қадірлі, қасиетті жан несіне тонырақ сала алмай қалдым.

* * *

Мен Алматыға қайтып келем. Жол бойы жегіде жеген ой: Бұл кісі мен ұшқан ұяға отыз жыл қазық болды. Бақты, какты. Шаршасам жебеді. Сүрінсем демеді. Бойындағы бар қызу-қайратын менің жолыма бағыштады. Ең қызық кезін, жастық шағын маған арнады. Өссекен, адам болса екен деп армандады. Ал мен өстім. Ал мен адам болдым. Ал сонда менің жолымда бағұмырын сарып еткен осы кісіге мен не жақсылық көрсеттім? Не қызметім өтті? Рас, шеше қызметі сатулы емес. Түбінде қайтарып алармын деп қарызға берген жоқ ол өмірін. Білем мен оны. Бірақ тумаса да туғандай болған ана алдындағы, қызметі өткен аяулы жан несі алдындағы парыз-қарызың қайда? Халық ұғымында ананың ақ сүті ананды үш мәрте жаяу аркалап Мекеге апарсаң ғана өтеледі деген бар. Ал тумеген ана ақ сүтін бермесе де туған анаңдай болып еңбек етсе, бағып, қағып сені княға қондырса, ондай адамның еңбегі Мекеге тоғыз рет аркалап апарсаң да өтелмеуі мүмкін ғой. Өтелмейтін себебі, жаңағы еңбектің сатулы еместігінде.

Менің жасым ұлғайып, араға жылдар түсіп, Бейбітмен алыстаған сайын өгей шеше ұлылығы айқындалып түскендей болады.

Әлі есімде мен Қарағандыда тұрған кезімде Бейісті сол қалаға алып келдім. Алып келер алдында аудан орталығы Пресновкадан паспорт алу, ал паспорт алу үшін ол кісінің суретке түсуі керек болды. Паспорттық суретке түсу үшін тағы бір шарт бар екен: еркек болсаң, өйел болсын суретке жалаң бас түсуге тиісті екен. Мен Бейіске осы шартты түсіндірдім. Жаулығын алуға өтіндім. Ательеде фотограф, үшеуіміз-ақ болсақ та шешем жаулығын алғысы келмеді. Үгіттеуге тура келді. Ұмдатындай қайын ата, қайын аға дегендердің жоқтығы айтылды. Шешем жаулығын шешті. Дайын тұрған аппарат сырт етті. Осы бір қабақ қағыста шешемнің қара терге шомылып жүре бергенін байқадым.

Бұл не? Баласынан, әлде қайдағы бір фотографтан ұшып, қысылғаны ма сонда? Жоқ, менен де, одан да емес, өзінің арынан ұялғаны. Адамшылығынан, кісілігінен қысылғаны. «Бұл ұят болады»,— дегеннің ар жағында ұяты барға қаншама тежеу, шектеулер жатыр. Істер екі-үш ай бойы нан дәмін ұмытқан біздерге Бейіс жауынан жырып өз үлесін беріп жатса, өгей шеше мейірімін ар билемеді деп кім айта алады?! Әу баста екі баламен қалған менің әкем мен күйеуі өліп, бір баламен қалған менің өгей шешем уағада байласқанда екеу ара:

— Менің екі қарғам бар, сыртқа теппейсін.

— Әрине, сыртқа теппеймін.

— Сол қарғаларды өз баландай көресің. Алаламай-сың!

— Әрине, алаламаймын,— деген секілді анттасу диалогі болуы ықтимал ғой. Ал сондай анттасу диалогі болды десек, сол ант жолы менің өгей шешемнің келешектегі іс-харакетін, мінез-құлқын, бізге деген пейілін анықтап бермеді деп те айта алмайсың ғой. Өз өмірін ар мен адамшылық белдеуіне байлаған мұндай адамдар біреу үшін тау қопару керек деп түсінсе, қопарады. Ары, ұяты үшін отқа да түседі, суға да түседі. Ал өзіне катер төнген шақта бірсуден жәрдем күтіп жаутандамайды. Қызметім өтіп еді ғой деп салық салмайды. Оқим таянғанға дейін шешемнің маған телеграмма бергенбегенін мен осылай түсінемін.

Менің өгей шешем — ардың құлы. Адамшылықтың, кісіліктің құрбаны.

Ал осы құрбандыққа мен немен жауап беруім керек? — Шынымды айтсам, бұл сауалға күні бүгін де жауап таппай қиналамын. Жалғыз-ақ сол 1962 жылдың

аяқ кезінде жазылған өгей шеше жайындағы «Мезгіл» хикаясы сол сұраққа жауап тапсам ба деген ізденістер туған туынды екенін айтқым келеді.

АВТОГРАФ

Жұмыс аяғында үйге келіп білдім: Педагогикалық институттың студенттері телефон шылдырлатып, кездесуге шақырыпты. Уақыты соншалықты тығыз. Ал тақырыбы болса беймәлім: үй іші сұрамаған, шақырушылар айтпаған. Ойлап-ойлап, барғанды жөн көрдім: тым болмаса жұрт айтқанды тыңдап қайтқан да теріс болмайды ғой.

Жеткен хабардың шалағайлығы сондайлық, мен, тіпті, кешігіп қалыппын. Зал лық толы. Мінбеде бір шикіл сары сөйлеп тұр. Шешен сөзін бөлмейін деп кіре беріске отыра салып едім:

— Президиумға,— деген дауыстар шықты. Жұрт дүрліге қол соға бастады. Амал жоқ, ілгері өтуге тура келді. Көрсеткен орынға жайғасқан соң байқадым, стол басында мен танитын бірер адам бар екен: конқақ мұрын, құбаша-ақын. Одан әрі отырған жалпақ бет қара — сыншы.

Шикіл сары сөзін ілгері жалғады.

— Біз сендердей кезімізде есеп дегеннің не екенін білмейтін едік. Не істесек те, мемлекет қамын ойлайтынбыз. Ал бүгінгі жастардың психологиясы мүлде басқа. Олар есепке жүйрік. Жоғары оқуға түсердің өзінде де мемлекетке емес, өзіне пайда түсірер мамандықты таңдайды. Мәселен, зоовет институтта оқып жатқандардың қайсы бірі мал бағуды жақсы көреді дейсін. Сонда да зоотехник, ветеринарлық дәрігер болып шықпақшы. Себебі, олар малдың өзін жек көрсе де, сүтін жек көрмейді.

Кеш келіп, ештеңе түсінбегендігім бе, әлде осынша жөбірлейтіндей қазіргі жастардың, оның ішінде зоовет институтта оқып жүргендердің не жазығы бар дедім бе, әйтеуір:

— Мынау не айтып тұр?— деп оң жағымда отырған көзілдірікті жігітке бұрылдым.

— Бұл кісі осы институттың мұғалімі. Ұстаз болған соң, не айтса да еркі бар ғой.

Мен енді мына жнын мақсатын анықтап алғым келді:

— Бұл жиын ненің құрметі?

— Е, естімеген екенсіз ғой. Студенттердің ойлап шығарып жүргені. Кездесу тақырыбы — «Өткен өміріндегі есте қалған бір оқиға».

— Балалар шынында да қу екен. Аңқау ағаларын мінбеге шығарып алып, аузына келгенін сөйлетпек ғой,— деп әріректе отырған бір жігіт ана мінбедегі шын сарыны негімен нұсқап мырс етті.

Мен ойланып қалдым. Шынын айту керек, сондай шыбылған тақырып. Өз өміріндегі тағылым боларлық бір оқиғаны есіне алып, жақсы жандар туралы айтып берген, жастарға өнеге, ал өзіне жан ләззатын әкелер еді ғой.

Ал сонда мына оқыс сауалға не деп жауап бермек керек? Басыңнан өткен көп оқиғалардың қайсысы мәнді? Қайсысы бүгінгі жасқа әсер етпек? Жәппелдемеде солардың ішінен нені даралап айтқан жөн болмақ?

Мен осындай бір сауалдар қойып, азапқа түсіп отырғанда:

— Есеп қумандар, балалар!— деп әлгі шикіл сары мінбеден түсті.

Зал тым-тырыс. Қол сокқан бір пенде жоқ.

Енді мінбеге қонқақ мұрын құбаша ақын көтерілді. Ренішті залдың көңілін көтерейін деді ме, жасында өзі шынық болған бір қыз туралы айтты. Ұзын сөздің ұрғасынан түсінгенім: бұл қызды шын сүйген екен де, қыз байғұс мұның сезімін түсіне алмаған.

— Қыз балалар, махаббатты қадірлей біліңдер!— деп тоқтады құбаша ақын.

Үшінші болып мінбеге сыншы көтерілді.

— Мына бір жас ақын дала туралы өлең жазған екен. Өлеңінде қала тынысының тарлығын, шуылының көптігін айта келіп, көсіліп жатқан кең даланы аңсайды екен. Бұл не, жолдастар?— деп сыншы аса бір мәнді кіріріс жасады. Содан кейін өз сұрағына өзі жауап беріп, сөйлеп кетті.— Бұл — атам заманнан бері сын мансұқ етіп келе жатқан, өзіміз де талай-талай өлтіре сынап келе жатқан патриархальщина, ескіні көксеу.

Көзілдірікті жігіт әдебиет тарихынан мол хабардар адам екен.

— Мына жарықтық бұрынғы китінінен әлі танбапты ғой,— деп қалды.

— Китіні емес, күрзісі ғой,— деп әріректе отырған жігіт тағы сөзге араласты.

Залдан да шу шықты.

— Сіз айтып отырған жас ақын соғыстан кейін туған жігіт. Олай болса, оның көксем отырған «ескісі» елуінші, алпысыншы жылдар болып шығады. Онда қандай патриархальщина бар?! Бұл жиындағы әңгіме тақырыбы мүлде бөлек... Одан да сіз өз басыңыздан әңгіме қозғаңыз.

Мен әлі ой жетегіндемін: залда өрендей жастар отыр. Бүгінгі студенттер. Ертеңгі мұғалім-ұстаздар. Ал осы мұғалім-ұстаз бен шәкірт ара қатынасы қандай болмақ? Ұстаз ұстаздығын сатып, жасының үлкендігін бұлдап, кез келген жерде орынды-орынсыз ақыл айта берсе, ондай ұстазда не құн бар? Осы ойдың ұшы мені жетелеп отырып алыста қалған балалық шағыма, мен оқыған орта мектепке, ондағы бір ғазиз мұғалім-ұстазыма алып барды.

...Бір мың тоғыз жүз отыз сегізінші жылдың күзі еді. Мен онда төрт кластық ауыл мектебін бітіріп, көршімізде жиырма шақырым жердегі Майбалық орта мектебінің бесінші класына келіп түскен болатынмын. Ілгері класта оқитын балалардан білгенім: мектептің бұрынғы шала сауатты мұғалімдері кетіпті де, олардың орнына жоғары оқу орнын біыл бітірген кілең жастар келген. Бәрі де ығай мен сығай.

Оқу басталысымен-ақ бұл пікірдің дұрыстығына менің көзім жетті.

Тарамыс денелі, ұзын бойлы қара кісі Ешмұхамбетов Кәрім — мектеп директоры. Ол маған тіпті өзінің сұсты қияпатымен, маңғаз, пандығымен әлде бір сәусегей ақсақал-патриарх секілді болып көрінетін еді.

Жас мұғалімдердің ішінен көз алдымдағысы — тарғыл бет, кесік мұрын, аласа бойлы мұғалім — Ғазез Әбішев. Әдебиет пәнінен сабақ беретін. Мінезге бай, кішіпейіл, не айтса да «бұл не зат?» деп тұратын кісі. Балаларға ұрыспайтын. Сөйтсе де сабағын демімізді ішімізден алып, тыныш отырып тындайтын едік. Өзі өлең жазатын. Өлең жазатын балаларды төңірегіне жинап, қанаты қатпаған жастар шығармаларын жалықпай оқып, жөңдейтін. Тіпті кейбір шумақтарды жанынан қосып, неге, қалай өндеп, өзгерткен себептерін де тәптіштеп түсіндіретін-ді.

Ал математика пәнінен сабақ беретін аққұба жігіт — Шияп Садықовтың жөні мүлде бөлек.

Ешмұхамбетов директоры айында-жылында бір көрсек, Ғазез үнемі қасымызда болатын. Шияп та мектептің оқу жағын басқарған себепті үнемі көз алдымызда.

Дегенмен бұл мұғалімге біз үнемі жолай алмайтынбыз. Себебі ол балаларды іш тарғып өзіне жақындатып та, жо болмаса сыртқа теуіп, алыстатып та жібермейтін. Біз одан қаймығатын едік. Әлде сабақ беретін әдісі өзгеше болғандықтан сыйлаймыз ба, әйтеуір, оған деген сөйіміміз жұмбақ, түсініксіз. Бір ғажабы Шияп мұғалім де сөйлейтін. Дауысын көтеріп балаларға ұрысқан кезі де жадымда жоқ. Сөйтсе де математика сабағын біз айрықша бір мейрам немесе той секілді күтпін едік. Үзіліс оңтпей жатып класқа кіретінбіз. Тақтаны тап тұйнақтай тазалап, бәріміз де орнымызға барып қимыссыз отырып, есікті бағатынбыз. Шияп мұғалім кешікпейді. Қонырау соғылған соңғы минутта еңселі кластың есігі ашылады. Арғы жақтан ақ өңін сондай аша түсетін кірпіксіз аппақ көйлек киіп, көк галстук таққан ұзын бойлы, қонқақ мұрын талдырмаш жігіт кіріп келіп жатар еді. Біз бәріміз де орнымыздан тұрамыз. Кей мұғалім амандықтың осы түрін қатты ұнатады ғой. «Былай тұрмадың, алай тұрдың», «олай амандасудың орнына былай амандастың» деп ескерту жасап жататындар да табылады. Ал Шияп мұғалім болса, кіре бергенде-ақ қолын көтеріп «отырындар» деп ишарат білдіреді де, өз столына келеді. Содан соң тамағын сәл кенекіреп:

— Қалай, сабаққа дайындалдындар ма, балалар?— деп сұрайтын.

— Дайындалғанда қандай!— дейміз біз бір ауыздан.

Шияп мұғалім жүзіне аздап күлкінің ізі жүгіреді. Өйткені ол біздің математика сабағына әманда дайындалып келетінімізді жақсы біледі. Біле тұра сұрайды. Ал оның біле тұра сұрап тұрған осы «кулығын» біз біле бермейміз. Ағымыздан жарыламыз. Сол балалық аңқаулығымызға күле ме, әйтеуір күледі. Ал Шияп мұғалім күлсе, біз рахаттанып қаламыз. Өйткені оның кияпатты, сұсты өңіне күлкі жарасады.

Шияп үні көкірегінен шығатын, қаз дауысты мұғалім еді. Оның үстіне сабақты да өте жақсы түсіндіретін. Әсіресе жаңа тақырыпты өткенде ұрымтал жерді тауып, оның қысындардың өзін айқын етіп әр оқушыға жеткізін бере білетін. Сол себепті біз де қарыздар болып қалмайық дейміз бе, «тақтаға кім шығады?», «пәлен тақырыпты, кәне кім айтады?» дегенде, қолымызды бірімізден біріміз асыра көтеруші едік. Өз білгенінді таныту, сөйтіп бұл мұғалімнің көзіне түсу әрқайсымыздың арманымыз секілді.

1939 жылдың қысы. Сол жылы Сәбит Ұқановтын

«Жұмбақ жалау» романы жарық көрді. Кітапқа шөлікеген біздер кітапханаға айлап кезекке тұрып, бұл романды қолдан қолға тигізбей жаппай оқығанбыз. Екі баланың басы қосылса, әңгіме тақырыбы — осы кітап. Балалар болса Асқарға ұқсағысы келіп, қыздар болса Ботакөз болғысы келіп, сілкініп жатқан кезіміз еді. Бір күні өзінің дағдылы сабағына Шияп мұғалім сол «Жұмбақ жалау» романының екі данасын алып келгені әлі есімде.

— Балалар, мына кітапты оқыдыңдар ма?

Бәріміз де шу ете қалдық.

— Оқығанда қандай?

— Қалай оқыдыңдар?— деп сұрады Шияп мұғалім.

Жауап әр қилы. Біреу пілте шам жарығымен түнімен оқыпты. Біреу ертемен тұрып оқыған. Қолына қағаз, қалам алып керекті жерін жазып алып оқығандар да, жазбай оқығандар да бар. Соның бәрін Шияп тындап болды да:

— Балалар, көңілдеріне келсе де айтайын, тап мына Сафуанша бірін де оқымағансындар,— деді.

Менің жүрегім су ете қалды: мақтағаны ма, даттағаны ма?

— Міне, кітап оқу деп мынаны айт!— Шияп мұғалім «Жұмбақ жалау» романының соңғы бетін ашты да, ақ жерлеріне толтыра жазылған шатпақтарды көрсетті.

Менің бетімнен отым шықты. Себебі, ол шатпақтарды мен жазған болатынмын. Романның бала көңілге әсер салғаны сондай, кітаптың өзімдікі емес, кітапхананікі екенін де ескеріспін ғой. Тіпті, қай кітаптың болса да бетін шимайлаудың жөн емес екенін ол кезде білмейтін де болсам керек. Ойыма келгенді жаза беріппін.

Шияп мұғалім бірақ ұрысқан жоқ. «Бұдан былай кітапхана кітабын шимайлама» деп ақыл да айтпады. Бар болғаны қасыма келді де:

— Арманың көп, сөзің мағыналы екен, мына кітапқа да бірдемелер жазарсың,— деп екінші кітапты менің қолыма ұстата берді. Мен аларымды да, алмасымды да білмедім. Алайын десем, Шияп мұғалімнің кекесінмен айтып тұрғанын анық сезінем. Алмайын десем, сыйлайтын, сыйлағандықтан әманда қайымыңқырап жүретін бедел иесінің сөзін далаға тастау да қиын. Ақыры сезімнің осы екіншісі жеңді ме, мен «Жұмбақ жалау» романын үнсіз алып, портфельіме салдым. Класс іші жымжырт. Шияп мұғалімнің кекесінмен істеп тұрғанын олар да біледі. Сол себепті қазір бір сұмдықтың боларын кү-

тің үнеіз қалған. Қасымда отырған Тоқтар деген жалпақ бет, тайқы мұрын, мінезге бай досым:

— Бекер алдың, қазір ұрсады ғой,— деп жұбір өтті. Бірақ Шияп мұғалім балалар күткен жерден табылмады. Қайрылып орнына барған бойы сағатына қарады. Содан кейін үнді қаз даусымен:

— Балалар, уақыт босқа өтінкіреп кеткендіктен, үйге берген тапсырманы келер сабақта пысықтармыз. Қазір жаңа тақырыпқа көшейік,— деп әңгімені мүлде басқа арнаға бұрды.

Арада бірнеше күн өтті. Мен мұғалім сыйлаған кітапты не істерімді білмей көп жүрдім. Ақыры Тоқтардың аялымен оңаша отырған кезін пайдаланып, Шияп мұғалімнің кабинетіне кірдім. Әлде осы бір келуімді күтті, күтпесе жайдан-жай келмегенімді сезді, әйтеуір, Шияп мұғалім орнынан тұрып, жылы қарсы алды.

— Иә, балақан?

— Мұғалім, кітап бетін шпмайлап ағаттық жасадым, көшірім сұраймын. Енді қайтып мұндай кемшілікті қайталамаспын,— деп кітапты өзіне ұсындым.

Шияп мұғалім «жоқ, бұл қалай, мен саған сыйлап едім ғой»,— деп көлгірсімеді. Тегі өз әдісінің нысанаға доп тигеніне риза болды ма, жымып күлді де, кітапты қолына алды. Өзі де оқып шыққандығын танытып, әр беттерін ашып отырды да:

— Қалай десен де кітап беттеріне жазғандарың көңілге қонады. Адам арманшыл болуға тиісті. Өйткені арман қашан да адамды алға жетелейді.

Шияп мұғалім осыны айтты да стол суырмасынан «Жұмбақ жалаудың» мен шпмайлаған данасын алып, бірінші бетіне: «Сафуан балақанға! Осы кітаптың соңғы бетіне өзің жазған армандарыңның орындалуын тілеймін. Шияп Садықов»— деп жазып, қолыма ұсынды. Содан кейін жымып күлді де:

— Мынау өз кітабым еді, тағы бір белгілер салып тастамасаң, кітапханаға апарып тапсыруға тиістімін. Бұдан былай көпшілік оқитын кітапқа ұқыпты қара,— деп стол суырмасына салды. Мен Шияп мұғалімнің кабинетінен төбем көкке жеткендей болып шықтым.

Есік алдында күткендердің де есі жоқ. Кітапты қолдан қолға алып, мұғалімнің қолтанбасын тамашалаумен болды. Ал мен болсам, өзімді басқа балалардан бойым озыңқырап тұрған секілді сезінем. Бірақ бұл Шияп мұғалімнің тек маған ғана жасаған ілтипаты емес еді. Бір шама жақсы оқыған балаларды алаламау — ұстанған

жолы болса керек-ті. Шын мағынасындағы педагог екендігі оның балаларға деген көзқарасы, іс-әрекетінен әр кезде-ақ көрініп тұратын.

Шияп мұғалімнің қай шешімі болса да терең толғаныстан, күн демей, түн демей балалар жәйін ойлап жүруден туатынына осы күні көзім анық жетеді. Үстірт байлам, қызбалық бұл мұғалімге жат қылық.

Жетінші класта біз отыз жеті бала оқыдық. Отыз жеті түр-түс қана емес, отыз жеті түрлі мінез ғой бұл. Сабакты «керемет оқыдық» деп қанша мақтанғаныммен, ішімізде тентегіміз де, иіс алмасымыз да табылып қалатын. Солардың өзіне де қатал деген Шияп мұғалімнің көзқарасы шындап келгенде қатал бола бермейтін-ді. Дайындықсыз келген, жауап бере алмаған баланы екілік бағамен көзге шұқымайтын. Ең әуелі үй-жәйін, неге дайындала алмаған себебін сұрап білетін. Ал бала жауабынан жалғандықты сезсе, сабақтан кейін дереу кабинетіне шақырып алушы еді. Бір танданарлығы — Шияп мұғалім кабинетіне кірген бала мүлдем өзгеріп шығатын-ды. Үлгермегендер үлгеріп, тентектер жуасып кететін. Бірақ себебін ешкім білмейді. Кабинетте болған балалар болса айтпайды. Айдан анығы кім болса да ол кабинеттен жәбір көріп шықпайтындығы.

Осының бәрін бүгінгі күнгі ақылдың көзіне салып, сараптай келе түйетінім: Шаяп мұғалім бала психологиясы дегенді терең білген. Бала намысының мұқалғыш келетінін, ал мұқалған намыстың күтпеген жайларға апарып соқтыратынын тамыршыдай тап басқан. Соның бір айғағы тағы да өз басымда.

Шияп мұғалім кітап сыйлаған соң беделім көтерілдіме, әлде жақсы оқығандығым себеп болды ма, әйтеуір келер жылы өз класымның старостасы болып сайланғаным көз алдымда.

Осы бір тұстағы интернатта өткен өмірімді еске алсам, сол кездің екі бірдей қызық иісі күні бүгінге дейін мұрнымды келіп қытықтайды. Бірі нан иісі. Интернаттың өз наубайханасы бар. Онда кілен бір әнші украин қыздары жұмыс істейді. Аракідік кезекші болған кезімдегі сурет көз алдымда: үлкен кеспектерде тасып жатқан камыр жалпақ столдың үстіне төңкеріледі. Содан кейін оқтаудай жұп-жұмыр кілең бір ақ білектер камыр үстінде ойнағанда бүгінгі жастардың би билесі түк би секілді емес. Сұлу қыздар өстіп ән сала жүріп ақ білектерімен стол үстінде «билеп» болғаннан кейін, иі қанған камыр қазақы бала ұғымынан тыс бір, шұңғыл

идыстарға аударылады да пеш ішіне жөнелтіледі. Сол пештен шыққан төмпе-төмпе ақ бөлке пісі аш болмасақ та, ауылда ашытпаған нан жеп келген біздердің сілекейімізді шұбыртатын-ды. Екінші піс-қағаз пісі. Бұл пістің де әсері мен үшін пісірілген нан пісінен әсте ем емес. Жазылмаған дәптердің ақ парақтары, оған түскен тор көздер мен шетіндегі қызыл сызықтар ғажайып бір піс шығарып сезімді баурайтын. Қағаздың тиімшілығы ма, білмеймін, әйтеуір, бір блокнот, не бір қалың дәптер қолыңа түссе, әкең базардан келгендей қуанатынсың.

Әлі есімде, бір күні сабақ үстінде Шняп мұғалім интернатқа дәптер келгенін айтты. Аздығы сондай, бала басына біреуден ғана.

Үлкен үзіліс кезінде жүгіріп завхозға бардым. Ол пізімге қарады да: отыз жеті балаға отыз жеті дәптер, деп пар-парлап санап, жетпіс төрт дәптерді ұстата берді. Қызыққандығым сондай, «артық қой» деуге аузым бармады. Класқа келген бетте сырымды Токтарға айттым.

— Не істеуім керек? Қайтарып берсем бе екен?

— Қайтарып беріп жындандың ба?! Бөліп алайық та.

— Біліп қойса қайтеміз?

— Біліп қойса, кім алғанын қайдан біледі? Жоғалды дейді де қояды. Оның үстіне соншама көп дәптердің ішінен бір отыз жетісін іздемеуі де мүмкін ғой.

Токтардың осы сөзі камшы болды. Дәптерді жасырып портфельге салып алып үйге әкелдік те, бөліп алдық. Бөлінбей қалған бір дәптерді Токтар «еңбегің бар ғой, сен ал!» деп маған берді.

Арада екі-үш күн өтті. Дәптер туралы не сөз болып жатыр дейміз бе, аяқты ұшынан басып жүрдік. Тың тыңдаймыз, сөйткенше болмады, дүңк ете қалды.

— Интернат қоймасында отыз жеті дәптер жетпей қалыпты.

— Старосталардың біріне завхоз жаңсақ санап, артық беріп жіберіпті.

Сол күннің ертеніне біреуден «сені Темірболатов шақырып жатыр» деген хабар келді.

Темірболатов Үтжан жұмсақ мінезді қартаң адам болатын. Сонда да жүрегім лүпілдеп бардым. «Өлсең де мойындама» деп Токтар тапсырып жіберсе де, егер алғанымды қадап айтса қайырып берейін деймін. Бірақ завхоз сондай жайбарақат екен. Сонысы маған күш беріп жіберді.

— Біраз дәптер жетпей қалды, анада кеткен жоқ па, баласын?— деді әлденені көтеріп бір жерден екінші жерге қойып жатқан қалпында.

— Жоқ, кеткен жоқ,— дедім мен сенімсіздеу.

Завхоз қайталап ештеңе демеді. Маған көз қиығын да салған жоқ.

— Ә, жарайды, ендеше бара бер.

Мен қуанып, класқа келдім. Болған жәйді Тоқтарға айтып едім, «Әне айтпадым ба, саған, кім алғанын қайдан біледі» деп, о да масайрап кетті. Бірақ ел құлағы елу емес пе, «VIII класс старостасын завхоз шақырыпты, жоғалған дәптер сонда екен. Тоқтар досы екеуі бөліп алыпты»,— деген лақап лезде жайылды.

— Дәптерлерді қалай, қайтардың ба?— деп сұраушылар да көбейе бастады.

Завхоз алдын көріп қайтқаннан кейін мен енді неге болсын бекіп алдым.

— Айтып тұрған дәптерің не өзіңнің? Завхоз шақырса басқа мәселемен шақырған,— деп бет бақтырмаймын. Тағы да бірер күн өтті.

Шняп мұғалім сабаққа дағдысынан сұстылау келді де, бірден:

— Балақан, артық алған дәптерлерді әлі қайтармапсың ғой. Қазір тұр да завхозға апарып тапсырып кел!— деді. Даусы өктем. Зіл де, бұйрық та сезіледі. Мен де шорт кеттім.

— Алмаған дәптерді қайдан апарып берем?

— Алмағаны қалай? Завхоз отыз жеті дәптер орнына екі-екіден жансақ санап жетпіс төрт дәптер берген жоқ па?

Тоқтар қайтсе де мойындама дегендей санымды шымшып қалды. Класс іші мен не дер екен дей ме, тым-тырыс.

— Завхоз жансақ санаған жоқ, жансақ айтып тұр, мұғалім.

Шняп мұғалім маған сәл тіксінінкіреп қарады. Бірақ үндеген жоқ. «Ал жақсы» деді де сабаққа көшті. Осымен әңгіме бітті деп ойладым ба, менің де жүрегім орнына түсейін деді. Бірақ оным ұзаққа бармады. Сабақ бітісімен Шняп мұғалім мені өзімен бірге кабинетіне шақырды.

— Көкесіне танытады енді,— деген күлкілі дауыстар шығарып салды мені.

Балалар білмей айтпапты. Кабинетіне келген соң Шняп мұғалім қаһарланып кетті.

— Сөзді қой, балақан, жанынның барында дәптерлерді қайтар қазір. Әйтпесе жаман болады.

Мен бірақ қызық халдемін: не айтса да, қалай қорқытса да ерегесемін бе, әйтеуір, алған бетімнен қайтар түрім жоқ.

— Жаман болса болсын, қайтара алмаймын.

— Қайтармасаң мектептен қуыласың.

— Қуылсам, қуылайын, бірақ қайтара алмаймын.

Шняп мұғалім таңданған секілденді:

— Неге қайтара алмайсың?

— Алмасам, қалай қайтарам!— деймін тағы да қарысып. Мұғалім сәл үндемей отырып қалды. Не ойлады? Мына әдісінің мақсатқа жеткізбейтінін ойлады ма, қорқыту, ұрсумен бала жүрегіне жол табылмайтынын сезді ме, кім білсін, әйтеуір, орнынан тұрды да, шкаф үстінде тұрған мандолинді барып алды. Бері оралғанда байқадым, жүзі жылы, көңіл күйі өзгеше. Шняп мұғалім мандолиннің жайлап құлақ күйін келтірді де, мені «отыр» дегендей ишарамен диванға шақырды. Өзі қасыма келіп жайғасты да, әлде бір халық әнін тартты. Содан кейін бетіме жылы жүзімен жымия қарап:

— Сен осы домбыра, мандолин тарта білесің бе? — деп сұрады.

— Жок.

— Бірақ, ән саласың ғой?

— Әнге де сонша емеспін.

— Қабырға газетіндегі Жамбылға арнаған өлеңінді оқыдым. Жақсы екен.

— Түзеп, жөндеген, жана шумақ қосқан Ғазез мұғалім ғой.

— Оқасы жоқ, кейін буының бекіп, қаламың төселген ақын деген атаққа не болған кезде, өзің де біреуге көмектесетін боласың.

Мен жадырайын дедім. Шняп мұғалім тағы бір халық әнін тартты. Содан кейін кілт тоқтады да, маған тіктеп қарады:

— Сен, балақан, сабақты жақсы оқитын, тәртіпті, жақсы баласың. Жақсы болмасаң, біз сені староста етіп сайламас едік қой!— Шняп мұғалім мені қайтерскен деді ме, тоқтап қалды.— Мен дәптерлердің сенде скенін анық білем. Тіпті ана Токтар сксуіцнің бөліп алғандарына дейін маған аян. Керек десең қай жерге тыққандарына дейін айтып бере аламын. Жалғыз-ақ, жаңа балалар алдында ағаттық жіберіп алдым. Көптің көзінше сені қыспауым керек еді. Дәптерді қайтар. Бі-

рак балалар алдында сені арашалап алуды маған тап-
сыр. Ұрылқыны атандырмаймын.

Манадан бері қыстығып отырсам керек, мен жылап
жүбердім.

— Ондай-ондайлар бола береді, қысылма да жыла-
ма. Бала кезімде менін де ештеңе кебежеге түсіп, құрт,
май ұрлаған жәйім болған. Дәптері құрғырдың жетпей
жатқаны ғой, әйтпесе сөз етуге тұрмайтын шаруа мұ-
нымыз...

Мен көзімнің жасын сүрттім де түрегелдім. Шняп
мұғалім екі айтпайды. Бала жүрегі тамыршы секілді,
мұғалімнің бұл қасиетін жақсы біледі. Осы ұғымымды
растағандай:

— Ешкімге көрсетпей өзіме ғана әкеп берерсің,—
деген қаз дауысы мені кабинеттен шығарып салды.

Әңгіме осымен бітті. Мешкей деген жақсы атақ емес
қой. Келесі күні Токтардағы дәптерлерді алып, оған
өзімдегіні қосып газетке орадым да, жасырынып келіп
мұғалімге тапсырдым. Әңгіме кешегі сөзбен бітті деді
ме, әлде өзгерісі бар ма, қайтсе де жоғы табылғанына
Шняп мұғалім қуана қойған жоқ.

— Бар класына бара бер,— деп салқын ғана шыға-
рып салды.

Қобалжулы көңілмен класқа кірдім. Қазір ол кіріп
келсін де «ұрланған дәптерлер міне!» деп газетті жаза-
ды. «Ұры әне отыр!» — деп мені көрсетеді. Сонда қайт-
тім!..

Жұмсақ мінезді Токтар:

— Не болды? Өнің қашып кетіпті ғой? — деп сұра-
ды.

— Білмеймін, мұғалім алды суық. Әшкерелеп қоя
ма деймін...

Токтардың да өңі өзгеріп кеткен секілді. Демін іші-
не алып үнсіз қалды.

Әлден уақытта қоңырау соғылды. Класқа Шняп
мұғалім кірді. Бәріміз түрегелдік. Арада қанша уа-
қыт өткенін білмеймін, бір кезде мұғалімнің: «Ау, сен-
дер неғып түрегеп тұрсындар? Отырмайтын ба едің-
дер?»— деген дауысы құлаққа келді. Қарасам, жұрт әл-
деқашан отырып үлгерген. Түрегеп тұрған Токтар скеу-
міз ғана.

— Сен неге тұрсың?— деппін мен Токтарға оты-
рып жатып.

— Өзің отырмаған соң,— дейді Токтар сыбырлап.
Арт жақтан дауыс шықты:

- Отыра алмайтын себептері бар олардың.
- Қандай себеп?— деп сұрады Шияп мұғалім.
- Қылмысты. Дәптер ұрлаған.

Шияп мұғалім түсін суытты.

- Оны кім айтты саған?
 - Жұрт шулап жүр.
 - Өз көзің жетпесе, жұрттың сөзіне неге ересің?
- Дауыс жым болды.

Шияп мұғалім тактаға қарай бір-екі аттап барды да бері бұрылды.

— Бұл екеуінде түк жазық жоқ. Бәрін шатастырған әлгі завхоздың өзі. Тексере келгенде дәптерлер өзінен шықты. Бір бумалардың арасында қалған.

Токтар күрсініп шалқая отырды. Менің де демім дірілдеп шығады.

— Үстірт сөйлеп, жөнсіз сөзге еру жолсыздық болады,— деді Шияп мұғалім.

— Олай болса, кешірім сұраймын. Ағаттық болды,— деп жаңағы бала кішіреңе сөйледі.

Токтар жымың етті. Қыздар жағы «е, бәсе!», деп шу ете қалды. Мен үндемей өз орнымда отыра бердім.

Бұдан отыз сегіз жыл бұрын Шияп мұғалімнің даналығы арқасында мен «ұрлықшы» деген жаман аттан осылай құтылған едім.

Ұшқары ойлап, келте пішетін кейбіреулер: «Мұның ләсі даналық?» — деуі де мүмкін. Оның үстіне үстірт қарағанға Шияп мұғалім әрекетінде педагогикаға «жатпайтын» да бірденелер бар ғой. Айталық, менің абыройымды төкпеймін деп, көп алдында өтірік айтты. Шындықты жасырып қалды. Онысы дұрыс па еді?!

Мен қазір ата болған адаммын. Немере-шөберелер сүйіп отырған жанды-жақты үйде әр ата-ана өзінше педагог болуға тиісті ғой. Мен ол кездегі бала көзімен емес, бүгінгі педагогикадан хабары бар, бала тәрбиелеудің көп-жосығын білетін ата көзімен қарағанның өзінде де Шияп әрекетін бірден-бір дұрыс жол демекпін. Өйткені, «шындықты жасырып қалудың» ірісі мен уағы бар. Кейде ірі шындықты жасыру қылмысқа итермелесе, ұсақ нәрсені әшкерелеу қылмыстан да ауыр болмақ. Рас, мемлекет мүлкіне біреулер қол сұғып, екінші біреулер соны жасырып қалса, әне бұл қылмыс. Ал ана дәптер мәселесі секілді ұсақ, болымсыз жәйда өр көкіректік танытып, айқайлап жату — кісілік қасиетке дақ түсірерлік білімсіздік; керек десең надандық демекпін. Өйткені, адам тағдырының кілті кейде осындай ұсақ оқиғадан

көбірек табылып қалатынын ескермеске болмайды. Менің жұбайым мұғалім болып істейді. Бұдан біраз жыл бұрын осы Алматы қаласының Баянауыл көшесі жағындағы бір орта мектепте өзі куә болған бір қайғылы оқиғаны айтып берген еді: бесінші класта оқитын бір бала үйіне келген де, атылып қалған. Артына жазып қалдырғаны: «Папа, мама! Кешіре көріндер, сендерді ұрлықшы баланың әке-шешесі деп көзге шұқыттырғым келмейді». Бары осы. Ақыры қазамен ғана шешілер қандай ұрлық жасапты сонда ол бала? Осы қайғылы оқиғаның алдында V класта бір баланың қаламы жоғалған.

Класс жетекшісі тықылдаған тым пысық әйел екен. Балаларды тізіп қойып түгел тінткен... Сонда жоғалған қалам әлгі баланың қалтасынан шығыпты... Жаңағы тықылдақ педагог баланы жұрт алдына шығарған да тілдеген: «Ұрлықшысың, өтірікшісің. Әке-шешене барып айтып. Милицияға апарып түрмеге жаптырам»,— деп бала намысына тиген... Соның аяғы жаңағы қайғылы оқиға. Ойлаңызшы, қылмысты жасаған кім? Қалам ұрлаған бала ма, әлде мұқалымпаз бала намысын қорлаған ана мұғалім әйел ме? Тайға таңба басқандай даусыз бір шындық бар: ұшқыш болмасаң, самолет штурвалына отыруға тиісті емессің. Тетігін білмеген адам ЭВМ-нің маңайына да бара алмайды. Барса, күлкі болады. Ал бала жүрегінің, бала психологиясының кілтін іздемейтін, іздесе де таба алмайтын, педагогтық қабілет-дарыны жоқтар мектеп есігін ашып, класқа кіруге не себепті қақылы?

Біз кейде жас балалар өз ойлаған жерімізден шықпаса, шошынып қаламыз. Өзіміз бала болып көрмегендей түймедейді түйедей етіп жіберетініміз бар. Бүгін дәптер ұрласа, ертең біреудің қорасына түсіп, түйесін ұрлайды деп қараймыз. Бүгін біреудің портфелін ашып, қалам «ұрласа», ертең қалтаға түсіп ақша ұрлайды деп шошынмыз. Осы шошынуларымызда бала психологиясын жете білмегендіктен туатын ұшқарылық барын пайымдай бермейміз. Бұл «ұрлықтың» шын ұрлық болмай, жүре бара, есейе келе балалық шақпен бірге кететін бала мінездің қызығушылығы болуы да ықтимал ғой. Шын ұрлықтардан осы балалық қызығушылықты айыра білу үшін шын педагогтік көрегендік, даналық керек. Шынында да, қазір ойласам, Шияп мұғалім даналық танытпай, алдап түсіріп алып, жұрт алдында масқарамды шығарса, менің тағдырым қай арнамен кетерін бір тән-

ірің өзі білсін. Өйткені бала жүрегінің кілті табылмаған жерде мұқалған бала намысы неге апарып соқтыратыны белгілі ғой.

* * *

Арада ұзақ жыл жатыр. Ұлы Отан соғысы біз оқыған мектеп қабырғаларын шалқайта айырып, әрқайсысымызға әрқилы жолдар дайындады. Соғыс басталысымен Ғазез бен Шияп өздері сұранып майданға аттанды. 1942 жылдың мартында Токтар скеуміз де армияға шақырылды. Жолымыз Алматы қаласына дейін бірге түсті де, 17 март күні бұрынғы «Ударник» кинотеатрының үйі бізді ажыратып жіберді. Тоғыз жолдың торабы болған осы үйден Токтар батысқа, мен шығысқа аттандым. Көп кешікпей мен шығыстан батысқа оралдым. Ал бір екінші батысқа аттанған Токтар шығысқа қайтып оралмады. Майдан жұтқан боздақтардың бірі ол. Ғазез бен Шияп тағдырлары да қилы-қилы.

Майданға семья құра алмай бойдақ аттанған Ғазез талай-талай жараланып, ақыры елуінші жылдың бас кезінде туған жері Көкшетаудың Қарағаш ауылына оралды. Қарағаш — даңқты жер. Одан қазақ поэзиясының тарланы Жакан Сыздықов канат қаккан. Бұл жер — жас талантын аша алмаса да, өз заманының оқушысына танылып кеткен Елжас Бекенов туған жер. Талант дарыған осы ауылда мен 1963 жылы болдым. Арада жиырма екі жыл өткенде ұстазым Ғазезбен кездестім. Баяғы үн, баяғы саумал мінез. «Бұл не затты» да Ғазекен ұмытпаған. Бар өзгерісі — семья құрған. Біз ересек балалардың әкесі болсақ, Ғазекен шиегтей сәбилердің әкесі. Құдай берген сынық мінезі ме, әлде оның балаларынан менің балаларым әлдекайда үлкен болғандықтан ба, Ғазез ұстазым кішірейіп маған «сіз» деп сөйледі. Бір-екі рет ескертіп, Сіз маған ұстазсыз ғой және қандай ұстазсыз, ал мен өмір бақи сіздің шәкіртіңіз ғанамын. Сіздей ұстазым барлығын мақтан етемін», — десем де Ғазекен сізден танбады. Бірақ мен Қарағаштан канаттанып аттандым. Қаншама ұзақ жол болсын, басы бірінші қадамнан басталады демей ме, мен бүгін қазақ совет әдебиетінде бір нәрсені тындыра алдым-ау десем, соның бастауында Ғазез Әбішевтей ғазиз жан тұрғаны мен үшін мақтаныш.

Ал Шияп мұғалім болса, соғыстан жаралы оралған жанның бірі. Бір қызығы — келген бетте біраз жыл партия қызметінде болған. Кейін өзінің сүйікті қызметі —

мектепке ауысқанда: менен қайбір партия қызметкері шығушы еді. Мектебіме келіп енді дұрыс болды — депті. Ол біраз жыл Солтүстік Қазақстанның Сергеев ауданында бір үлкен орта мектепте директор болып қызмет істеді. Қазір пенсияда деп естимін.

Мен Шияп мұғаліммен 1965 жылы кездестім. Тандарлығы — кейбір педагогтерге ұқсап: мен саған ұстазбын, сен маған шәкіртсің — демеді. «Мен сіздің шәкіртіңізбін, сіз маған ұстазсыз», — деп мен айтсам, әлдеқайда ұтымды болатынын зерделі педагог білсе керекті. Елпілдеп алдыма да түсе қойған жоқ. «Майбалық орта мектебінен озып шыққан жалғыз өзін ғанасың ғой, жазғандарыңды оқимын», — дегені болмаса, баяғы жылуды ішінде, сырты салқын қалпы. Тал бойынан мен тапқан бар мін — киімі жұпынылау секілді. Кигені кендеу шалбар, өңірін айқара түймелейтін пиджак. Әңгіме үстінде тағы бір аңғарғаным; бір кезде жұртты табындырып, әйелдерді ынтық еткен сұлу жүзіне өмір сызықтары түскен. Қаз дауысында да аздаған жарықшақ бар. Адам психологиясын тамыршыдай дөп басып танытын педагог менің осы сәттегі көңіл-күйімді байқап қалды ғой деймін, қабағына кірбің іліп, терең күрсінді:

— Үйге жүріңдер, шай ішейік.

Ұстаздың айтқаны маған заң. Мен орнымнан тұрдым.

Үш-төрт бөлмелі ағаш үйдің іші бостау, салқындау көрінді маған. Алдыңғы бөлмеден ақ жаулықты бір картана шықты.

— Төрлетіндер, балалар!

— Бұл кісі Мисалым жеңгелеріңнің анасы, — деп таныстырды Шияп.

Ойыма оқыс келген сауал:

— Ал жеңгеміздің өзі қайда?

Шияп мұғалімнің өңі бұзыла берді:

— Манадан бері айта алмаған едім. Мисалым жеңген дүние салған...

Мисалым жеңгей менің көз алдымда. Дөңгелек жүзді тым сүйкімді кішкене кісі. Қыста биік өкшелі фетр пима киіп жүретініне дейін білем. Ол бізге сабақ берген жоқ. Сонда да сынық мінез, сыпайылығы үшін, Шияп секілді жігіт төресінің лайықты, жарасымды жұбайы болғандығы үшін қатты сыйлап, алдын кесіп өтпейтінбіз. Есімде сақталған тағы бір көрініс: екеуінің жұбын жазбай бірге жүретіндігі. Мектепке бірге келетін, мектептен бірге кететін: Класта терезеге жақын отырған балалар:

«Әнекей»,— деп қалса бәріміз бірден түсінетін едік те, дүр етіп терезеге ұмтылатынбыз. Сонда бір-біріне қос аккумуля сондай үйлесіп келе жатқан, не кетіп бара жатқан Шияп мұғалім мен Мисалым жеңгені көретінбіз. Көретінбіз де қызығатынбыз. Жүріс-тұрысы, мінез-құлықтарына еліктейтінбіз де. Олар біз үшін әманда сұлулық пен тазалықтың, татулық пен асыл махаббаттың ойып алған үлгісі секілденіп тұратын.

Біз зират басына бардық. Мисалымға деген Шияп махаббатын мен осы жерде көргендеймін. Қызыл кірпіштен көтеріліп, марқұмның өз көңіліндей ақпен сыланған күмбез төңірегінде аялы алақанның ізі жатыр. Тазалық — татулық ізі, айнымас достық ізі.

Зират басынан қайтқанда, Шияптың жүдеп, шөгіп қалғанын байқадым. Сол халден шығарып алайын дедім бе, қасымыздағы жолдастарға баяғы дәптер тарихын айтып едім, Шиякеннің де есінде екен:

— Бәрі де жоқтықтың салдары ғой,— деп ақталған секілді болды. Ол оқиғада сондайлық тапқырлық бар деп танымайтындай. Менің көңілімде мұғалімнің мені жұрт алдында ақтап алғаны көбірек сақталса, оның есінде тіктеу келгені, «ұрысқаны» көбірек қалып қойғанға ұқсайды. Байқаймын, «дәптер мәселесіне» екеуміз екі тұрғыдан қарайтын сияқтымыз. Оның да жөні бар. Шиякен секілді көшелі адам «есінде ме, мен сені арашалап алып едім ғой»,— деп жоқ жерде өз бағасын өзі түсіріп босқа шашылып жатса, не болғаны?!

Ұлы Абайдың:

Жалғанда сенен артық маған жар жоқ,
Саған жар менен артық табылса да,—

деген жолдарының жүрекке ұялар сиқырлы күші «сен», «мен» деген есімдіктердің өз орынын тауып тұрғанында емес пе! Ал осы жолдарды сәл өзгертіп:

Жалғанда менен артық саған жар жоқ,
Маған жар сенен артық табылса да,—

десе надандықтың көкесі болып шықпас па!

Міне, менің алғашқы ұстаздарымның бірі Шияп Садықов бұл күнде ата болған шәкіртінің өзі мақтана алатын осындай адам.

* * *

Міне. педагогикалық институттың залында надан шикіл сары мен аңғал құбаша ақынды, ұр да жық піл көз сыншыны тыңдап отырып менің көз алдыма осы бір оқиға келген еді.

МЕНІ ҚАЛАЙ ҮЙЛЕНДІРМЕК БОЛДЫ

Сөйтіп менің Түмен қаласына келгеніме де біраз уақыт болып қалды. Басында қан сорпасы шығып жатқан батысқа жібермей, шығысқа аттандырғаны несі деп күдіктенген де едім. Бірақ Түменде де қуапатындай ештеңе жоқ екен. Республиканың солтүстігіндегі қазақтар «Түмен», «Түмен» — деп аузынан тастамаушы еді. Екі сөзінің бірінде «Түменге кетіпті» «Түменнен келіпті», — деп отыратын-ды. Сөйткен Түмені үлкен бір деревнядай ғана. Қаланың бар байлығы сазы мен қалаға сұғына кірген қарағайлы орманы. Тас төселмеген көшелері аттылы арба өте алмайтын батпақ болып жатса, кісі жүретін тротуарлары біршама дұрыс — қарағай тақтай төселген болып келеді екен. Дұрыс дегенім, әрине, жәй сөз. Жерден қарыс сүйем биігірек түбір қазықтарға шегеленген әлгі тақтайлар әманда күтімді, күнде қадағалап отыруды қажет ететін болса керек. Соғыс зардабы ма, әлде қай кезде болсын бойымызға үйір құлықсыздық, құтсыздық па, шегесі босаған, не болмаса сынып, шіріп түскен тақтайлармен жүру оңайға түсе бермейді. Шегесі босаған тақтайлардың бір басын бассан, екінші басы сартылдап, қопандап кетеді. Ондай жерлерде қыл көпірден өткендей екі қолың ербендеп, қалай құламаудың амалын қарастырасың. Сыңған жерлерге аяғын тығып алып жығылып жататындар да табылады. Кейде сорайған шегелерге табанын қадап алып, шойнандап қалатындар да аз емес.

Мен міне осы Түмен қаласында әскер қатарындамын. Бірақ солдат гимнастеркасын кидік деген атымыз ғана. Ертемен тұрып, бірер сағат қала сыртында жүгіріп ойнағанымыз болмаса, қалған уақытымыз қара жұмыспен өтеді: осы Түмен қаласын бүйірлеп ағатын мол сулы Тура өзені бар. Сол өзеннің үсті ағызып әкелінген бөренелерге толы. Соны жағаға шығарамыз да аралаймыз. Тақтай тілеміз. Соғыс кезінде қылшылдаған жігіттерді қолына мылтық беріп жауға неге жібермейді, мына тактай тілдіргені несі? — дегендерге командир жауабы біреу-ақ: бұл жұмыс майданға барғанмен тең. Өйткені осы бөренелерден соғыс самолеттерінің қаңқасы жасалады. Тақтайларды көбірек тілсек, самолеттер де көбейетін болады. Самолет көбейсе, фашистерге соққы да күшейе түседі. Осы жауапты медеу етеміз де, бөрене аралауға жұмыла кірісеміз.

Өстіп күндер өтіп жатты. Менін қасымда Садуақас деген ересек бір жігіт бар. Дәлірек айтқанда ол менің қасымда емес, қайта мен осы бір еңсегей бойлы қайырымды жігіттің қасындамын. Жасы да үлкен, көргені де көп Садуақас мені сары ауыз балапан көреді де, қамқорлығына ала жүреді. Сапта қатар тұрамыз. Қатирмаға да бірге келеміз. Жатар жеріміз де іргелес. Аханада да бір столдың басында отырамыз. Оның үстіне елден келген сәлем-сауқаттар да бөлінбей ортаға түседі. Негізінде ақ көңіл, ашық қол, мейірі мол Сәкен: ернің ашып қалмасың, ішіп ал, аяғың тонып қалмасың, шұлғауынды жайып жатуды ұмытпа,— деп жүргені үнемі.

Садуақасты қанша үлкен десем де, әлі отызға да келмеген жігіт шағы ғой. Үйленгеніне де көп болмаған. Қол бос кезде сол құмары тарқамай ауылда қалған жарын, қызығы басылмай жөргекте қалған баласын ойлайды. Ыңырсып ән салады. Айтатыны кәдуілгі — «Қамажай». Бірақ осы күнгі құлаққа сіңіп кеткен үйреншікті жеңіл де шапшаң айтылатын, желікпе сезімге толы Қамажай емес, өзгеше зарлы, мұңға толы Қамажай:

Басында Қамажайдың бір тал үкі,
Айырылып Қамажайдан болдым күлкі.
Айырылып Қамажайдан жүргенімде
Келеді қай жерімнен ойын-күлкі.

Ахау, халылайым, лилилайым,
Қамажай, қалдың кейін, сәулетайым.
Қолында Қамажайдың алтын жүзік,
Қамажай отыр ма екен көзің сүзіп
Көрмесе жарты сағат тұра алмаушы ед,
Апырай, кетер ме екен күдер үзіп, күдер үзіп.

деген жолдарды Садуақас әдемі майда даусымен соншалықты созып айтқанда, жүрегінді суырып ала жаздайды. Орындалмай қалған арман мен тарқамай қалған мстық құмарлықты, гүлі ашылмаған жалқын махаббаттың зары мен қыршын жастықтың неғайбыл болашағын сезінесің Садуақастың Қамажайынан. Ән айтылып болған соң Садуақас күрсініп алады. Мен болсам, тілім байланып көпке дейін үндей алмай отырамын.

— Ғашықтың дерті қиын дерт. Сен әлі жассың, біле бермейсің ғой,— деп қояды Садуақас.

«Білем» деп мен таласпаймын. Сөйтсе де елде қалған қара торы, күлім көз бір қыз көз алдымда көлеңкей береді. Мен онымен тіпті ашылып сөйлескен де емеспін. Білетінім — көрші ауыл Айтуардағы Қали дегеннің

қызы. Аты — Сақыш көшпелі халық сотында хатшы. Ал мен болсам сол соттың осы өзіміздің ауылдағы заседателімін. Көшпелі сот біздің елге жиі келеді. Мен Сақышпен жиі кездесемін. Обалы нешік, ол менімен жөнсіз әзілдесіп те көрген емес. Қаратып алайын, көңілін табайын деуден де аулақ. Сөйтсе де қыздың ашаң да сұңғақ келген құлын мүшесі мен атжақты, меңсіз қара торы кейпінде, әлдеқалай сығырая қарағансығанымен үнемі күлімдеп тұратын мойыл қара көзінде сондай бір сайтан сұлулық, тартымдылық барын байқаймын. Сақыш әманда маған қарап отырады. Ұятсыздық танытып тесіле, өліп-өшіп қарамайды. Елеусіз отырып, ұрлана қарайды. Сондайда мен бір түрлі, қызық бір күйге түсемін: қыз көңілінің хошын сезініп, мақтанамын ғой деймін. Сонымен қатар біреу-мірсу сезіп қалып, келеке етіп жүрмес пе екен деп қыпылдап, қолайсызданатын да түрім бар. Дегенмен ибалы қыз сезімі қайтсе де тереңде. Көңілінде не барын басқалар түгіл менің өзіме де сездіртпеуге тырысады. Оны оқатекте мен қарап қалғанымда көзін аударып әкететінінен, сөйтіп ештегені білмегенсің қалатынынан байқаймын.

Екеу ара жан білмейтін сырымыздың бары да, жәйі де осы.

Міне, енді Түмен қаласында армия қатарында жүріп, Садуақас өз семьясын сағынып, ішқұса болса, мен елден бөлек Сақышты ойлап әуреленемін. Күн аралатып құлаш-құлаш хат жазам. Ол хаттарым дәстүрлі сәлем хаттан көрі әлде бір пәлсапалық трактаттарға көбірек ұқсап кете ме қалай. Түменнің қарағай орманын, Тура өзенінің арналы ағысын суреттейтін болсам керек. Махаббат жәйлі, жастық, кәрілік жәйлі, өмірдің өтіп кететіндігі жәйлі түйіндеулерім өзімше бір жаңа дүние. Мен ашқан керемет жаңалық ай, күн, аспан да, дүлей боран мен қара нәсер жаңбыр да, ескен жел, жымындаған жұлдыздар да сөз болып жатады. Бөрене аралап жүрсем де, жоқ нәрседен романтика іздеймін. Жоқ жерде табылатын сол романтикалық оқиғалардың бас қаларманы, әрине, өзім болып көрінбекпін ғой. Обалы нешік, Сақыш хат аралатып болса да жауап беруден жалықпайды.

— Жазғандарыңыздың бәрін бірдей түсіне бермеймін. Сонда да хатыңыз келгенде қуанып қалам,— деп бастайды да, ауыл-үй жайын, армияға кімдердің кетіп, кімдердің жараланып қайтып келгенін тәптіштеп жазды. Мен өз хатымда жалған романтика қуалап жерге

түспей қойсам, Сақыш өз хатында «Сізден» әрі аса алмайды. Әйтеуір, дәтке қуат, жанға медеті — «хат күтемін» — дейтін соңғы сөзі. Тіпті тағы бір кезекті жауабында «зәуде демалыс алып, елге келе қалсаңыз, хабарласарсыз» деп те жазыпты. Осы сөзі білгендей болып шықты. Мен август айының орта кезінде тәртіптілігім, еңбектігім, жұмысты жақсы істегенім үшін жиырма күнге демалыс алып туған ауылыма келдім.

* * *

Қуаныштың үлкені менің жақын ағаларым — Нұрқан мен Қари армиядан оралыпты. Екеуі де жаралы. Бір-жола босап келген. Нұрқан да, Қари да соғыстан бұрын аудандық көлемде жақсы-жақсы қызмет атқарған, ағайын арасында сондай сыйымды, елге аса беделді жігіттер. Әсіресе Қаридың жөні бөлек. Сырт көзге адуындау көрінгенімен, Қари өзгенің қыбын таба біледі. Сөйтсе тұра кімді болсын өз дегеніне көндірмей қоймайды. Ұрыспайды, балағаттамайды. Бірақ, қорасандағы қалған кияпатты келбетін тіктеп, көк сақиналы қоңыр көзің тура қадап өктемдеу сөйлегенде: «Жоқ, оның болмайды», — деп бір адам қарсы келе алмайтын-ды. Бір сөзбен айтқанда, Қари аса бетті жігіт. Нұрқан да одан кем түспейді. Бірақ ол өктем сөйлемейді. Жұқалап сөйлейді. Іліп-қақпа әзілге шебер. Менің тағы бір ағам бар. Арықша келген, ұзын бойлы әдемі жігіт — Мырзахмет. Мырзағанның қолы жұмсақ. Соған орай өзі де, сөзі де жұмсақ. Шешен сөйлейді. Бірақ әлдекімді қағытып, әлдекімге тие сөйлегенін көрген емес. Өзі сондай қайырымды. Елде қоғам, ағайын арасындағы кикілжің бірдемелер болса, соның тігісін жатқызып, жамап-жасқап жүргені. Ешкімге болмасын демейтін кендігі тағы бар. Сол себепті Мырзағанның Қаридан да, Нұрқаннан да жөні бөлек. Қари мен Нұрканды жұрт ығысыңқыратандықтан сыйласа, Мырзахметті шын сыйлайды.

Міне мен үйге келіп түскенімде осы ағаларым қарсы алды. Баяғы бір бөлмелі ағаш үй. Үй іші жүдеу. Әкем байғұс мен ес білгелі колхоздың қара табан енбекқор торысы. Өгей шешем Бейіс те сондай момын бейнестордың бірі. Қайда жұмсаса да қақпайды. Бара береді. Істегенді істей береді. Бірақ ол кездегі ауылда табыс жоқ. Алты ай жаз, алты ай қыс балық көзденіп дамыл, тиным таппай жұмыс істеп жүрсе де, тапқандары кей жылдары тамағымызға да жетпей қалады. Үй-ішінің

қоң-торғайлығы да содан. Төсек-орын, төсеніш, киім-кешек-бәрінен де көнелік, жұтандық сезіледі. Бірақ үй жұтандығын елеп жатқан ешкім жоқ. Әйтеуір, әкемнің алдына салған бірді-екілі қой-ешкісі бар. Соның бірі көтере ұрылып қазанға түскен. Біздің үй мәре-сәре той.

Дәм үстінде әңгімені Қари бастады.

— Шәке, осы сенің не ойлағаның бар?— деп ол мол денесімен менің әкеме бұрылды.

— Нені айтасың?

— Балаң болса, демалысқа келіп жатыр. Үй жұмысы әлі күнге, әне жасы келіп қалған Бейістің мойнында. Келін түсіру керек.

— Далада жатпаса да табамыз,— деп Қари енді Нұрқан мен Мырзахметке қарады.

— Е, далада жатқан біреу бар ма екен?

Олар қостағандай болды. Менің жүрегім лүп ете түсті. Албырт шақтың бір міні — намысқойлығы, жоқ нерседен ұялып, қысылып жүретіндігі ме деймін. Алғашқы ой: мынандай жүдеу тұратын үйге менсініп қандай келін, түспекші?

— Уақыты тығыз емес пе баланың?— деп әкем қарсылық білдіргендей болды.

— Түк те тығыз емес. Военкоматқа барып тағы бір он бес күн қостырып аламыз,— деп Нұрқан Мырзағаңа бұрылды.

— Тәшенге хабар салу керек.

Тәшен Мырзағаңның досы. Осы ауданда прокурор. Аса беделді жігіт. Ол кіріссе, қай істің болса да тынарына сене беруге болады.

Менің қызығымды қызықтағысы келді ме, әйтеуір, Мырзағаң да қарсы емес.

— Несі бар, барамыз Тәшенге, істеттіреміз оған.

— Дайындық жағы...— деп әкеле жатыр едім, Қари киіп кетті.

— Әй, не дайындық керек саған? Шәкен тағы бір кейін сояды да ағайын-туғандардың басын қосады. Батасын алады. Өне, дайындық деген сол.

— Төсек-орын, үй-жәйі...

Қари ежірейсе қарады:

— Әй, сен де бір айтпайтынды айтады екенсің. Әйел үйіне келмейді, саған келеді. «Ерді кебенек ішінде таны» деген атам қазақ.

— Өтірік емес,— деп әкем құптай сөйледі.— Ерді кебенек ішінде таны деген мақалдың бары рас.

Сөзге Нұрқан араласты.

— Бас екеу болмай, мал екеу болмайды. Қайта осы үйді түзеп, тәртіпке келтіретін сол келіннің өзі болады. Тілеуінді тілеп, орнынды күтеді. Әрі Бейіс жеңгемізге қолқанаттығы тағы бар.

Мына әңгімеден кейін мен ойланып қалдым. Шынында да, әйел алудың не қиындығы болушы еді, тәйірі. Шапқылап барып, шапқылап алып қайтасың да. Ең бастысы, ұната, сүйе білуінде ғой. Иә, солай. Сені жоқтатпайды. Орнынды басады. Шешем өгей болса да, мінезге бай, байсалды момын кісі. Бетінен қақпайды. Сол себепті менің болашақ әйеліме өз үйінде отырды не, біздің үйде отырды не, бәрібір емес пе.

Мен осылай толғандым. Үндемей отырғанымды келіскендігі деп түйді ме, әйтеуір, ағаларым «ана ауылда ананың қызы, мына ауылда мынаның қызы»— деп ауызға ілігіп жүрген қыздарды түгендей бастады. Қызық, бірінің әкесі жақсы болса, шешесі жаман, екіншісінің кескіні әдемі болса да, аяғы қисық, үшіншісінің ақылы мол болса да, өнсіз, әйтеуір, ағаларым бір-бірімен келісе алмай көп отырды. Бір кезде мінезге сынық, кісі көңілін аулауға жүйрік Мырзағаң:

— Ананы айтып, мынаны айтып шатасып отырмыз манадан бері, баланың өз көздегені де болуы мүмкін ғой,— деп маған қарады. Қарекең мен Нұрекең де «ал, иә?» дегендей сұрана отырып қалды.

Неге екенін білмеймін, мен осы сәтте алты аласы, бес бересі жоқ күлімкөз Сақышты есіме алдым. Жұмсақ майда даусымен:

«Анада хат жазып, елге келсең хабарлас деп едім ғой. Келе көр!»— деп тұрғандай, осы дауыстың анықтығы сондай, тіпті «Көздегенім бар. Ол Қалидың қызы — Сақыш!» деп те қала жаздадым.

— Мынау күмілжи береді. Соған қарағанда, көздегені бар болғаны ғой,— деді Қарн.

— Бар болса айт, қысылма. Ойлағанымыз сенің қамың,— деді Мырзағаң.

— Атасаң болды, жердің түбінен болса да суырып аламыз,— деп қойды Нұрқан ағам.

Манадан бері қазан-сшақ жағында күйбендеп жүрген апам байғұс әңгімеге құлақ түрді білем, бері жақындады. Өңі нұрланып, маған әлсін-әлі қарай береді. Үй шаруашылығы бір өзінің мойнында етек басты күйбенмен күні өтіп келе жатқанын; жалғыздікті екенін былай қойғанда, келін түсіру оған таңсық секілді. Өйткені, мен осы үйдегі үш ұлдың үлкенімін. Шілдехана демесен,

келін түсіру, қыз ұзату қызықтары бұл үйде бұрын болып көрген емес. Сол себепті ағаларымның мына қарекеті апама бір түрлі қызық көріне ме қалай. Шешемнің әңгімеге көңіл аударғаны әсер салды ма:

— Ал, Бейіс, сен не дейсің?— деп сұрады Мырзаған ежелгі жұрт көңілін аулағыш мінезіне бағып.

Шешем көп сөйлемейтін кісі.

— Қызы бар болса алсын,— деп күнк етті маған жымыя қарап.

Шеше сөзі қамшы болды ма, немене, мен:

— Бар,— деп салдым.

— Ал оның кім?— деді жұтынып отырған ағаларым.

— Мына көрші ауылдағы Қалидың қызы...

Ағаларым шу ете түсті:

— Сақыш па? Ойбай-ау, неғып есімізге келмеген ма, надан бері!

— Көргенді жерден шыққан ибалы бала.

— Әкесі Қали ел кісісі.

Сөзге әкем араласты.

— Ә, Қалидың қызы болса, теріс емес.

Үш ағам жанып сала берді.

— Ал, Қари, сен колхоз председателіне барып, арбасымен қос көгін сұрап ал.

— Ал, Мырзахмет, сен Тәшенге телефон соқ. Бүгін кешке осында жетсін. Ертенгі сапарды айт. Бірге баратынын түсіндір.

Мен көкейкесті сырымды айтуын айтсам да, жүрегімді тоқтата алмаймын.

— Қызым бар дегенде байласқан уәдеміз болған емес еді...

Қари киіп кетті:

— Сен хат жаздың ба?

— Жазып едім...

— Ол жауап қайтарды ма?

— Қайтарып жүретін еді...— деймін сенімсіздеу түрмен.

— Ендеше неменеге былжырап отырсың? Колхоз председателінің айтулы қос көгін аламыз ба, аламыз. Ауданның маңдай алды қызметкері прокурор Тәшенді шақырамыз ба, шақырамыз. Мен кім, Нұрқан, Мырзахмет кім? Біле ме бізді ол елдегілер? Біледі. Сыйлай ма бізді? Сыйлайды. Олай болса, сөз қысқа.

Аға сөзі бұлтартпайды. Сондай дәлелді. Шынында да менікі не былжырау осы? Бетіне жан келмейтін үш ағам болса, ол ол ма, олардың ауданда пілдей прокурор досы

болса, мен кімнен кеммін? Ешкімнен де кем емеспін. Күрші арқасында күрмек су ішеді деген емес пе. Атым белгісіз, тындырғаным жоқ болса да мынадай жолбарыс балаларымның арқасында қайтіп осал болмақпын. Осындай ағалар кәніс кімде бар? Ешкімде де жоқ. Олай болса неменеге тайқаксымын. Неменеден қорқамын. Ел ішінде беделді, аты аймаққа кеткен ағаларымды алып барсам, әкесінде не ес қалмақ? Сақыштын өзі қайтып көнбейді? Мүмкін емес көнбеуі. Нар тәуекел...

Сонымен ағаларымның дегені болды. Колхоз председателінің желден жүйрік қос көгі колхоз председателінің әдемі көк арбасына жегілді. Ауданнан прокурор Ташен шақырылды. Келесі күннің тамылжып тұрған ертеңінде менің төрт ағам Қари, Нұрқан, Тәшен, Мырзахмет болып қораптың төріне, ал мен — болашақ күйеу бала қораптың алдыңғы құйрық баспайына отырып алып, болашақ келіншегімнің ауылына қарай қара жолдың шандағын бұрқыратып жосылта жөнелдік-ай келіп...

* * *

Сақыш тұратын ауыл жан-жағы қалың ағаш өскен мектасын алаңға ұзыннан-ұзақ бір көше болып орналасқан шағын ғана колхоз болатын. Ауыздығымен алысқан екі көкті құйғытып, абалап шыққан иттерді шулатып, есік-терезелерден қараған ауыл адамдарын таң-тамаша қалдырып, қалыңдық үйінің алдында келіп бір-ақ тоқтады.

Үйден жүгіріп бір бала, содан кейін жасамыс бір әйел шықты. Зады менің болашақ қайын енем осы кісі болса керек.

— Қалп ақсақал үйде ме?

— Үйде. Түсініздер.

Қари киліге сөйледі.

— Түспе десеніз де түсеміз. Өйткені ат басын әдейі осы үйге тірейміз деп шыққанбыз әу баста.

Әйел бірдемені сезді ме, ашылып ештеңе демеді. Менің ойым Сақышта. Үйде ме екен? Әлде басқа жақта жүр ме екен? Сөйткенше болмады, менің болашақ қалыңдығым шешесінің сырт жағынан мойнын созып, сырттай бір қарады да, бізді көріп жоқ болып кетті. Әлде балаларымнан, әлде менен зәресі ұшты ма, әйтеуір, амандасуға да шамасы келмеді.

— Қыз деген залым келеді, жайшылықта жайдары қарсы алушы еді, бір пәлені сезген болуы керек, жымып отырды ғой,— деп қойды Нүрекен.

— Жымып қайда барар дейсін, басына нокта түсер алдындағы соңғы бұлқынысы да,— деп прокурор Тәшен сендіре айтты.

Қалекен сол кезде жасы алпысқа келіп қалған шоқша сақалды, кішкене бойлы, арық та, әдемі келісті кісі. Дағдылы аз сөйлеп, көп тындайтын сабырлы қалпы бізді сыпайы қарсы алды.

— Е, балалар, жоғары шығындар. Өй, қатып, қайдасың, төрге көрпе сал.

Өз көңілін патшаға да бермейтін менің ағаларым баппен басып, төрге шығып, іргеге тасталған мамық жастықтарға шалқая отырысты. Солардың төменгі жағынан осы үйдің бес минуттан кейін күйеу баласы болып кетейін деп тұрған мына мен жайғастым.

Қалидың үйі қонақ түсетін берекелі үй екенін бұрыннан білетінмін. Содан ба, әйтеуір, қора ішінде болашақ қайынбике, қайын жанға, балдыздарым көбейіп кетті. Әлгіндей болмай от жағылды. Әлгіндей болмай қой сойылып, қазан көтерілді. Қабақ қағыста бауырсақ пісіріліп, сары май мен күжілдеп сары самауырып келді алдымызға. Осының бәрі Қалекеннің сыртқа бір-екі рет қана шығып келгенінің нәтижесі.

Өзіміз оңаша қалған бір ретте:

— Міне, ағаларыңның кім екенін көр енді. Біздің екпіннің тау шайқалтып, ағаштарды тамырымен қопарып кете алатынын байқап қой,— деп ағаларым маған қарап жымың-жымың етті.

Сонымен шай ішілді. Ет желінді. Содан кейін ағаларым келген шаруасына кірісті. Алдын ала келісім бойынша сөзді маған басқа ағаларымнан көрі ет жақын Мырзағаң бастады:

— Қалекен,— деді Мырзағаң қаздия тік отырып, ширақ дауысымен.— Мен іргеден көтерілген қара бұлттың. Бабымды таппасаң үй-орманыңа түнеріп, түйіліп келіп қара нөсер болып төгіп кетем. Қара дауыл болып келем де соғып кетем.

Мырзағаң сөзін Қари іліп ала жөнелді.

— Мен қара бүркітпін, осы жақта орман таудың қызыл түлкісі жүр. Іліп түсуге шүйіліп келем. Мына отырған Тәшен қынынан суырылған жалаң қылыш, кесіп түседі. Ана отырған Нұрқан бесатар, нысанаға іліккенді жібермейді.

— Хош?— деп қойды аспанға шарықтап кеткен ағаларымның нені мегзеп отырғанын бірден аңғарған Қали.— Құлағым сіздерде.

Ендігі сөзді Нұрқан қақпақылдады:

— Бізді қара бұлт, қара нөсер, қара бүркіт етіп, алмас қылыш, бесатар мылтыққа айландырып жіберіп отырған мына бала,— деп Нұрекен мені көрсетіп, жерге түсті.

— Ал, иә?...

— Құдай жазса, құда болмақпыз. Сізде мөлдіріп тұрған қыз бала, бізде жұтынып тұрған ұл бала бар. Табыстырамыз екеуін.

Монтаны Қали:

Ендігі сөзді Нұрқан қақпақылдады:

Мен — «бар еді»,— деуге де, не «жок» деуге де баатылым бармай күмілжіңкірей беріп едім. Қарекен іліп әкетті.

— Бар болғанда қандай!

— Е, балалардың келісімдері болса, онда не деп қарсы боламыз,— деп Қалекен бірден түсті де, есік жаққа дауыстады.

— Әй, қайсысын барсындар, әлгі баланы шақырыңдаршы.

Маған іргелес отырған Мырзаған: «далаға шығып, өзің сөйлесіп алсаңшы қызбенен» деп күнк етті.

Мен елеусіз сыртқа беттедім. Сақышым тегі тығылып қалған ба, сүт пісірім уақытта шеткі бір үйден табылды. Бұрынғы мен көргеннен де құлпырып, сұлуланып кеткен секілді. Мен қол бердім де, онашалау жерге жүр дегендей ыңғай таныттым. Үлкен-кіші, бала-шаға танырқап қызықтаған көп көздер бізді қора айналдырып салды.

— Иә, жәй жүрсіндер ме?— деп сұрады Сақыш, апаша шыққан соң. Көзі күлімдемейді. Өңі салқын.

— Жәй жүруші ме едік. Шаруамыз бар.

Сақыштың көзі күлімдей қалды.

— Ендеше сол шаруаларыңды тындырмайсындар ма? Менімен уақытты босқа өткізіп қайтесіз?

— Шаруамыз сізде болып тұр ғой, Сақыш.

Сақыш түсінбегенсіді.

— Иә, мен де шаруа шеше алатын болып па екем?

— Әрине, шаруамыздың шешілер, шешілмес кілті өзіңізде.

— Армияда емес пе едіңіз. Біржола келдіңіз бе?

— Келдік қой, әйтеуір,— деп мен екіұштылау жауап бердім.

Сақыш бұл жауаптың да мағынасын түсініп тұр. Бір-жола келмесең, енді неменеге әуре болып жүрсің дей ме, жүзі қайта салқын тартты.

— Ал мендегі шаруаңызды айтыңыз.

Мен не десем екен деймін бе, жүрексініңкіреп сәл тұрдым да, жаңағы ағаларым айтқан әдемі сөздерді төгілте жөнелдім.

— Мен іргеден көтерілген қара бұлтпын... Қара нөсер болып құйып кетем.

Мынаның дені сау ма дегендей, Сақыш томсарып қалды. Онда менің шаруам қанша, бір бастаған соң қайтсем де айтып тынуым керек.

— Мен... мен қынабынан суырылған алмас қылышпын. Кесіп түсем. Мен кезелген ақ мылтықпын. Нысанға алғанымды қалпақтай ұшырам.

Түменнен жазған хаттарымды түсінбейтін Сақыш мына жылтыр сөзге тіпті құлақ асар емес.

— Иә, оны не қыл деп айтып тұрсыз?— деп тіксіне сұрады.— Шаруаңыз осы ма?

— Жо... жоқ... шаруам әлі алда. Мен, жоқ, мен емес, сіз орман таудың қызыл түлкісісіз. Ал мен қара бүркітпін. Іліп түсем.

«Әй, ақымағым-ай» дегені ме, Сақыш мырса етіп күліп жіберді.

— Сіз бүркіт болсаңыз бола беріңіз. Мен бірақ түлкі емеспін. Іле алмайсыз.

Мен тебіреніп кеткендеймін. Енді кәдімгі адамша жалына сөйлеймін.

— Сақыш, мен сізді жақсы көрем. Алып кетейін деп келдім.

Сақыш илігер емес.

— Сіз жақсы көрсеңіз болды, шаруа бітті дейді екенсіз ғой. Дүниенің тұтқасы сіздің сол жақсы көруіңізде ғана тұр екен ғой. Ал мен жақсы көрмедім. Онда не істедіңіз?

Төбемнен жәй түскендей. Жылы-жылы хат жазып жүрген Сақыш дәп осылай жауап қайтарады деп кім ойлаған.

— Сақыш, мен өзіңізге сеніп келдім ғой.

— Неге сеніп келесіз? Уәде берген жоқ секілді едім ғой.

— Уәде бермесеңіз де...— деп күмілжідім мен.

Сақыш:

— Уәде бермессіз де...— деп кекете сөйледі.— Мен тоқты-торыммын ба сізге? Тоқты-торымды да алдын ала келісіп, уағдаласып алмаушы ма еді?! Мықты ағаларыңның әйбарына сеніп келген екенсіз ғой. Ал бүркіт болып бүре беріңіз.

Мен сөз таба алмай қалдым. Сақыш «сау болыңыз» — деді де қора айналып кетті. «Сақыш, Сақыш»— десем де қайырылған жоқ.

Екі иінімнен су кетіп, солбырайып ішке кірдім. Ағаларым қанша мықтымсынса да, істің тетігі өздерінде емес, Сақышта екенін түсінетін болса керек, «ал, не болды?»— деп жарыса сұрады.

Менің «Сақыш көнбеді» деуге дәтім бармады.

— Жауабын екі-үш күннен кейін бсретін болды,— дедім ұялғандығымнан.

— Е, дұрыс қой, екі-үш күн күтейік,— деп шуласты ағаларым.

Қали да жадырап сала берді. Қулығы ма, шыны ма:

— Жөні сол. Қыз ұзату оңай ма. Дайындалайық. Ол жақ та қамдансын. Өйтпегенде тосыннан тосын, томағатұйық, әлде бір тоқты-торым сұрай келгендей болатын еді тіпті,— деп шешіде сөйледі.

Біз аттанып кеттік. Жауап екі-үш күн түгіл, жарты айдан кейін де келген жоқ. Келмейтін жауапты күтіп, мені жолымнан бөгей берген ағаларыма шынымды айта алмағандығымнан Түменге де бес күн кешігіп келіп, бес күн гауптвахтаға жатып шықтым. Сотталып кете жаздадым.

Міне, ағаларым мені бір кезде осылай үйлендірмек болған еді...

Біз қызығы: бұл күнде бірі дүние салған, енді бірі қартайып пенсияға шыққан сол ағаларымның «қайтсе де осы бала кісі болса екен»,— дейтін ақ тілеуінен туған осы бір күлкілі де қызық оқиға — мен өтіп келе жатқан ұзын жолдың бойындағы жолаушы тоқтап сұсындар, ат шалдырып өтер бір саялы бекет-белгі секілді болып көрінсіді де тұрады өзіме әманда.

ЖЕЛ КЕРУЕНІ

Лудандық комсомол комитетінің хатшысы болып сайланғаным сол еді, аупартком хатшысы Петр Матвеевич Голубев өзінің кабинетіне шақырып алды да елге, командировкаға шығатынымды айтты.

Мен үндемедім. Себебі — сайланғаным кеше ғана. Комсомол ұйымының жұмысын да әлі қабылдап алған жоқпын. Сол жауапты жұмысты қабылдамай жатып, керек десен хатшы креслосына отырмай жатып елге, командировкаға шығуым керек?..

Аз-кем үңсіздіктен кейін мен айтқан болсам керек:

— Петр Матвеевич, комсомол жұмысына бармаймын десем де, еркіме қоймадыңыз. енді сайланғаннан кейін аздап болса да комитеттің жұмысымен танысуым керек емес пе?!

— Кейін танысып үлгересің. Аудан халі қиын. Астық жоспары орындалмай жатыр. Сол қиындықты комсомол, сендер болып, біздер болып жеңбесек, кім жеңбек?..

Менде дау айтар шама жоқ. Келісімімді ынғайыммен танытып көтеріле бердім. Есік көзіне жеткенімде:

— Сен әлі бастықпаған жігітсің ғой. Жеңілден бастасын деп шаруасы шағын «Ортақшыл» колхозына жіберіп отырмын,— деді аупартком хатшысы.— Егер қиындық бірдеме туа қалса, байланысып тұрғайсың. Көмектесермін.

Мен есікті жаптым. Қатты жапқаным жоқ бірақ. Өйткені бет әлпеті мөлдіреп түскен леп белгісіне ұқсайтын осы бір ақ сары, орта бойлы, шығыңкіұ қозы қарыны бар етжеңді кісіні жек көрмейтін едім... Жек көрмейтін едім?..— сөз емес, шынымды айтсам жақсы көретінмін. Мен емес, бүкіл ел болып Голубевті жақсы көретін. Себебі ол сөзде де, істе де бар кісі. Екеуінде де аяғын тең басқан жорға. Оның үстіне... оның үстіне емес-ау, ең бастысы — сондай әділ. Алды кең. «Ал, кеттімі» жоқ. Болмашыға тарылып, күйіп-піскенін, тызбалақтағанын өз басым көрген емен. Жоғарғы жақтан келіп жататын әрқилы қаулы-қарар, жарлықтарды аудан ынғайын ескере отырып өзінше шешеді. Өзінше жүзеге асырады. Содан ба, бүкіл аудан болып осы кісіге қарайтын. Голубев бізге арқа сүйер, қарағаштай пана. Әрі барометр. Ол кісі қыстықса, ашу шақырып, қабағын түйісе — арты тегін емес екенін жұрт бірден аңғарар еді де, өлсіп, тірілсін, тапсырылған іске бас қойып, жұмыла кірісер еді. Голубевтің қадірлілігі сондай, оның бұ ауданға екінші келуі. Алғашында төрт-бес жыл бірінші хатшы болып істеген соң Петр Матвеевич жоғарылап, облыстық көлемдегі бір мекемеге бастық болып кеткенді. Бірақ арада жыл өтпестен бүкіл аудан болып хат үстіне хат жазып, қоярда-қоймай жүріп қайтарып алған болатын.

Міне Голубев осындай кісі. Менің жақсы көретінім де содан. Ал жақсы көрген адамың аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болса, онда сен аудандық комсомол комитеті хатшылығының креслосына отырып үлгермек түгіл, есігінен аттамасаң да, оның дегені заң.

Шынын айту керек. Солтүстік Қазақстанның ең бір қиырында жатқан осы Преснов ауданы орысы көп те, қазағы аз, аралас аудан. Соған қарамастан Голубевтің «сен олайсың, сен былайсың» дегені болған емес. Ең алдымен ол, «осы өседі-ау», «осының қолынан бірдеме келеді-ау» — дейтін қазақ кадрларына көңіл қойғыш. Айталық, менің аудан комсомолына басшы болармын деген үш ұйықтасам да түсіме енбейтін оқиға. Ал Голубевтің пікірі өзінше. Ол мені шақырып алды да, «секретар» боласың», — деді. Мен «бола алмаймын», — дедім. Олай дейтінім — мен ең алдымен орыс тіліне шорқақпын. Бұл қиындықты қалай жеңерсің? Петр Матвеевич айтты: орыс тілін оқы, үйрен. Жетпеген жерінде өзім көмектесем.

Ал тіпті менің басымда тіл мәселесінен де өткен бір қиындық, мін бар: өзім анық білем — менде басшы боларлық ұсқын жоқ, ұйымдастыру қабілеті жоқ.

Мұны айтқанымда Петр Матвеевич қабағын тыжыртқан: бұдан былай кеш жатасың, ерте тұрасың. Аз ұйықтайтын боласың. Сонда басшыға керек ұсқын да, ұйымдастыру қабілеті де өзінен өзі келеді.

Мен тіпті сол қасиеттердің өзінен өзі қалай келетінін ойлап та үлгерген жоқпын. Міне енді «Ортақшыл» колхозына аудандық партия комитетінің дындай өкілі болып бара жатырмын.

Бұл — соғыстың үшінші жылы. Майданда қандай ауыр хал, қан төгіс, қиындық болса, сол қиындықтың айнасы — ел өмірі.

«Ортақшыл» колхозы не бәрі қырық-отыз шақты-ақ түндік. Салатыны төрт жүз гектар егін. Сауатыны — жүз шақты сныр да, бағатыны — бес-алты жүз қой. Ал осындай, жел үп етсе ұшып кетер, есебі бірлеп саналар қауқарсыз колхоздың үкімет алдындағы борышы мыңлап есептеледі. Алдын ала айта кетейін, мен өкіл болған сол жылы егіннің әр гектарынан бұл колхоз орта есеппен бес-алты центнерден астық алды. Барын жиып үкіметке тапсырды. Одан қалғанын тұқым қорына құйды. Сонда жыл он екі ай табанын снырып, маңдайын жыртып тер төккен, боздақтары мен бас көтерерлерін

майданға аттандырып жіберген катын-қалаш, кемпір-шалдардың еңбегіне тигені — бес-алты пұт бидай. Онымен қай жыртығынды жабарсың.

Майданды қан төгіс, елді қиындық иектеп алған шақ.

Осы жәйді өзге жұрттың бәрінен де озық білетін Голубев елге өкілдер аттандырар сол жиналыста: «Жалғыз масақ далада қалмасын, бәрі де майдан үшін!» — дей тұрып, — «әпер бақандық танытпандар, құдайға құлшылық ет десең, маңдайын соғып алар ақымаққа ұқсап кетпендер. Үкіметке тапсырылар астықпен қабат тұқым қорын, малға деген жем, еңбек ақыға бөлінер дәнді де қатар ойластырыңдар», — деген.

Мен міне «Ортақшыл» колхозына хатшының осындай ақыл-тапсырмаларымен келе жатырмын.

Бір қызығы — шарқы шағын болса да осы колхоз маған соншалықты ұнайды. Ұнайтын себебі — ең алдымен бұл жел жағында қалың орман-ықтасыны бар колхоз. Оның үстіне сол орман ығында әдемі жерге орналасқан осы бір кішкене ауылда жігіттің төресі — Әпен тұрады. Біздің ағашы мен суы мол Солтүстік Қазақстанда бұрын шағын-шағын ауыл болып, қыс кезінде айлап жыңды боран соқса да бұта басы шайқалмайтын, мал мен жанға ықтасын-құт қалың ормандарын қыстап, жаз сол өлкенің жайылымы шүйгін, мөлдіреп жатқан тұнық, тұшы сулы көлдері көп далаңқы жерлерін жайылайтын қазақтар 1931 жылы топтасып, бас қосып колхоз болып ұйымдасты. Ал сонда менің бала ұғымымда колхоздасып жатқан сол ауылдарда туған екі қиындық бар-тын. Біріншісі — ішсең сусын, жесең тамақ, киісең киім болатын, шағын тірлігіңнің тірегі — алдына садып мәңгелеп баққан екі-үш қаранды айдап апарып ортаға салу еді. Осы ретте мен күні бүгінге дейін ел ішінде болып өткен ұлы дүрмек, революция — коллективтендіру кезіндегі тіршілік тартысының жәй бергі бетін қарпнтын саяз жазушысымақтар мен не нәрсені болсын жаулатып жүретін саяз социологтар аша алмай келе жатқан, және бір кереметі — ондайлар аша да алмай-тып бір психологиялық жәйді байқаймын:

Бұл қазағың қазақ болған есте жоқ ескі күндерінен бастап мал баққан, сол себепті бар болмыс-тірлігін мал тұяғына бағындырған халық. Қазақ амандасса: «мал-жан аман ба?» — деп әуелі малдың жәйін, содан кейін жанның жәйін сұрасады. Ең сұлуын «құлын мү-

ше», немесе «ботакөз» — деп жылқыға, түйеге теңейді. Гөндесі жоқ әйел сұлулығы — арудың бейнесі де — аруана. Ең жақсы көргенін «қозым», «ботам», «құлыным» деп жатса, бұл да бір шырқау жан тазалығының, шексіз махаббат тұнығының бейнесі. Осы арада мен мынандай бір қызық фактіні еске алғым келеді. Біздің қазақ балалар театрының негізін қалаған, бұл күнде одақтың музыкалық балалар театрының жетекшісі, СССР Халық артисі Наталья Ильинична Сац өзінің «Өмірімнің хикаялары» — деген кітабында: «Мұхтар Әуезов — қазақтың «құлыным», «ботам», — деген сөзіне ыржынып күлген әйел қазақтың жанын түсінбейді», — дейтін еді», — деп жазады. Малмен бірге өріп, малмен бірге қонысына қайтқан, бірақ сөйте жүріп, тазалық пен адалдық тұрғысынан, аңқаулық пен сұлулық, рух биігі тұрғысынан үлгілі деген цивилизацияның өзіне шып мағынасында үлгі бола білген халық «ал бар малды ортаға саламыз», — деп ұран тасталғанда, дүние қоныздықтан қиналмаған. Қолынды қырықса — шолақ, аяғынды қырықса — мешеу болып қалатының секілді, тірлігінің тірегі — алдындағы малынды алса, әрі шолақ, әрі мешеу болып қаламыз деп түсінген ел: «ал малды ортаға салдық, ал колхоз болып ұйымдастың. Ал сонда ертенгі күніміз не болады? Біз берерміз, бірақ қайтарып аларымыз не сонда? Ортайтқанды немен толтырамыз?» — деп дағдарған. Бұл — өмір бақи мал баққан, малсыз жерде тірлік болады деген ұғымды мүлде қабылдай алмайтын халықтың психологиясы. Ал осы психологияны қайтіп жеңдік? Қалай, не тәсілмен өзгерте алдық? Жаңа өмірдің артықшылығын, коллективтендірілген елдің күш-қуаты басым болатынын жеріне жете дәлелдей жүріп асықпай үгіттеп, жұрт көзін жеткізе алдық па? Жоқ, ол кездегі коллективтендіру науқанын жүргізудегі белсенділер тәсілі мүлде бөлек болған. Аты шулы «Табыстан бас айналу» атты мақаланың жарық көру себепсі де міне сол әпербакандықта жатыр.

Қолхоздасу науқанында Солтүстік Қазақстанда тұрған екінші кындық — қоныстану мәселесі. Себебі — «жақсы, колхоз болайық, ал сонда қайда қоныстана-мыз?» — дегенде әр кім өз қыстауына қарай тартқан. Өз қыстауларының артықшылығын дәлелдеймін деп қызыл кенірдек болған. Бірақ қыс қыстап, жаз көшіп кететін бұл қыстауларда су жоқ. Ал суы жоқ жердің орманы қанша қалың болғанымен, тұрақты мекен бола алмайтыны өзінен-өзі түсінікті. Солтүстік Қазақстанда

мынандай бір парадокс байқалады: осы бір шағын өлкеде картаға түскен бір жүз жиырма бес мың көл бар болса, сол өлке территориясының үштен екісін орман алып жатады екен. Жаңағы парадокс деп отырғаным — ағашы бар жерде көл жоқ та, көлі бар жерде ағаш жоқ. Сол себепті жаңа қонысты мөлдір сулы, терең де қайраң көл төңірегінен іздеген ел белсенділері колхоз ыстақтарына қолайлы орын деп кілең бір ит жон, қыраттарды таңдаған. Айналаң тұнып тұрған ну орман. Колхозды ауылын болса ит байласа тұра алмайтын, солтүстіктің ұзақ қысында үйлердің төбесінен қар жүріп кетер, ықтасыны жоқ, жел өтіндегі жон қырқаларда жатыр.

Ал мына мен келе жатқан «Ортақшыл» колхозы туралы слай дей алмайсың. Жел жағы ықтасын қайың шоғы. Екі жағында колхоз орталығынан біршама қашығырақ бір сулы томар, бір қамысты көл бар. Көлдердің біршама жерде болуы — су тасып әкелуде қиындығын сезінсең де, тазалыққа жақсы екен. Оны мен өзімнің туған «Лия» колхозының тәжірибесінен білем!

Шіркін, бір кезде Лия көлі қандай еді! Көлемі шағын болса да, мөлдір суы жарға соғып жататын-ды. Асты ақ таңдақ құм, қалай кешіп жүрсең де лайланбайтын. Қол созым жердегі қамысына жігіттің жігіті-ақ малтып барып, қайта алатын. Қайыққа мініп айдынына шықсақ, су тұңғығындағы тірлік айна-қатесіз көз алдында. Өз патшалығында еркін жосыған бұқа мойын қара жон табандар мен қызыл қанат алабұғалар бүгінгі түрлі түсті жақсы телевизорыңыздағыдан да айқынырақ көрінетін. Сол Лия көлі қазір жәй бір шалшық. Себебі көл қабағын айналдырып, итіндіре орналастырылған ауылдың бар мал-жанының жаз бен күз, қыс бойғы жуынды, шәйіндісінің бәрі көктемде қар суымен сол Лия көліне құйылады. Қазір бұл көлдің суын адам түгіл, мал да ішпейді. Ал «Ортақшыл» колхозының екі жағында алысырақ жатқан көлдер күні бүгін де бәзбаяғы қалпында.

Міне, мен келе жатқан қырық-отыз үйлі «Ортақшыл» колхозының аудан көлемінде осындай ерекшелігі бар.

Ал, сол колхозда тұратын Әпенге келсек... ол өзі асықпай отырып айтарлық өз алдына бір хикая.

Содан бері, міне, отыз сегіз жыл өтті. Бірақ осы бір шаршы бет, шықшытты келген, ұзын бойлы ашаң жігітті әлі күнге ұмыта алмаймын.

Әпен — осы ауылдың бетке шығары. Ол өзі майданда қанын төгіп, жараланып келген жігіт. Көкіп көп сөйлемейді. Бетімен ақыл айтып та шашылғанын көрген емен. Майданда «өйттім, бүйттім» деп бөскен кезін де байқаған жоқпын. Атқарар қызметі де шамалы. Колхоздың кілтшісі ғана. Бары сол. Ал колхоз председателі жуантық келген жасамыс қара — Тұрғын Әйкенов қулық, сұмдығы жоқ, жоқ жерде бедел ала қояйын демейтін, ісін есепке құрмайтын, әйтеуір, өзімен өзі болып жүретін кісі. Неге екенін білмеймін, бастық пен кілтші екеуі де осы ауылда туып, өскен, ала-құласы жоқ өз ағайындарының арасынан шыққан адамдар болса да, Әпеннің беделі артық. Жоқ-жітігі көп жұртың бәрі де әрі жасы үлкен, әрі бастық Тұрғынға бармайды. Әрі жасы кіші, әрі бар болғаны колхоз кілтшісі ғана Әпенге келеді. Әпенмен ақылдасады. Көңілдің жыртығы болса, соған жаматтырғысы келеді. Бір қызығы — Тұрғын оған шамданбайды. Ал ел көңіл-күйінің пернесін дөп басып тани бермейтін, алын-бұлындау, алды бар да арты жоқ, ақ қабақ бастықтың осы міндерін пайдаланып, жұрт алдында жақсы көрініп қалайын деп Әпен де есеп құрмайды. Екеу ара есеп-қисапқа сыймайтын сондай бір татулық, шынайы үйлесімдік бар. Әу баста құдай тағала бұл екеуін жаратқанда «ал міне, сен мынадайсың. Мынадай болғандықтан, сенің жетпей жатқан көп мініңді сенен көп жыл кейін туған, міне мына кісі әманда түзеп, туралап жүретін болады», — деп нұсқауын қоса жазып қосақтап жіберген секілді. Олардың осы срекшеліктерін өз елі ғана емес, былайғы жұрт та, аудан белсенділері де жақсы біледі. Сол себепті бұл колхозға сырттан келетіндер де Тұрғын деп емес, Әпен деп келеді. Колхоз председателі Тұрғын үйіне емес, Әпен үйіне келіп түседі.

Ауданнан дындай өкіл болып келген мен де бұрынғылар салған жолмен Әпен үйіне келіп түстім...

Әпен семьясы ол кездің ұғымында ауқаттылардың қатарына іліккенімен, тым жұпыны, қонторғай тұратын еді. Екі бөлмелі ағаш үй, бес-алты қой-ешкі, бір бұзаулы сныры мен жыл сайынғы төлі — соғымдық бір бие — бар байлық осы. Әпенге жұрт үйір болатын себептің тағы бір түйіні — оның әйелі Кәмилаға байланысты ма деп те ойлаймын. Сол кезде үш-төрт баланың анасы болып жасы отызға келіп қалса да Кәмила өңін бермеген тым тартымды, шырайлы келіншек. Бірақ жұрт оның шырайына келмейді. Ісіне, берекесіне қарап келе-

ді. Арада, міне, отыз сегіз жыл өтіп кеткен осы бір шақта Әпенді, оның жұбайы Қамиланы еске алсам, менің көңілімде қалғаны — осы кісінің үндемейтіндігі. Қамила балаларына қарайды. Малың бағады. Әманда қонақ алып келетін күйеуін — Әпенді күтіп отырады. Неге кеш келдің? Неге бірсуді ертіп келдің? — деген сұрау Қамиланың тіліне оралмақ түгіл, ұғымына да жат сауал. Әпен — Әпен болған соң кешігуге тиісті. Әпен — Әпен болған соң қонақ алып келуге тиісті. Әпеннің дүниеге келгені, ер жеткені, Қамилаға үйленгені, балалы-шағалы болғаны қандай заңды болса, «колхоз, колхоз!» — деп далақтап жүретін оның кешігуі де, сол «колхоз», — деп келген өкілдерді ертіп келуі де сондай заңды. Тегі момын, неге болсын көнтерлі Қамиланың үндемейтіні де содан шығар. Ал жұрт болса Әпен үйіне Қамила үндемейді, кабақ шытпайды дегендіктен ғана топырлап жатпайды. Үндемейтіндігінің, көнтерлілігінің үстіне Қамилада тағы бір қасиет бар: оның қолы берекелі, тамағы дәмді. Бірақ, Қамиланың дәмді тамағын атүсті ішіп кете алмайсың. Шәй ішкің келсе ертемен кел. Қамиланың шәйін түсте ішесің. Ет жегің келсе, түсте кел, Қамила асқан етті түннің бір уағында жейсің. Қамила асықпайды. «Күн шығып қалады, күн тал түс болып қалады, күн батып кетеді», — деген ұғым Қамиланың пәрігөйіне де кірмейді. Ол жұрттың бәрінен кеш жатады, жұрттың бәрінен бұрын, ерте де тұрады. Бірақ сен асығып отырсың ба-ау, кезек күттірмейтін шаруаң бар ма-ау немесе жолыңнан қалып қоясың ба-ау, онда оның ісі жоқ. Тым тату тұратын осы семьяда талай рет Әпеннің де кабақ шытқанын білемін. Талай рет қонақтардың да мазасы кеткені көз алдымда. Бірақ Қамила сол баяғы асықпас қалпынан жаза баспайды. Ал шыдамын жетіп, Қамиланың бір рет шәйін ішіп, асқан етін жедің бар ғой, келесі шәйін бес сағат, келесі дәмін бес күн күтуге де барсын. Өйткені бұл орамда дәмге ондай бап әйел жоқ. Қамиланың қарындағы майының, қазанындағы етінің дәмі айлап жесен де аузыңнан кетпейді.

Міне Әпеннің құдай қосқан қосағы осындай адам.

Бұл ауылда менің есімде қалған, және осы әңгімеге тиек болғалы отырған тағы бір екі адам бар. Екеуінің де аты Ахметжан. Бірақ ұқсастықтары — бар болғаны атында ғана. Бірінен бірін айыру үшін оларға жұрт таққан лақаптар қызық: Үлкен Ахметжан... Кіші Ахметжан. Кейде үлкені Момын Ахметжан, ал кішісі

Тентек Ахметжан болып та аталады. Үлкен Ахметжан сол кезде елуден шығып кеткен, әдемі шоқша сақалы бар енгезердей адам. Таңның атуы, күннің батуы ат үстінде. Ат үстінде болатын себебі — ол осы колхоздағы бары-дағы, жоғы-дағы жалғыз бригадирі. Жылдың төрт-мезгілінде туатын барлық науқандар, «ал, кеттім», ала-құйын жарлық, тапсырма, нұсқаулар осы Үлкен Ахметжан арқылы өтеді, осы Үлкен Ахметжан арқылы орындалады. Ертеден қара кешке астындағы торы төбелін салдыртып көше аралайды ол. Қатын-қалаш, шал-шапқыт, бала-шағаларды жұмысқа шығарады. Зырылдатып ферма басына, зырылдатып қырман басына барады. Әйтеуір бір тыным жоқ, әйтеуір бір қабақ шыту жоқ. Жалынып, жалпайып қарағым, шырағымдап, әйтеуір жұрт көңілін тауып жүргені. Момын атанғаны да содан болса керек. Менің есімде қалғаны осы кісінің осы бір еңбекқорлығы. Әрі бала-шағасының көптігі. Біршама жасап қалған адам болса да, неге екенін білмеймін балалары шиеттей жас. Тағы бір есімдегісі — бригадирдің атқа отырысы қызық, — еңкеймсіді, бойын тік ұстап, басын кекжитіп тік отырады. Содан болса керек, шоқша сақалы әманда состыып бірден көзіне түседі, әрі күлкінді келтіреді. Осы секілді мінез-құлқы, жүріс-тұрысымен еліне жұғымды Үлкен Ахметжан маған да ұнап қалды.

Сөйтіп, бұл ауылда алын-бұлындау болса да, ақ көңіл Әйкенов секілді председателі, Әпен секілді беделді, ақылгөй нығыз кілтшісі, Үлкен Ахметжан секілді еңбекқор, момын торы бригадирі болғандықтан, ауданнан келген, мүйізі қарағайдай аудан өкілі — менің жұмысым біраз жеңілденіп қалды. Қырман басында, мал фермаларында Голубев берген тапсырма-нұсқауларды өзімше жеткізіп, өзімше түсіндіріп науқанды абыроймен өткізуді өтінемін. Қарсы болар бір пенде жоқ. Қатын-қалаш, шал-шапқыт, бала-шағалардың бәрі де сол басына төнген қатерді менен артық түсінбесе, кем түсінбейді. Жұмыла іске кіріседі. Қайда болсын қызу еңбек. Егін жайда ертеден қара кешке тоқтаусыз комбайн дүрілдейді. Содан түскен астық дамылсыз өгіз арбаларға тиеліп колхоз қоймасына жөнелтіледі.

Сондай бір күннің кешқұрымы. Мен егін жайда әлденеге тоқтап қалған комбайнға келсем, комбайншы сынған бір бөлшекпен әуре де, ал қашанда болсын іздеген жеріңнен табылар Үлкен Ахметжан пар өгіз

жеккен бір айдаушы баланың тақтай қорапты бірішке-сіне бидан арттырып жатыр екен.

— Бұл менің орталыққа апарар бесінші арба бидайым,— деді жас шамасы тоғыз-ондардағы қара бала. Даусында мақтанаш бар.

— Сонда бұл бала бүгінгі күніне бір жарым еңбеккүн табатын болады,— деп Үлкен Ахметжан көтермелеп қойды.

Бір күнде бір жарым еңбеккүн! Бұл әрі сондай көп. Әрі сондай аз. Көп болатыны бір үйден осы бала секілді екі-үш жұмыс қолы шығып еңбек етсе, бір жылда жаңағы үйіңіз — мың, мың жарым, кейде тіпті екі мың еңбеккүнге дейін таба алады. Астық шыққан жылы бұл тіпті көл-көсір дүние. Қамба дайындап үйренбеген, алдағы жылдарда егін шықпай қалар-ау, сол себепті бар дүниені ысырап етпейік, жинап, сақтап қояйық деген ұғым қанына сіңбеген, құлағына еңбейтін қазақ ауылдарында ондай молшылық жылдары кілең бір аянышты көріністерге тап болар едің. Екі-үш адамы бел шешіп шыққан әлгіндей семьялардың еңбек ақысына жыл қорытындысында екі мың, кейде тіпті үш мың пұт та а бидай келеді. Ал мұншама астықты қайда сыйғыза аларсың? Сыйғыза алмаған, өткен жылы егін шықпағандықтан, екі қарасы болса, екі пұт бидайға сатып қыстап «аллаптап» зорға шыққан, бірақ сол күндерді енді ұмытып үлгерген бұл қазағыңыз екі қараны енді екі пұтқа емес, екі жүзден төрт жүз пұтқа сатып алады. Бір пачка үнді шәйі бір пұт. Көйлектік сисаның метрі бір жарым пұт, жәй матадан тігілген костюміңіз елу-алпыс пұт болып шырқап шыға келеді. Телегей-теңіз дүниенің тең жартысын онды-солды шәшіп, ырыс пен ризығын осылай шайқап үлгірген жұрт ендігі қалғанын не істейді дейсіз ғей? Ендігі қалғанының тағдыры одан да қызық: өз астығын қайда қоярды білмей дағдарған колхоздың басшылары — «еңбеккүнге тиесілі астықтарыңды алып кете көріңдер!» — деп ұран салады. Үлкен Ахметжандар енді шоқша сақалын соститып, торы төбелін тебініп келіп үй қақпаларын қағады. Даусы баяғыдай емес — қарағым-шырағымы, жылылығы аз да, өктемдігі басым: бүгін жұмысқа шықпай-ақ қой. Соның есесіне колхоз қамбасынан еңбегіңе тиесілі астығыңды алып кет! Әйтпеген күнде... — Үлкен Ахметжан «әйтпеген күнненін» ар жағын айтпайды. Торы төбелін тебініп екінші қақпаға келеді. Үлгергендер астығын алып үлгіреді. Ал үлгіре алмағандар жаңағы «әйтпегенденің» неге апарып соқ-

тыратынын екі-үш күннен кейін барып көреді. Астыққа толтыра тиелген жүк машиналары ана жолғы Үлкен Ахметжан жүріп өткен ізбен қакпалардың алдына келеді де, кузов борттарын ағытып жіберіп, моторларын мұылдатып ілгерілі-кейінді лықсытады-ай келіп. Машина жүріп өткен осындай қакпа алдында қалған тау-теңіз астықтың кейде апталап жататыны да болады. Жаңбыр жауса, шіріп көктей бастайды. Мал жейді. Ойнақтап үстіне ешкі-лақ шығады Сөйте-сөйте жаңағы тау-теңізіңіз көңге айнала береді. Мен ес білген 1934 жылдан соғысқа дейінгі Қазақстанның солтүстігіндегі қазақ колхоздарының бәрі демейін, бірақ көбіндегі хал осы болатын. Мына бір кара бала тапқан бір жарым еңбеккүннің көптігі міне осында. Ал аздығы — егін шықпай қалса, бір жарым еңбеккүн түгіл он жарым еңбеккүн, тапсаң да алты ай жаз, алты ай қыс төккен терің, табан ақын бәрі зайғы. Шындап келгенде, егін шығымсыз болғандықтан, биылғы еңбеккүннің де зайғы екені айқын. Бірақ кара бала оған қарап тұрған жоқ. Еңбек істеп, қажетке жарағанын, колхозға қолқабыс жасағанын мақтан етіп тұр.

— Әкең бар ма?— деп сұрадым мен баладан.

— Бар...

— Қайда? Осында ма?

— Осында болушы ма еді?! Соғыста-дағы. Фашистерді қиратып жүр,— деді бала. Содан кейін:— Менің әкем сондай мықты. Көп кешікпей фашистердің бәрін қырады да, сосын үйге келеді.— деп қойды.

— Атың кім?

Бала аты-жөнін, кімнің баласы екенін айтты. Бірақ мен дәп осы бір кештен бастап бір ай бойы осы ауылды шулатуға дәнекер болған сол кара баланың аты-жөнін ұмытып қалған екенмін, қанша ойлансам да дәп басып айта алмай отырмын. Сол себепті «кара бала» болып қала бергенін дұрыс көрем.

— Ал мектепке барасың ба?— деймін мен тағы да.

— Бармағанда ше?! Үшінші кластамын. Таңертең оқимын. Түстен кейін өстіп астық тасимын,— деді ол.

Сөйтіп, менің үшінші класта оқитын жаңағы кара баламның пар өгіз жеккен бірішкесі тақтай қорабын астыққа толтырып алып жөнеле берді. Арада аз-кем уақыт өтпей ымырт үйірілді. Ымырт үйірілісімен Үлкен Ахметжан да ғайып болды. Мен сынып қалған комбайн басында біраз айналдым да, қолымнан ештеңе

келмейтін болған соң, атыма мініп, жолға түстім. Жүріп келем. Түн тастай қараңғы. Бір мезетте алдымнан қарайып манағы өгіз арба көрінді. Әуелі жүріп бара жатқан шығар деп едім. Бақсам, жолдан біраз бұрыла шығып тоқтап тұр. Үстінде біреу қарандайды. Салдыртып келсем... бригадирімнің өзі. Тақтай қорапқа шығып алып, қапшыққа көсіп бидай толтырып жатыр... Салдыртып келуін келсем де, мен түкке түсінбеген болсам керек:— Неге тоқтап тұрсындар? — депмін. Үлкен Ахметжан мойынын маған бұрып, көтеріле берді де, толуға деңгейленіп қалған қапшықтың аузынан ұстаған қалпы, аңырып, қимылсыз қалды.

— Неге тұрсындар? — деймін тағы да қайталап.

Үлкен Ахметжанда үн де жоқ, тіл де жоқ. Сол мелшиген қалпы. Қара бала да үндемейді. Тыныштықты бұзып тұрған — тізгіні өгіз арба артындағы тіреуішке ілінген торы төбел ғана. Мойынын тақтай қораптан асырып салады да, ауыздығын сылдырлата еріндерін жыбырлатып әлгінде ғана комбайннан түсіп, буы бұрқырап жатқан жасаң бидайды күрс-күрс шайнайды.

Осы сәтте мен қандай халде болдым? — Жадымда жоқ. Бірақ бірден түсіндім.— Мақтаулы бригадирім бидай ұрлап жатыр. Мелшиіп қалған Үлкен Ахметжаннан ештеңе шықпасын байқадым ба, білмеймін, әйтеуір, еңбеккүн тапқыш қара балаға:

— Неге тоқтадың? — деп тұрмын ғой мен саған. Қамшының астына алайын ба осы! — дедім өктемірек дауыспен.

Қара бала шын қорықты ғой деймін, даусы жарықшақтаныпқырап шықты.

— Білмеймін, былай бұрыл да, тоқта деп мына кісі айтты. Сосын бұрылдым да тоқтадым.

— Ал ендеше, қайта бұрыл да жолға түс.

Өгіздерді қақпайлап қара бала жолға салды. Арба үстінде әлі де не істерін білмей үнсіз тұрған Үлкен Ахметжан біраздан кейін қапшықтың аузын қоя берді де, бойын жазды. Содан кейін торы төбеліне мініп бірінші кенің екінші жағында қатарласа жүрді. Арғы бозамық аспаннан анық көрінген бригадирдің сұлбасына қарасам, басы кекжимейді, сакалы да состып тұрған жоқ. Бұрын ат үстінде үнемі тік отыратын еді. Енді бір түрлі бүкжиіп қалған. Басына төнген қатерді ол анық біліп келеді.

Менің не істеуім керек?

Елде бұрын «әй, кәпір» атанбаған, жаманаты шық-

паған, ертеден қара кешке дейін «колхоз жұмысы» — деп балық көзденіп шапқылап жүретін еңбекқор торыны соттаттырып жібергенде не түседі? Бас көтерер ер азаматтың бәрі майданға кетіп, мына жадағай қалған тобан аяқ ауылда дәл осындай бригадир болып кім істей алады? Ал қара баланың көзінше ұрсып-ұрсып қоя берейін десем, өзге болса, бір сәрі, үміт артып, жұрт қараған белсендімнің өзі бас болып ұрлық жаса-са, былайғыларға не зорлық? Сынықтан басқаның бәрі жұғадының кері болып жүрмей ме? Голубевтің даусы естілгендей: жалғыз тал масақ жерде қалмасын! — Ал мен үстінен шықпасам, мына бір биік жусан арасында — масақ дегенін сөз болып па! — бір қапшық бидай қалайын деп тұр ғой. Ал сонда мен аудандық партия комитетінің сенімін ақтаған болып шыға алам ба? Пётр Матвеевичтің тағы бір сөзі жадыма оралады. «Құдайға құлшылық ет десен, маңдайын соғып алатын ақымаққа ұқсап кетіп жүрмендер» — Бұл талай-талай қиындықтан өткен тәжірибелі адамның ескертпесі. Осыған дейін өзім жақсы көріп келген кісімнің жаза басқан бір ісін кешпесем онсыз да шиеттей балалары бар жанды-жақты жүдеу семьяның ойран-ботқасын шығарып, шаш ал десе, бас алардың өзі болып шықпаймын ба?

Мен қиналатын мәселе қайда мінекей.

Байқасам, ауылға жақындап қалыппыз. Қапшық қарайып арба үстінде жатыр. Ал Үлкен Ахметжан болса сол бүкжиген қалпы арғы бетте үнсіз келе жатыр екен. Күні бүгінге дейін анық есімде — менде әлі түк шешім жоқ. Бірақ: — Ана қапшықтағыны қорапқа төк те жүре бер. Мен сені көрген жоқпын. Сен мені көрген жоқсың! — деп қалай айтқанымды білмей қалдым. Бұл айтқаным — шешім бе, әлде сезім бе? — саралап та үлгермедім ғой деймін. Үлкен Ахметжан қарғып өгіз арбаға шықты да, қапшықтың түпкі бұрыштарынан ұстап тақтай қорапқа сау еткізіп аудара салды. Сөйтті де қарғып атына мінді. Содан кейін босап қалған қапшықты жол ернеуіне лақтырды:

— Рахмет саған, уәкіл. Аштан өлсем де, қап дегенің бұдан былай атын ұмытармын! — деп торы төбелін тебініп жортақтата жөнелді.

Қара бала скеуміз колхоз қоймасына келдік. Мұнда басқа да комбайндардан келіп жатқан әлденеше өгіз арбалар бар екен, соларды үлкен таразыға салып, жұмыс істеп жүргендерге түсіретін жерді көрсетіп, хаттап, тіркеп Әпен жүр. Жұмыс күнделікті дағды бойынша түн

ортасында бітті. Біз Әпен екеуіміз күнделікті дағды бойынша түн ортасын аударып оның үйіне келдік. Қамла жемізіміз де күнделікті дағдысы бойынша түсте көтерген қазаның бабына келтіріп, әбден дәмдеп пісіріп дайып отыр екен. Дәм үстінде әманда ылтифатты Әпен:

— Өңің сынық қой өзі бүгін, тамаққа зауың жоқ секілді. Ауырып қалғанның қай жағысың? — деп сұрады.

— Ауырмай жокпын. Бірақ күйзеліп отырмын.

— Неліктен? Әлде қос басында бірдеме болып қалды ма?

Мен енді болған оқиғаны Әпеннен жасыруды жөн көрмедім. Жарқыратып салдым.

Әпен таңырқай берді.

— Апырау, Тентек Ахметжан болса, бір сәрі, Момын Ахметжаннан да мұндай қылық шығады екен-ау? Міне колхоз құрылғалы он екі жыл. Елді бастап бар малын ортаға салып, колхозға алдымен кірген екеу болса, бірі де, біреу болса өзі осы Момын Ахметжан еді. Сол он екі жыл ішінде Ахметжан біреудің ала жібін аттапты деген сөзді естісем, құлағым керек болсын! Қой, ана Тентек Ахметжанмен шатастырып отырмай шығарсың?..

Алған шешімімнің дұрыс-бұрыстығына көзім жетпегендіктен бе, Үлкен Ахметжан жөніндегі Әпеннің мына сипаттамасы әкімдіктің дәмін татпақ түгіл, мұрнына пісі де бармайтын мен бишараға жұбаныш әкелгендей болды. Өйтіп жұбаныш әкелгені де бар болсын, ертеңіне жұрт дүр ете қалды. Үлкен Ахметжан бір қапшық бидай салып алып жатқан жерінде ауданнан келген өкіл үстінен түсіпті де: «Мен сені көрген жоқпын, сен мені көрген жоқсың», — деп қоя беріпті. Сөз осы. Ертемен колхоз кеңсесіне әлгі Тентек Ахметжанның өзі тепсініп келсін: сенің либерал өкіл екеніңді мен бірінші келген күнінде-ақ білгенмін. Басқа өкілдер: барлығы да «Отан үшін!» — деп айқайлап, жұртты ығыстыра, қорқыта келетін. Сол себепті науқан да ойдағыдай жүріп кететін. Бұра тарту, жұла тарту деген болмайтын. Ал мына өкіл болса, келе салысымен: жұмыс істендер, ал істемесендер ешкім сендерді зорламайды, өздерің біліңдер! — деп ұран тастады. Осы сөзімен елдің кежегесін кейін тартқызғаны өз алдына, тіпті үкімет қалтасына сұғанақ қолын сұғып, астық ұрлағандарды да құлағынан ұстап алып келіп соттаттырудың орнына, ұрласандар, ұрлай беріңдер, — деп қоя

беріп отыр. Міне бізге келген өкілдің сиқы. Мен бұлай қалдырмаймын. Тиісті жеріне жазамын әлі. Туыстарымыз майданда толарсақтан қан кешіп, жапын шүберекке түйіп жүргенде мұнда, елде мынадай арамзаларды жәйіне жібере алмаймын мен!

Осындай жалалы сөзге төзе алмайтын қызбалығым ба, білмеймін, әйтсеуір жазған басым бір-екі рет Тентек Ахметжанның сөзін бөліп, дауласа кеткім келді. «Олай емес, былай» — деп өз дәлелімді айтпақпын ғой. Бірақ Әпен — «айтып болсын» — дегендей ынғай білдіріп, білегімнен ұстап қалып отырды. Ал колхоз председателі Тұрғын бұл ауылдың басшысы емес, құдды басқа жақтан келген көлденең адам секілді. «Сөздерін әлі біткен жоқ па-ей?» — деп кенсеге кіріп-шығумен жүр. Мынадай іс ұшынып кетсе, ең алдымен өзі жауап беретінінде шаруасы жоқ.

Мұндайда ерегіс отын өршітетін сөз таласы екен ғой. Әпеннің даналығымен біз тырс үндемегеннен кейін пәле іздеп келген Тентек Ахметжанның да сөзі таусылуға айналды. Сондай бір толас кезінде Әпен:

— Кім астық ұрлапты? Оны саған кім айтты? — деп сұрады.

— Кім айтты деген не?! Ұрлаған кісінің өзі айтты. Қуға ертең мен сол Ахметжанның өзін тартамын.

Мен өз құлағымға өзім сенбегендеймін. Қалайша ол өз ұрлығын өзі жария етпек?! Илан, иланба, расында да солай болып шықты. «Мен өйттім, ал уәкіл бұйтті». — Әңгіме осы. Бірақ өзі істеген қылмыс қаперінде жоқ, ауданнан келген өкілдің кендігін, кісілігін мактамақ. Шынында да, шал-кемпірлер арасында қолымды алып сілкілеп: «мәртебең өсе берсін, шырағым, шаш ал десе, бас алатын ұр да жық, әпербақан емес, болайын деп тұрған бала екенсің ғой!» — дейтіндер де шықты. Бірде Әпен Үлкен Ахметжанға:

— Істерінді істеп алып, ендігін не?! Екі елі аузына бір елі қаппақ қоймайсың ба? — деді.

Сонда ол:

— Шын өлдім ғой деп едім. Уәкіл де қайырымдылық жасар деп ойлаппын ба! Қуанышым ішіме сыймады. Айтпағанда қайтейін содан кейін! — деп жауап берді.

— Ойбай-ау, басыңа пәле тілеп алдың ғой енді.

— Әй, ол тентектің өстіп дүрілдетіп әкететінін қайдан білейін.

Ал не дейсің енді.

Кіші Ахметжан сөзді желге жіберетін адам емес екен, ақыры айтқанын орындап шықты. Ол былай болды.

Октябрьдің аяқ кезіндегі сондай лайсаң, салқын күннің бірінде тап осы ауылға аудан көлемінде бұрын мен көрмеген бір ұзын қара машина келіп, кеңсе алдына тоқтады. Ішінен үш адам шықты. Танығаным — өзіміздің Петр Матвеевич Голубев. Қалған екеудің бірі жас та, екіншісі жасамыс. Жасамысының үстінде ұзын етек, қызыл былғары пальто. Аз сөйлеп, аяғын нығыз басатын, жатқан бір маңғаз. Мұның тегін адам емес екенін бірден білген қарыны жуан, әрі денелі болса да қауқарсыз Тұрғыным қаңбақша ұшып, елпілдеп кетті. Ал, біз Әпен екеуміз сыртқарак тұрдық.

Өз ауданының жәйін жақсы білетін Голубев әуелі қонақтарға Тұрғын мен Әпенді таныстырды. Содан кейін сәл жымиыңқырап тоқтады да:

— Ал мына жігіт біздің аудандық комсомол комитетінің бірінші секретары. Осы ауылдағы оң көзіміз. Өкіл,— деп мені нұсқады.— Содан кейін маған қарады да:— Өзің неге сырттай бересін, берірек тұр,— деп қойды.

Мен жақынырақ келіп едім, машинадан түскендердің ішіндегі әлгі бір жастауы қолымды енді өзі алып қатты сілкілей бастады. Ал Голубев болса, дағдысынша қарқылдай қатты күлді де қоженқалы маңғазға қарап:

— Байқайсыз ба, балықшыны балықшы киядан көріп жатыр,— деп қойды.

Олай дейтіні менің қолымды қайта қысқан жігіт Қазақстан Комсомолы Орталық комитетінің екінші хатшысы Александр Семесович Федунин екен. Ал анау маңғаз Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің үгіт-насихат жөніндегі хатшысы Мұхамеджан Әбдіхалықов болып шықты.

Олар кеңсеге кірмеді. Солай тұрып колхоздың жәй-жапсарымен танысты. Жел үп етсе ұшып түсер, мына октябрь айының кеш қалған сары жапырағы секілді қалтырап тұрған Тұрғыннан бір ши шығып кетеді деді ме, кім білсін, әйтеуір, биік лауазымды қонақтардың сұрауына көбінесе Петр Матвеевичтің өзі жауап берумен болды.

Қонақтар жүруге ыңғайланды. Сол кезде ортаға топ ете түскен бір кесектей, қайдан шыққанын кім білсін. Тентек Ахметжан сап етті. Ол мені нұсқап сөйледі.

— Жаңа мына Голубев жолдас мына тұрған уәкілді

біздің осы ауылдағы оң көзіміз деді. Қате. Мүлде қате айтады. Бұл бала оң көз де, сол көз де емес. Су қараңғы соқыр. Саяси соқыр.

Қоженқалы маңғаз «мынаның айтып тұрғаны сенсің бе?»— дегендей маған қарады. Мен онып тұрмағам болармын тегі, ол мұрнын тыржитты. Содан кейін «осындай сықпытсызды қайдан тапқансың?»— дегені ме, Голубевке бұрылды.

— Иә, не болып қалды?— деп Петр Матвеевич арызыға тіксіне қадалды.

Тентек Ахметжан қалтасынан үшкіл етіп бүктеп, ашылып кетер жағын жіппен бастырған қалың пакет алып шықты да:

— Бәрі де мынада айтылған,— деп Әбдіхалықовқа ұсынды.

Арада үш-төрт күн өтті. «Енді не болар екен?»— деп ала көңіл болып жүрген менің алай-былай хабар болмаған соң қобалжу дариясында, «бәрі де тынған шығар осымен»— деген үміттің талын қармап, жүрегім енді орнына түссе бергенде, ауданға шақырылдым...

* * *

Несін жасырайын, Голубевке «әлде қайтер екен?»— деген түйткүлі көңілмен қорқыңқырап келдім. Сол қорқынышымды қорқынышқа ұластырып мақтаулы деген Голубевым де мені салқын қарсы алды.

— Біз саған сеніп, жауапты жұмыс тапсырып едік. Бүлдіріп жүргенің не?— Тіксініп қалған хатшының шаншылта қойған алғашқы сұрағы осы болды.

— Нені бүлдірдім, нені бүлдірмедім, өзімнің де көзім жетпейді,— дедім мен шала орысшаммен ағымнан жарылып. Ақталғаным жоқ.

Осы бір тура да қалтқысыз жауабым ұнады ма, білмеймін, хатшы жұмсарайын деді.

— Ал, қалай болды? Түсіндіріп айтшы?!

Тентек Ахметжанның арызы үстел үстінде жатыр екен, мен оны үшкіл бүктемелеріне қарап, кіріп келгенде-ақ айырғанмын. Сол арызды нұсқадым да:

— Несін айтайын, анада бәрі жазылған емес пе!— дедім.

Осының айтып отырғаны шын ба, дегендей Голубев маған сынай қарап сәл отырды да:

— Жоқ, сен өз түсінігіңді баянда. Ол арызға сүйенетін болсақ, ана бригадирді Қолымаға айдау керек те,

сені комсомолдан аластап, әлі қабылдап алмаған қызметіңнен босату дұрыс болады.

Хатшының маған деген ниетінің теріс еместігін осы арада сезгендеймін. Содан болса керек, өзіме өзім келе бастаған секілдімін... Еркінсікіреп:

— Аластау керек, босату керек олай болса, ол оңбағанды,— деп қалай айтқанымды өзім де білмей қалдым.

Голубев мұнымды ұнатынқырамағандай:

— Ну, ну, балалықтың, еркеліктің жөні жоқ бұл жерде. Мен сені ауданымыздың дыңдай басшыларының бірі деп шақырып алып отырмын ғой. Істің анық-тапығын білгім келеді. Кәне, баянда.

Мен не болды, соның бәрін түгел айтып бердім. Хатшы иланған секілді. Сөзімді күдіксіз, секемсіз тыңдады. Содан кейін сәл ойланып отырды да оқыс сауал қойды:

— Ал бұл әңгіме қайдан шықты? Ана қара баладан таралды ма?

— Жоқ. Бригадир өгіз арбаны неге тоқтатты, неге қапшыққа бидай сала бастады, онда қара баланың шаруасы болмаған. Өйткені «бригадир ұрлық жасар-ау» деген ұғым жоқ қой қара балада.

— Ал енді қайдан шықты бұл әңгіме?

— Ұрлықшының өзінен...

— Қалайша?— деп танданды Голубев.

— Өзіңіз айтқан әлгі ит жеккенге айдалдым деп ойлаған Үлкен Ахметжан өкілден ондай рақымшылық күтпеген ғой. Қуанышы қойнына сыймаған соң мені мақтап жар салғаны...

Голубев ішек-сілесі қатқанша кабинетті басына көтере күлді. Бір кезде қол орамалын алып көзінің жасын сүртті де:

— Қазақтардан осындай бірдемелерді күтуге болады,— деді енді сылқылдап күліп. Содан кейін тағы да сұрқ қойды.— Ал, ана Кіші Ахметжанды неге ренжітіп жүрсіндер?

— Ренжіткен ешкім де жоқ. Небәрі мен оны бір-екі ақ рет көрдім. Ал ана Әпен кілтші мен Тұрғын председателге осы сұрақты қойсам, «ол тентекті көр ғана түзетеді. Арыз жазбаса, оның іші кебеді»,— дейді. Іші кебетінің өзімнің де байқағамым бар.— Арызды қой, бірлесіп жұмыс істейік,— деп едім.— «Ол ақылынды басына шайнап жақ. Мен әділдік күрескерімін. Шындықты айтпай отыра алмаймын»,— деп бір-ақ қақты.

Голубев енді күлгіден тыйылды да терең бір күрсініп алып, терезеге қарап отырып сөйледі.

— Мұндай арызқойлар қай заманда да, қай халықта да болған. Мүмкін, адам өз бойындағы кеселдерден тазарып, мүлде айығып кеткенше арызқойлар соңымыздан қала да қоймас. Талай шашты ағартар да, талай жүйкені құртар. Арызқой Ахметжан маған жаңалық емес. Маған жаңалығы ана...— деп Голубев қайтадан жымия мүдірді.— Бір қызығы мен, міне, жиырма шақты жылдан бері басшы қызметте келе жатырмын. Қилы-килы тағдырларды көрдім. Қиян-килы адамдармен кездестім. Қилы-қиян мінез-құлық пиғылдарды білемін. Бірақ мына Үлкен Ахметжан секілді біреуді мақтаймын деп өзін тұзаққа іліндіріп алған адамды өмірімде ұшырастырған емеспін.

Хатшы менің ойлаған жерімнен шыққан болса керек, небәрі жиырмадан жаңа ғана ассам да, көп білетін адамша қосарланып қалып жатырмын.

— Мен де солай...

Хатшы менің өстіп сөз жарыстырғанымды ұнатпады ғой деймін, түйе сөйледі:

— Ұрлықтың үстінен шыққаннан кейін, босатпауын керек еді. Колхоз кеңсесіне алып келіп, акт жасап, ісін тергеуге берген жөн болатын. Біз сені ұрлықтың үстінен шықса, босатып жібере берсін деп өкіл еткен жоқпыз...

Бұл жерде менің хатшы сөзін бөлуіме тура келді.

— Босатып жібере берсін дейтіндей көп адам емес менің қоя бергенім. Не бәрі бір-ақ адам.

Әлбетте сөзге құлақ қойғыш Голубев мені тыңдамады. Қайта өрші салды:

— Керек десен, ұрлықтың үстінен шықса босатпасын, аяусыз жазаға тартқызсын, соттаттырып жіберетін болсын деп те сені өкіл еткен жоқпыз.

Мен шыдай алмасам керек:

— Сонда не үшін өкіл еттіңіз?— деп қалдым тіксініп. Өйткені ұрлықшыны қоя бергенім үшін өзімді өзім жазғырып жүрсем, хатшының мына сөзіне қарағанда, ұрлықшыны қоя бермесем де, желкесінен мытып ұстап, кеңсеге алып келіп акт жасаттырып, ісін сотқа бергіздірсем де, абыройлы болмайды екенмін ғой.

Мен білетін Голубев ойға жүйрік, логикасы мықты кісі.

— Болып қалар еді-ау, деген жайларды болдырмасын деп, мына қазіргі әңгіме тақырыбына айналып отырған оқиғаларды тудырмасын деп, ондай келеңсіз әрекеттердің тамырына нәр бармай жатып балта шапсын

деп, бір сөзбен айтқанда, аудандық партия комитетінің сол ауылдағы оң көзі болсын деп жібердік.

Ал енді таласып көр Голубевпен.

Мен үндей алмай қалдым. Манадан бері арызқойды даттап, менің жағымда отырған хатшым өзгеріп сала берді.

— Былайша караганда, арызқой дұрыс айтқан. Әзірге сен біздің оң көзіміз де, сол көзіміз де бола алмай тұрсың.

Шынымды айтайын, жоқ жерде тарылып қалатын, мінезге жұқалау менің де шамыма тиіп кетті ғой деймін.

— Петр Матвеевич, алда разы болсын сізге, өкіл болып ондырмасын, тегі. «Ортақшыл» колхозындағы жұмысты тындырдық десек те болады. Үкіметке өткізетін астықты өткіздік. Тұқым қорына дегенді де құюға жақындаттық. Рұқсат беріңізші, мен қайтып келейін,— деп салдым.

— Жок, қайтпайсың,— деп Голубев бірден қайырып тастады.— Ұры атанған бригадир солай жүре бермек пе? Оны мен де, сен де бұл жерде отырып шеше алмаймыз. Сол себепті «Ортақшыл» колхозына қайтып барасың. Жаңа бригадир сайлаттырасың. Ал егер жұрт осы ұры бригадирдің өзі қалсын десе, қарсы болма. Бірақ ана ағынан жарылғыш Арызқой Ахметжанның да кандидатурасын ұсынып көр.— Бір сөзбен айтқанда колхозшылар не дейді, соны заңдастыр. Оның үстіне аяқталмай қалған жұмысты тындыр. Міне, сонда күнәң кешірілетін болады.

Мен тұра беріп едім, хатшы қайта отырғызды. Оң жағында жатқан папкасын ақтарып, бір қағаз алып шықты да:

— Бұл да саған тағы бір сын,— деп тоқтады.— «Ортақшыл» колхозына он мың сом екен...— Хатшы маған тіктеп қарады.— Мемлекет жаңа лотерея билетін шығарған. Сен жанағы жиналыста сол лотереяның маңызын, мемлекетіміз неге шығарып отырғанын түсіндіріп, колхозшыларға тарататын боласың. Жоспарың он мың сом... Он тиыны кем шықпасын. Бірақ асырып түсірем деп те тыраштанбай-ақ қой. Бәрібір онымен жақсы атты көріне алмайсың. Біз мұнда сол колхоздың бар мүмкіндігін егжей-тегжейіне дейін пайымдап айтып отырмыз бұл цифрды.

Менде не сөз бар, салым суға кетіп «Ортақшылға» қайтып келдім. Бір есепті келгенімнің өзі дұрыс болған. Өйткені Тентек Ахметжан да қарап жатпаған ғой: «Ме-

нің арызым бойынша уәкілдің қарасы өшті. Ендігі кезек мына бригадир Ахметжандікі»,— деп елге сөз таратып жіберіпті.

Қанша дегенмен мен бұл ауылдағы бір айымды тегін өткізбедім. Біраз қиындықтарды бастан кешіріп, тәжірибе жинап қалған, оң мен солымды айыра бастаған, жақсылық қайдан, жаманшылық қайдан, дөп басып білетін, әрі аупартком хатшысынан ақыл-кеңес алып келген, «жырынды» өкіл емеспін де, жұртты иіре, тықсыра келдім. Алдымен Тұрғынға дауысымды қатайтыңқырап:

— Бүгін кешке колхозшыларды тездетіп кеңсеге жинаңыз. Бір адам қалмайтын болсын. Әйтпесе басыңызбен жауап бересіз,— деп қойдым.

«Кеше кеткенде сап-сау секілді еді, бүгін қалай өзі, дені дұрыс па?»— дей ме, Тұрғын маған бажырая қарады. Бажыраятын түк те жоқ, жолдас Әйкенов, мен енді мұрнының алды кеппейтін бала емеспін. Әкімшілік дегеннің не екенін біле бастаған, мансаптың дәмін тата бастаған өкілмін.— Бұл — әрине ойым ғой. Ал бажырая қараған председателге:— Маңызды хабар бар,— деп маңғазданып қойдым. Менің ойнап отырмағанымды түсінген Тұрғын «маңызды хабар»— деген соң өзгеріп сала берді. Дереву жарлық беріп жұртты жинатты.

— Ауданнан келген өкілде маңызды хабар бар, соны айтындар жұртқа,— деп тапсырды жұмсаған балаларға.

Осы бір үнемі қалбалақтап жүретін, істің мәніне терең бойлай бермесе де, арамдығы жоқ, аңқылдақ председатель: «оның қандай маңызды хабар?»— деп те анықтаған жоқ. Ал мен болсам: «маңызды хабар дегенім мынау еді»,— деп айтқым келді де, биік лауазымды өкіл екендігім есіме түсіп кетіп «жиналыста бір-ақ білсін»,— деп айтпай қойдым. Ал ойнап көр өкілмен.

Шағын колхоздың өзіне лайық шағын кеңсесіне балашаға, шал-кемпірлық толды.

Колхоз председателі:

— Колхозшылардың жалпы жиналысы ашық. Күн тәртібінде...— деп аңырып қалды.— Ойбай-ау, қарайтынмыз не мәселе еді?

Жұрт ду күлді. Жалпы дүрмекпен кеткен Тұрғын жарықтық жиналыста не мәселенің қаралатынын тіпті ойламаған екен ғой.

Тентек Ахметжан бойы бір қарыс болып ұшып тұрды.

— Сен өзін қандай бастықсың? «Маңызды хабар»— деп жұртты жинайсың да, сол хабардың не екенін де білмейсің.

— Оны мына ауданнан келген өкіл айтады.

Мен шыныда да төселе бастаған екенмін. Голубевтің кабинетінде оқиганың барысына қарай бірінші болып айтылған, әрі көп айтылған әңгіме бригадир жәйі болса да лотерея тарату мәселесін бірінші стіп қойдым. Обалы нешік, тартынып қалған бірі жоқ. Әуелі Әпен шығып сөйлеп: «Зұлым жауды жеңуге себіміз тиетін болсын! Мен бір мың сомның лотереясын сатып алам»,— деп еді, жұрт түсті де кетті.

— Мен екі жүз сом!

— Мен бес жүз сом!

— Мен жүз сом!

— Мен үш жүз сом!

Жан-жақтан құйылып жатқан дауыстар. Мен тіпті зорға жазып үлгеріп отырмын. Жиналғандар түгел жазылып болды-ау дегендабыр-дұбыр басыла бастаған кез еді, кенет Әпеннің даусы шықты.

— Әй, Ахметжан, сен үндемей қалдың ғой?

— Неге үндемейін. Бес жүз сом деген жоқпын ба!— деп Үлкен Ахметжан ұшып тұрды.

— Жоқ, сені айтпаймын, ана Кіші Ахметжанды айтамын.

— Мен лотерея сатып алмаймын.

— Неге алмайсың?— деп шұқшиды Әпен.

— Ақшам жоқ.

— Е, ақша өзге жұрттың қалтасын тіреп тұр ма екен? Жұрт қатарлы мына тізімге жазыл, ертең еңбек күніне берілетін астықтан ұстаймыз.

— Жоқ, мен жазылмаймын. Зорлап ешкім де жаздыра алмайды. Партия мен үкімет зорлаңдар деп айтпаған.

— Рас, зорла демеген. Бірақ сен сонда, немене, партия мен үкіметтің ұйғарымына қарсымысың?

— Жоқ, қарсы емеспін,— деп жалтарды Тентек Ахметжан.

— Ендеше былшылды қой, жазыл кәне,— деп қадалды Әпен.

— Ал, жақсы, он бес сом болсын.

— Өй, тегінді...— деп Әпен бір балағат сөз айтып жіберді. Бұл мен білетін Әпеннің аузынан шыққан бірінші әрсі сөз.

Сонымен, лотерея сату мәселесі ойдағыдай өтті. Ойдағыдай дегенің түк емес. Шотқа қактырсақ, табаны күректей он бес мың... Жаңағы Тентек Ахметжанның он бес сомы және бар.

Екінші мәселе жөнінде тағы мен сөйледім. Бір қызығы жұртты қанша үгіттесем де, Үлкен Ахметжанды орнынан босату керек дегенге жиналғандар тіпті құлақ аспай қойды. Тентек Ахметжанды атап көріп едім:

— Арыз жазудан қолы босамайды, қайда жүріп ол бригадир болады.

— Ол бригадир болса, онда біз басқа колхозға көшеміз...— деп көпшілік шулап қоя берді.

Сөйтіп, Үлкен Ахметжан орнында қалды. Он бес мың он бес сомға лотерея билеті сатылды. Енді Голубевтің сынынан сүрінбей өттім десем де болады. Десем де болады емес сен-ау. «Асырып түсіремін деп тыраштанба. Колхоздың бар мүмкіндігін тексере келіп он мың сом деп отырмыз»,— демеп пе еді Голубев. Не істеу керек? Жо... жо... оқ, қиналатын мен емеспін, бірақ. Колхозда өткізген бір айым текке кетпеген. Оның үстіне аудандық жиналыстардан да көргенім бар. Сондай бір жиын соңында — «мына адамдар қалсын, қалғандарыңа рұқсат»,— демеуші ме еді. Мына жерде мен де маңызданыңқырап тұрып:

— Ал жиналыс жабылды. Мына адамдар қалатын болсын,— деп алты-жеті белсендінің атын атадым.

Ойымда Голубевтің нұсқауы тұрса да, қалай бедел алудың жолын үйреніп келсем ғой, байсалды тұрып өз атымнан сөйледім:

— Өздеріңізге белгілі, бұл колхозға бөлінгені он мың сомның лотереясы еді, ал сіздер болсаңыздар он бес мыңға шығып кеттіңіздер.

— Тентек Ахметжанның он бес сомы және бар,— деп қойды отырғандардың бірі.

— Иә, иә, он бес сомы да бар. Лотереяны көтере сатып алатын болғандарыңызға рахмет. Саяси сауаттылық таныттыңыздар. Жауапкершілікті сезіндіңіздер. Бірақ бөрі арығын білдірмейді деген бар ғой, тыраштанып жатқандарыңызбен, жағдайларыңның жақсы емес екенін мен жақсы білемін. Сол себепті тізімді қайта қарап, осының халі қиын-ау дегендерден шегерейік те он мыңның өзіне түсірейік,— дедім тамағымды кенеп сәл қорзаныңқырап.

Алдымен Тұрғын елп етті:

— Өй, сен өзін азамат бала екенсің ғой. Бала-шағам көп, онда менен баста.

Баста деген соң, шегеруді председателден бастадық.

Әпен: «Анадан анандай сома шегер, мынадан мынапдай сома шегер»,— деп отырды да, өзіне келгенде қарысып қалды:

— Аузыма құдай салған шығар. Айтқаным айтқан.

Біз сөйтіп бәрін қаз қалпына келтіріп, он мың сомға жана тізім жасап, жазылғандарға ертемен жүріп қайта қол қойдыруға кісілер тағайындап, Әпен үйіне келіп тыныш ұйқыға кеттік.

Тыныш ұйқы? Тыныш ұйықтауын ұйықтадық-ау, бірақ келесі күнгі оқиғаны құдай басқа бермесін!

Шатақ тағы да Тентек Ахметжаннан шықты. Біз Тұрғын, Әпен, тағы бір бес-алты адам болып колхоз кеңсесінде ертемен шаруаның жәйін әңгімелесіп отырғанбыз. Тепсініп Тентек келсін!

— Үкімет лотереяны неге шығарды? Еріккендіктен шығарды ма? Жок, жолдастар, жеңіске жетер тура жолды іздеп шығарып отыр. Біз берген әрбір сом бір-бір снаряд. Олай болса, сендер Совет үкіметіне емес, фашистерге көмектесіп жүрсіндер.

— Мынаның есі дұрыс емес шығар?— деп таңданды Тұрғын.

— Жок, сендердің естерің дұрыс емес. Алжасқан-сындар.

— Әй, ит, былшылдама енді, шықшы кеңседен,— деп Әпен тік кетті.

— Мен неге кетем? Сендер кетесіндер. Сендерде әділдік жок.

— Әділдіктің жоқтығын немен дәлелдемексің?— деп сұрадым мен.

— Өз еркімен жазылған халықтың мәселін қайтарып, шегереді екенсіндер, түгел неге шегермейсіндер?

— Түгел шегердік.

— Түгел шегерсеңдер тізімде мен неге жоқпын? Мені құдайдың құлы емес деп пе едіңдер әлде? Мен де сендер секілді Совет үкіметінің азаматымын.

Қызбалық, жастық па, кім білсін:

— Жок, сен құдайдың да құлы емессің, Совет үкіметінің де азаматы емессің. Сен бір жүрген төрт аяқтының өзісің!— деп қалай айтқанымды өзім де білмей қалдым.

Тентек Ахметжан өнмендеп үстел басында отырған біздерге жетіп келді де:

— Мен саған төрт аяқтының не скенін көрсетем әлі!

Мен бәрінді де соттаттырам әлі!— деп жұдырығын менің тұмсығыма қарай тақай берді...

Сол кезде мысықша қарғып тұрған Әпеннің оң қолы Тентек Ахметжанның жауырынына сарт етті. Ұзын бойлы, ашаң да кесек тұлғалы болса да, бір қолы майданнан жарымжан оралған бұл жігіттің орасан қарулы екенін мен сол жерде көрдім. Тентек Ахметжан үстелге стпетінен түсті де, мойыны бейне бір бос қалған секілді маңдайы үстел тақтайына тарс-тарс соғылды. Әпен, сонда да босатар емес. Желкесінен мытып ұстаған қалпы, тентектің басынан үстелді үсті-үстіне ұрғылап жіберді.

— Сен иттен-ақ көрдім ғой көресіні. Сен мені қашан соттаттырып үлгергенше, мен сенің жаныңды зәннемге жіберейін!

Үстел үсті қан-жоса. Тентек Ахметжанның: «Ағатай, қоя берші, қойдым енді»— деген даусы ыңырысып шықты.

— Қойдым деді ғой,— деп қалды қабырғаға жабыса тұрып қалған Тұрғын.

— Әлі аз ғана. Сазайын тартсын иттің баласы! Сүттей ұйып отырған ауылдың берекеcің кетірген жоқ па!— деді манағы бес-алтаудың ішіндегі бір қариясы.

— Жұрт жүз сомдап, мың сомдап жазылып жатқанда мұның жазылғаны он бес сом. Сол он бес сомды он сомға неге түсірмедің,— ғой ақымақтың дауы. Өй, сенің бүйтіп жоқтаған әділдігіңді ұрдым мен онда!— деді екінші бір жасамыс адам.

Әпен Тентек Ахметжанның шашынан ұстап басын жоғары көтерді де кеудесінен итеріп келіп жіберді.

— Ал қылатышыңды қыл, енді, шошқа,— деді ептіге дауыстап.

Ахметжан еденге шалқалай түсті де, бір аунап барып, қолымен тұмсығын басып далаға қарай зыта жөнелді...

* * *

Сөйтіп, мен бұл ауылда бір айдан артығырақ уақыт болдым. Егін орағы аяқталды. Жоспар орындалмаса да, үкіметке тапсырылар астық тапсырылды. Толық болмаса да, барынша тұқым қоры да құйылды. Он мың... он бес сомы және бар лотерея билеті де сатылды. Мен енді аудан орталығына аттануым керек. Бірақ аттанбай қалдым. Ана оқиғадан кейін, тегі істің артын бақпақшымын ғой деймін. «Ортақшылда» тағы бір жұма болға-

ным есімде. Бір қызығы, әділдік орнатқыш Тентек Ахметжан мүлде көрінбей қойды. Ал Момын Ахметжан болса, колхозшылардың өзін қалай бағалайтынын білген соң, торы төбелін қамшылап, табаны сайға тимейтін болып кетті.

Сөйтіп, мен кенседе өткен майданнан кейін біршама күнді артқа салып Пресновкаға келдім. Келдім де Пстр Матвеевичқа кірдім. Астық жәйін де, лотерея сату жәйін де, бригадир туралы көпшілік жиналысында болған қызу талас жәйін де, түгін қалдырмай баяндадым.

— Тағы не бар айтылмаған?— деді Голубев маған тура карап, ықыластана ризашылық білдіріп.

«Айтсам ба екен, айтпасам ба екен?» деген толқу болды ма, мен мүдіріңкіреп қалып едім, хатшы ойымның үстінен түскендей:

— Ана арызқойдың жағдайы қалай?— деп сұрады.

— Арызқойдың жағдайы жақсы емес.

— Неге жақсы емес?— деп Петр Матвеевич елең етті. Өнінде «тағы бірдеме болып қалған жоқ па?»— деген сұрақ бар.

— Арызы өтсе ғана арызқойлардың жағдайы жақсы болады. Ал мынаның жағдайы мәз болмайтыны — арызының өтпей қалғандығы.

Петр Матвеевич дән ырзалықпен қарқылдап күлді.

— Ал жақсы, енді өз жұмысына кіріс.

— Арызқой тағы арыз жазса, тағы да келермін. Айтылатын сөз сонда тағы да табылар,— деп мен сөзімді екі ұшты етіп аяқтап, орнымнан көтерілдім.

Қолхоз кенсесінде өткен оқиғадан әзірше бейхабар хатшы:

— Ал, жақсы, келістік. Онда өзім шақырып алармын,— деп мені көңілдене шығарып салды.

Бір қызығы, Голубевпен мен кейін де талай-талай жолығысып жүрдім. Бірақ Тентек Ахметжанның мәселесі бір рет те сөз болған жоқ. Себебі, илан, иланбаңыз, ол анада Әпен сокқысына жығылғаннан кейін арыз жазбай қойды.

Мен кейін облыстық «Ленин туы» газетінде тілші болып істеп жүрген кезімде сол «Ортақшыл» колхозына талай-талай келгенім бар. Сонда Әпенмен кездескенде сұрағым әманда:

— Тентек қайда?— дегенмен басталатын.

Әпен жымия күлседі.

— Жүр осында. Бірақ тентек емес ол қазір.

Аюға намаз үйреткен таяқ деген рас екен ғой?!

Жоқ нәрсеге қызбайтын орнықты Әпен тағы жымия жауап береді.

— Халық айтса, білмей айтпайды ғой...

* * *

Міне, сөйтіп, жиырмадан енді ғана асқан жас жігіттің кешкен хал-жайлары, көрген-түйгендері енді алпысқа жақындап, шашы ағарып, тоқтасқан адамның ой елегінен өтіп барып әңгімеге айналған бұл хикая да тамамдалып келеді.

Мен қолыма қалам аларда осындағы аты аталған адамдар жайлы сұрау салдым. Жасы келген Тұрғын әлдеқашан дүниеден өткен. Өз ауылының арыстаны Әпен де елуге жетпей жатып қаза болыпты. Ертеден кешке дейін салпактап жүрсе де бір ауыз сөз қатпас, әйел затының асылы Кәмила қазір тірі. Балдары бар болса да, тұрмысқа шыққан бір қыз баласының қолында тұрады. Қазақ, қызды «жат жұрттық» — деп кемітеді де, ұлды ардақтайды. Бұл заманда жарғақ құлагын жастыққа тимей ұл өсіріп, қыз өсіріп, табаныңды тасқа тілдіріп, маңдайыңды отқа қарытып, мұзға соғып жүрсең де қартайған шағында рахатың қайсысынан көресің? Құр ақылгөйсуді қаламайтын, шешуі қиын сұрақ бұл. Ахмет-жандардың екеуінен де хабарым жоқ. Маңғаз Әбдіхалықов пен пысық Федулин әзірге аман. Пенсияда. «Анау орыс, мынау қазақ» — деп алаламайтын әділ де іскер, еңбекқор Голубев кейін жоғарылап, Көкшетау облыстық партия комитетінің екінші хатшысы болып істеді. Арада сегіз жыл өткен соң мен қазақ университетін бітіріп, «Лениншіл жас» газетінің солтүстік облыстардағы тілшісі болып жүрген кезімде Көкшетауға да барғанмын. Сонда Петр Матвеевичпен Зерендіде кездестім. Университет бітіргенімді, семьялы болғанымды. Жанна атты қызым бар екенін естіп қуанған. Өкініштісі — Петр Матвеевич қазір қайда? Бұл дүниеде бар ма, жоқ па? — біле алмадым...

Тағы бір өкінішті жәй — ағаш ығында деп мен мақтаған «Ортақшыл» колхозының бұл күнде жер бетінде пысыраты да жоқ. Ол әуелі қасындағы басқа бір әлдірек колхозбен қосылып, совхозға айналған екен. Сол совхоздың біраз жыл бөлімшесі болып тіршілік құрыпты. Жү-

ге бара одан да айырылған. Мектебі жабылып, фермалары басқа бір жерлерден қоныс тепкен. Содан кейін келешегінің жоқтығын көрген ауыл адамдары түгелдей совхоз орталығына көшіп барыпты. Қызық жәй: сол ауданның жел өтіндегі қыраттарға орналасқан басқа колхоздары бұл күнде жаңа ұйымдастырылған совхоздардың не бөлімшесі, не фермасы болып, әйтеуір баяғы орнында тірлік кешіп жатса, мына орман ығындағы «Ортақшылдың» зираты мен жұрты ғана жатыр... Адам тағдыры секілді, ел тағдырының да ешкім күтпеген бұраланы көп болады екен...

Кейінгі бір жазда мен ауылға бардым. Ауыл дегенде баяғы Преснов ауданы — Преснов, Жамбыл болып ескіге бөлініп кеткен-ді. Әуелі «Лия» колхозы болып ұйымдасып, кейін Аманкелді атанған менің ауылым қазір Жамбыл ауданындағы Жамбыл совхозының бір бөлімшесі ғана. Бұрын біздің ауылдан шығып аудан орталығы Пресновкаға тура баратын жол ағаш арасын аралап «Талпын», «Үлгі», «Ортақшыл», «Әйімжан» колхоздарын басып өтетін-ді. Оны ел ішкі жол деп атайтын. Бұл күнде Жамбыл ауданының орталығы — Жекекөлден Пресновкаға асфальт жол түссе де, мен қайтарда баяғы Ортақшылды басып өтетін ішкі жолдың сорабымен жүрдім. Арада отыз сегіз жыл өткенімен, ескі ауылдың жұрты маған күні бүгінгідей сайрап жатыр. Міне мынау — Әпен үйінің орыны. Мынау — менің Үлкен Ахметжанды ұстап алған жерім. Кеңсе жұрты да айқын. Ұзын кара машина міне мына жерде тұрды. Тентек Ахметжан үш бұрышты арызын міне мына жактан келіп былай ұсынған. Оның кеңсе ішінде соққыға жығылған жерін де дөп баса аламын...

Байқасаңыз, менің осы әңгімемде бір кемшілік бар: Тентек Ахметжан бас жоқ, көз жоқ, бізге неге өшікті? Мен соның себебін ашқан жоқпын. Ашпаған себебім — сол өшпенділіктің сыры неде? — соны білмеймін. Өз басым әлгі кеңседе айтылған бірер ауыз іліп қақпадан басқа, онымен кездескен жан емеспін. Ал Әпен, Тұрғын, Үлкен Ахметжан бір жак, бұл бір жак болып араларында не бар? Мүмкін, түк те жоқ шығар?.. Мүмкін, Тентек Ахметжан расында да арыз жазбаса отыра алмайтын ауру нектеген нағыз қияңқының өзі болар?.. — Ол жағы маған қараңғы.

Көркем әдебиеттің тірегі — тартыс. Ал мен сол тіректі табам деп, әлде бір тартыстарды жоқтан сауғылап,

көңілден қосып, ойдан шығарып жатсам, ойым — өлгенге обал да, тіріге қиянат. Не болды, қалай болды, соны боямай сол қалпында беруді жөн көрдім. Шынымды айтсам, сондай бір оқиғаға негіз болып кеткен менің ісім — Үлкен Ахметжанды босатып жіберуім дұрыс па, әлде бұрыс па? — Осы күннің өзінде де оған дөп басып жауап бере алмаймын.

Рас-ау, мен кіммін осы?

ШАРАПАТ

(Алғашқы саны 1920 жылы шыққан
«Ленин туы» газетінің 60 жылдығына)

Әдебиетке құмарлық бар да, сол құмарлықты шын талапқа айналдыру жолы бір бөлек. Бабы табылмаған талант-қабілет — қанатсыз құс секілді. Қияға самғамақ түгіл, бауырын жазып жерден көтеріле де алмайды.

Мен әдебиетке бала күнімнен-ақ құмар едім. Әу баста осы құмарлық отын кім тұтатты? Алты жасымда өздігімнен хат танып (мектепке колхоз құрылған жылы, сегізге қараған кезімде барғанмын), сықсима шам немесе пештегі от жарығымен үй толы тыңдаушыларыма заулата оқып беретін «Алпамыс» пен «Ер Тарғын», «Ер Сайын» мен «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» қисса жырлары ма? Жә болмаса, өз ауылымдағы Бәри секілді сұңғыла әңгімешілердің ұзақ түн келістіре айтатын ертегілері болар ма? Әлде Майбалық орта мектебіндегі алғашқы әдеби ұстазым Ғазез Әбішевтің әсері ме? Мүмкін, ата-бабаларымның, ана-әжелерімнің қанымен ауысып келген қасиет шығар? Қайтсе де дөп басып жауап бере алмаймын. Ал әдебиетке деген сол құмарлықты баптап, жазушылық ұлы өнердің додасына салып жіберген не күш десеніз, жауабым дайын: ол — өзім ұшқан ұям — «Ленин туы» газеті.

Кейде жңі, кейде сирек болса да «Ленин туы» газетіне қалам тартқаным қырық жылдан асты. Әуелі жеңіл-желпі хабарлар, жүре-бара әдеби сын, рецензиялар, өлең, очерктерім көріне бастады. Бір қызығы мен жазып редакцияға жолдаған дүниелерімнің жарияланбай

қалғаны, не болмаса, ойсырата жөндеуге ұшырағаны болған емес. Газет құдды менің хатымды ғана күтіп отыратындай-ақ, жазғаным жеткен болар-ау деген шамада жарқ етіп шыға келетін-ді. Газет қалыптастырған осы дәстүр өзім жүріп келе жатқан өнер сапарында әрқашан алдымнан шығып отыратынын байқаймын. Шынымды айтсам, архивымда жарияланбай қалған, не болмаса баспа орындары баспаймыз деп қайтарып тастаған туындым жоқ. Ырымшыл болмасам да, осы бір «жолымның болғыштығын» «Ленин туы» газетіне саям. Тіпті ретте «ерке болып», жаман үйреніп кеткенмін бе, баспа орындарына апарып берген дүниемді «пәлен уақытта жариялаймыз» десе, сол «пәлен уақытының» күні маған айдай, ал айы жылдай көрініп тұрады. Азды-кемді редакция жүргізілсе, оған да шамшылмын. Осы мінезімді білетін баспа орындары мін деп, кемшілік деп тапқанды пікір есебінде өзіме айтады. Ал мен болсам, құлағым қаңғанын қабылдап бар ықыласыммен жөндеп беруге тырысамын. Өз ұғымымша, бұл өзінді жауапкершілікке жетелейтін дұрыс қасиет. Бізде портфелін толтырып, күлді-бадам бірдемелерін алып келіп үстелге тастап, ар жағындағы шығарма тағдырын редакциядағыларға ұстата салатын жазушылар да бар. Оларға қалай шыкса да, жазғаны жапық көрсе болғаны.

Сол қырық жыл ішінде газетте істеген көптеген журналист-азаматтармен қызметтес болдым. Солардың ішінде есімде қалған азаматтардан сыпайылығы, іскерлігі, шымшыма әзілімен жүрегімнен орын алған Өміржан Оспановты, аңқылдақ адал да көпшіл Мұхамеджанов Ғалымды, қой аузынан шөп алмас момын Ғазезді, әпенделеу Сейтенді, сыпайы сұлу Шалабаев Кенжеболат пен орысша-қазақшаға сондай сауатты, әзіл сөзге жүйрік Малдыбай Қоқыбаевты, қалтарысы жоқ Қабдолла Әбілханов пен салмақты да білімді Нияз Сыздықовты, хат бөлімінің бастығы еңбекқор Әминаны атай аламын. Олардың бірсыпырасы дүние салған. Ал қазір әр жерде әрқилы қызмет атқарып жүрген тірілерімен кездесе қалсам, қимас туыстай шұрқырасып қаламыз.

1944-1945 жылдар мен үшін тіпті ерекше еді. Мен онда газеттің Преснов, Октябрь аудандарындағы тілшісі болып қызмет атқардым. Тапсырма көп пе, әлде сапарға әуес өз қасиетім бе, әйтеуір, елді жиі аралайтынмын. Ол кездегі жүріп-тұрудың қиындығы да мені қиналтпайтын-ды. Жаяулап-жалпылап, кейде ат, кейде өгіз

демей, әйтеуір, жүре беруші едім. Соның арқасында көршілес жатқан сол екі ауданның сол кездегі бала-шағасына дейін білетінмін десем артық айтпағаным. Қисапсыз көп адамдармен таныстым. Қисапсыз көп мінез-құлықтарды жадыма түйдім. Сол жүріс-тұрыстың нәтижелі іздері шығармаларымда сайрап жатыр десем де болады. Мен жасаған алуан түрлі образ, бейнелердің төркінін зерттегісі келген адам болса, сол екі аудан адамдарынан тауып ала алады. Бұл ретте мен «Ленин туы» газетіне өтелмес қарыз несімін. Осы кезде жаяулап-жалпылап жүрген сол күндерімді сағынамын да. Сондағы сапарларымның бар мекнат, азабын көтеріп қайта жүрсем деймін. Өйткені сені онда ешкім қарсы алмайтын, ешкім шығарып та салмайтын. Күнделікті ел өмірі ешбір сыр-бояусыз, жалғандығы, көлгірсуі жоқ шынайы қалпында көрінген ғой. Мен қазірде де ел аралаймын. Бірақ бұл сапарларымның жөні мүлде басқа. Ел басшылары қарсы алады, қасында жүреді, шығарып салады. Сен сахнадағыдай көп көзінің алдындасын. Ал мұндай жағдайда тіршілік-қаракеттің түрлі түсті көктем көбелектеріндей құлпырып, жасанып келер көбігін ғана көресің де, шын өмірдің өзі көленкеде қалып қоя береді. Сол себепті мұндай сапарлардың жемісі де аз болмақ. Газетте тілші болып істеген сол күндерімді осы ретте сағынамын. Өзімнен кейінгі журналистерге, газет қызметкерлеріне құлақ-қағыс етерім — еш жерде, қай бір жағдайда болмасын: «Мен газет қызметкерімін» — деп кеуде көтеріп, піскен кезім болған емес. Ол кезде не көп? — Жетімсіздік, кемістік көп. Ақсап жатқан жұмыс... орындалмай жатқан науқан... Боздағы майданнан қайтпай жатқан қаралы үйлер... Соның өзінде де қаламымды қара басымның қамына пайдаланған жерім жоқ. Жақсы қарсы алмадың, жақсы шығарып салмадың, — деп өкпелеп, өш алу деген де менде болмаған.

Күні бүгінгідей есімде: бір жолы егін орағы кезінде Преснов ауданындағы «Ортақшыл» колхозына бардым. Колхоз председатели Әйкенов Тұрғын негізі момын, қақсоқта жұмысы жоқ, жұрт алдында бедел алайын, жоқ жерде көрініп қалайын деп кісімсінбейтін, басқаға содыры да, сонымен қатар пайдасы да жоқ, әйтеуір, солай жүргеніне маз, жылы ішектің несі болатын. Келсем, қос басына кеткен екен. Колхоз кілтшісі Әпен: — Мен егін басына барғалы жатырмын. Бірге жүр.

Сол жерде жұртпен кездесесін де, шаруанды тындырасың. Содан кейін ар жағындағы қол созым «Айымжанға» бастықтың атымен жеткізіп саламыз ғой, — деді.

Әпен айтқанын істеттіре алатын, тындырымды, кісілігі де мол, нар түйедей келісті жігіт болатын. Шынын айтқанда, ел ішінде бастық Тұрғыннан көрі Әпеннің беделі басым түсіп жататын-ды. Мен Әпен ұсынысын қуана қарсы алдым. Неге десен, Тұрғынның астында сол орамға жүрдектігі, талмайтындығымен даңқы кеткен сұр бие бар...

Сол бір тұстағы осы ауданның колхоз басшыларында басқа дүние құрып қалса да елде жоқ ат ұстау және ол атты баптап ұстап, мініп жүру салтқа айналған бір сәнқойлық болатын: «Айымжан» колхозының председателі Жолмұқанов Мұхамеджанда қос қан жирен, Аманкелді атындағы колхоз председателі Тұралин Сексенбайда қос бурыл, Көбештегі Аманжолов Қарида бөшке көк, Орталықтағы Әбілдин Қуандықта шаппай желетін торы айғыр — ел ішінде «машинадан озып кеткен» — дейтін лақап, аңызға айналған тұлпарлар. Сол жануарлардың бәріне де менің тақымым тиген. Бәрін де Толыбай сыншының өзіндей білетінмін. Міні жоқ тіпті. Сөйтсе де, солардың ішінде Тұрғынның сұр биесін Ақан сері Құлагеріндей мүлде мойыны озық тұрған дүлдүлі десен де сияды. Бірде мен Жамбыл облысындағы даңқты Луговой асыл тұқымды жылқы совхозында болып, сондағы «XX ғасырдың сәйгүлігі» — Абсентке мырыштан кұйылып қойылған ескерткішті көріп қызықтаған едім. Жылқы баласында да сондай сурет сұлулық бола береді екен ғой. Абсент — ескерткіш орнатуға тұрарлық жануар. Өйткені ол Токіо мен Римдегі бүкіл дүниежүзілік жарыстарда бас бәйгесі жеңіп алған ғой. Англия мен Американың не бір ат бапкерлері келіп, «сатыңыздаршы, қанша миллион сұрасаңыздар да қолма-қол ашық чекпен төлейміз», — деуі тегіннен-тегін емес қой.

Абсентті еске түсіріп отырған себебім: ал егер әр облыста өзінің бір дүлділіне ескерткіш орнату керек десе, мен ойланбай-ақ солтүстікте Тұрғынның сол сұр биесін атаған болар едім. Өйткені осы жануар не бір қыстың ақ түтек боранында қалың қар сызған шаңамен, не бір жаздың лайсаң ақ жаңбырында күбішекпен саз кешкен арбамен қнын жолдың қайсысына шықсаң да болдырмақ түгіл, сыр бермейтін еді ғой. Сыр бермек

түгіл, камшы салдырмайтын-ды. Делбені қағып калсаң, құйрығын бір шипың еткізіп (бойындағы бар міні осы ғана), құстай ұшып жөнелер еді... Балалық па әлде сұр биіге сондайлық табынгандығым ба, мақсат — келген жұмысты тындырған соң «Айымжанға» бастықтың атын мініп бару. Күтпеген қызығым да сол егіпжайда болды. Тұрғын дағдысынша елпілдей қарсы алды. Шаруашылық жайын баяндады. Адамдарын таныстырды. Жұмысым біткен соң «Айымжанға» баратынымды айтып, апарып тастауын өтініп едім, әдетте кісі бетіне келмейтін момыным ал кеп кетсін дейсің... Жұрт көзінше айтпағаны жоқ. Тілші болсаң астында атың неге болмайды? Машинамен неге жүрмейсің? Сен тіпті тілші емессің. Тілші болған күннің өзінде де газетіндегілерге беделің жоқ. Беделді азаматтың астында көлігі болады.— Сөз осы. Басу айтып болған Әпенді де тындаған жоқ. Ақыры менің жаяу кетуіме тура келді. Дегенмен мен кеткен соң бастықты тегі Әпен айтып көндірген болса керек. Тұрғын марқұмның өзінің де қайтымы шапшаң болатын, жол ортасына жете бергенімде сұр биіні салдыртып бір жігіт келді де, «Айымжанға» жеткізіп салды. Лау сұрағаннан басқа түк жазығым болмағандықтан ба (тіпті астындағы өз атыңды бер деп те айтпағанмын ғой), Тұрғынның мына соңғы қылығы әлгі ұрысқанынан да жаман батты. Мазақ секілді. Мен қатты ренжідім. Соның өзінде де Тұрғынды, Тұрғын бастаған шаруашылықты жамандап мақала жазу ойыма да келмепті. Арада отыз алты жыл өткен соң, міне, енді ғана, сонда да орайы келген соң айтып отырмын. Бұл қылығыммен мен ешкімге қиянат жасамадым дегенді айтқым келеді. Содан болса керек, мен ғана елді танып қойған жоқпын. Ел де мені танып, өзіне санаған. Соның айғағы — екі ауданда да жақсы келген аға достарым көп еді. Бұдан, әрине, «мына тілші жауырды жаба тоқып жүре берген екен ғой»,— деген ұғым тумайды. Объективті айтылатын пікір, жазылатын мақалалардың жөні бөлек. Мен бұл жерде мың тонна кен қоқысынан бір грамм радий іздеген кенші секілді

күйбені көп күнделікті күйкі тірліктен әманда жақсы мен жаңаның нышанын іздеушілік пиғылын айтып отырмын.

Тағы бір есте қалған оқиға — бұрынғы Октябрь ауданының Ленин атындағы колхозында өткен ақындар айтысы. Бұл ауданда айтыс өткізу газет редакторы Өміржан Оспанов пен оның орынбасары Ғалым Мұхамеджановтың ұсынысы бойынша облыстық партия комитетінде маған тапсырылған-ды. Кіммен кім айтысады? Және кіммін деп айтысады? Әуелі осыны шешіп алу керек. Белгілі ақын Тырбидың Молдахметі, әрине, шаппай бер. Ал оның қарсыласы кім болмақ? Сол Ленин атындағы колхоздың тұрғыны Ерғали ма әлде Өрнектен әнші мұғалім Әзікен бе? Аудан басшыларымен ақындасаса келіп, айтысқа ақын келіншек араласса жиынымыздың әрлі, тартымды боларын ескеріп, біз Әзікенге тоқтадық. Көп кешікпеді, «Еңбек» колхозынан Тырбидың Молдахметі, «Өрнектен» Әзікен айтыс өтетін Ленин атындағы колхоздың орталығына келді. Шынын айтсам, айтыс тексін күн ұзақ отырып мен жазам. Молдаекен мен Әзікен жаттаумен болады. Осындай күндердің бірінде ұзақ жұмыс істеп шаршаған соң далаға шығып бір алаңдырып, ала көлеңкеде, жатқан пәтерім — колхоз председателі Әлмағамбеттікіне келсем, аупартком хатшысы Қөбегенов, Алматыдан келген ақын Ғалым Малдыбаев отыр. Әзікен маған бас салды.

— Рахмет сізге, өкпем жоқ. Мен енді ауылыма қайта берейін.

Мен түкке түсінбеймін.

— Не ғыл деп қайта бермексіз?

— Мына кісілер солай деп отыр ғой.

— Себеп не? — деймін хатшыға қарап.

Қөбегенов:

— Әзікеннің орнына Ерғали жөн секілді, — дейді.

— Неге жөн секілді? — деп қадаламын тағы да Қөбегеновке. Ерғали Ғалым Малдыбаевтың кейінгі алаң әйелінің әкесі екенін білгендіктен, тіктеу сөйлеймін.

Оны мына Ғалекен айтсын,— деп жалтарды хатшы. Әзікен өлең шығармайды ғой,— деді Ғалекен.

Әзікен өлең шығармаса, өлең шығарып қарқасын тастапты деп Ерғалиды да естіген жоқпын.— Ой ақылдаса кеттім Ғалекенмен.— Содан кейін кеше Ғалекенді алып, бүгін былай құбылып жатқанымыз үш. Кейін де күн бар. Молда-екен мен Ерс-екенді де айналыруға болады. Оны мына Ғалекеннің өзіне тапсырар екен,— деп Көбегеновке қараймын.

Негізі бос, Алматыдан келген аты бар ақынның бекетіне ғана сыйып отырған Көбегенов жығыла кетті.

Ғалекен, шынында да шалдарды кейінірек бірігіп өтірейік. Мына айтыс өте берсін.

Ғалым Малдыбаев ал кеттімі жоқ байсалды адам емес. Жоқ болмайды» демеді.

Оны оқиғадан кейін Әзікенге өзіне деген бір түрлі сезім пайда болғанын аңғардым. Ақын келіншегім құлағын шабыттанып, даусы да ашылып кетті. Кәрі тартқан Молдахмет пен өз елінде қадірлі әнші келіншек Әзікеннің айтысы көпке дейін жұрт аузынан тастамай отырып жүрерлік той болып өтті.

Бұл 1945 жылдың февраль айының орта шені болатын. Кәтеслеспесем, сол айдың аяқ кезінде айтыс тексті Ленинмен «Ленин туында» жарияланды.

Содан бері арада отыз бес жыл жатыр. Әзікен, оның әуесі Мәжитпен арамызда сол кезде басталған достық достығы күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Әзікен мен Мәжиттің айтыс өткен кезде бір-екі жастағы үлкен оғлан Гүлбаршын кейін қолымызда тұрып университетті бітірді. Біз оны өз қолымыздан тұрмысқа бердік. Фотоласы Рабат Алматыда қазақ радиосында істейді. Бұл жас, жаңа семья да Алматыдағы біздің екінші үйіміз секілді қазір.

Сөз соңында мына мүшелді той күнін пайдаланып тағатке қояр бір тілек-талабым да бар: газет жас та-
лаларды үнемі бақылап, көтермелеп, жазғандарын
жылдан жариялап отыруға тиісті. Өйткені аудан, об-

лыстағы баспа орыны жас дарындардың алғашқы тақ бесігі болып табылады. Солтүстіктен шыққан ірі талант иелері Сәбит, Ғабиттерді мақтан ететіндеріңізді білем. Бірақ басқа облыстарға қарағанда Солтүстік өлкесі талантқа сарапдал скенін де ұмытпау керек. Мен өзім өз артымнан жиырма жылдан кейін ғана ерген жалғыз-ақ інімнің барын (талантты прозашы Ермек Қонарбаевты айтамын¹) ойлап азыркана кынжыламын.

1979 жылы «Жалын» баспасы «Жүздесу» деген атпен тамаша әңгімелер жинағын шығарды. Онда 1935—1945 жылдары арасында дүниеге келген қазіргі халыққа танымал жиырма бір автор бар. Солардың ішінде Солтүстік пен Көкшетаудан шыққан бір жазушы жоқ. Осы жәйді ескерсек, жаңағы мен айтқан тілектің мағынасы айқындала түседі.

¹ Е. Қонарбаев 1984 жылы қайтыс болды.

Екінші бөлім

ҚҰЙТЫРҚЫСЫ ЖОҢ
БІРҚАҚПАЙЛАР



ҮРІККЕН ДАНАЛЫҚ

Бір мың тоғыз жүз елу үшінші жылы сентябрь айында Алматы облысы Ұзынағаш селосында ауыл шаруашылық көрмесі ашылды. Сол көрмеде биология ғылымының кандидаты Әубәкір Әжікеев деген жігітпен таныстым. Ол ВАСХНИЛ-дың қазақ филиалында жұмыс істейді екен. Мені сол филиалдың осы Ұзынағаш төңірегіндегі экспериментальді базасына алып барды. Отырғызылған ағаштарды көрдік. Тау беткейінде егілетін егіннің жағдайымен таныстық. Қазақ филиалының негізін қалаған атақты ғалым, ер көңіл азамат Қорім Мыңбаев туралы әңгіме шерттік. Ақыры тауды өрлей отырып Үш Қоңыр жайлауына да көтерілгенбіз. Әрине, малдың төменге түсіп кеткен кезі болғандықтан жайлау қаңырап бос жатыр. Сөйтсе де бір кезде Мұхтар Әуезов тебірене суреттеген, сол сурет арқылы көңілге жұмақтай болып ұялап қалған жайлаудың тасы мен топырағын, шөбі мен суын қызықтадым. Кереметі — әлдеқашан күз түссе де көкпеңбек болып жатқан осы бір тау төбесіндегі кең алқаптың кез келген жері тұнып тұрған тұмалар. Айқыш-ұйқыш түсіп ағып жатқан бұлақтар Абай жырлаған шыбынсыз жаз орнаған осы бір атырапта мал дегенің екі-үш айдың ішінде құлпырып шыға келеді екен. Рахаттана дем алып, кереметтей бой жазып, сергіп, бесін кезінде біз төмен түстік. Біресе қиялап шыңға тартып, біресе құлдырап еңістеп кететін тау жолы. Әубәкір алда, мен оқ бойы кейін келе жатқанмын. Кенет астымдағы атым оскырынып қалды да жалт берді. Мен ұшып түсе жаздадым. Әйтеуір құдай сақтады. Неге үрікті екен жануар, деп жан-жағыма көз салсам, жол үстінде оқушылардың көк сиясы секілді қызғылт реңкті бір жылан маған қарап шпыршық атып, ысылдап тұр. Құласам, үстіне барып жалп етерім хақ. Сол ойдан зәрем ұшты ма, білмеймін, әйтеуір аттан түстім де алыстан баспалап, тас лақтыра бастадым.

Жылан қозғалмады. Иіріліп алып, қалақша басын маған бұрған қалпы тіліп сүйірленді, келсен кел деп тұрғандай. Бірақ жақындаған жоқпын. Көп сермелген тас қойсын ба, ақыры тік тұрған жылан сылқ ете түсті де таркатыла берді... Содан кейін денесінің әр жері бір-бір етіп барып қимылсыз қалды. Мен атыма міндім де ұзаққырап кеткен жолдасыма қарай жөнеле бердім. Жүріп келем. Ойлап келем: жыланның бар жазығы — менің жолымды кесіп өткені. Айбат шексе, жасаған шабуылы емес, көрсеткен қарсылығы ғана. Олай болса, неге өлмендедім? Оның қарғы — уы болса, сенің қаруың — қолың. Батыр болсаң жекпе-жекке шық. Әйтпесе өз жолымен кетіп бара жатқан тіршілік иесінде не шаруаң бар еді? Сол жан сөзін жәндік бола тұрып, өлімді қасқайып тұрып қарсы алды. Ал сен болсаң?..

...Айтуға аузың бармайды...

ҚАҢҒЫБАС ҚОЯН

Ертерек жылдардың бірі. Әлдеқандай болып қопайып жүргеніммен үйде көк тиын жоқ. Қарызға бірдемес шықпас па екен деген үмітпен Жазушылар одағына келдім де көп кешікпей үйге телефон соқтым, елу сом табылды. Қазір барамын.

Осыдан кейін тындыра кетер бір шаруам болып «Жұлдыз» журналының ол кездегі бас редакторы Жұбан Молдағалиевтің кабинетіне кірдім. Ғабиден Мұстафин отыр екен, қуанып кетті:

— Міне төртінші қол табылды ғой...

— Ал кеттік онда, — деді Жұбан.

Қалайша көнбейсін! Жұбан үйіне барып карта ойнадым. Қырсыққанда қымыран іритіні рас екен. Қалтамадағы елу сомның үстіне жиырма бес сомға тағы қарыздар болып, түннің бір уағында сөмпиіп үйге келгенім. Тоқ бала аш болам деп ойламайды, — деп Абай айтқандай, қолы шыққандардың менде не шаруасы бар, масайрап қала берді.

Әрине аштан өлген жоқпыз. Сөйтсе де С. Маршактың:

Скачет заяц бороздой,
У него карман пустой.
Катя к зайцу подошла
Калача ему дала.
Подарила медный грошик.
Чтобы купил ему для крошек,
А купил он табаку,
Курит лежа на боку,
Эдаки бездельник, —

деген өлендегі қаңғыбас қоянға ұқсап кеткенімді есіме алсам күні бүгінге дейін арқам мұздап қоя береді...

ҚОРҚАҚҚА ЖАУАП

Дүние салған бір азаматты жерлеп жатыр едік, әлдекім Бердібек Соқпақбаевқа сұрақ қойды:

— Сенің жайлаужайың осы тұста деп естіп едім, рас па?

— Рас. Мына Кенсаймен өрлей салсаң, ана төбесің басында. Тиіп тұр десе де болғандай.

Тиіп тұр дегесін бе, екінші біреу қосарлана кетті:

— Молалардан қорықпайсың ба?

— Өлгендерден неге қорқам? Қорықсам, тірілерден қорықпаймын ба? — деп жауап берді Бердібек табан аузында.

АДАМНЫҢ КЕЙБІР КЕЗДЕРІ

Бір мың тоғыз жүз елу алтыншы жылы өзбектер өз зиялыларының бірінші съезін шақырды. Қазақстаннан төрт-бес адам қонақ ретінде Ташкент қаласына бардык. Делегация бастығы — Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Ишанбай Қаракұлов.

Обалы нешік, өздері съезд деп атаған осы жиынды өзбектер кереметтей етіп өткізді. КПСС Орталық Комитеті Президиум мүшесі, Өзбекстан Орталық Партия Комитетінің сол кездегі бірінші секретары Мұхиддинев баяндама жасады. Съезд соңында айта жүрерліктей етіп қонақ асы берді. Жұрт тарай бастаған кез. Біз ертерек шығып билыард ойнап жүргенбіз. Екі беті бал-бұл жанып, қызара бөрітіп Ишанбай балаша жүгіріп келді. Қолды-аяққа тұрмайды:

— Ойбай, жүріндер...

— Қайда?

— Жаңағы банкет залына... Абдулласвтың өзі шақырып жатыр. Қазақтарды өлгенше жақсы көремін, келсін деді.

Кейін марқұм болған Абдуллаев Одаққа аты мәлім үлкен ғалым, Өзбек ССР Ғылым академиясының президенті, бізді айрықша көріп шақырып жатса, қалайша бас тартасын? Банкет залына кірсек, ұзын столдың басында Абдуллаевтың қисайыңқырап отыр екен. Қасында ер-әйелі бар көңілді жұрт. Ақкөңіл Ишанбай жүгіріп президенттің қасына барды.

— Міне қазақтарды алып келдім,— деп мызғып кеткен Абдуллаевты жұлматай бастады.

Абдуллаев бір кезде көзін ашты. Қарсы алдында тұрған Қазақ ССР Мәдениет министрінің орынбасары А. Федулинді басқалардан бұрын көрді де қолын бір-ақ сермеді:

— Сендерді кім шақырды? Көне — табандарыңды жалтыратыңдар!

Бала мінез Ишанбайдың иланымпаздығы мен аңғырттығы Алматыға жеткенше күлкімізге тиіск болғаны әлі есімде.

ТҮМЕНДЕГІ СӨРСЕНБАЙ

Бұдан бұрын «мені қалай үйлендірмек болды» атты әңгімемде айтқанымдай мен Түменге кешеулеп аттандым. Сібірдің ссы бір қаласы өкпе тұстап біздің ауылға онша қашық та емес, сол себепті Петропавл, Омбы арқылы айналып поезбен жүрмей, атпен тура тарттық. Әкем еңбегіне алған бидайды диірменге тарттырып, арбасына бес-алты қалшық ұн салып алды. Біз бір апта жүріп Түмен қаласына келдік. Онда соғыс кезінің қиындығына қарамастан ірілігі, мырзалығымен есімі ел ішінде аңызға айналып кеткен Есенәлінің Сәрсенбайы тұрады. Әкем ат басын соның үйіне тіреді. Сәрсенбай шығында мырза кісі екен. Құрақ ұшты. Базарда бір таба нап бес-алты жүз сом болса да, жегі жеп сапырақ мұрын атанып кеткен келіншегі Әлқатияға етті асқызды, шәйді қойғызды. Төңіректі жұтандық, қонторғайлық, керек десең аштық айналдырып жатса да, ақ майды аузымыздан ағызды. Мен әскери бөлімшеме кеттім. Ал Сәрсенбай болса, қадірлі қонағы әкелген ұнды қымбат бағаға сатып, әкемнің қойнын ақшаға, қоржынын киім-кешек, керек-жарак нәрсеге толтырып берді. Әкем жүрерде рахмет-алғысын жаудырып, соншатықты риза екенін, істеген жақсылығын ұмытпайтынын айтып ішкен-жеген,

пәтер қақы болмаса да он шақты күн аты тұрған қора қақы деп ақша ұсынып еді:

— Ау, Шәке, мұныыз қалай, ағам қазақтың бөліспеген енісісі — қонақ асысы, салып берер төсегі, баспанасы емес пе?! Пәтер ақы деп сізден ақша алатын жын-данды деп пе едіңіз мені. Көрсеткен сый-құрметімді жақсылық дейтін болсаңыз, құдайдан қайтар. Жәбір-леменіз. Менің қолым ұзын адаммын. Бір тиын шығарсам, екінші жағынан бір теңге болып кіріп жатады. Пәтер жалдап көрген күні құрысын,— деді Сәрсенбай.

Бұл кісі ірі сауда жүргізеді. Вагондап Москваға, тағы сондай ірі қалаларға ет апарып сатады деуші еді, сонысы рас болды-ау деп ойладым мен. Тағы да ризалығын білдірген әкем менің керек-жарағыма екі пұт ұн қалдырды да, Сәрсенбайға: қажет еткен кезінде сатып ақша жасап берерсің,— деп аттанып кетті.

— Өзіңіздей көріңіз,— деп Сәрсенбай қалды.

Арада екі-үш ай өтті. Кезекті бір медициналық байқауда менің өкпем қарайғаны мәлім болды. Шынымды айтсам, өзім ештенені сезген жоқпын. Еш жерім ауырмайды. Температурам да дұп-дұрыс. Бірақ медициналық комиссия, сол жақ бұғана астында қатерлі анфилтрат бар деп тапты да, қымызбен емделу керек деп қорытынды жасады. Байқамаса, қарамаса, туберкулезге айналып кетер қаупі барын да ескертті. (Шынында да мен тубдиспансердің есебінен кейін елуінші жылдардың бас кезінде ғана шықтым). Мен елге қайтатын болдым. Сәрсенбай екі пұт ұнды алты мың сомға сатты да ақыл қосты.

— Елге ақша апарып қайтесің, керсегінді осы жерден алып кетпейсің бе?

Осы ұсынысты мақұл көрдім де, әскери бөлімшемен хош айтысып. Сәрсенбай үйіне келдім. Ол кісі әкететін дүниелерімді дайындап та қойған екен, шығара бастады:

— Шәшің сондай қалың, тікірейіп тұрады екен. Тарақ керек шығар?..

Тарағым бар болса да, керек емес деп қалай айтайын, керек дедім. Сәрсенбай әлде бір темір тарақты алып шықты да:

— Бағасы бес жүз сом,— деді.

— Болсын.

Үлкендігі бармақтың басындай ғана айнаны алып шықты да Сәрсенбай:

— Бағасы екі жүз сом,— деді.

— Болсын.

— Сен әлі үйленбеген бозбала емессің бе, иісмай да керек болар?

— Әрине керек.

Сәрсекен этикеткасында қарғаның мәткесіне ұқсас әйел суреті бар, нығына қарай сүйірлене беретін флаконды алып шықты.

— Алты жүз сом...

— Болсын.

— Мынау мойынға салатын шарф. Мың сом.

— Болсын.

— Елге барған соң сүйген қызыңмен кездеспейсің бе?

— ..?

— Мынау ерін бояуы. Сегіз жүз сом...

Бояу жаққан қыздарды жек көрем деуге аузым бармады.

— Болсын.

Ұзын сөздің қысқасы, менің осы болсындарым бес мың бес жүзге түсті.

— Мынау жол шығынына жетеді,— деп Сәрсекен бес жүз сомды қалтама салып берді де, поезға отырғызып жіберді...

Қанша ірі болса да, саудагер адамдардың тиынды сомға қалай айналдыратынын сонда көргеніммен, мағынасын жүре-бара пайымдаған секілдімін.

Өнердің үлкен сыншысы Ставский «Алыптар тобы» деп атаған аса дарынды суретшілердің көш басшысы Иван Крамскойды атақты купец Павел Третьяков қатты бағалаған. Пікірімен қалтқысыз санасқан. Соның айғағы: осы күнгі Третьяков галереясындағы мыңдаған картиналардың тек Крамскойдың айтуымен сатып алынуы. Третьяков Крамскойдың ешбір ұсынысын елеусіз қалдырмапты. Бәрін де қабылдапты. Сол Третьяковқа Крамской бірде хат жолдаған ғой: «Мен бір портрет жазып бітірдім. Жұрттың айтуынша жаман шықпаған секілді. Егер сатып ала қалардай болсаңыз бағасы — мың екі жүз бен тоғыз жүз сомның арасы».

Третьяков өзінің бас кеңесшісіне жауапты былай қайтарған: «Мен саудагер адам болғандықтан бағаның соңғысына тоқталдым».

Миллиондаған ақшасын аямай шашып, картина сатып алып жатқан Павел Третьяков бас кеңесшісі Иван Крамскойдың өзінен де үш жүз сомды жырып қалып жатса, Сәрсенбайға не демексің?!

Саудагердің аты саудагер.

ТІРШІЛІК БАСПАЛДАҒЫНДА

Қолым бос кезінде айтса болды, әйелімді сұраған жеріне апаратын әдетім бар. Сағат кешкі бес. Біз салып ұрып тарап жатқан көкшін базарға келдік. Бақаң тарай бастаған жұрт арасына сүнгіді де кетті. Машинаны күзетіп мен қалдым. Жәй қалған жоқпын, құжнап жатқан жұрт нөпіріне қараумен отырмын. Міне қақпадан бір әйел, бір еркек шықты. Біреуінің қолында сыпырғыш. Екіншісінің қолында жарты литр арақ, тағы бір түйіншек. Екеуі маған қарай жақындап келді де уақыты бітіп жабылған кішкене дүкеннің баспалдағына келіп жайғасты. Еркек сыпырғышты былай қойды. Әйел түйіншекті ашты да, тұзды қияр мен қызанды алып, баспалдаққа орамал төседі. Еркек жартының тығынын ашты. Екеуі баппен отырып кәдімгідей, үйдегідей дастарқан жайды. Нан мен сарымсақ, тұзды қияр мен қызан, жарты литр арақ. Аты көше демесең, бұдан артық не тілемексің құдайдан?!

— Оң қанатты мен бүгін тазалап сыпырдым,— деді әйел.

— Сол қанат бүгін сондай таза. Менің алшым оңнан түсті,— деді еркек.— Бір қасапшының етін шабысып едім, бес сомды қалтама сұға салды.

— Маған да теріс болған жоқ, алма сатқан бір азаматтың жүгін түсірісіп едім, үш сом ұстата берді,— деді әйел.

Екеуі де көңілді. Екеуінде де табыс бар. Еңбекпен өткен мына күнді қайтсе де атап жіберу керек енді. Содан кейінгі жоспарды ақылдасып шешеді ғой екеулеп. Әйел жан қалтасынан екі стакан шығарып орамал үстіне қойды. Еркек бір жұтынып алды да арақ құймаққа шыныны көтере берді...

Қенеттен бір милиционер сап ете қалды:

— Бұл жерде не істеп отырсындар?

Еркек арақты орамал үстіне қайта қойды. Екеуінде де үн жоқ.

— Тәртіпті неге бұзасындар? Көшеде отырып арақ ішуді сендерге кім үйретті?! Тұрындар кәне!— Милиционер осыны айтты да, жарлығының орындалуын күтпестен арақты арыққа апарып лақылдата салды,— табандарыңды жалтыратындар кәне бұл жерден!

Милиционер қас қағымда кетіп отырды. Тілі байланып қалған еркек пен әйелде үн жоқ. Бірер минут осылай өтті. Содан кейін екеуі де есін жияйын деді білем,

осы жерге отырайық деген сенсің, жок, мен емес, сен едің ғой,— деп даурығысып, бір-біріне қол сермесіп, жертепкілесіп тұрды да екі айрылып жүре берді...

Ерсі шаруаның акыры осылай тынбағанда қайтушы еді...

ӨЛЕРДЕГІ СӨЗ...

Қайнексі Жармағанбетовтің «Ара» журналында редактор кезі. Кабинетінде бір топ жазушы отырғанбыз. Телефон шылдырады. Қайнексі трубкуны көтерді де өні бұзылып сала берді.

— Мұқан Иманжанов қайтыс болыпты...

Сол бойда біз бәріміз де салып отырып ауруханаға бардық. Шағын ғана палата. Көрпемен ұқыпты қымталған Мұқанның көзі жұмулы жатыр екен. Арса-арса ку сүйек қана болса да, өні онша өзгермеген, ұйықтап кеткен адам секілді. Орта жастан асқан орыс нянясі ағыл-тегіл жылап жүр. Өлімнің не бір түрін көзімен көріп, қолымен атқарған осы бір жасамыс әйелдің мына түрі бізді таңқалдырды. Сұрасақ, оқиға былай екен: мына кісі Мұқанды зембіл-арбаға салып рентгенге апарыпты. Өз аяғымен түскен Мұқанның шығарда шамасы болмай қалған. Жүріп кете ме деп қорыққан няня зембілді былай тастап, саудырап қалған ку сүйекті көтеріп әкеп орнына жатқызған. Сол екі арада Мұқан тілден айрылған.

— Көрпесін жауып, енді дәрігерге жүгірмек болып тұра бергенімде тілі күрмелген ауру көзін ашып маған әлденені ишара жасады,— деді күтуші әйел.— Мен түсіне алмадым. Шай керек пе?— Ауру басын шайқады. Су ішесің бе?— Ауру басын шайқады. Дәрігер шақырайын ба?— Ауру басын шайқады. Тамақ ішкін келе ме әлде?— Ауру тағы да басын шайқады. Не тілегінің барын түсіне алмай, дал болдым. Жан-жағына көз жүгіртіп байқасам өкшесі ашылыңқырап қалған екен. Дерев аяғын көтеріп, көрпемен жақсылап орап, қымтап орнына салып едім, аурудың кенет тілі шықты да: спасибо.— деді. Бар айтқаны сол. Содан кейін дүниеден өтіп жүре берді...

Күтуші кемпір осыны айтып, ағыл-тегіл тағы жыламасы бар емес пе!

— Бұл жерде өлім деген не, тәйірі. Аурулар күнде аттанып жатады. Ал мына аурудың жөні бөлсек еді ғой.

Алты айдың ішінде бір нәрсеге ренжігенін, бір нәрсені талап еткенін көрген емеспін. Қандай асыл адам! Осындай асылдарды өлім шіркін неліктен аямайды екен?

Күтуші әйелдің сөзі біздің де қабырғамызды қайыстырды. Көзімізге мөлтендеп жас келді. Ойлап қарасаң керемет қой. Иманжановтың жан тәсілімін қылардағы сөзі — рахмет болған.

Қай күні дүниеден өтерінді кім біліпті... Ал сонда дүниеден өтердегі соңғы сөзің не болмақ? Өзінді қай қырыннан көрсетерсің? Дүниеге келгеніне рахмет. Сол өмірде не бары қырық екі-ақ жыл өмір сүргеніне рахмет. Жақсы адамдарға рахмет!..

Жақсы адамдар?... Олар қайда? Ана көзінің жасын көл етіп тұрған күтуші әйел жақсы адам ба? Жақсы адам болса, өліп жатқан басқалар үшін неге егілмейді?

Жоқ, жақсы адам сенің кеудеңде. Жақсы адам сенің қан тамырларыңның соғысында. Жақсы адам сенің мінез-құлқыңда.

Жақсы адам... Сен жақсы болсаң ғана жақсы...

КУЗМИНИЧНА

Бір мың тоғыз жүз елу екі — бір мың тоғыз жүз елу үшінші жылдары біздің көркем әдебиет баспасы сондай қауіпсіз болатын.

Неге екені белгісіз, тиесілі қалам ақынды айлап жүріп ала алмайтынсың. Ақша бөлісетін күні ертемен келіп кезекке тұратынсың. Жасы бар, жасамысы бар бірін-бірі кеудесімен итеріп кассирге ұмтылған халықты көретіңсің.

Сондай бір күн. Өлдім-талдым дегенде менің де кезегім жетті-ау! Айнала жұрт қоршауында қалған кассирша кемпір Кузьминична терлеп-тепшіп отырған қалпы қалам ақымды санап қолыма берді. Он сегіз мың сомды будыратып қойныма тықтым да, далаға шықтым. Жармасқан дос-жарандарға жолда екі жүз сомды шығынға шығарып үйге келдім. Будыраған көп дүниені әйеліме табыстап жатпаймын ба!?

— Қанша алдың?— деп сұрайды Бағдат.

— Табаны күректей он сегіз мың сом,— деймін мен кісімің. Өйткені ол кездегі он сегіз мың қазіргі он сегіз мыңнан әсте кем болмайтын. Он сегіз мың — бір жарым кабриолет «Победа», үш «Москвич» машинасының құны.

Бағдат мен әкелген ақшаны олай санады, былай санады. Ақыры есебіне жете алмады ғой деймін:

— Мынау он сегіз мың емес,— деді.

— Немене, кем бе?

— Кем емес, артық.

— Артық?..

— Иә, түп-тура он сегіз мыңы...

Біз енді қаламақыны екеулеп санадық. Рас екен. Жолдағы шығындарымды қоссам, отыз алты мың сом!

Алғашқы күдік: мүмкін алашағымның өзі отыз алты мың шығар?.. Қағыс естіп, теріс түсініп жүрмейін осы. Сөйтсем де қаламақымның қанша екенін шамалайтын секілдімін. Көз алдыма жұрт аузында — Кузьминична аталатын, сол себепті бұл күнде аты да жадымнан шығып кеткен аласа бойлы арық, ақ шашты кішкене кемпір Кузьминична елестеді. Алдына бара қалсаң, ақшаның түспегенін, ертең тағы да банкка баратынын, мүмкіндігі болса алып келетінін айтып асықпай түсіндіріп, кішіпейіл, камқор, жаны ашығыш Кузьминична.

Ертеңіне бар ақшаны портфельге салдым да бірден баспаның бухгалтериясына бардым... Отырғандардың бәрінің де қабағы түсіп кеткен. Ал Кузьминична көп жылаған болса керек, көзі қып-қызыл бұлаудай.

— Біреу-міреу қаза болғаннан сау ма? Неге бүйітіп отырсындар?

— Қазадан да жаман,— деді әйелдердің бірі.

— Қазадан да жаман не соншалықты?

— Он сегіз мың сом ақша жоқ. Кузьминична қалай жоғалтты, білмейді. Банктен кем алды ма әлде осында келген соң біреулерге артық беріп жіберді ме, мүлде беймәлім.

— Ендеше жоғалған ақшаларың менде,— деп портфельді аштым.

Жұрт жадырап жүре берді. Көзі қып-қызыл Кузьминична кемпір жылағаны ма әлде күлгені, әйтеуір оғаш сарылдақ дауыспен келіп мойныма асылды да, шөпілдетіп сүйе бастады.

— Мой милый! Мой ненаглядный! Мой... Мой... Самый... Самый...— Қолы сондай катты болар ма, қылқындырып әкетіп барады.

Жұрт есін жиып, Кузьминичнаның көңілі орнына түскеннен кейін істің мән-жайын тексерсек, ауасы тар кішкене бөлмеде шаршап, шалдығып отырған Кузьминична байғұс жүз сомдықты елу сом деп қос-қостан санап маған ұстата беріпті.

Міне содан бері отыз жылдан артық уақыт өтті, Құзымнишна әлдеқашан дүние салған. Ал мен болсам, біреуден ілгері, біреуден кейін жүріп жатқан жайым бар. Басқаның көзінің жасы, мұрнының боғы он сегіз мың сомды сіңіре қалған күнімнің өзінде де осы күйімнен асып кетпеген болар едім. Рас, бір көйлекті артық, бір костюмді жұрттан асырыңқырап киермін де. Бірақ онымен қай төбеге шығатын едім? Қай мұратқа жететін едім? Көйлек жыртылады. Костюм тозады. Алайда арып таза жан болсаң, сол ісінді ойлаған сайын жерге кіріп кете жаздап жүрмес пе едің?!

Періште болмасам да, алтынды көрс тұрып жолдан таймағанымды осы күні мақтана отырып есіме аламын.

ҚАРАҚҰМНЫҢ БЕРДӘЛІСІ

Қызылорданың Жалағаш ауданында Бердәлі деген досым болды. Әу баста мен онымен Қарақұмда сол төңіректің белгілі ақыны Әбдікәрім Оңалбаев екеуміз жайлау аралап жүріп кездескенмін.

Қызылордадан шығарда Әбдікәрім: Қарақұмда бір керемет кісі бар, сонымен таныстырамын,— деген. Тықыр нұрамен құмды жиектей отырып, бір төбеден асып едік, айналасы көкпенбек бір көлшік көрінді. Құмның нағыз іші болса да, гүл жазира дерсің. Жайылып жүрген қой отарлары. Киіз үй...

— Бердәлінің ауылы осы,— деді Әбдікәрім.

Бердәлі толықша келген, орта бойлы қара кісі екен. Басына қол орамалын төрт құлақтап киіп алыпты.

Дағдылы амандық-саулық. Баққан мал-жайын білгім келді ме:

— Халіңіз қалай?— деп сұрадым.

— Халдің несін сұрайсың, шырағым. Бағымыз ба, сорымыз ба қой малын маңдайымызға жазған екен, соны бағып жүріп жатырмыз.

Жауап сондай оқыс шыққан соң, ферма бастығын сөйлеткім келді ғой деймін, дауласа кеттім:

— Неліктен сор дейсіз? Қой малы ер ырысы емес пе! Еті... жүні... терісі... дегендей...

Бердәлі жауапты шалақ қайырды.

— Е, қой бақпайтын елдер де бар көрінеді ғой. Солар аштан өліп жатпаған секілді. Қой болмаса, кәсіптің басқа бір түрін таппас па едік. Сонымен айналыспас па едік?!

Біз Бердәлімен қона жатып әңгімелестік. Мінезі кесек, сөзі ірі. Оқығаны жоқ болса да тоқығаны көп. Қазақтың ақбөкен жайлаған кең сахара құмының бір кнырында осындай дана адамдардың барлығына қайран қалып, әрі оны өзіме іш тартып аттандым.

Кейін Бердәлімен тағы да кездестім. Бұл жолы Қарақұмда емес. Алматы қаласында. Бекен қыдырып келмейті. Ауруханада пышақ үстінде қайтыс болған он алты жасар інісінің мәйітін алып кетуге келген. Әр даланың өрелі де сұңғыла перзенті қалада сондай пұшайман. Өлікті алып кету жабдықтарының бірін білмейді. Бекенді жақсы көргенім соншалық, жүгіруіме тура келді. Мырыштан табыт жасаттырдым. Шілденің ыстық шағы еді. Тоназытқыш вагон алып бердім. Мәйіт салынған бұл тоназытқыш вагон Теміржол басқармасының айрықша қадағалауына алынды.

Арада айлар өтті. Қаза қайғысы жеңілдеп, есін жия бастаған кезде Бердәлі маған телефон соқты.

Танымасаң да, көрмесең де, шын ағасындай қызмет еттің. Ініңнің басына келіп тауап етіп қайт. Қонақ бол.

— Рахмет, Бәке. Жөні келсе, көрермін.

— Көрермінді қой, шырағым. Келетін бол.

Сөйтсе де сол көрермінмен тағы біршама уақыт өтті. Ноябрь тойы жақындады. Қызылорда қаласынан тағы телефон шылдырады.

— Ал, шырағым, қалаға арнайы келіп әдейі телефон соғып тұрмын. Біздің жаққа келіп қайт.

— Көрермін, Беке.

— Көргені несі?

— Барармын дегенім ғой.

— Қашан?

— Кейін хабарлармын.

— Әй, шырақ, ондай сөзбұйданды қой. Немене мені ат өтті шақырып жүр деп ойлайсың ба? Әлде жол қаражатың жоқ па? Олай болса, қазір табан аузында телеграфпен ақша аудартам.

Ағынан жарылып, шын шақырып тұрған Бердәлінің мына сөзі шымбайыма батыңқырап кетті. Мен ноябрь мерекесін Бекен ауылында өткіздім. Қырғауылға тұзақ құрдық. Қамыс арасынан қоян қағып, доңыз аттық. Сөйтіп қош айтысар күн де жетті. Басқа бір үйде түстеніп, Бердәлінің үйіне келсек, аулада бір арғымақ құнан, бір тайлақ байлаулы тұр екен. Дастарқан үстінде үй қожасы маған қарап сөз бастады:

— Қорада бір құнан, бір тайлақ байлаулы тұр. Еке-

уін де сыйға тартамын деп тыраштанып жатпай-ақ қояйын. Бірақ қалағанын алып кетесің. Ең салсаң болды. Алматыға жеткізу біздің жұмыс.

Бұрын мұндай сыйлық алып үйренбеген басым жалтарып жатырмын.

— Мен мұнда зәрулік қысып келген адам емеспін, Беке. Көңіліңізге рахмет.

— Ол не дегенін?— деп танданды Бердәлі.

— Мен құнан мен тайлақсыз да байып қайтып бара жатқан адаммын. Бұрын көрмеген ағаларымды таптым. Бейтапыс інілеріммен достастым...

— Ондай әдемі сөзінді... әлгі қаладағы жолдастарыңа айтатын сөзінді маған айтпа!

Бекен тықсыра бастаған соң мен тағы да ығына жығылдым.

— Маған бәрібір. Қалағаныңыз болсын ендеше.

— Әне соныды айтпайсың ба! Аумин,— деп Бердәлі стаканды басына бір-ақ көтерді.— Атағанымыз тайлақ онда.

Бердәлі секілді кесек жаралған тұлғаларда екі сөз бола ма. Тайлақтың өзі болмаса да көзі өзіммен бірге Алматыға ере келді...

Осындай ірілік шіркінің қазақтан басқа қайда бар екен десеңші!?

ҚАМСЫЗ КҮНДЕР

Өткен күнге көз жіберсең, талай-талай қызық та қиын, ерсі де оғаш, оқыс жайларды да басыңнан кешіргенінді байқайсың. Біреуіне өкінесің, енді біріне таңтамаша қаласың. Балалық аңғырттық пен Сырдың суы жұлығыңнан да келмейтін жастық кездің қамсыздығы...— бәрі де сонда.

Бір мың тоғыз жүз елу бірінші жылдың июль айы. Қарағанды қаласында тұрған кезіміз. Жұбайымның айы-күні тақалып отырса да кезекті демалысымызды пайдаланып, екі жасар қызымыз Жанна үшеуіміз туған жер қайдасын деп тартып бердік. Жолда оқыс бір оқиға туып қалмас па екен? Перзентханасы түгіл, акушеркасы жоқ ауылда жағдайымыз қандай болмақ? Қиындық көріп жүрмейміз бе?— Пәрігейімізге кіріп шықсайшы!.. Қырыққа дейін адамның жаны артта. Қырықтан соң ғана алға шығады деген сол екен. Қорқу-ұрқу дегеніннің қайда жүргенін кім білсін! Қалай десең де аман-есен

ауылға келдік. Бағдат аман-есен босанды. Мен Дана атты екінші қыз балама әке болдым. Ата-бабаларымыз, әже-аналарымыз дүниеге қалай келсе, Данамыз да дәп солай келді. Қиындық көрген жоқпыз. Өйткені дүниеге жана келген нәресте» перзентханан қайда? Акушерка-ларың неге жоқ?— деп мазамызды кетірмеді. Дені сау, ауру-сырқаудан аман, күн санап түлеп жатты.

Өстіп жүргенде күз келді. Бұрын бұл жақтың күзі әуелі түн салқындап, бозқырау түсіп, жауын-шашында-тып бірер аптаға созылар болар еді. Осы жолы неге скенін кім білсін, бірден соқталы ақ боран соқты да кетті. Бірақ боран түгіл зымыстаныңа қарар мен бе?! Нәрестеме бір ай үш күн толды дегенде октябрьдің бірі күні жолға шықтық. Мақсатымыз — Мәуліт атты темір-жол станциясына жету. Жетсек болды, билет алу, ба-лаларды шұбалтып посзға отыру. Петропавлды басып, Қарағандыға жету дегенің бұйым болып па?! Жаңбыр аралас ақсоқта борап тұр. Жол дегенің ми батпақ. Тол-тыра бидай артқан жүк машинасы сол ми батпағыңды есіп ыңыранып келеді. Кабинкада екі балам мен Бағ-дат. Мен болсам, төбеде отырмын. Боран дегенің не тәйі-рі? Жылы киініп, жалған дүниенің жартысындай үлкен болыққа оранып алғанмын. Ең кереметі — үшеу болып келіп, төртеу болып көбейіп кетіп барамын.... Шынымды айтсам, төртеу емес түк-тура алтаұмын. Машина үстің-де менен басқа тағы да екі адам бар: ағалы-қарындас — Бәрі мен Қымбат. Екеуі де ғаріп. Екеуінің де көзі жоқ. Өз семьямның Қарағандыға жетуін шопақ құрлы көр-меген соң, оларды да алып келе жатырмын. Өйтетінім Қарағандыда керемет бір танысым бар. Жәй таныс емес, атақты Филатовтың ортан қолдай шәкірті. Не бір басырларыңды жазып жіберген оташы.

— Таныс-туыс, жегжаттарыңның ішінде соқырлары болса, алып кел. Қабылдаймын, деген.

Мен міне сол дос дәрігеріме ағыйын-туыс, немесе жегжатым болмаса да, ауылдасым екі бірдей мүскінді әкеле жатырмын.

Жол болса, жаман, күн болса, түтеп тұрған ақ бо-ран. Екі баламен, оның үстіне екі ғаріппен далада қалсақ, күніміз не болады? — деген күдігіңізді көңілге күншілік жер жақындатқанмын ба, салып келеміз. Құ-дайдың дес берісінде ішір қараңғысында Мәулітке де жеттік. Вокзалға барсақ, Қарағанды поезы бұл жерден ертең кешке өтетін болып шықты. Сонда ғана барып есіме түсті: ау, екі баланы көтеріп, екі ғаріпті жетелеп

кайда барып түнемескіз? Кез келген тұрғыннан:

— Осында қазақ үйі бар ма? — деп сұраймын.

Ақыры рахмет жауғыр біреуі:

— Анау жерде қазақ тұрады, — деп жөн сілтеп жібергені...

Келсек, қора толған машина, үй толған қонақ. Екі бөлмеде ине шаншар жер жоқ. Иісі қазақ болған соң қабақ шытар үй иесі ме!

— Ау, сырылындар былай қарай. Мына сәбилер жаурап қалмаса игі еді, — деп төрдегілерге жарлық беріп жатыр. — Ал жоғарлатындар кәне.

Иісі қазақ болған соң қысылып жатқан біз де жоқ. Екі баланы көтеріп, екі ғаріпті жетелеп төрге шықтық. Шай іштік. Жердің тарлығынан қырымыздан жатып түнді де өткердік. Ертеңінде вокзалға келсек, жолаушы дегенін, оның ішінде қас қылғандай тап Қарағанды жүретіні аткөпір. Әйсілім мен балаларымды, екі ғаріпті бір жерге отырғызып кезекке тұрдым. Екі жасар қызым тонғаны ма, мамасына ұйлыға түседі. Ал Дана нәрестем болса, шешесінің борық мамасын сорғылайды да, мына дүниеге келгеніне ризалық білдіргендей ұйқыға кетеді. Ойында түк жоқ. Ол жағынан дәп папасының өзі секілді.

Сөйтіп жүріп, қырсыққанда қымыран іридінің кері келіп кезек маған жеткенде орын болмай қалды... Жаманның ақылы түстен кейін кіреді деген рас екен, екі баланы көтеріп, екі ғаріпті жетелеп жүргенім сонда ғана есіме түсіп, вокзал бастығына бармаймын ба! Ак шашты, көк көз таудай кісі екен, басын шайқады:

— Өзің не қылған адамсың?! Ертерек неге келмейсің?! Енді амалын жоқ, бүрсігүнді күтесің...

Мәссаған безгелдек!..

Жазған құлда шаршау бар ма, енді бүрсігүнді күтетін болдық. Соқыр ұстағаннан айрылмайды деп бекер айтылмаған екен, салып ұрып кешегі үйге тағы келеміз ғой. Бір жақсысы, қонақтардың көбі аттанып кеткен екен. Бел шешіп отыруға, қисайып жатуға мүмкіндік туды. Үй иесі орта жасқа келіп қалған қалың кара мұртты кісі маған кейістік білдіріп жатыр:

— Кезектегілердің көп екенін көрген соң, жүгіріп үйге келмейсің бе?! Осы станцияда отыз жыл тұрамын. Танымайтын бірі жоқ. Екі билет болса, бірін-бірі болса, өзін алып бермейтін бе едім!?

Қәдімгі сбін таппаған тұз жалайдының кебі.

— Маған төрт билет керек қой, — деп жатырмын.

— Төртеуін де таппаймын ба?!

Амал не!

Өкінішті көп өмір кеткен өтіп,— деп Абай мүмкін осындайда айтқан шығар?..

Кім білсін оны.

...Біз сөйтіп аман-есен Қарағандыға да келіп жеттік-ау. Күн мұнда да ыздып тұр екен. Қарлы боранның аяғы енді тұу десе, түкірік түспейтін аязға айналған. Бірақ үйіміз сондай жылы. Жағамыз жайлау. Демалыстан шалдығып келіп, үһ,— деп дем алып жатырмыз. Дем алып жатырмыз? — Оны маған кім беріпті! Өз басыма тілеп алған азабым — екі ғаріпті жетелеп поликлиникаға баяғы таныс көз дәрігеріме бармаймын ба енді. Соның алдындағы ертең барамыз деген күнгі Бәридін хал-күйін көрсен... Жок, көру түк те емес. Сөзіну керек. Оның көзі, жаңылмасам, бес-алты жасында қорасаннан кеткен. Өз айтуынша күн сәулесін сезінеді. Түнде үй ішінде шамның жанған, жанбағанын да айыра алады. Ал бұл — жанары сөпбеген деген сөз. Шымылдықтанып бергі жағында тұрған шелді сылып тастаса, көзі шырадай жанып жүре бермек. Соқыр болғандықтан ба, кім білсін, қаршадайынан эстігенін көңіліне тоқып, жадына сақтап өскен, білмейтіні жоқ қарн осы жайға әбден қанық.

Бәри түнімен ұйықтай алмады. Әлсін-әлсін күрсінеді. Әлсін-әлі дөңбекшіп, аунақшанды, арада аз ғана күн өтеді. Ал Бәри болса, жарық дүниенді өз көзімен көретін болады. Айнаға қарап өзінің қандай екенін анықтайды. Ақ мамасын берген анасы мен әкесінің, ағайын-туғандар мен алыс-жақындардың бәрінің кескін-кейпін бұрын көңілге ғана ұялатса, енді көз жанарына ұялата алады. Ақ-қара, қызыл-жасыл көк-сары бояулардың тұр-түсін, реңкін қызықтап былайғы жұрт күнде көріп қадірін жоғалтқан жарық дүниені құлпырта жасандырып жанарында ойнататын болады. Адамға осыдан артық бақыттың керегі не?!

Қуанғаннан жүрегін лүпілдейді тіпті.

Иә, сөйтіп біз көз дәрігеріне бардық.

Ең алдымен көзі жүре-келе бертініректе кете бастаған, әлі де болса қарайған зірдемелердің сұлбасын айыра алатын Қымбат кірді де қуанып шықты: жанары бүтін. Шелейі сылынады. Көзі көретін болады. Орысша білмейтін Бәридін мен өзім алып кірдім. Дәрігер оны олай қарады, бұлай қарады. Электр жарығын әр тұсқа ауыстырып қойып, әрқилы сұрақтар қойды. Қорытынды:

көздің жанары жоқ. Операция жасағанмен ештеңе де шықпайды.

Сонымен Қымбат ауруханаға жатып емделіп жазылып шықты. Ал Бәри болса, бірден ауылға қайтты. Өйтіп қайтқаны да бар болсын. Қалтасында көк тиын ақшасы жоқ екен. Біздің де қарық болып жатқанымыз шамалы. Демалыстан оралған, аргы жағында қоры жоқ адамда не қаумет болушы еді, қарызданып, қауғаланып аттандырдық-ау әйтеуір. Жоқ, аттандырдық дегенім де дәл емес. Соқыр адам өз бетінше жүре алмайды екен ғой. Бұл шындықты тап сол жолы аштым да, өзімізге таныс Мәуліт станциясына дейін апарып салуыма, сөйтіп елден келген кісіге табыс етуіме тура келді.

Содан бері міне отыз үш жыл өтті. Туған ауылымда дүниеге келген қызым жоғарғы оқу орнын бітірді. Үйлі-баранды болды. Аман болса, енді бір он-он бес жылда өзі де әже болып қалар түрі бар. Ал біз сонда тірі жүрсек, ұлы ата ұлн әже атанып кетуіміз де ғажап емес қой.

Тышқан өле алмай жүріп құйрығына қалжуыр байлайды дегендей, өзіміз де жарымай жүріп, ғаріптерді ертіп алғанымызды еске алсақ, жұбайым күні бүгінге дейін ренжиді:

— Балалық па, әлде ақымақтық, айы-күнім тақалып отырып жолға мен қалай шықтым екен десейші?! Айдарымыздан жел есіп тұрғандай-ақ екі масылды сен қалайша ертіп алдың десейші?!

Қырық жас дегенің қарасын әлдеқашан үзіп кеткен себепті жанымыз бұл күнде алға шыққан соң ба, сондағы ісіме өзім де қайран қаламын.

Сөйте тұра кім біледі, жастық қызуым мен камсыз күндерім қайтып оралса, сол оқиғаны қайталамаймын деп ешкімге уәде бере алмай қалам ба деп те қорқамын...

ӨЗ МАШИНАМ ДЕГЕНДЕ...

Мен асықпай жүріп балама машина жүргізуді үйреттім... Бір кезде Жазушылар одағында Иван деген бір тыңғылықты шофер болған. Машина сатып алып, өзім жүргізе бастаған кезде сол Иван:

— Бір жылға дейін асықпай айда. Сабырмен, баппен жүр. Ақырын жүрсең оқыстан болар оқиғаларды алдын ала болжауыңа мүмкіндік туады. Ең жақсысы —

шартты рефлекс дегенің қалыптасатын болады. Шартты рефлекс қалыптасса, кейін не бір қиын жағдайдан да оңай шығып кете аласың. Ал осы бастан қатты айдап ызғытып кететін болсаң, әлгі шартты рефлекс дегенің өмір бақи қалыптаспайды. Әманда оқиғадан кешігіп барып қимыл-әрекет жасайсың. Мұның өзі бірдемеге ұрындырмай қалмайды,— деген.

Мен Иванның айтқандарын екі еткенім жоқ. Соның нәтижесі ме, білмеймін, әйтеуір рульге отырған жиырма бес жылдың ішінде жеңіл-желпі бірдемелер болмаса, анау айтқан жағдайға түсіп көрген емен.

Сол тәжірибемді енді балама үйретем ғой баяғы. Саян бірін тыңдайды, бірін тыңдамайды. Сөйтсе де реакциясы жақсы, спортшы болғандықтан машина жүргізуді тез үйреніп кетті.

Бұл ретте көңіліміз тынғанмен, енді тағы бір мәселе келіп шықпасы бар ма?

Әдетте оның алты ай жазда бұрылуға мұршасы жоқ. Үнемі қызыл танау болып жүргені. Соның салдары ма, әлде салақ па кім білсін, қолы босай қалса, машинаны мінеді де, бір кезде гаражға әкеп қойып кетеді. Жұмайды. Ішін тазалап, сүртпейді. Ертеңінде «рахатып» мен көрем. Жасы келіп қалған адамның тонқандап машина тазалап жатуы оңай дейсің бе?! Жатып ренжимін ғой. Балам жұбатумен болады:

— Қолым тимеді, папа. Келер жолы айнадай етіп жалтыратып қоямын.

Бірақ баламның келер жолы да уақыты болмайды. Мен тағы ренжимін.

— Өйте берсе, шаршап не қыласың, берме машинаны,— дейді шешесі де қиналып.

— Бермесек, бермейік,— деймін мен де реніш үстінде.

Бірақ ашу тарқаған кезде жәйіліп қаламыз. Машина деген не? — Жай темір. Сол темірге бола дүниеқоңызданып, баланнан қызғанып, іштарлық жасап жатуың,— масқара емес пе! Жиған-тергенін кім алып кетіпті ана дүниеге. Естір құлаққа ұят тіпті. Осындай қиналыс үстінде жолды жұбайым тапты:

— Қой, сен бүйтіп ренжи берме. Одан да осы балаға машина алып берейік. Күте ме, күтпей ме содан кейін өзі білсін.

Біз осыған тоқтадық. Баламызға «Жигули» машинаны сатып әпердік. Әйелі мен төрт жасар қызында ес қалмады. Қайда барам десе де енді өз еріктері. Бізден

рұқсат сұрап кіріптар болып жатпайды. Тағы бір қызығы — зырылдатып біздің үйге келеді. Кабинетімде жұмыс істеп отыратын мен, балам машинасының даусын бірден танимын да, терезеден қараймын. Қызық сурет: тырс етіп баппен есік ашылады. Бір жағынан балам, екінші жағынан немерем мен келінім шығады. Үшеуінің қолында да шүберек, машиналарын айналдырып сүрте бастайды. Үңіле қарайды. Үңіле сүртеді. Содан кейін беттей беріп, үшеуі де тұра қалып артына бұрылады. Айнадай жалтырап тұрған алқаракөк «Жигулиін» қызықтап тұрып қалады. Ал біз болсақ үшінші қабаттағы жұмыс бөлмесінің терезесінен жымыя күлеміз:

«Кімнің малы болса, оның малы болсын, мейлі керек десен, әкенің малы... Бірақ өзімдікі дегенге не жетсін!»

ЕСІРКЕП ҚАРТТЫҢ ӘНГІМЕСІ

Қызылорда қаласында тумаса да туғандай болып кеткен Қомшабай атты інім бар. Әкесі Есіркеп мен көргенде жасы жетпістерге қарай келіп қалған сұлу да сүйкімді ақ шал еді. Шашы да, өзі де қылаусыз аппақ. Сол кісі бірде қызық әңгіме айтқан. Соны қаз қалпында қағазға түсіруді жөн көремін.

Отызыншы жылдардың атақты халық комиссары Темірбек Жүргеновтың әкесі Қара дәулетті кісі болған. Ел ішіндегі беделі де жаман емес. Айтқанын тындаттыра алатын, дегенін істеттіге алатын адам. Сөйтсе де Сыр бойында одан да өткен беделді, одан да өткен данқты бір кісі бар. Ол — белгілі ақын Тұрмағанбет Ізтілеуұлы. Тұрмағанбет Қарадан көп кіші. Сөйтсе де нағашылықпенді болғандықтан әзілдері қатты жарасса керек.

Бір күні Қара түстеніп отырған үйге Тұрмағанбет келіп түскен ғой. Жасы кіші болса да данқы зор, әңгімесі әдемі, көрген-білгені көп Түрекенді жұрт қаумалап терге шығарайын десе, Қара сырыла қоймапты. Әңгімесін үзбей сөйлесі беріпті.

— Түреке, жоғары шығыңыз.

— Жок, маған осы ара да жарайды,— деп ақын төменірек жерге отырған.

— Түреке, сіз сөйлеңіз...

Бірақ ауыл-үй арасының қысыр әңгімесін айтып отырған Қара тоқтай қоймаған.

Сонда Тұрмағанбет ақын жұртқа Қараны мезгеп былай депті:

— Адамның бойында алпыс екі тамыр бар. Соның бірі әу баста ерекше жаралады екен. Нәресте дүниеге келгенде жанағы тамыр өкшеде тұрып сәбиге жер тепкілетеді. Он мен жиырманың арасында табанға барып, колды-аяққа тұрғызбай зырылдатады. Жиырма мен отыздың арасында салып ұрып белге барады. Жатқызбайтын болады. Түн ұйқыңды қашырып жортуылға шығарады. Бозбалалық құрғызады. Отыз бен қырықтың арасында ол тамыр кеудеге келеді. Қырық пен елудің арасында әлгі тамыр басына барады да, кемелгер дана етпек сені. Ал алпыстан асқан соң тіліңе келіп қоныс салады да, адамды заржақ етіп бос сайратып қояды. Қарқеннің сол заржақ тіл безер шағы ғой, сөйлей берсін...

Разы болған жұрт ақынын көтеріп әкеп Қарадан да жоғары отырғызыпты,— деп Есіркеп карт нұрлы да сұлу жүзіне күлкі сйнатып, қылаусыз аппақ сакалын ақ баусақтарымен сипалап қойған еді.

Мейлі Қара, мейлі Ақ бол, асылы жұрт қаламаған жерде үндемегенге жетер не бар екен десейші!

ӘКЕМ ТУРАЛЫ СОҢҒЫ СӨЗ

Менің әкем сексен жетіге қараған шағында бір мың тоғыз жүз сексен үшінші жылы сентябрьдің төрті күні дүнне салды. Сентябрьдің жетісі — сәрсенбі күні жамбасы жерге тиді. Соңғы отыз жылда қыс айларының денін қалаға, бізге келіп өткізетінді. Бірақ кейінгі үш-төрт жылда жүріс-тұрысы ауырлап Алматыға келе алмады. Сол себепті жәй-күйін білмекке, сәлемдеспекке ауылға өзім барып жүрдім. Бір мың тоғыз жүз сексен бірінші жылы барғанымда тын еді. Көңілі де тетік, жүріс-тұрысы да ширақ болатын. Көргісі келген соң Түмен облысында тұратын жиені — Қапезге де анарып қайтқанмын. Араға жыл салып тағы келдім. Бірақ әкем шаршапқырап қалған. Сабыты да кісіге түсе бастапты.

Менімен қонақтап келген Тахауи сәлем бере бөлмесіне кірді.

— Шәке, қалайсыз? Тыңсыз ба?

Әкем сәл жымиды да:

— Сексен бес дұрыс еді. Аргы жағы кәләкәйт,— деп өзі де күлді. Бізді де күлдірді.

Бұл әңгіме көз жұмарынан бір жарым ай ғана бұрын болған еді. Өмірден жыламай өткен адамдардың бірі менің әкем бе деп те ойлаймын.

ҚҰЛЫҚТЫҢ ҚҰНЫ

Бізде Залман Михайлович Танхимович деген орысша жазатын еврей жазушысы болды. Екеуміз көрші тұрдық. Екеумізде де машина бар. Екеуміздің де темір гаражымыз үй жанында. Өзінің машинаң болса, машинаң болғаннан кейін гаражың үй қасында тұрса, алшыңның онынап түскені дей бермейсің бе! Әрине Танхимович та, мен де солай ойлаймыз. Тағдырға дән ризамыз. Екеуміз күнде гараж алдында кездесеміз де телпегімізді көтерісіп амандасамыз. Езуімізді құлағымызға іліп тастап мәз болысамыз:

— Нам с тобой крупно повезло,— дейді Залман Михайлович.

Мен оған басымды шұлғып құптаумен боламын.

— Айтары жоқ-ау тегі!

— Бізден басқалардың халі хал емес қой. Машиналары қала сыртындағы ақылы орындарда тұрады. Апарып қойғанша бір сағат, алып келгенше бір сағат керек. Азаптың көкесі...

— Иә, жаның ашиды тіпті.

Күндеріміз өстіп жайбарақаттықта өтіп жатты. Сондай татумыз. Керек десең, доспыз. Кешке қарай кездескенімізде машина артында бірдемелеріміз болса, қалтқысыз бөлісеміз. Сенікі-менікі жоқ бізде. Еншіміз бір десек те болғандай тіпті. Өстіп жүргенде бір күні бақытты күндеріміздің шырқы бұзылсын да кетсін: гараждарымыз тұрған жерге үй салынатын болды. Гараж қақпаларына қаһарлы хабарландырулар ілінді: «Осы айдың пәленше күніне дейін гараждар алынатын болсын. Әйтпеген күнде бульдозермен сырып тастаймыз».

Танхимович жүгіріп біздің үйге келді.

— Енді не істедік?

— Бір жөні болар,— деймін мен оған...— Әлі уақыт бар емес пе?— Танхимович сипақтап біраз тұрды да кетіп қалды.

Ертесіне қарасам, менің гаражым орнында. Ал Танхимовичтың гаражы зым-зия. Алғашқы күдік: менің гаражымды қалдырып, оның гаражын қайтіп сырып тастаған? Өйтетіндей мен кімнің еркесі едім? Сөйтсем, жарты литрді бөліспей ішпейтін менің жан досым Залман Михайлович түннің бір уағында кран әкеліпті де

гаражын менің тереземнің алдындағы бос орынға орната қойыпты. Ал қыларын болса, қыл-енді!

— Ау, Залман дос, бұл ісінді қалай түсінуге болады? Менің терезем алды болғандықтан, гараж қойылса, мен қоюға тиісті емеспін бе, бұл жерге?!

— Ешқандай да түсінбей-ақ қой. Жуырда көшіремін,— деп жұбатты Танхимович.

Амал қайсы, жоққа бола көршінмен ренжісу дұрыс емес. Мен гаражымды әрірек бір жерге апарып қойдым да, демалысқа шығып кеттім. Көп кешікпей Саяннан хат келді. Балам біздің гараждың орнында қалып Танхимович гаражының алынып тасталғанын жазыпты. Үй салудың ережесі бойынша жаңа құрылыстың төңірегінде тоғыз метрден бері ештеңе де тұруға тиіс емес екен. Аткару комитеттің өкілдері сол ережеге сүйенген.

Сөйтіп өз қулығы Танхимович байғұсқа бір гаражға түсті.

Балам хатын орысшалап: где Сафуан Шаймерденов, двум хитрецам делать там нечего. Не правда ли? — деп аяқтаған екен. Осы күнге дейін сол орында тұрған гаражыма барған сайын баламның мына сөзі есіме түседі де өзімнен өзім күліп қоямын.

КӨКПАРҒА ТАЙЫНША ТАРТҚАН...

Бұдан көп жыл бұрын Қапшағай теңізінің арғы бетіндегі Шеңгелді совхозындағы бір шаруа адамынан соғым алатын болдым. Рульде өзім. Қасымда қонаққа келіп жатқан әкем бар. Біз совхозға сәске түсте келдік. Ашық шарбақта жем жеп жүрген он шақты жылқы. Қайсысын тандасақ та өз еркіміз. Жасынан жылқы бағып, мал арасында өскен қария жылқы ішінде біраз жүрді де, жүген-құрық тимеген бір семіз байталға айдар тақты. Жылқышылар қақпайлап жаңағы байталды шығар қақпаға айдап әкеліп үйшікке өткізіп берді. Қалай әкетсең, ендігісін өзің біл. Әкем болса жасы ұлғайған адам. Мен болсам... Иә, менің жайым айтпаса да түсінікті ғой. Енді не істейміз деп дағдарып тұр едік, елулер шамасындағы салт атты бір кісі келіп әкеме сәлем берді. Істің мән-жайын түсінгеннен кейін:

— Атым сенімсіздеу, дегенмен де байқап көрейін,— деді де шұу асауды бұғалықтап арқанның екінші ұшын иіріп әкеп тақымына басты. Сөйтті де тарта жөнелді. Байтал төрт аяғымен табандап жатып алған. Ат шіренсе

тартты. Шұу асау тыңға салған түренше жер сызып келді. Ал ана қазақтың жалаңаш тақымындағы арқан домбыра шегіндей дыңғырайды. Үзілуге бар, бірақ желімденіп қалған секілді бір еліге де сусыған жоқ. Өстіп отырып біз оның үйіне келдік. Жас кезінде өзі де күшімен көз сүріндірген әкем қайран қалып, басын шайқады:

— Тақымың қысқаш па өзі немене?! Өнеріңе болайын. Менің де қайратым біраз бар еді. Бірақ тақымыма ту биені бастым деп мақтана алмаймын,— деді.

Өкінішке орай аты-жөні жадымнан шығып кеткен жанағы қазақ:

— О, бұл біздің дағдылы машығымыз. Жасырақ кезімізде серкені менсінбей, көкпарға тана тартатынбыз,— деп қайырды жауапты.

Әкем құптай сөйледі:

— Мына өреніңнен кейін түйе тартатын едік десең де сенем, шырағым...

Осындай кереметті көргенім бар менің...

АЛА ТАҚИЯ

Құтби Киром — тәжік халқының белгілі жазушысы. Менің досым. Әу баста онымен тәжік әдебиетінің Алматыда өтер он күндігінің шаруасымен командировкаға келгенде танысқан едім. Жүре-бара достасып кеткенбіз. Сол жақындық мына Қарағанды сапарында тіпті нығая түсті.

Бір мың тоғыз жүз алпыс үшінші жылдың сентябрь айының басы. Қазақстанның солтүстік жағын аралап, Қарағандыға келдім. Қала іргесінде тұратын туысым — Жұмышев Іманғалидың үйінен аттанғалы жатыр едік: көктен түскендей салып ұрып Құтбидің өзі жетіп келмесі бар емес пе! Құшақ жайысып, қауыштық та қалдық.

— Ау, Құтбижан, қайдан жүрсің?

— Алматыға келсем, жоқсын. Жаксы күйеу қайынсақ деген өздеріңнің мақалдарың бар емес пе! Жаман күйеу емес екенінді білемін. Сол себепті зәуде Қарағандыда жүрген шығар деп әдейі ізінді кесіп келдім,— деп күлдірді.

— Тәжікстанға барсам, мен де сені Айни ауданынан іздер едім. Әрине мен онда қайынсақ жаман күйеуді іздемекпін ғой,— деп мен де болмай жатырмын.— Сол

себепті уақытпен санаспайсың, Алматыға бізбен бірге машинамен аттанасың.

— Өзіме де керегі сол.

— Бұл өлкеде керемет жерлер бар. Сол керемет жерлерде күні бүгін мақтаныш ететін керемет дарын иелері болған...

— Таныстыр сол жерлеріңмен.

— Керемет дарын иесінің бірі Мәди. Әрі акын, әрі композитор. Әрі XX ғасырдың басындағы қазақ халқының Робин Гуды.

— Робин Гуд екені де рас.

Бұл өлкеде бұрын да болған, әрі қазақ туралы пікірі тым жоғары Құтбидың Мәди туралы хабары мол екен:

Атыңнан айналайын Қарқаралы,
Сеппен — бұлт, менен — қайғы таркамады.
Сайыңнан сайғақ құрлы пана таппай,
Мен болдым бір қашқын жап Арқадағы,—

дәп өлендетіп те жіберді.

Біздің алдымен ат басын тірер жеріміз сол Қарқаралы болмақ.

Арқаның меруерт алқасы — Бурабай мен Баян-аула десек, үшіншісі осы Қарқаралы емес пе! Жеткенше асықпыз. Бірақ бір кезде шәрдәрі, шай артқан қытай саудагерлерінің, батсайы-жібек, шәйі мата артқан Орта Азия саудагерлерінің керуендері мен қазақ сахарасының түкпір-түкпірінен төрт түлік мал айдаған дала байларының тоғысқан қан базары — аты шулы Қоянды жәрменкесінің жұртына қалайша соқпай өте аламыз?

Біз әлі асфальт төселіп бітпеген, томардай-томардай қиыршық тастары машинамыздың астын соғып жүргізбегендіктен шоссенізді былай тастап, Қояндыға дала жолымен тарттық. Жүріп келеміз. Жүріп келеміз. Түс ауды. Шаршап, шөлдеуге айналдық. Ақыры теріс жолға түсіп кеткенімізді аңғардық. Бір кезде алдымыздан қыстақ көрінді. Кірс берісте: Нұркен Әбдіров атындағы қой совхозы деген жазу.— Сөйтсек шығыс оңтүстікке қарай ойысып кетіппіз. Қарқаралы солымызда қалған. Оқасы не? Ол қалада күтіп отырған нағашымыз да, жиеніміз де жоқ. Жол аяғы жүрсе бітеді дегендей, әйтеуір жылжи берсек болмай ма?! Сонда да әлде бір жерге аялдап, шөл басып, тыныстап алғанымыз да теріс болмас еді-ау.

Ұзын көшенің басына іліге бергенімізде көк қақпалы қоршауы бар көк шатырлы үлкен үйге көзім түсті.

— Мына үйге тоқтап, шай ішсек қайтеді?

Күтби менің сөзімнен жаңсақтық тауып түзетіп жатыр:

— Токтауын тоқтармыз. Оған көзім жетеді. Ал ондағылар бізге шай бере алар ма?— Ол жағы маған қараңғы.

Қасымда бөтен адамның барын осы жерде есіме алып, ойланып қалдым. Кіріп барып шай іше алмай шықсақ, сорлағанымыз емес пе!?

Сызылып барып көк қақпаны аштым. Арғы жағы тап-таза, жұтынып тұрған аула іші. Әдеміше келген бір жас әйел самауырға шоқ салып жатыр.

— Алыс жолдан келе жатқан жолаушы едік... Шай бере алмас па екенсіз?

Самауырға шоқ салып жатқан келіншек жымия сәлем беріп, басын иді:

— Аға, шайдан да үлкен сыбағаныз бар. Түсініз.

Біз үйге кірдік. Әлгіндей болмай шай келді. Әлгіндей болмай самауырға шоқ салып жүрген әлгі әйел дастарқан басын басқа бір сресек әйелге тапсырды да гайып болды. Әрине біз: жолаушы үйінен қырық қадам шыққан соң ғаріп болады,— деген мақалды ұстанып, шай ішкенімізге құлшылық жасап, разы болып отырмыз. Әйел қайда кетті? Шайдан басқа ештеңесі болмай ма екен?— Шаруамыз жоқ тіпті.

Сөйткенше болмады, сау егіп бірінен-бірі өткен, өңдірей төрт жігіт кіріп келді:

— Ассалаумағаләйкүм, Саф-аға.

— Жолыңыз болсын!

— Қайдан жүрсіз?

— Әдейі шақырса келтіре алмайтын қонағымыз едіңіз, құдай айдап қолымызға келіп түстіңіз. Құр шаймен құтылып көріңіз енді бізден!..

Аң-таңмын.

Сөйтсем, біз келіп түскен үй осы совхоздағы орта мектептің директорының үйі. Үй иесінің қасына еріп келген үш жігіт — совхоздың директоры, совхоздың бас агрономы, совхоздың бас зоотехнигі. Самауырға шоқ салып жатқан келіншек әдебиет пәнінің мұғалімі. Алматының қыздар институтының түлегі. Қаладағы кездесулерде талай-талай болған. Талай-талай сұрақтар қойған. Талай кітаптарымызды бақайшағына дейін шағып, баяндамалар жасаған.

Ұзын сөздің қысқасы, біз бұл ауылда үш күн болдық. Қарқаралыға бардық. Атақты Шайтан көлге көтерілдік. Мектебінде кездесу өткіздік. Ауыл жігіт-

тері екі елі қасымыздан қалмады. Алақандарына салып жүрді десек те болғандай. Ақыры төртінші күні ертемен таң сәріде біраз жерге шығарып салып, енді ашық аспанның астына дастарқан жайды. Біз бұл ауылдан мәртебеміз өсіп, бір жасап аттандық. Құтби таңтамаша. Дарқандыққа, мырзалыққа қайран... Ел үстінен өтіп бара жатқан көлденең аттылы жолаушылардың өзін ұстап алып үш күн бойы жібермей қойған жігіттердің жаны жоқ қонақжайлылығына қайран.

— Біздің тәжіктерде жомарт, сақи кісіні: ә, оұл нағыз қазақ,— деген теңеу бар еді. Сол сөздің мағынасын мен енді түсіндім,— дейді Құтби машина ішінде келе жатып.

Ықылас пен көңілге, ірілікке байып, қалтқысыз құрметтің қызуына бөгіп көсілінкіреп отырған мен шешіліп кетем ғой баяғы.

— О, бұл мырзалық мырзалық па, тәйірі! Қазақтың шын мырзалығының бір ұшы ғана ғой сенің көргенің.

Жүріп келеміз. Бетіміз аудан орталығы Ақтоғай. Одан әрі жайлау жолымен Семей облысына аспақпыз. Сентябрь айының бас кезі болса да айналамыз көкпеңбек. Күз жаңбырмен қайта көктеген дала сондай тартымды. Даңғырап жатса да ылғалы мол дала жолы шаң шығармай ирелендеп алысқа тартады. Қанатын кең салып ілесіп келе жатқан екі беткейдегі тау сілемі барабара қусырылып бізді қыспаққа ала бастаған секілді. Ұзын ұрғасы он шақты үйден тұратын Милы бұлақ деген жерге келдік.

Қыстаққа кіре берісте жана салып жатқан ағаш үйге көзім түсті. Қасында киіз үй. Үй белдеуінде үш құлын байлаулы тұр. Тәжіктер шын мырзасын қазаққа теңейтін болса, ал мен сол қазағыңыздың өзі болсам, оның үстіне қазағыңыздың тәу тіккен жаннат өлкесі Қарқаралының жерінде келе жатсам, белдеуінде үш құлын байлаулы тұрған үйге неге бұрылмаймын? Бұрылып барып, тәжігіңіздің өзі мырзалықтың бейнесі еткен қазақтың үйіне кіріп, мына тәжікке дем сілап, қазақ мырзалығын тағы бір неге танытпаймын!?

Киіз үй күз белгісін танытып қаңырап бос тұр екен. Көп кешікпей жығылар түрі бар. Біз бір ғана бөлмесі біткен ағаш үйге беттедік. Жұрт молынан тұрып тіршілік қарекетіне әлде-қашан көшкен ертелік шақ болса да, жасамыс бір әйел жастықтардың мамығын бұрқырата ұшырып, төсек-орнын енді ғана жинап жатыр екен.

Дала дастарканының әлі тарқай қоймаған буының әсері ме, сөйлей кірдім:

— Женеше-ау, түске дейін төсек жинамай не еткенің?..

Әйел адырая қарады.

— Немене, жинап берейін деп келдің бе?

— Жинасақ жинаймыз...

Бірақ менің әзіл-еркелігімді түсініп жатқан әйел жоқ.

— Жинасамыз, көмектесеміз деп келгендердің талайын көргенбіз. Жолдарынан қалмандар. Әйда, барыңдар.

Мен жығыла сөйлеп жатырмын:

— Алыс жолдан келе жатқан жолаушылар едік. Белдеуде үш құлын байлаулы тұрған соң, дәм татайық деп бұрылдык.

— Қымыз жоқ.

— Саумал болса да ішеміз.

— Саумал да жоқ.

Мырза атанған қазақтың мына әйелі қарсы алмай тұрған соң, Құтби далаға шығып кетті. Мен енді еркінсіп сөйледім:

— Женеше-ау, ас андып жүрген ешкім жоқ бұл заманда. Ана жігіт тәжіктің Құтби Қиром деген ақыны. Қадірлі қонақ. Соның алдында өлтірдіңіз ғой мені...

Әйел менің бетіме тандана қарап, бетін жырты:

— Құдайым-ай, қара бастырды ғой мені. Ала тақия кигенге осында алма сатқан саудагерлерсіндер ме деп қалып ем ғой, мен бейбақ!— Осылай деді де жүгіріп далаға шықты. Құтбиді жетелеп үйге алып кірді. Бал татыған қымыз табылды. Бауырсақ пен май да шықты.

— Ағаларың қазір шөптен келеді. Мал соямыз, болыңдар осында.

— Рахмет, женешетай!

Біз ашуланса шөл де, жадыраса көл жангемізден зорға құтылып ілгері жүрдік. Әрине тәжік киген ала тақия талай-талай әзіл-әңгіменің тиегі болды. Сондай көңілдіміз. Енді Ақтоғайға да алыс қалған жоқ. Тарамдалып шыға тартып, қайта келіп қосылып жатқан дала жолымен ызғытып келеміз. Кенет алдымызда ілбіп ілгерілеп бара жатқан бір жүк машинасы көрінді. Рульде отырған мен, оң жағымдағы бір жол тармағымен басып озып, алға түстім. Біршама уақыттан кейін артымыздан — пип... пип... деген дауыс шықты. Қарасақ, әлгі ілбіп келе жатқан жүк машинасы, тұмсығын тақап келіп қапты.

Токтандар деген белгі білдіреді. Айдаладағы жолаушыға не қажет болмайды? Бір мұқтажы бар шығар?.. Жолдан шығып тұра қалдым. Алдымызды кескестеп көлденеңдей келіп жүк машинасы да тоқтады. Кабинаның екі жағынан қарғып екі жігіт түсті. Көздері үкінің көзі секілді. Қып-қызыл. Екеуі де удай мас.

— Бәсі дәкөмент!— дейді шофер жігіт жаман орысшасымен тілі күрмеліп.

— Қайдағы документ?

Машинаның үстінде милиция формалы бір лейтенант тұр екен. Ол да мас.

— Давай, давай атбирай!— деді барылдап.

— Неліктен атбирай?!

— Вы нарушили...

— Нені нарушили?— дедім мен де өздерінің сөзіне салып.

— Утечное движение...

Сөйтсек бұлар біздің оң жақтан басып озғанымыз үшін байланысып тұр екен. Мастармен тәжікелесіп тұрамыз ба, тартып бердік. Олар бізді қуды. Бірақ жеткізбедік. Шынымды айтсам, Ақтоғайға соншалықты ашу қысып келді. Қазақтың мына даласында ерлік пен ердіктің қатар өмір сүріп келе жатқанын қалай түсінерсің?! Көп кешікпей мастар ұсталды. Аудандық тұтынушылар одағының машинасы екен. Манағы мықты үшеу жынын алдырған бақсы секілді. Есепсіз қалған. Бір сұмдықтың болғанын біледі. Бірақ не сұмдық екенін аңғара алмайтын секілді. Милиция лейтенанты формасын тастап, жәй костюм киіп үлгеріпті. Боп-боз. Кешірім сұрай береді. Сөйтсе де бір нәрсені анықтағым келеді.

— Шофер да, қалғандарын да удай массындар. Сонда тәртіпті қайсымыз бұзған болып шығамыз?

— Қателік болды... Кешіре көріңіз.

— Біз ғой даланың тағысы емеспіз. Өз бетімізбен кетіп бара жатқан жолаушылармыз. Не шаруаларың бар еді бізде? Кім деп қудыңдар?

— Шынымды айтайын ба?— деді лейтенант ағынан жарылып.

— Қерсегінің өзі сол ғой,— деді аудандық партия комитетінің бірінші секретары Нарымбетов.

— Машиналарыңыздың сернясы бөлек екен. Оның үстіне мына кісінің басынан ала тақияны көрген соң... алма сатып жүрген өзбек саудагерлер ме деп қалдым...

Ашу буып отырған мен күліп жібердім. Қазақ тілін

жете біле бермейтін Құтби істің мәнін кешеулеп барып түсінді де басындағы ала тақияны столға ұрды.

«Бір күннің ішінде екі рет ұятқа қалдырды. Енді кісем, ит болып кетейін...»

Содан бері міне жиырма бір жыл өтті. Құтбимен байланысымыз әлі күнге үзілген жоқ. Жұи-жұи кездесіп тұрамыз. Бірақ оның Ақтоғайда берген антынан айныған кезін де байқаған емен.

СҮЗГІШ ЖАЗУШЫ

Ісләм Жарылғапов — қазақ тіл өнерінің тарихынан өз орнын ала алатын айрықша тұлға. Соңғы отыз жылда қазақ тілінің құрамына Ісләм кіргізген жана сөздер бірқыдыру: балмұздақ. Аялдама. Оқырман. Көрермен. Жағажай, Жайлаужай. Бейдауа... тағысын тағылар. Осындай сөздердің ұзын-ұрғасы жиырма-отыз. Ал мұның өзі бір адам үшін аз дүние емес. Өйткені сөз туындату — айрықша талантты қажет ететін қиын құбылыс. Қазіргі әдеби тілімізде де, ауызекі сөйлеуімізде де қалыптасып кеткен жиырма-отыз жаңа сөз! Ал қалыптаса қоймаған қанша ма?.. Дүние жүзілік әдебиет тарихында ешбір данышпанның қолынан да келмеген шаруа. Бір кезде орыс әдебиетінде Европа елдерінен кірген галлошты — мокроступ деп, театрды — зрелище деп, тротуарды — тапталыще деп орысшалағандар болған. Бұл сөздердің тілге кіргізе алмауы сөз құраудың қиындығын танытады. Бұрын тарақанға ғана байланысты айтылатын — шұршат — сөзін И. С. Тургеневтің — камыш шұршат, — деп жаңа мағынада қолданғанын орыс лингвистикасы күні бүгінге дейін мақтан сөз ететіні тегін емес. Жарылғаповты айрықша тұлға деп отырғанымыз да содан.

Дегенмен де сөз туындату — ғылымның шаруасы. Жазушы болудың басты шарты — ең алдымен көркем шығарма жазу. Қала берді көркем аудармамен шұғылдану.

Осы тұрғыда Ісләмнің Жазушылар одағына қалай өткені есіме түседі.

Бір мың тоғыз жүз елу алтыншы жыл. Қазақстан Жазушылар одағының бұрынғы үйінің залында президентум мәжілісі өтіп жатыр. Күн тәртібінде мүшелікке кісі алу. Кезек Ісләмға келді. Кепілдемені басқалар емес, тап Мұхтар Әуезов пен Қазақстан Жазушылар одағының председателі Ғабит Мүсреповтің өздері берген.

Соның өзінде де талас туды. Мүшелікке алудың басты шарты — көркем кітаптың болуы. Ал мына кісіңізде ондай кітап жоқ. Сұрақ:

— Жарылғапов жолдастың қандай кітаптары бар екен?

— Герценнің «Қто виноват?» романын аударып бітіргеніме біраз уақыт өтіп еді. Қазір сол аудармамды сүзіп жатырмын,— деп жауап берді Ісләм.

Сөзді Мұхтар Әуезов іліп әкетті:

— Міне көрмейсіңдер ме, Ісләм қазақ тілінің сиқырын жақсы менгерген жігіт. Тілге жөнсу басқа біреу болса,— редакциялап жатырмын... жөндеп жатырмын... түзеп жатырмын... қайта қарап жатырмын...— дер еді. Ал Жарылғапов сүзіп жатыр.

Мұхтар түсіндірмесінің әсері адам айтқысыз болды. Ісләм Жазушылар одағына бір ауыздан қабылданды.

Содан бері табаны күректей жиырма тоғыз жыл зымырап кетті. Ал Жарылғапов болса, Герценнің «Қто виноват?» романын әлі күнге сүзіп, аяғына шыға алмай келеді.

Уақыт шіркін өтейін десе оп-оңай-ақ екен-ау!?

ІСЛӘМ ТУЫНДАТҚАН ЖАҢА СӨЗДЕР

Аялдама — остановка. Азагүл — траурный венок. Асадал — буфет.

Асадал бұрын қазақ тілінде бар сөз. Бірақ Ісләм оны жаңа мағынада қолданып отыр.

Аққайнар — шампанское. Әуескер — любитель. Әуегер — аэронавт. Алжұмыр — помидор.

Ісләм бұл сөзді — жаужұмыр — картоп — деген сөзден шығарған. Ол — парсы тілінен кірген сөз. Қызыл мағынасында. Алқызыл — қызылдың қызылы немесе қанқызыл. Бұл жерде ескерер бір жәй — көркем әдебиетте — помидорды — қызан — деп көбірек қолданып жүргеніміз. Менің ойымша — қызан — тілімізге кірігіп келе жатқан сөз.

Балмұздақ — мороженое. Бөртегүл — сирень. Бейдауа — рак (болезнь). Бағажат — отзыв. Балшарап — сухое вино. Басылым — издание. Баспагер — издатель. Басжалбыр — капуста. Бияла — пузырь.

Солтүстік жақтың қазақтары — пузырьді — бұзыр дейді. Мәселен, шамның бұзыры.

Гүлгүл — букет цвeтoв. Ғарышкер — космонавт. Ғарыш — космос.

Әдеби тілімізде кірігіп келе жатқан сөз.

Ғаламшар — планета. Дүниетаным — мировоззрение.

Дүниетанымды — Мұхтар Әуезовтің қатты ұнатып — табылған сөз деп бағалағанын өз құлағыммен естігенім бар.

Дауажай — курорт. Дамылжай — дом отдыха. Дәрігер — фармаколог. Дәрішілік — фармакология.

Ісләм бұл жерде — фармакологияның аргы тегі — жетесіне сүйеніп отыр. Pharmakon — грек тілінде — дәрі. logos — ілім.

Дәушия — бутыль. Думан — фестиваль. Еңбеккер — труженик. Емгер — врач. Емші — лекарь. Жазбайшы — писун. Жазак — писака. Жазғак — графоман. Жазблак — писание. Жазылыс — подписка. Жергін — землянин. Жағажай — пляж. Жайлаужай — дача. Жемсін — овощ.

Ісләм қазіргі тілімізге кіріп бара жатқан — көкөніске қарсы. Фрукты-овощи — жеміс-жемсін. — Қандай үй-лесімді.

Жазбай — писанина. Жаннатжай — вилла.

Ісләмнің ұғымында жаннат — жердің астында емес, үстінде. Жанжай — больничная палата. Зымыран — ракетаноситель. Көргілік — зрелище. Көңілім — представление. Көрермен — зритель. Кәрлен — фарфор. Көрсен — фаянс. Керсен — чаша. Көкшін — зелень. Кеніш — рудник. Қойылым — постановка. Қаламгер — мастер пера. Құлтемір — робот. Хайыр — брат милосердия. Медбрат. Хайрия — сестра милосердия. Медсестра. Медшарап — коньяк. Намыскер — болельщик.

Меніңше табылған балама. Жыртып отырғаның кімнің намысы? Немесе — кімнің намысын жыртып отырсың? — демей ме қазақ! Жанкүйер деген асыл сөзді қайдағы жоқ — болельщикке қор етуіміз — ана тілімізді кастерлемеушілік.

Отырғы — стул. Орынтах — кресло. — Ойналым — спектакль. Оқырман — читатель. Өнержай — дом творчества.

Өнержай! Осындай тамаша балам тұрғанда — Әл-Фараби атындағы творчество үйі — деп жарнама қағуымыз қандай жарасымсыз.

Өркениет — цивилизация. Бұл енді айтары жоқ сөз. Суреткер — художник пера. Сахнапаз — мастер сцены. Сайран — гастроль. Сарап — смотр. Саулықжай — зд-

равница. Сақтықжай — профилакторий. Сәуленке — отражение. Тілүн — речь. Тілбілім — языкознание. Тілтаным — языковедение. Тарифат — историография. Тұғыртах — табурет. Тұғырық — скамья. Тағамат — меню. Шарай — орбита. Шиша — бутылка. Шөлмек — склянка. Шұжықан — сарделька. Шүжікен — сосиска. Шыжғырық — шашлык. Шипажай — санаторий. Үнүлгі — стиль.

Жеке бір сөз айшықтары: жаныңыз жадырасын — с легким паром. Таң талайлы — доброе утро. Күн шырайлы — добрый день. Кеш арайлы — добрый вечер. — Бұл жерде — кеш жарық деген әдемі сөзіміздің барын ескергеніміз жөн.

Түн тынымжы — спокойной ночи.

ҚЫЗЫЛАСПАН ТАУЫНДА МІНГЕН АТ

Бір мың тоғыз жүз жетпіс жетінші жылы Әлжаппар Әбішев жетпіске толды. Қарт жазушының еңбегін республика өкіметі орынымен бағалап, омырауына Октябрь Революциясы орденін қадады.

Мүшелді той одан көп бұрын туған жері Қарқаралы Талдыдан бастаған-ды. Жазушы бұл қуанышты сапардағы қошеметшісі ретінде Тахауи екеуімізді шақырған. Қысқасы, Алматыдан шыққаны, Қарағандыдан қосылғаны бар он шакты нөкерін ертіп Әлжаппар туған өлкесі — Қарқаралы ауданын, одан бөлініп, өз алдына шаңырақ көтерген Талды ауданын аралады. Атақты «Қаракесек» әнінде: «Ауылым қонған жері Талды-ау деймін», — деп кәдімгі Мәди жырлайтын Талды. Анықтай кетер бір жай: Қарқаралы екіге бөлінгенде, Әбішевтің туған совхозы осы Талды ауданына қарап кеткен екен. Сол себепті той салмағы негізінен соларға түскен секілді. Бірақ ауырлап жатқан ел жоқ. Жазушының осыдан жетпіс жыл бұрын шыр етіп жерге түскен, кіндік кескен жеріне бес-алты ақ шаңқай үй тіккен. Электр шамын жағып, газ орнатқан. Радио жүргізген. Ағайын-туғандарынан бастап аудан басшыларына дейін қолын қусырып, тік тұрып қызмет жасап жүрді.

Айнала тау қоршаған, ықтасынды бұл аңғарды жаннат десең де сиярлық. Сентябрь айының орта тұсы, күздің молынан кіріп, емін-еркін жайлап алған шағы болса да, төңірск көкпеңбек. Суы мол былдырлы бұлақ жағасын қуалап қапталдай өскен тал мен шілік, көк терек пен ақ қайың қызуы қайтқанымен, әлі де мейірін төгіп

тұрған ашық күнде баяу ескен самалға бас шұлғып жой тербеледі. Бір жағымыз — Таңбалы тас, екінші жағымыз — Қызыласпан тауы деп аталады екен. Таңбалы — дейтін себебі, сонау төбеде жайылған қой секілді шұбар-тып шашырап жатқан кесек-кесек тас беттерінен есте жоқ ескі күндерде арғы тегіміз тырнап түсірген қой, түйе, жылқы түліктерінің бейнесін көруге болады. Ал Қызыласпан тау... бір қызығы, бала кезімде қысқы кештерде білтелі шам жарығында айнала қоршаған жұртқа зуылдатып өзім оқитын «Қобланды батыр» жырындағы:

Кара-аспан тауын жайлаған,
Қалың қыпшақ елдерден...—

деген жолдар есіме түсті. Мен сонда аспаны қап-кара болып түнеріп тұратын болған соң — Қара-аспан тау деп аталған шығар деп ойлайтынмын. Күні бүгінге дейін солай түсініп келгенмін ғой. Мүлде олай емес екеніне мына Қызыласпан тауын көрген соң ғана көзім жетті: көлденең түсіп жатқан еңселі жота. Сол жотаның үстіне тағы бір қызыл шақа күз мінгескен. Бергі беті тік жар, адам баласы бара алмайтын болғандықтан, сол күздың орта тұсындағы тоқымдай ғана тұлдыр жерге қыран күс келіп жыл сайын ұя салып, балапандарын ұшырып әкетеді екен. Сонымен Қызыласпан таудың мағынасы: аспанда тұрған қызыл тау болып шығады. Меніңше, Қара-аспан тауы да дәп солай аспанда тұрған кара тау болса керек-ті...

Сөйтіп, біз Қызыласпан таудың бауырында — Әлекеннің кіндік қаны тамған жерде үш күн болдық. Ауданның қыз-бозбалалары келіп ән шырқады. Домбыра тартты. Әрқилы ойындар көрсетті. Ертең жүреміз деген күннің кешінде радиодан мынадай хабар берілді: Талды ауданының еңбекшілері қазақтың ата салтын сақтап қадірлі қонақтарымыз — Әлжанпар Әбішевке, оның қасындағы жолдастары Тахауи Ақтанов пен Сафуан Шаймерденовке ат мінгізеді.

Жұрт ду қол шапалақтап дуылға қайта көшті. Шам әлі жана қоймаған інір қараңғысы. Біз ортада ән шырқаған бір өнерпазды қоршалап, алқа-қотан тұрғанбыз. Кенет бір жігіт оң жағымнан жақындай беріп қойныма қолын сұғып жібергені. Жайбарақат тұрсам керек, шошып қалдым.

— Қорықпаңыз, бұл жаңағы мінген сәйгүлігіңіз, — деп сыбырлады жігіт.

Конверт тырсыған қалың екен. Ішкі қалтамды керіп бара жатқандай сезіндім.

Келесі күні ертемен:

— Атыңды міндің бе?— деп сұрады Тахауи.

— Мінген секілдімін...

— Қаншаға түскен түрі бар?

— Мың болатын шығар деп ойлаймын.

Тахауи абыржыңқырап қалды.

— Тек... мың емес шығар?

— Конверт сондай қалың. Кеудемді керіп барады.

— Ашып, санамайсың ба?— деп тықыршыды Тахауи.

Сол жерде конвертті ашсам, кілең бір сомдық пен үш сомдық екен. Ұзын саны — екі жүз.

Тахауидың жүрегі орнына түсейін деді білем, қаркылдап рахаттана күлді.

— Бәсе, елден ала бөтен мың сомды саған қалай берді десем...

— Сенікі қанша?—

— Менікі де екеу.

Кейін анықтасақ, той несінің де мінген аты біздікі секілді екен.

САУ БАСҚА САҚИНА

Бір мың тоғыз жүз жетпіс бірінші жылдың октябрь айы. ССС Бейбітшілік қорғау комитетінің ұйғаруымен Дунай бойындағы елдерді араладым, Дунай крунзы деп аталатын бұл сапардағы кемеді жүз елудей адам бармыз.— Одақтас он бес республика өкілдері. Мақсатымыз: ел көру, жер көру. Мәдениетімізді жақындастыру. Елмен елді байланыстыру.

— Қазақстаннан бесеуміз. Екі әйел, үш еркек. Әйелдің бірі — Қостанай облыстық атқару комитетінің жауапты қызметкері Бағила. Екіншісі — көпке белгілі Ажар Ыбыраева.

Ажар бұрын Қазақстан Орталық Комсомол Комитетінің секретары болып істеген. Қазақ ССР Жоғарғы Советіне депутат болып сайланған, көпті көрген, көшелі кісі. Жүріс-тұрысынан сөз саптасынан ысылған адам екені көрініп тұрады.

Біз Прага қаласына шекарадағы Чоп станциясы арқылы поезбен келдік те, үш күн сонда болдық. Завод-фабрикаларды араладық. Театрларына бардық. Еңбек

адамдарымен сұхбаттастық. Әрине, қолымыз босай қалса, магазиндерді де сырт қалдырған жоқпыз.

Аралай беруге бармыз. Бірақ ала беруге келгенде — қысқа жіп күрмеуге келмейдінің кері. Себебі, Прагаға келген бетте әрқайсымызға қырық сомға жуық ақшамызды төрт жүз алпыс кронаға айырбастап берген. Біз ерлер жағы кез келген жерде көзімізге түскен ұсақ-түйекке шашып жүрміз. Ал әйелдер жағы... иә, әйелдер ақшаны қалай ұстайтыны айтпаса да белгілі ғой.

Сөйтіп, Ажар екеуміз Вацлав аланындағы магазинге кірдік... Бір кезде ол қолымнан тартты. Қарасам, өңі бұзылықырап тұрған секілді. Аяқ-қолы дір-дір етеді. Шошып қалдым.

— Не болды, Ажар?

Ажарда үн жоқ. Қолын шошайтып төбені көрсетеді. Мен жоғарыға қарадым. Бірақ асулы тұрған люстра-лардан басқа түкті көріп тұрғаным жоқ. Аң-таңмын.

— Люстра...— деді Ажар сыбырлап.

— Иә, люстра?..

Бақсам, атакты чех хрусталінен жасалған люстра төрт жүз жетпіс крона тұрады екен. Ал Ажардың бар ақшасы төрт жүз алпыс крона. Қиналыс сыры сонда.

— Қиналма,— дедім Ажарға.

Сөйтіп жетпегенін мен толтырып люстраны ораттырып алдық.

Ажарды қуантқаныммен, ендігі қиналыстың көкесі маған көшті.

Іт арқасы қиян Дунай бойынан сатып алған зіл кара тас шыныны сындырмай, бүлдірмей Алматыға жеткізу менің міндетім болса, қиналмағанда қайтерсің!..

БРНОДА КЕЗДЕСКЕН ҚЫЗ

Чехословакияда Прагадан кейін Брно қаласына келдік. Бес жүз мың халқы бар тарихи бұл қаланың ең алдымен көзге ұратын кереметі — тазалығы. Сағат бес-тен кейін қала ортасындағы бір аланды апарып көрсетіп еді, жыпырлап жатқан столдарға көзім түсті. Мен басында кітап сататын базар екен деп қалғам. Сұрасыра келсек, көкшіні базар екен. Жеміс-жемісін, көкшінін сатып болған жұрт тарап болған шак. (Жемісін. Көкшін — Ісләм Жарылғапов туындатқан жаңа сөздер. Жемісін — овош. Көкшін — зелень.) Ғажабы — шашау

Конверт тырсыған қалың екен. Ішкі қалтамды керіп бара жатқандай сезіндім.

Келесі күні ертемен:

— Атыңды міндің бе?— деп сұрады Тахауи.

— Мінген секілдімін...

— Қаншаға түскен түрі бар?

— Мың болатын шығар деп ойлаймын.

Тахауи абыржыңқырап қалды.

— Тек... мың емес шығар?

— Конверт сондай қалың. Кеудемді керіп барады.

— Ашып, санамайсың ба?— деп тықыршыды Тахауи.

Сол жерде конвертті ашсам, кілең бір сомдық пен үш сомдық екен. Ұзын саны — екі жүз.

Тахауидың жүрегі орнына түсейін деді білем, қаркылдап рахаттана күлді.

— Бәсе, елден ала бөтен мың сомды саған қалай берді десем...

— Сенікі қанша?—

— Менікі де екеу.

Кейін анықтасaq, той несінің де мінген аты біздікі секілді екен.

САУ БАСҚА САҚИНА

Бір мың тоғыз жүз жетпіс бірінші жылдың октябрь айы. ССС Бейбітшілік қорғау комитетінің ұйғаруымен Дунай бойындағы елдерді араладым. Дунай круизы деп аталатын бұл сапардағы кемеді жүз елудей адам бармыз.— Одақтас он бес республика өкілдері. Мақсатымыз: ел көру, жер көру. Мәдениетімізді жақындастыру. Елмен елді байланыстыру.

— Қазақстаннан бесеуміз. Екі әйел, үш еркек. Әйелдің бірі — Қостанай облыстық атқару комитетінің жауапты қызметкері Бағила. Екіншісі — көпке белгілі Ажар Ыбыраева.

Ажар бұрын Қазақстан Орталық Комсомол Комитетінің секретары болып істеген. Қазақ ССР Жоғарғы Советіне депутат болып сайланған, көпті көрген, көшелі кісі. Жүріс-тұрысынан сөз саптасынан ысылған адам екені көрініп тұрады.

Біз Прага қаласына шекарадағы Чоп станциясы арқылы поезбен келдік те, үш күн сонда болдық. Завод-фабрикаларды араладық. Театрларына бардық. Еңбек

адамдарымен сұхбаттастық. Әрине, қолымыз босай қалса, магазиндерді де сырт қалдырған жоқпыз.

Аралай беруге бармыз. Бірақ ала беруге келгенде — қысқа жіп күрмеуге келмейдінің кері. Себебі, Прагаға келген бетте әрқайсымызға қырық сомға жуық ақшамызды төрт жүз алпыс кронаға айырбастап берген. Біз ерлер жағы кез келген жерде көзімізге түскен ұсақ-түйекке шашып жүрміз. Ал әйелдер жағы... иә, әйелдер ақшаны қалай ұстайтыны айтпаса да белгілі ғой.

Сөйтіп, Ажар екеуміз Вацлав алаңындағы магазинге кірдік... Бір кезде ол қолымнан тартты. Қарасам, өні бұзылыңқырап тұрған секілді. Аяқ-қолы дір-дір етеді. Шошып қалдым.

— Не болды, Ажар?

Ажарда үн жоқ. Қолын шошайтып төбені көрсетеді. Мен жоғарыға қарадым. Бірақ асулы тұрған люстра-лардан басқа түкті көріп тұрғаным жоқ. Аң-таңмын.

— Люстра...— деді Ажар сыбырлап.

— Иә, люстра?..

Бақсам, атақты чех хрусталінен жасалған люстра төрт жүз жетпіс крона тұрады екен. Ал Ажардың бар ақшасы төрт жүз алпыс крона. Қиналыс сыры сонда.

— Қиналма,— дедім Ажарға.

Сөйтіп жетпегенін мен толтырып люстраны ораттырып алдық.

Ажарды қуантқаныммен, ендігі қиналыстың көкесі маған көшті.

Ит арқасы қиян Дунай бойынан сатып алған зіл қара тас шыныны сындырмай, бүлдірмей Алматыға жеткізу менің міндетім болса, қиналмағанда қайтерсін!..

БРНОДА КЕЗДЕСКЕН ҚЫЗ

Чехословакияда Прагадан кейін Брно қаласына келдік. Бес жүз мың халқы бар тарихи бұл қаланың ең алдымен көзге ұратын кереметі — тазалығы. Сағат бес-тен кейін қала ортасындағы бір алаңды апарып көрсетіп еді, жыпырлап жатқан столдарға көзім түсті. Мен басында кітап сататын базар екен деп қалғам. Сұрас-тыра келсек, көкшін базар екен. Жеміс-жемісін, көкші-нін сатып болған жұрт тарап болған шак. (Жемсін. Көкшін — Ісләм Жарылғапов туындатқан жаңа сөздер. Жемсін — овош. Көкшін — зелень.) Ғажабы — шашау

жатқан бір нәрсе жоқ. Жеміс-жемісін, көкшін дегенінің ізін тапсақшы. Көкшін базар дегенге зорға сендік.

Брноның тағы бір ерекшелігі: он тоғызыншы ғасырдағы бүкіл Европа халықтарының тағдыры шешілген ұлы жорықтардың жол торабында жатқандығы. Онда Наполеон келіп тоқтаған. Кутузов армиясының да аялдаған жері осы. Қала тұрғындары тарихи осы жайларға мән береді екен. Соның айғағы: Наполеон мен Кутузов түскен үйлер қабырғаларындағы гранит тастарға қашалған жазу-ескерткіштер. Бұл қала — жер бетіндегі тіршілік деп аталатын ғаламат құбылыстың бірінші болып сырына үңіліп, биология ғылымының жаңа тармағы — генетиканың негізін қалаған ұлы ғалым Мендельдің туған жері. Чех халқы өзінің ұлы перзентін мақтан тұтатындығы — оған арналған музейден таңылмақ.

Келген адамдар тамашалайтын ғимараттар да көп. Соның бірі — әулие Жакып костелі. Жүріс-тұрыстан қолым босаған бір сәтті пайдаланып мен сол костелге кірдім. Қабырғалары мен төбесіне не бір керемет суреттер салынған ұзын да кең залдың сахна іспетті бас жағында неке кию секілді бір рәсім жүріп жатыр. Кіре беріс сол жакта кішкене үйшік. Ашық тұрған әйнекшесінен жәй адамша киінген бір кісі көрінеді. Кезекте тұрған жұрт біршама.

Басында ол кісіні кассир екен деп қалдым да билет алмақ болып кезекке тұрдым. Көп кешікпеді, менің соңымнан он сегіз-жиырма алдағы бір қыз келіп кезек алды. Жүзінде әлде-қалай мұң бар секілді. Сөйтсем, ана үйшік касса емес, құлшылық жайы екен. Жәй киім киген кісі пәруардігәрдың өзі. Кезекте тұрғандар — құлшылық етушілер, күнәсінен тазарамыз деп келушілер. Мен кезегімді жаңағы қызға бердім. Ол рахметін айтты. Бірақ қарап қалмадым.

— Мұнда неге келдіңіз?

Чехпен орыс тілінің тамыры бір ғой. Айтқанымды қыз түсінді.

— Мінежат етуге келдім,— деді мұңлы кейіппен.

— Түрінізге қарасам, емшек табы аузыңнан кетпеген сәби екенсіз. Не күнә жасап қойып едіңіз?

Қыз кейпіндегі мұң ізі қалындай түсті.

— О, это моя вина...

Кейін білдім, вина — чех тілінде: сыр — деген мағына береді екен.

Мен далаға шықтым. Арада біршама уақыт өтті. Карасам, әлгі қыз да мінәжат етіп кетіп барады екен. Жаңағы келгендегісіндей емес, жүрісі ширақ. Өңі өзгеше. Жүзінде айрықша бір нұр ойнайды. Маған жымыя қарап:

— Сау тұрыңыз,— деп қолын былғады да, әлде бір канат біткендей көтеріңкі рухпен қалқып жөнеле берді.

Келгендегі түрі мен кеткендегі түрі жер мен көктей.

Ойланып қалдым: асса жиырмаға келген мына қыз біреуді атып біреуді өлтірмеген шығар?.. Олай дейтінім, шын қылмыскерлер өз бағасын біледі. Шіркеуге барып құлшылық жасамайды. Ал мына қыз көп болса, бір жерде өтірік айтып қойды... Не болмаса біреудің әзәзіл сөзіне алданып опық жеп қалды... Сонысы үшін шіркеуге келіп құдайға құлшылық етіп жатыр.

Мен құдайшыл адам емеспін. Және де құдайға құлшылық ете көр деп ешкімді де үгіттеп отырғаным жоқ. Сөйтсе де іс-қаракет, жүріс-тұрысымыз жайлы ең болмаса арымыздың алдында анда-санда болса да есеп беріп тұратын болсақ, бәлкім, мына дүние шіркінің бұдан да көрі нұрлырақ болар ма еді, әлде қайтер еді!?

БАҒАСЫ ЖОҚ СЫРҒА

Әлиза күйеуден жас қалған жесір әйел. Бір бөлмелі үйде жұпыны ғана тірлік кешкен машинистка болатын. Жалақысы баласымен екеуінің ішіп-жемі киіміне жетпегендіктен, көбіне үйіне де жұмыс алып істейтін. Үйіне алып істеген жұмысының бірі — менің «Инеш» романымның алғашқы нұсқасы.

Жүре келе ойда жоқта Әлизаның бағы жанды. Алпыстан асқан шағында атакты бір адамға тұрмысқа шықты да, бұрынғы кем-кетік, жоқ-жітіктің бәрінен оп-оңай құтылды да кетті. Құтылып қана қоймады. Енді үлде мен бүлдеге оранып жүретін болды. Бірақ табиғатында ақжарқын, сұлу, ашық жаралған Әлиза, талғам дегеннің де не екенін білетін кісі. Көрейін де өлейін деп үстіне не болса, соны жапсыра бермей, сәнмен киініп ел-жұртты өзіне қаратып жүрді...

...Бір жолы мен өзімізге етене бір мекемеде отыр едім, Әлиза кіріп келді. Жетпіске қарай келіп қалса да

кұлпырып кеткен. Үстінде аса қымбат манто. Басында сол түстес қымбат теріден тігілген бөрік. Салалы сау-сақтарында бриллиант көзді үш-төрт платина жүзік. Ашаң да сындарлы бітімі жиырма бес-отыздағы кезіндегіше ашылып, үлбіреп тұрғандай. Тал бойындағы мініп іздегің келсе, онысы — салпыншақты көнетоз алтын сырға мен елуінші жылдарда болмаса, кейін сәннен қалған кішкене алтын қол сағат.

Өзім жақсы көріп сыйлайтын әрі жасы да, жолы да үлкен Әлизаға ұшып түрегеліп орын ұсындым. Басқалар да қалысып жатқан жоқ.

— Әлиза жеңге, былай шығыңыз...

Әлгіндей болмады, ақ жарқын Әлиза жұртты баурап әкетті. Бөлме іші көңілденіп жүре берді. Сөз арасында Әлизаны бұрын да жақсы білетін, өзіне тетелес есепші әйел отырып:

— Киген киімін, салған әшекейлерін қымбаттылығымен ғана емес, әдемілігімен де көз тартады. Өзіңе сондай жарасады. Бойынды да, әрінді де ашып тұр. Сөйтсе де ана сағатты платина сағатқа, ал ана алтын сырғаны көзі бар сырғаға ауыстырсаң, тіпті қатып кеткен болар еді,— деді ағынан жарылып.

Әлиза жауабы дайын екен:

— Шындап келгенде, мына сағат пен сырға өзіме сондай қымбат. Жо, жоқ, үстімдегі асыл дүниелерді кемсіткенім емес. Сөйтсе де маған олар өзімдікі емес, біреудікі секілді, жат болып көрінеді. Киіп жүргеніммен, салып жүргеніммен қызығы жоқтай. Ал сырға мен сағаттың жөні бөлек.

— Иә, қалайша?— деп жұрт құмартып қалды.

— Бір мың тоғыз жүз елу екінші жылы Сафуанын «Болашаққа жол» романын басып мың сом алдым. Қай әйелде әлсіздік жоқ?! Менің арманым — алтын сағат пен алтын сырға еді. Соған қолым жетті. Бұл әшекейлер — өзімнің табан ақы, маңдай терім. Платина мен бриллиантыңа айырбастамай жүргенім де содан,— деді Әлиза бір күрсініп.— Тапшылық, жоқшылық көрген кезімнің жәдігері. Ыстық көрінетіні де содан.

Әлизаның ақылды сөзіне отырғандар бас шұлғысып қалды.

ЖАР БОЛҒАН МҰРЫН

Ертерек жылдардың бірі. Қазақстан Жазушылар одағының проза секциясын басқарып жүрген кезім. Бас-

тыымыз — Ғабиден Мұстафин. Жауапты секретарь — Сейтжан Омаров. Біз бір бөлмеде төрт-бес консультант отырамыз. Қайнекей Жармағанбетов — балалар әдебиетін, Хамит Ерғалиев — поэзияны, Аманжол Шамкенов — жастар әдебиетін басқарады. Қалтай Мұхамеджанов драматургия секциясында.

Шынымды айтсам, осылардың ішіндегі ішкі тәртіпке мойын ұсынғыш Аманжол екеуміз.

Күнделікті күйкі тірлік, жұмыс бабында не болмайды... Бір жолы жауапты секретарымыз Сейтжанның ойлаған жерінен шыға алмай қалған болсам керек, бастығымыз Ғабиден шақырып алды да ескерту жасады:

— Сен өзін орнында бола бермейтін көрінесің. Түскі тамаққа ерте кетіп, кеш келеді екенсің...

Әлбетте мынадай әділетсіздікке көңілкіремеймін ғой.

— Ғабеке, бекер. Қайта сарылып отыратынның өзі менмін.

— Бекер емес, Сейтжанның өзі айтты маған.— Осыдан кейін Мұстафин дағдысынша сөзін салмақтап біраз отырды.— Кешіккенінді екінші рет естісем, жұмыстан шықтым деп есептей бер.— Үні сондай қатқыл. Ойнап отырмағаны айқын.

Іштей қарсылығым болғанымен не дей аламын — жарайды, жақсы деп кабинеттен шықтым. Осындайда өзім деген кісісіне түсіп кететін Ерғалиев елендеп отыр екен.

— Бастық не дейді?

— Жұмысқа енді кешіксең, шығарып жіберемін дейді.

— Секретарымыздың шағыстырмасы ғой бұл. Көрсеміз. Ал әйде кеттік...

— Қайда?

— Тамаққа да.

Қарасам түс болып қалған екен.

Бізде жақсы дәстүр бар: түскі тамаққа бесеуміз де жұбымызды жазбай көкшін базардағы ұлт тағамдарын жасайтын асханаға барамыз. Бұл жолы да солай еттік. Онда өзімізге таныс бір мықты аспазға арнайы заказбен манти жасаттырдық. Дұнған лағманын создырдық. Сөйткенше сағат екіге жақындап қалды.

— Ал кеттім,— деймін манағы ескертпеден кейін алаңдап отырған мен.

— Отыр. Бәріміз бірге шығамыз. Кешіксек бірге кешігіп барамыз,— деді Хамит.

Сөйтіп біз жұмысқа он бес минут кешігіп келдік. Айтқандай-ақ іздеп жатыр екен.

Мұстафин манағыдан да катулы.

— Өзің сөзге түсінбейтін адам екенсің. Жаз арызыңды,— деді салмақтап.

— Жазсам, жазайын,— деп бөлмеге келдім.

Тағы да қайран Хамаң:

— Не дейді? — деп қалды.

— Жұмыстан кетесің. Арызыңды жаз дейді...

Хамит ұшып түрегелді.

— Олай болса, кетісетін жер келді ендеше. Жүріңдер көне! Түгендесіп алайық.

Үшеуі Хамит сонынан ерді.

— Ау, сен неге жүрмейсің?

— Арыз жазам...

— Жоқ жазбайсың арызды. Тұр көне!

Жазған құлда шаршау бар ма, мына төртеуіне еріп мен Мұстафиннің кабинетіне қайта бардым. Хамит от ала кашқандай дуылдата кірді.

— Мынау адам баласы естімейтін сұмдық қой. Он бес минут кешіктің деп жұмыстан қуу естір құлаққа ұят екен тіпті. Және қай мекеме? Жазушылар одағы. Ғабиден Мұстафин... Он бес минутта Жазушылар одағы не тыңдыра қоятын еді?

Ғабиден саспайды. Шықшытын қимылдатып біраз отырды да:

— Тәртібі жоқ мекеме ат қорамен тең. Мана ескертілген бұл жігітке. Енді өз обалы өзіне. Жұмыстан шығады,— деді орнықты бір қалыпты дауыспен.

Хамит тұлай жөнелді.

— Сафуанды шығаратын болсаңдар, біз бәріміз де кетеміз. Бәріміз де қазір арызымызды береміз. Қайнекей, көне жаз арызыңды. Қалтай, әй, Аманжол, жазыңдар арыздарыңды.

Ғабиден мық етпейді. Ннетінен қайтар түрі жоқ. Жазса жазсын дегендей үнсіз отыр.

Дәп сол сәтте адам баласы ойлап таппайтын бір қызық оқиға туып кеткені. Бір жолдасымыздың қайда болсын мұрнын шұқылап, ермек етіп отыратын әдеті бар-тын. Бұл жолы да ол жұрттың артын ала кіріп, есік көзінде тұрған орындыққа отыра кеткен де, әңгіме өзі туралы болмаған соң басқада шаруасы не, өзінің дағдылы ермегіне көшкен-ді «әй, батыр» деген дауыс

шыққан сәтте селк етіп, саусағы ербең ете қалмасы бар емес пе? Үлкендігі кіші-гірім қоныздай қозы құмалақ сонау төрдің басындағы Ғабиден столының шыңысына барып былқ ете түскені. Әуелі шошып қалған Ғабиден көзілдірігін киіп ана жағынан да, мына жағынан да үніле қарады. Ештеңеге ұқсата алмады ғой деймін, ақыры ұртына жел толтырып алып барынша үрлеп еді, құмалақ қозғалмады. Жаңағы жолдастың сырын жақсы білетін мына жұрт ашу буып отырса да аспан жарылғандай ду ете түсті. Әсіресе күлегеш Қайнекей шек-сілесі қатып, шикылдап қалған. Мұрыны қисайып кеткен Хамиттың өзі де буына күледі. Неге екенін кім білсін, сазарып отырған Ғабиден де езу тартты.

— Ал жақсы, барып жұмыстарыңды істендер,— деді бастық жайдары дауыспен.

Сөйтіп дос мұрнының арқасында бір қауіптен аман қалған едім сонда.

Дүниеде не бір қызықтарын бола береді екен ғой.

ҚҰЛАҚ ТУРАЛЫ ЕКІ ҚАЙЫРМА

Қожыков Мүсілім екеуміз Қазақ университетіне келіп түскен соң алғашқы лекцияның үстінде таныстық та достасып кеттік. Ол өзі аса сыпайы, бауырмал, мырза жігіт. Бірінші семестр бітісімен туған ауылы—Арысқа қонаққа шақырды. Бұл жақ Қазақстанның солтүстік жағына қарағанда бай келеді екен. Мал көп. Екі жүз, үш жүзге дейін қой, он бес-жиырма қара мал, он шақты жылқыны скінін бірі ұстайды. Сөздің рәсімі анау базарға пәлен бас мал айдады. Мынау түген бас...— деген секілді болып келеді.

Мүсілімнің әкесі Ахмет те кедей тұрмайды. Баласы қонақ ертіп келген соң жемде тұрған бір қойын көтеріп ұрды да, қаланың қыз-бозбалаларын қонаққа шақырды.

Дағдылы дәм — ет келді. Қадірлі қонағы болғандығыннан бас менің алдыма тартылды.

Әкесі тірі адам бас ұстамайды,— деген ұғымнан ба, білмеймін, әйтеуір, кейбіреулер жол ананікі емес, менікі еді,— деп кеукілдесіп жатар болса, мен осы бас ұстау дегенге әлі күнге зауқым жоқ. Сол дағдыма басып алдымда тұрған басты сырыңқырап қойып едім, Мүсілімнің анасы көнбейді.

— Шырағым, баламның досы болғандығыннан бұл

мал саған арнап сойылған. Әкең бар болса да ұстайсың басты.

Амал жоқ басты ұстауыма тура келді. Байқасам, бір құлағы кесіп алынған. Алғашқы ой: ана құлақ Мүсілімнің әжесіне арналған болды. Ал мына құлақ менікі. Осылай топшыладым да қалған құлақты кесіп алып, басты кері қайтардым. Сөйткенше Мүсілім әжесінің қасында отырған төрт-бес жасар немересі қыңқылдай бастады: құлақ, құлағым қайда?..

— Өй, үндемей отыр деймін мен саған,— деді әжесі немересінің білегінен шымшып.

Бала дауысы зорая түсті.

— Құлағы несі? Інінің құлағы ауыра ма? Неге жылап отыр?— деп сұрадым Мүсілімнен.

— Кісі келгенде құлақ жеп жаман үйреніп қалған бала ғой. мәп бермей-ақ қой.

Сөйтсем, ел-елдің заны басқа, иттері қара қасқа,— деп бекер айтылмайды екен ғой: біздің Қызылжар, Көкшетау өңірінен басқа жердің бәрінде де құлақты бала жейтінін кейін білдім. Өз елінің қой кімге сойылса, құлақты сол жейтін дәстүріне бағып кеткен баланың не шаруасы бар, қой сойылған соң, құлақты жеймін деп ұйықтамай күтіп отырған ғой. Өзінен де үлкен баланың келіп жеп қоярын қайдан білсін!

Бір мың тоғыз жүз қырық алтыншы жылдың февраль айында Арыс қаласында мен байғұс өстіп бітіспес бала дауына қалғаным бар.

2

Қызылорда облысының Қармақшы ауданын аралап бір жігітпен кездестім. Еңгезердей шойын қара. Көзі қып-қызыл. Мұрны бетіне мүлде батып кеткен. Ал құлағы... шынымды айтсам, бір құлағы орнымен мүлде жоқ. Ұстарамен орып тастаған секілді. Білмекке құмарлықтың үстем болғаны соншалық, жаңа ғана таныс жігітпен сұрауыма тура келді:

— Ау, жігітім, бір құлағыңыз қайда?

Жігіт қипақтанқырап қалды. Ол үшін жауапты екінші біреу беріп жатыр.

— Туа солай.

Жұрт ду күлді. Жігіттің өзі де күлді.

— Ә, бұл бір хикая ғой,— деп күмілжиді. Сірә, ұялатын сыңайы бар секілді.

Кейін білдім, оқиға былай екен:

Мына Шойын қара өзінің көптенгі досы Мағаумен отырып арақ ішіпті. Шойын қара таудай да, ал Мағау болса, шынашақтай-ақ. Соған қарамастан екеуі әлде-неге келіспепті де жанжалдасқан. Жанжал аяғы төбелеске ұласқан. Мына Шойын қара қойсын ба, Мағауды көтеріп алып ұрған ғой. Бірақ шақар Мағау қарап жатпапты. Оңтайына келген бір сәтте Шойын қараның құлағын қыршып алып түкіріп тастапты. Істің насырға шапқанын байқаған жұрт екеуін айырып, Шойын қараға кенес бермей ме:

— Мына құлақты ал да, ауруханаға шап. Жамататын бол!

Шойын қара көнер емес:

— Құлақ маған айғаққа керек! Мен бұл иттің баласын түрмеге жаптырамын.

Ертеңіне мастықпен бірге ашу да тарқайды. Түгендесер болса, кім кімді түрмеге жаптырады, ешкімнің көзі жетпейді. Ақыры ескі достар қайта табысып, ауруханаға барса, құлақ өліп қалған...

Арақ шіркіннің арандатар жері көп-ау.

РЕСПИГИ МЕН АҚАН СЕРІ

Жетпісінші жылдардың бас кезінде менің «Қарғаш» повесім бойынша жасалған инсценировка «Әнім сен едің» деген атпен Жамбыл театрында қойылды. Мұзыкасын көпке танымал композитор Манғытаев жазған-ды. Қазір Қазақ радиосынан:

Алыстан кел бұлғап сағым,
Аңсайды күлім көз таңын.
Үзіліп кеудеден түскен
Ақ моншақ, ақ арман —
Сол күн қайда, жаным?!

Қайырмасы:

Жалындап аспан,
Жанады жүрек.
Толқиды теңіз
Дауылды тілеп.
Жырлайды, жырлайды теңіз,
Мұңайды, мұңайды теңіз..
Мұңайды.—

деп Зейнеп Қойшыбаева жпні айтатын сазды да сұлу ән — Мынжасар әні сол спектакльдің үзілмес өзегі — лейтмотиві.

Осы тұста композитормен ара қатынасымыз, творчестволық байланысымыз айта жүрерліктей болған.

...Бір күні Мыңжасар телефон соқты да үйіне шақырды:

— Керемет күй табағы бар. Соны тыңдайсыз.

Күй табак шынында да керемет екен. Симфониялық поэма. Әуені құлаққа сондай жағымды. Әрі бір жерде естіген әуенім. Бірақ құдайтағала музыка өнерінен мені мақұрым қалдырған ба, қандай әуен, дөп басып айта алмай отырмын.

— Тегі біздің жігіттердің бірі жазған поэма болды ғой,— дедім ақыры.

Мыңжасардың: Қандай ән, табыңызшы?— деген өтінішіне.

— Кім жазса да сәтімен шыққан.

Мыңжасар күлді де күй табакты қолыма берді: Респиги. Симфониялық поэма.

Ал ойнарсың музыкамен!

— Тыңданыз ендеше,— деп Мыңжасар менің жауап бере алмайтынымды білген соң домбырасын алды да анырата жөнелді.— Бұл әнді білесіз бе?

— Білем. Ақан серінің «Қара торғайы».

Ұшады қара торғай канат қағып,
Астына канатының маржап тағып.
Бірге өскен кішкентайдан сәулем едің,
Айрылып қапияда қалдым неғып?
Қара торғай,
Үштің торға-ай,
Бейшара-ау, шырылдайсың жерге қонбай...

Респиги поэмасының лейтмотиві осы «Қара торғай» әні — Мыңжасар осыны айтты да менің көзімді жеткізейін деді ме, күй табакты қайта айналдырып, өзі домбырамен қосылды. Жиырма минуттай ойналатын симфониялық поэманың қайырылып соғып отырар мотиві — Ақан серінің «Қара торғайы» екеніне күмәнім қалмады.

Респиги? Бұл кім?

Респиги Отторинио — итальян композиторы. Бір мың сегіз жүз жетпіс тоғызыншы жылы Болоньеде туып, бір мың тоғыз жүз отыз алтыншы жылы дүниесалған. Осы ғасырдың бас кезінде Петербург шаһарында Н. А. Римский-Корсаковтан сабақ алған. Италия музыкасына модернизмнің қалыптасуына себін тигізген. Өз творчествосында Көне Римді көтере мадақтап, орта ғасырлық саз, әуендер мен мақамдарды өзгерте пайдаланып оты-

рыпты. Сөйтіп кәдесіне жаратқан әннің бірі қазақ халқының мақтан тұтар композиторы Ақан серінің атақты «Қара торғайы» болыпты.

«Қара торғай» Респиги қолына қалай түскен?

Шығыс әуендерінің білгірі Римский-Корсаковтан алды ма? Әлде жиырмасыншы жылдардың аяқ кезінде Затаевичтің жіберуімен Ромен Ролланға жеткен әрі француздың атақты жазушысын қайран қалдырып, табындырған «Қазақ халқының мың әні» атты кітапты кезіктірді ме?— Айту қиын. Анығы — Ақан сері әнін пайдаланғандығы.

Қайранмын. Жок, Респиги қазақ әнін қайдан алды екен?— деп қайран болып отырғаным жоқ.— Ел мен ел арасындағы қарым-қатынастардың қилы-қиян жолдары бар ғой. Сол жолдардың бірімен итальян композиторы да жүріп өткен шығар. Менің қайран қалып отырғаным: бір «Қара торғай» әнінің тұтас симфониялық поэмаға арқау бола алғандығы. Осы ойымды Мынжасарға айттым. Музыка әлеміне енді ғана аяқ басып, музыка сүйер қауымның жүрегіне үміт шырағын тұтатып, құлағын елендете бастаған жас композитор шау тартқан кәрілерше терең құрсінді.

— Қазақ музыкасы — ұқсатқанға қиырсыз мұхит секілді. Ретін тауып пайдалана алмай келеміз ғой мұхитты!

Мынжасар сөзінде жан бар ма деп ойлаймын.

БАУЫРЖАННЫҢ САБАҒЫ

Бауыржан әманда ой үстінде жүретін кісі еді. Өлен де жазатын. Мақал-мәтелдер де шығаратын. Соларын күн демей, түн демей жақсы көретін аға, іні, дос-жарандарына телефонмен оқып беретін, пікір тыңдағысы келетін әдеті бар болатын.

Оның бұл қасиетін білмей тұрған ертерек жылдардың бірінде кештетіп телефон шылдыр ете қалды. Көтерсем, жуандау келген қатқыл дауыс — Бауыржан даусы. Жапылмасам, телефонды алғашқы рет шырылдатып тұрғаны.

— Иә, Бауке, құлағым сізде,— деймін жүрек лүпілін басқан болып.

— Қолына қағаз бен қарындаш алғын,— деді Бауыржан.

— Ал алдым.

— Жазғын ендеше,— деп Бауыржан өзі шығарған екі шумақ өленді жіктеп оқи бастады.— Жазып болдың ба?

— Болдым, Бауке.

— Қалай екен?

— Айтары жоқ-ау, тіпті.

— Өтірік мактап тұрған жоксың ба?

— Өтірік мактап не құдай атыпты, Бауке...

— Ендеше қайталап оқығын өзіме...

Менің үнім өшті де қалды.

— Ау, неге үндемейсің?

Ал мен болсам, не дерімді білмей тұрмын. Өйткені қолымда қағаз да, қарындаш та жоқ. Тексереді деп ойламағанмын ғой.

Содан былай қарай Бауыржан Момышұлы телефон соғар болса, қағаз бен қарындашты ала отыру әдетіме айналған еді.

МАҚТАНЫШ

Қазақ әдебиеті мен өнерінің бір мың тоғыз жүз елу сегізінші жылғы декабрь айында Москва қаласында өткен он күндігі мәдени өмірімізде айта жүрерліктей оқиға болды. Тойға Қазақстаннан мың қаралы өнер иелері қатысты. Ал жазушылар болса, көпшілігі семьясымен барды.

Мен бес жасар балам Саяным мен әйелім үшеуміз «Киев» қонақ үйіне тоқтадық. Бақсам, үйі-ішімен барғандарының көпшілігі осында екен. Соның ішінде Бауыржан Момышұлы да бар.

Күндіз әр жердегі кездесулерге қатысамыз. Сөйлейміз. Кешке театрларға барамыз. Уақыт сондай тапшы. Бұрылуға шама жоқ. Сөйтіп жүріп қонаққа бару, немесе қонақ шақыру кәдесін де ұмытпадық. Тойдың аты той, дуылдасып, гуілдесіп жүрміз әйтеуір.

Бір күні қонақ үй дәлізінде Бауыржанмен кездесіп қалдым.

Жаксы көретін, ищай деспеген ағаға бар ықыласыммен сәлем бердім:

— Ассалаумағалейкум, Бауке!

Бауыржан қолымды алды:

— Сафуан, сен былай еткін...— деп сәл күмілжіп тұрды да,— әй, сен де бармайсың,— деп қолын бір сілтеп теріс айналып жүре берді.

Мен болсам, Бауыржанның соңынан калмаймын ғой баяғы.

— Ау, Бауке, бармайдыңыз, не? Қайда бармайды?

— Ана Тахауи секілді, ана Серік пен Зейнолла секілді сен де ... бармайсың.

Мен жанығып кеттім.

— Жок, мен олардай емеспін. Қайда жүр десен де әзірмін.

Жан пернесін тамыршыдай баса білетін Бауыржанға керегінің өзі осы ғой. Токтап беті бұрылды.

— Рас айтасың ба?

— Өтірік айтқан жерім жоқ секілді еді ғой, Бауке.

Көздеген нысанасына дөп тигізіп, дегеніне жеткен, қулығын асырған Бауыржан енді жымия күлді.

— Кешке ЦДКА-да кездесу өтеді. Менімен бірге жүресін.

Бұлтарар жер қалмады. Амалдың жоғынан театрға әйелімді жалғыз жіберіп, Баукеңнің соңынан ердім. Айтулы уақытында машина келді. Айтулы уақытында біз Орталық офицерлер үйінің көк залына келіп кірдік. Ұзын ырғасы үш жүздей адам отыр екен. Капитан чинінен бастап генералдарына дейін сонда. Түрегелген де, амандасқан да бірі жоқ. Мына қазақ не айтар дейсін деген кекірттік жайлап алған секілді, көк залдың іші тып-тыныш. Ұйымдастырып жүрген бір подполковник — Бауыржан Момышұлына сөз беріледі, — деп хабарлағанда да қол соққан ешкім болмады.

Бауыржан баяу қозғалып мінбеге көтерілді. Отырғандарға сүзіле қарап сәл тұрды. Зал әлі де тым-тырыс.

— Байқаймын, іштерінде генералдарын да бар көрінеді ғой. Ал мен болсам, Совет Армиясының полковнигі ғанамын.

Залда жеңіл гүіл жүгіріп өткендей болды.

Бауыржан сасар емес. Қолын асықпай жәйімен жан қалтасына сұғып тілімдей ғана қағаз алып шықты. Сол қағазды көтере ұстап баппен оқыды да, қайыра салып қойды.

— Менің бар дайындығым осымен бітеді. Енді ауызша бетпе-бет отырып сөйлесеміз.

Жұрт осы сөзді күтіп отырғандай-ақ көк залдың қабырғалары айырылып жүре берген секілденді. Сатырсұтыр соғылған шапалақ ауаны жаңғырықтырды. Кеудесін көтеріп, менмен отырған жұртты өстіп дегеніне елеусіз бағындырып алған Момышұлы екі сағаттай сөйлесі. Жарқылдаған терен ой, алмастың жүзіндей өткірлік, қа-

пиядан шыға келетін тапқырлық... бәрі-бәрін де сол сөзден көруге болады. Жұрт аяғында түрегеліп овация жасады. Сұрақтар жауды.

— Полковник, сен бақытты адамсың. Өйткені келешекке жолды дұрыс таптың,— деді бір генерал.

— Көргеніміз көп қой біздің. Соны қайтіп жазуымыз керек? Ақыл-кеңес алайын деп едім, қалай кездесе аламын?— деді екінші генерал.

Біз түннің бір уағында көк залдан зорға босап шықтық.

— Бала, кездесу қалай өтті?— деп сұрады Бауыржан менен.

— Орыстарда: По одежде встречают, по уму провожают,— деген мақал бар емес пе. Соның тегін айтылмаған мақал екені артығымен дәлелденді.

Бауыржан разы болды білем, кенкілдей күлді.

— Осындай ұл тапқан қазақ халқынан айналайын!— дедім.

Бірақ мен мұны іштей айттым. Қонақ үйге жеткенге дейін мына бір кесек жаралған, басқалардан мүлде бітімі бөлек, ұлы қазақпен бір машинада келе жатқанымды мақтан тұтып, кеудемді қуаныш кернеп отырды.

ЖОҚ ТҮЙЕНІҢ ӨРКЕШІ

Бір мың тоғыз жүз алпыс төртінші жылғы май айының басы. Нұрғиса Тілендиев қала іргесіндегі Кетентайда (Дмитриевка) тұратын апасының үйіне Бауыржан екеуімізді қонаққа шақырды. Музыкада айрықша дарын иесі болғанымен күнделікті тірлікте әр нәрсенің ығы-жөңін слеп, ескере бермейтін, табиғатында шашылып-төгіліп жүретін Нұрғиса, апасының дастарқанына әйелімен Виктор деген біреуді қосыпты.

Шуақты көктем. Төңірек деген құлпырып кеткен. Ал үй іші одан да бетер сәнді. Тап-таза Нұрғисаның апасы мен жиен жеңгесі сондай қылап болса керек, дастарқан үсті қыстан шыққан қазы-карта, жал-жая, тағы сондай тамақтарға тұнған. Нұрғисадан бастап жігіттердің бәрі аяғынан тік тұрып ұшып жүр. Қадірлі қонақтарын күтін жүр.

Алдындағы май мейрамдарынан шаршаңқырап шыққан Баукең мені: сен аға баласысың,— деп төрге шығарды да, өзі Виктордың әйелін қасына алып кейінірек отырды.

— Мен ет жемеймін, вегетарианецпін,— деп дәмділердің бәрін маған қарай сырды да, Викторға былай деді:

— Нұрғисаның досы екенің рас болса, қонақша шалжиып отырма. Ана жігіттер сияқты аяғыңның ұшымен жүріп қызмет көрсет! Марш!

Виктор қып-қызыл болып жүре берді. Бірақ бір кереметі, дүние жүзіне аты кеткен әйгілі адаммен тәжікелесіп жатпады. Ұшып тұрды.

— Айтқаныңыз болады, полковник. Мен дайын.

Бауыржан жымия күлді.

— Отыр олай болса! Бұйрық орындалды.

— Бұл бұйрығыңызды да орындадым!— деп Виктор қайта отырды.

— Өй, өзің әзілді түсіне білетін жігіт екенсің ғой,— деп Бауыржан мұртынан күлді.

Үй іші көңілденіп сала берді.

Бауыржан расында да дәмнен татып алмады. Жайлап отырып арақ ішті. Бірақ ет жемеді. Виктордың келісті келген сұлу әйелін өзіне үйіріңкіреп әңгіме айта бастады. Ал қалған жағымызда әзіл-күлкі, дуыл күшейді. Бір кезде Бауыржан өз қасында отырған әйелге қарап:

— Между прочим я люблю куринный бульон,— деді.

Соны естіп қалған Нұрғиса ұшып түрегелді.

— Ал тұрындар, жігіттер, ағамызға тауық сойып, сорпа жасап береміз.

Қызмет істеп жүрген үш-төрт жігіт атып тұрды.

— Тауық соямыз!

Бауыржан қолын көтерді:

— Жок, жігіттер, мен ет жемеймін. Сорпа да ішпеймін. Бекерге әуре болмандар.

— Жок соямыз.

— Мен вегетарианецпін дедім ғой сендерге.

Нұрғиса токтар емес.

— Жаңа ғана тауық сорпасын жақсы көрем дедің ғой...

— Сөздің сырғасы ол. Айтып отырғаным баяғыда өткен бір әңгіме.

— Мен ештеңені білмеймін. Ағам айтты, бітті. Жүріңдер, тауық соямыз,— деп Нұрғиса жігіттерді ертіп шыға бастады.

Інісінің сөз тындаудан қалғанын сезген Бауыржан:

— Әй, Нұрғиса, қайырылғын бермен,— деді.

Нұрғиса кері бұрылып тоқтады.

Бауыржан даусы орнықты, сөзі салмақты:

— Ағаның айтқанын екі етпейтін болсаң, онда мен түйенің өркешін де жақсы көремін. Ал бара бер.

Нұрғиса лекіте күліп шығып кетті. Тауық сойғызып, сорпасын әкелді. Бірақ түйенің өркеші жоқ болып шықты. Бауыржан тауық сорпасын татпады.

ЖОЛДА ҚАЛҒАН «БОЙҒҰМАР»

Сандыбаев Әнуар — орта бойлы, толықша келген қара кісі.

Мұхтар Әуезовтің баяғы «Түркістан осылай туған» атты очеркіндегі совхоз директоры. Мұхтар оны өз туындысының басты қаһарманы етіп бекер алмаған. Әнуар мінезге бай, сөзге сыпайы жігіт. Ал оның талант-қабілетінің қандай екенін Әуезов шығармасынан жақсы білеміз.

Мен Сандыбаевпен «Сарыағаш» санаториінде кездестім. Әйелі Мархаба да, өзі де ашық-жарқын бауыр-мал жандар екен, көп кешікпей достасып кеттік.

Әнуар Түркістан совхозында біраз жыл істегеннен кейін жоғарылап Жуалы аудандық партия комитетінің бірінші секретарі болыпты.

Жамбыл облысының Шымкентке шыға берісіндегі сулы да нулы, таулы атырапты алып жатқан Жуалы ауданы Бауыржан Момышұлының кіндік кескен жері. Бүкіл аудан болып даңқты жерлесін мактан етсе, Бауыржан да туған өлкесін жек көрмеген. Сонын айғағы — Москваға барада, Москвадан қайтарда Жуалыға атбасын тіремей кетпейтіндігі.

— Бір күні Баукең Кубаға барады екен, — деген хабар дүңк ете қалды, — деп бастады Әнуар әңгімесін. — Жымба жолдап білсек, рас екен. Әрі Москваға дейін жеткеніміз екеуі поезбен жүрмек. Ол ол ма, жолда Жуалыға соғып екі-үш күн аялдайтын да болып шықты.

Біз әрине қуандық. Иісі қазақ аттап баспаған, жер шарының арғы бетінде жатқан алыс елге аттанып бара жатып, өз ауылына аялдар болса, қуанбағанда қайте-сін. Комиссия құрдық. Қайда түсіреміз, қайда апарамыз, қандай құрмет көрсетеміз, бәрін де ойластырып, істелінер шараларды белгіледік. Аудан еңбеккерлерімен ақылда-сып едік, аянған жоқ. Табан аузында үш-төрт мың сом ақша да жиналып қалды. Оны жүрер алдында сөз сөйлеп, комиссия председателі тапсыратын болды.

Сонымен таңғы елең-алаңда Баукең жұбайымен по-

ездан түсті. Сондай көңілсіз. Тоқтайтын үйін мезгеп едік, бармаймын,— деп бір-ақ қақты.

Шынымызды айтсақ, сасып қалдық.

— Енді қайда барасыз?— деп сұраймыз ғой баяғы.

— Мен аруақ аттай алмаймын. Осында немере інім тұрады. Сонда барып түсемін.

Амал жоқ. Баукең жанғемізді алып інісінің үйіне кетті. Екі-үш күн сабылып, дайындық жасаған, ұйқы-күлкі көрмеген біздер тарасып тындық. Ертеңіне түске карай Баукең інісін жіберіпті. Келсек, кешегідей емес, жайдары.

— Кеше көңіл күйім келіспей, поездан ауырыңқырап түсіп едім. Өкпеледіндер ғой деймін?

Біз бір ауыздан шыққандай:

— Жоқ, атай көрменіз, өкпелеуші ме едік!— деп жамырай жөнелмесіміз бар емес па.

— Былшылдапсындар!— деді Баукең сәл қабағын шытып.— Өкпелемеуші ме едіңдер. Өкпеледіндер. Сыпайылық жасап, жасырып тұрсындар. Майданда мұндай көлгірсудің құны — өлім жазасы.

— Аздап ренжігеніміз рас,— дедім мен Баукең бұлтартпаған соң.— Бірақ енесі тепкен құлынның еті ауырмайды деген емес пе, ештеңеміз кеткен жоқ.

Бауыржан кеңкілдей күлді.

— Е, осылай жөндеріне көшкендерің дұрыс. Кешірім сұраймын.

Баукеңмен өстіп тіл табысқан болдық: Бірақ онымыз ұзаққа бармады. Аттанар күні қадірлі қонағымыз тағы іріп жүре бергені...

Інісінің үйінен шығайын деп жатқанда комиссия бастығы сөз сөйледі. Ол өзі сөзуар жігіт болатын. Алқақотан отырған жұрттың шуылын басып былай деді:

— Қадірлі Бауке! Сіз көз көрмек түгіл, құлақ естімеген алыс сапарға аттанып бара жатырсыз... Осындай жолға шығар сәтінде халқың ежелгі дәстүр бойынша жебеп-желеп жүрсін деп бойтұмар қадайды бойыңа.— Ол осыны айтты да жібек орамалға түйілген акшаны Бауыржанның қойнына тықты.

Отырған жұрт дүрліге қол соқты.

— Жебеп-желеп жүрсін әрдайым!

Мен осы кезде Бауыржанның түсі өзгеріп кеткенін байқадым.

— Бойтұмар деген не?— деп сұрады ол тіксініп. Мұртының әр қылшығы едірейіп кеткен.

— Акша еді...— деді председатель сыбырлап.

— Акша деген қай уақытта адамға бойтұмар болып еді? Сапарға шыққан адамды қашан жебеп-желеп жүрген-ді? Өзің не былжыратып тұрсың?— деп ақырып қалды да, жібек түйіншекті председателдің өзіне қарай лақтырып кеп жібергені.— Мен құдайшыл да, күнін көре алмай жүрген сорлы да адам емеспін.— Бауыржанның қоштасардағы сөзі осы болды. Ағамыз сөйтіп бізді жерге қаратып кетті,— деп Әнуар әңгімесін аяқтады.

Тыңдаушылардың бірі Сандыбасқа дүрсе қоя берді:

— Бауыржан емес сендерді жерге қаратып кеткен. Керісінше сендер Бауыржанды жерге қаратып аттандырып салғансыңдар.

— Неліктен? — деп танданды Әнуар.

— Жер-көкті шулатып, жиналыс шақырмай-ақ, аттанар сәтте: мына түйіншек Баукеңе деген ел-жұртының ықыласы еді,— деп жөңгелерінің қалтасына сала салсаңдар, былай шыға бере терезеден лақтырып кетеді деп қорықтыңдар ма? Пәленің бәрі өздерінде. Ат сыйласаңдар мінер еді. Шапан жапсаңдар киер еді. Ол — ежелгі аға салты. Акшаны бойтұмарға теңеп қойнына тығып... немене соғыста өліміне қарсы барған ер Бауыржанды ез деп ойлап па едіңдер?

Әнуар үндей алмай қалды.

Расында да махаббат пен айқайдың тұз-еңбегі жараспаған ғой ежелден.

ҚАЛИЖАННЫҢ ӘҢГІМЕСІ

Қалижан Бекхожин етене жақын адамымен ренжісіп қалыпты да Қазақтың республикалық тұтынушылар одағының демалыс үйіне кеткен. Көп кешікпей жаңағы жақын кісісі сонынан келген ғой. Қасында кім бар дейсіз бе? Қасында тап Бауыржан Момышұлының өзі. Ниеті керемет — өкпелесіп қалған екеуін табыстырмақ.

Қалижан әңгімесі мынадай:

— Менің де онып тұрған қай мінезім бар. Бауыржан: алай-бұлай,— деп келе жатыр еді, тыйып тастадым; бұл мәселеде сен де ақыл айтайын деп пе едің?! Тыңдамаймын ақылыңды!

Баукең ұшып түрегелді де тартыла қалды. Қолы шекесінде:

— Честь моя оскорблена!— деп өкшесін сарт еткізіп бір-ақ қайырды да шығып жүре берді.

Арада талай күндер өтті. Жазушылар одагының фойесінде отыр едім, баспалдақпен көтеріліп келе жатқан Бауыржанға көзім түсі. Бірақ маған қарай жақындамады. Жасым кіші болса да қырсығып, мен де орнымнан көтеріле қоймадым. Баукең оң канатқа бұрылып кетті. Көп кешікпей қайта оралды да сол канатқа беттеді. Көзі менде. Тұрып келіп амандасса екен деп жүрген секілді. Сол канатта да аялдамады. Қайта көрінді. Мен де ішіме қулық сақтап, енді қайтер екен деп көзімді төмен салып отырмын. Сол сәтте бір жас жігіт тұра қатты да Бауыржанға қол берді.

— Мені танысың ба?— деп сұрады Бауыржан, жігіт қолын алып тұрып.

— Ойбай-ау, аға, сізді танымай не қара басыпты бізді!

— Танысаң, мен кіммін?

— Аға, қойыңызшы!

— Жоқ, танысың ба, жоқ па? Шынынды айт!— деп Бауыржан көзін тіктеп қадала сұрады. Өңінен ойнап тұрмағаны айқын танылады.

— Сіз полковник Бауыржан Момышұлысыз... Даңқты жауынгер! Атақты жазушы!— деді жігіт дауыстап.

— Жоқ білмедің онда...— Баукең сұсы басты ма, кім білсін, жігіт қызарып, қысылыңқырап қалды.— Әне, анау жерде қазақ халқының үлкен ақыны Қалижан Бекхожин отыр...— деп Бауыржан қолымен мен жакты көрсетті.

— Қалекенді де білем...— деді жігіт.

— Білсең, мен сол ақынның ағасы боламын.

Қитығыңқырап отырған мен күліп жібердім де жүгіріп келіп Бауыржанның қолын алдым.— деп Қалижан жымия күлді.

Қай жақтан орағытып, баспалап келіп адам жанының пернесін қалай дөп басады Баукең! Батыр даңқының шығып кетуінің бір себебі — бәлкім осы білгірлігінде жатуы да ғажап емес-ау?!

КӨРІ КҮЙЕУ

Қалада да, далада да Бауыржан Момышұлы туралы әңгіме көп. Соның бір парасы батырдың мінез-құлқы, жүріс-тұрысы жәйлі болып келеді. Біреулер оны тік мінез, қатыгез, тентек деп түсінеді. Рас, Бауыржан қойдан қоныр, жылқыдан торы періште жан болмайтын. Сөйтсе де «Бауыржан маған қиянат жасады»— дегенді

де жер бетіндегі бір пенде айта алмайтын шығар. Шындап келгенде Момышұлы баладай пәк, жаны таза, ары таза, әрі сондай нәзік, басқаның жан дүниесіне үніле білетін терең психолог кісі еді. Ойшылдығы, тапқырлығымен де ерекше көзге түсетін. Өзі ірі болған соң, басқалардан да ірілікті күтсе керекті. Ойы деңгейлес, пікірі пара-пар біреумен кездессе, құлы болып кетуге әзір тұратынын өз басым жақсы білемін. Ал құр білімсіп, өтірік күлетін, көлгірсіп сөйлейтін арамзаларға батыр үкімі айқын да қаһарлы. Ондайларға кешірімі жоқ. Міні десен, міні-ақ болсын, Бауыржан білімсіздікті де кешірмейтін. Ондайларға: өзін не оттап отырсың, бар, шық,— деуден тайынбайтын-ды. Мейлі, патша болсын, надандармен де табыса алмаған. Ең кереметі: сөзге тоқтаушы еді. Жығылар жерінде жығылатын. Өтірік айтылатын «сізге» жұлдызы қарсы. Ал өзінен жасы көп кіші біреу суырылып: «әй, Бауыржан, сен...— деп әділін айтар, тауып сөйлер болса, шамданудың, үлкендігін салық етудің орнына намысшыл басын иіп, тағзым ету — дәстүрі еді десен де болғандай. Осы мінездемеді дәлелдейтін, батырдың бірі біріне ұқсамас үш қырын анықтай алатын үш мысал бар менде. Енді соларға тоқтаймын.

Бірінші мысал: Бауыржанның бірінші әйелі, жақсы шығармаларымен қазір көпке танылған жазушы, әкесіндей кесек тұлға Бақытжан Момышұлының анасы Жамал қырқыншы елуінші жылдарда «Лениншіл жас» газетінде машинистка болып істеді. Сол тұста менің де екі-үш жыл осы газетте қызмет атқарғаным бар. Жамал сондай келісті келген, ашық-жарқын жүретін, қайырымды, адал, еңбекқор кісі еді. Біз одан аңызға айналып кеткен батыр туралы көп сұрайтынбыз да, әңгімесін аузымызды ашып тындайтынбыз.

Алматыда құрылған қазақ дивизиясының екі жылдық тойына бір мың тоғыз жүз қырық үшінші жылы майданнан Бауыржан Момышұлы шақырылған. Әрине даңқты перзентін бүкіл ел болып қарсылап сый-құрмет көрсеткен ғой. Бауыржан да қарыздар болып қалмапты. Завод, фабрикаларда кездесулер өткізген. Партия, совет қызметкерлерін, қала зиялыларына қазіргі заманың соғыс стратегиясы туралы лекциялар оқыған.

Кездесулердің ресми жағы бітіп, аттанар шақ жақындаған кезде лауазымы жоғары бір кісі Момышұлын өз үйіне қонаққа шақырыпты. Хал-хадарынша дайындалған. Бірақ дастарқанда ішімдік атаулыдан арзан

қолды қызыл шараптардан басқа ештеңе жоқ болып шыққан.

— Не коньягі, не арағы жоқ қурап отырған бұл не қылған президент?— демей ме, қадірлі қонағы.

— Бауыржан, айналайын, паякқа алған барымыз осы. Коньяк деген де бірдеме болушы ма еді?!— деп таңданыпты үй несі.

— Жоқ, мұндай үйде отырып болмайды,— деп Бауыржан ұшып тұрған да Жамалды ертіп, қасындағы Дмитрий Снегинді бұйрықпен тұрғызып алып кетіп отырған.

Жолда келе жатып:

— Ұят болды ғой кетіп қалғанымыз,— демей ме, Жамал.

— Мен одан қонаққа шақыра көр,— деп тілегенім жоқ қой. Республика үкіметі ресми түрде сыйлап отыр. Онысына мың да бір рахмет. Ал мынаның үйіне шақырып тұрып көрсеткен не жоқсыздығы? Біз емес, өзі ұялсын,— деп Бауыржан бір-ақ қайырған.

Бұл не? Тентектік пе? Десеңіз, деңіз. Бірақ білімсіздікпен Момышұлының ауыл-үй қона алмайтынын біліп қойғанымыз да теріс емес.

Екінші мысал: бір мың тоғыз жүз алпыс екінші жылы қазақ әдебиетінің күнделікті тірлігінде жұртты шулатқан бір оқиға туып кеткені.— Бауыржан Момышұлы Камаш атты артист әйелді күйеуінен айырып алды. Осы орайда республиканың бір топ қарт большевиктері жоғарғы орныға хат жазды. Сол хат «Қазақ әдебиеті» газетіне жариялансын деген ұйғарым болды. Хатпен бірге мақала жазу маған тапсырылды. Мен ол кезде Қазақстан Жазушылар одағының секретары едім. Бұлтартарға шама жоқ. Жазушы парызы туралы бірдемелерді айтуыма тура келді. Жасы үлкен, даңқы зор ағаға не жөн үйретерсің?! Атқарған қызметін, көрсеткен ерліктерін санай берсем керек. Есімде қалғаны — Аристотельден келтірілген қорытынды сөзім: человек вне общества или бог или зверь. Бауыржан өзін қайсысымын деп түсінеді екен?— деп аяқтағанмын.

Бір қызығы — ресми орындар менің бұл мақаламды — Бауыржанды сынаудың орнына мақтаумен болып-сың деп қабылдай қоймады. Оған көнген басым енді Бауыржанның өзі не айтады деумен мазам кеткені. Шынымды айтсам, әлденені бұлдіріп қойған бала секілді батырмен кездесуден тайқаксып жүрдім. Бірақ көп кешікпей-ақ бұл мәселенің аяқ астынан шешіле кеткені:

өз кабинетімде шылдыраған телефон құлағын ұстай бергенімде, үстінде шинель, басында папаха, полковниктің өзі кіріп келмесеі бар емес пе! Мен түрселдім. Бауыржан қолын шекесіне апарды:

— Жазғандарының ішіндегі ең тәуірі «Қазақ әдебиеті» газетінің кешегі санында жарияланған мақалаң екен.

— Жолдас полковник, мен де тап солай ойлаймын,— дедім сабырлы кейіпте.

Бауыржан сәл жымпаған секілді болды. Бірақ үн қатқан жоқ. Өқшесін сарт еткізіп кері қайырды да шығып жүре берді.

Бауыржан оны кекесінмен айтты. Бірақ мен шүкіршілік дедім. Өйткені қатал мінезді тентек Момышұлынан оқиғаның зорырағын күтіп, қылша мойным талша деп жүргенмін ғой.

Бауыржанның бұл қылығын даналығы деменізші!

Үшінші мысал: бір мың тоғыз жүз жетпісінші жылы Абайдың жүз жнырма бес жылдығы аталып өтті. Әуелі астанамыз Алматыда басталған мереке Семейдегі, одан кейін Шыңғыстаудағы тоймен ұласқан-ды.

Абай ұрпақтарының қадірлі қонақтарының бірі — Бауыржан Момышұлына арнайы ақ шаңқай үй тігіліп, ерекше құрмет-ілтнпат көрсетілді. Сол үйдің қожасы — бір совхоздың директоры екен, Бауыржанның қолына суды өзі әкеп құйды. Орамалды өзі әкеліп ұсынды. Бар мүшесі түгел табакты да өзі әкеліп қонағының алдына тартқан-ды.

Алдында Семей қаласында әлденеге ренжіп қалған Момышұлының ашуы әлі тарқамаған болса керек. Мін тағу үшін қайтсе де ілік іздейді ғой баяғы. Буы бұрқырап келген дәмге көз жүгіртсе, ішінде төс жоқ. Ал Бауыржанның жана қосылған жары Қамаш осы Семей елінің қызы. Олай болса, Бауыржан иісі Семей еліне күйеу.— Ілік табылды ендеше!

— Әй, деректір, мен осы елге күйеу екенімді білесің бе?— деген ғой әдейі қисайта сөйлеп.

— Білем, Бауке,— депті өз басына үйіріліп келе жатқан бұлтқа онша көп мән бере қоймаған директор.

— Білсең, төсім қайда?

Төстің жоғына көзі жетсе де, директор, бірақ саспаған.

— Сен секілді кәрі күйеуге бас пен жамбас та жетіп жатыр,— деп бас пен жамбасты Бауыржанның алдына қойған ғой.

Бауыржан карқылдап рахаттана күліпті де, совхоз директорын:

— Өй, сен өзін тапқыр жігіт екенсін ғой!— деп өз қасына отырғызған.

Бұл жерде анықтай кетер бір нәрсе бар: егер совхоз директоры қысылып, қымтырылып, ас пісіріп, даяшылық жасап жүргендерге: төсті неге салмағансыңдар, мана айтқан жоқ па едім,— деп жалтарар болса,— сен өзін қайда жүрсің? Бар, көзіме көрінбе!— деуден Момышұлы тайынбақшы емес.

Батырдың даңқына табынып, сырттай жақсы көріп жүрсе де бет-бет кездесе қалғанда аузынан сөз, қойнынан бөзі түсіп тұратын, немесе оны орыпсыз мақтай жөнелетін азаматтардың көбінесе Бауыржан алдынан ренжіп, опық жеп шығатындарының сыры міне осы секілді жайларда жатса керек-ті.

Бауыржан ойшылдық пен пікірліліктің, ақылдылық пен тапқырлықтың құлы болып өткен адам.

СЫРБАЙДЫҢ НҰРҚАНМЕН АЙТЫСЫ

Майданға солдат болып барып, акын болып оралған Сырбай Мәуленов соғыстан кейін біраз жыл Қостанайда тұрды. Облыстық газетте қызмет істеді.

Кезекті бір демалысын пайдаланып Торғайға барған ғой. Онда әрі ағайыны, әрі дос аға, аты белгілі акын Нұрқан Ахметбеков тұрады. Әрине Сырбай әзіл-қалжыңы жарасқан сол аға үйіне барып түспей ме. Елге әйгілі акын болса да Нұрқан қысылыңқырап қалса керек. Кішілеу демесең, Торғай да Қостанай секілді қала. Інілерінің бірін мал әкел деп жакын жердегі ауылға жіберсе, жөпшенділікте келе қоймаған. Қысылған Нұрканды көрші тұратын бір жігіт құтқарады:

— Менің малым байлаулы тұр. Сырбай бүгін біздікінде болсын. Сен малыңды ертең сой.

Сөйтіп Сырбай Нұрқанның көрші үйіне қоныс аударады. Көңілі жайланғаннан кейін жақсы көретін ағасын қажай бастамай ма!

Болғанда Қостанай тау, Торғай төбе,
Болғанда сіздер қайық біздер кеме.
Үйінде шайып ішер шалабы жоқ,
Шай аңдып көрінгеннен жүрген неме!—

депті Сырбай Нұрқанға қарап.

Сонда делебесі дуда қызар аруақты акын Нұрқан

домбырасын қағып-қағып жіберіп айғайға былай басқан:

Мінбейсің жігіт болсаң, атқа неге?!
Айтпайсың ақын болсаң, жатқа неге?!
Торғайға тойынғалы келіп пе едің,
Қалада көк су ішкен қатпа неме?!

Жұрт дуылдасып қол соққан. Сырбай жығылғанын мойындаған. Шіркін, Нұрқан осындай төкпе ақын еді ғой. Әттең, не керек, дүниеден ертерек кетіп қалды.

СІЛЕКЕЙ

Солтүстік Қазақстан облысының Преснов ауданында бір кезде «Тауағаш» дейтін колхоз болған. Тауағаш — бұрынғы Шағалақ самайдың жайлаған жері. Ал Шағалақ самай дегенің шетінен сері-мырза, шетінен әнші-күйші, домбырашы келетін ел.

Есіл тасып барады жардан асып,
Жаңбыр мен қар жауады араласып.
Шам сөндіріп барайын деген басым,
Ұйықтап, өліп қалыппын қара басып.

Өзім атым Мұратбек, әкем Шүрек,
Бізді қос деп құдайдан еттім тілек.
Осылайша екеуіміз болғаннан соң,
Неге бірге бітпеген қолқа-жүрек?!

деп келетін атақты әнді шығарған Шүрекұлы Мұратбек ақын да осы жерден.

Мұратбек дәстүрі жоғалып кеткен жоқ. Ән салып, домбыра тартатын, жыр жырлайтын өнерпаздардың талайы Тауағаштан кейін де шыққан. Соның бірі — Хасенұлы Темірғали. Темірғали аса кескінді, келісті келген, сұлу мұртты ақсары кісі еді. Сылдыраған майда қоңыр даусымен домбыраға қосып Үкілі Ыбырай әндерін салғанда тыңдаушысын еріксіз елтітетін-ді. Темірғали неліктен Ыбырай әндерін таңдап алған?— Таңдап алатын себебі, Үкілі Ыбырай Шақалақ самай еліне жиі барады екен. Жиі барып, айлап жатып, ән салып, домбыра тартып дүниені сауық-сайранға айналдырады екен. Сауықшыл ел өнерпаз ақынды тыңдаудан жалықпайды. Жалықпайды емес-ау, қайта хан көтеріп қарсы алады. Ат мінгізіп, шапан жауып, Үкілісің үйден үйге, қолдан қолға өткізіп қыдыртады. Егер Ыбырай бір өлеңінде:

Атығай, қараылды көктей өтіп,
Мен таппадым керейдей жомарт елді,—

деп жырласа, сол керей мырзалығына Шағалақ самай
қосқан үлес аз болмаса керек-ті.

Темірғали он бес-он алты жасынан бастап ақынның
өнін тындап, өлеңін жаттап өскен. Керек десеңіз үкілі
атасының айлап қасына еріп жүрген кез де болыпты.

— Бір жылы пішенге түскелі жатқан кез еді,— деп
бастайтын Темірғали әңгімесін.— Ауылға Ыбы-екең кел-
ді. Дүние бірден көңілденіп сала берді. Күнде той, күнде
думан, жағалай шақырыс. Сөйтсе де бұл жолы үкілі
біздің ауылға көп тұрақтамады. Уақ елін аралауға шық-
қанын айтты. Аттанарынан бір күн бұрын шақыра барға-
нымда: бала, сен менімен бірге жүресің,— деді.

Сөзіне, әніне құмартатын өнерпаз ағаның керек десең
атқосшысы болудың өзі біз үшін арман секілді емес пе.
Қуанғаннан жүрегім лүпілдеді. Бірақ күмілжіп қал-
дым.

— Қайдам, әкем жібермейтін шығар?

— Ол жағын маған тапсыр.

Үкілі Ыбырайдың беделі сұмдық. Дегені екі болмақ
емес. Сөйтсе де әкем мені босата қояр деп ойлаған жоқ-
пын. Себебі жалғыздікті кісі. Үйіміздің бас көтерері де,
таянышы да мен. Мен болмасам, жұмыстың мына қауырт
шағында пішен шабылмай қалады. Жоқ, әкем мені өлсе
де босата алмайды.

Сол күннің ертеңіне Үкілі Ыбырай біздің үйде бол-
ды. Өте көңілді отырды. Әнді де шырқады. Әзіл-қалжың
әңгіменің де тиегін ағытып жіберді. Әлі есімде: өзінің
үш-төрт қайтара көтеріп салатын «Кәусер» әнін шырқап
болды да, домбырасын алдына көлденең тастай салып:

— Әй, Хасен,— деп әкеме бұрылды.

— Ләббай, Ыбы-еке?

— Саған салар қолқам бар.

— Қолымыздан келсе, орындайық. Ыбы-еке...

— Бір түнгі сілекейінді бір айға қиясын маған.

Әкем сәл мүдіріп отырып қалды да:

— Бір түнгі сілекейді сізге қимасак, кісілігім қалмас.

Қидым- қидым,— деп екі рет қайталады.

Мен сөйтіп, Үкілі Ыбырайдың тапқырлығы аркасын-
да бір ай бойы ақынмен бірге жүріп Уақ елін араладым.
Тапқырлық дегенде... тапқырлықтың бәрі әлгі жалғыз
сөзде жатыр. Ал егер — баланды қасыма қосып бер. Ел
көрсін, жер көрсін, деген секілді етіп жәй өтінер болса,

жалғыздікті әкем мына қауырт шақта мені өлсе босатпас еді...

Үкілі Ыбырай осындай ұятты адам болған.

ҮКІЛІ ЫБЫРАЙ МЕН ҮКІЛІ ҚЫЗ

Темірғали бипаздап ән салғанмен көсіле сөйлеп кететін шешен кісі емес еді. Бір ай қасында жүріп Уақ елін араласа да Ыбырай туралы білігі сарапдал-тын. Темірғали ән салғанда терезенің шынысы сытырлайтын, құлағың тұнып қалатын еді,— дейтін. Соған мысал ретінде Үкілінің «Кәусер» әнін келтіретін. Кәусер — қайырылар тұсында үсті-үстіне үш мәртебе көтеріле шырқалатын аса қиын ән. Содан болса керек. Темірғали бұл әнді айтпайтын. Тек домбыраға салып ыңылдап отыратын да, сегіз перненің бітер жерінен әрі қарай сағаттатып шекті үш жерден ұрып, қолын аспанға көтеріп бұлғап-бұлғап барып тоқтайтын-ды. Солтүстіктің белгілі жыршысы Тырбидың Молдахметі де Темірғалиға ұқсап, әннің басқы жолдарын айтатын да,—арғы жағы міне былай,— деп домбыраны сағаттатып жоқ пернелерді қуалап, қолын бұлғап-бұлғап тоқтайтын. Соған қарағанда Үкілі Ыбырай даусының ауқымы аса кең болса керекті. Тағы бір дәлел: Үкілі ән салғанда тамағы бүлкілдеп, бақа тамақтанып, негімен мүлде тұтасып кететіндігін көргендердің, Үкілінің әнін тыңдағандардың түгелдей мойындайтындығы.

— Үкілі Ыбырай шабытқа мінген шағында қолды аяққа тұрмайтын. Малдасын құрып, нық басып төрде отырғанымен, он аяғын сол аяғының санына артып алып, құйрығымен жорғалап есік көзіне барып қалатынын білмей қалушы еді,— дейтін Молдахмет. Ұлы ұстазына еліктемейтін шәкірт болар ма, өзінің де үдере жырлаған кезінде есікке дейін барып, кейін шегініп отырғанын талай-талай көргенім бар. Молдахметті Темірғали де қостайтын. Бірақ әнді бір орында көзін жұмып алып, тенселе қозғалмай отырып салатын.

Темірғали айтып, кейін Молдахмет растаған тағы бір әңгіме — Ыбырайдың ән шығару тәсілі туралы.

Үкілі Ыбырайға шығарар әні көк дөненге мінген үкілі сұлу қыз болып түсінде көрінеді екен. Үкілі қыз әнді қарсы келе жатып салса, Ыбырай оны ертеңіне шығарады. Ал қырындап кетіп бара жатып шырқаса, ол ән бір жетіден кейін дүңнеге келетін болыпты.

Бұл әңгімеге сенесіз бе? Әлде сенбейсіз бе?— Оны өзіңіз біліңіз. Өз басым Үкілі Ыбырай түсіне кәміл сенемін. Өйткені көк дөненге мініп алып, ақын түсінде көлеңдеп жүретін үкілі қызды өнер атаулының құдіретті пәсі — шабыт деп түсінемін.

Шабыт — бұл еңбек, — дейді даналар. Қарсылығым жоқ. Бірақ шабыт еңбектің топырыш торысы емес екенін де ұмытпағанымыз жөн. Өнер қонған адамға шабыттың келер шағы бар. Шабыт біреуге қара бүркіт болып, енді біреуге пырақтың қанатты тұлпары болып көрінуі мүмкін. Ал Үкілі Ыбырайға сол нұһам-шабытыңыз үкілі қыз болып түсіне енсе, шұбаланудың жөні жоқ.

ҚЫЗЫЛСЫРАҒАН ҚАЗАҚ

Бір мың тоғыз жүз алпыс тоғызыншы жылы июль айында Шығыс Қазақстанға сапар шектім. Зырян қаласында көптен көріспеген немере қарындасым Мәшкен тұрады. Мақсатым: бейтаныс жиендерімді көріп қайту. Рульде өзім. Қасымда жұбайым мен балаларым. Үдере жүріп келемін. Ойым — ара қонып Зырян қаласына түсу. Даңғыран жатқан асфальт жолда тетігі сау машина жер шыдата ма, бесін кезінде санаусыз адыр-белестерді асып аудан орталығы Андреевкаға келдім. Осы қыстакка кіре берісте жол солтүстікке күрт бұрылады да Шынжылы өзенінің оң қабағымен өрлей салады екен. Көктемде дүрліге тасып ағатын өзен болса керек, өйткені аңғары сондай кең. Ал қазір тартылған шағы. Сонау төменде алыстан аттап өтердей ғана болып көрінер жіңішке арпа еңкейе бастаған күн сәулесімен шағылысып прелеңдеп жатыр. Оң жағымыз кеудеден ғана келер жарлауыт кабак. Алдымызда бір шақырымдай жерде бір отар қой жолды кесіп суға құлай бастады. Өрге қарай ақырын жүріп келіп, қойлар әбден өтіп болды-ау деген кезде қозғала беріп едім, оң беттегі жарқабақтан бір нұһан қой қаргып машинаның бамперіне соғылды да төмен қарай домалап кеткені. Сарт еткізіп тежемені бастым да, машина жәшігіндегі пышағымды ала салып серендеп жатқан қойға жүгірдім. Ойым — қайтсе де арам өлтірмеу. Сол кезде дөңнен асықпай аяндап салт атты қойшы түсті. Шокша сакалына қарағанда бізден әлдеқайда үлкен

— Ақсақал, кателік болды. Байқаусызда малынды

бастым. Қанша сұрасаң да құнын төлейін де, бауыздап багажнигіме салып алайын,— дедім.

Қойшы шырт түкірді. Содан кейін қалтасынан шақшасын алды да өкшесіне қағып-қағып жіберіп иасыбай атты. Асықпай аттан түсті. Мен байғұста зәре жоқ. Бірақ шопан сасар емес. Қалтасынан өз бәкісін суырды. Осыдан кейін барып маған бұрылды да:

— Ертеден бері қызылсырап, мыналардың қайсысына ең тақсам деп келе жатыр едім, дұрыс болды. Ұзақ сапардағы бала көрінесің, жолыңнан қалмай-ақ қон. Жүре бер,— деп тыпырлап жатқан қойға беттеді.

Мен машинаға оралдым. Үрпісіңкіреп қалған әйелім мен балаларыма болған жәйді баяндап беріп едім, қуана күлді.

Жүріп келемін. Ойлап келемін: есебі мол, қулау біреу болса, қойды да бермейді, құнын да даулар еді. Сен сонда алыс сапар үстінде көнбей көр.

Қазағымның ірілігі деменізші, бейтаныс шопанның мына мінезін!

ҚАЙРАН ЖАҚСЫЕКЕН...

Сасықкөлдің құлағынан өткенімде күн батты. Енді қоналқалық жер іздеуге тура келді. Жол бойында көгалда бір ойпатта шөпшілер бар екен. Солардың қасына тоқтайын деп едім, маса көп екен. Шөпшілер бір қосын маған босатып та бермек болды. Бірақ балалардың ұйықтай алмайтынын да ескертті. Амал жоқ, ілгері жүруге тура келді. Көп кешікпеді, жол езуінде бір мал қорасы көрінді. Қасында тігулі екі киіз үй. Жер ошақта лапылдап жанған от. Келсем от басында жасамыс әйел жүр. Құрақ ұшты.

— Ойай-ау, рұқсат бола ма дегені несі?! Рұқсат. Рұқсат, шырағым. Күн сондай ыстық болды бүгін. Балалар шаршап, шөлдеді ғой, ана ақ үйге кірсін. Ал мен шай қояйын.

Сұрастыра келсем, бұл Аягөз ауданына қарасты қаракүл қой совхозының атақты шопаны, Социалистік Еңбек Ері Жақсыбектің үйі екен. Бір кереметі Жақсыбектің баласы Совет те ата жолын қуған шопан. Жәй шопан емес, ол да Социалистік Еңбек Ері. Әкелі-балалы екеуі де батыр.

— Ал ақсақалдың өзі қайда?— деймін орналасып, көңіліміз жайласқан соң.

— Мал жайып жүр.

Сағатқа қарасам, түнгі он бірден өтіп барады.

— Япыр-ау, түн ортасы болды ғой. Осы кезде мал жая ма?

— Ә, шалдың ымырттатып өргізіп әкелетін әдеті. Қойсаңшы, десең тындамайды.

Тағы бір сұрап білгенім, Совет өз отарымен жайлауға көшкен екен. Мына отар ақсақалдың кіші баласының бағатын малы. Әлдеқашан пенсияға шыққан қарт қарап отыра алмайды. Кенжесіне мал бағудың амалын үйретеді, әрі көмектеседі.

Жол соғып, әбден титықтап, шаршап келгендіктен, әрі ертең тағы да ерте тұратын болғандықтан мен қарт шопанның келуін күте алмадым. Жатып қалғанмын. Көзім ілініп барады екен, қарт үйге сөйлей кірді ғой деймін, оянып кеттім.

Қалақтай қатқан ұзын бойлы, селдір шокша сақалды қара шал екен.

— Ал кім боласың? Қайдан келе жатырсың? Қайда бара жатырсың?— Қарияның алғашқы сұрағы осы болды.

Мен жөнімді айттым.

Қарт шопан сәл мүдірді де:

— Қайдан білейін мен оныңды. Мүмкін тонап кетуге келген ұры шығарсың?

Мен де қарап жатпай, еруліге қарулы жасап мына оқыс сауал-күдіктерге тойтарыс беріп әуремін:

— Ақсақал, нешеге келдіңіз?

— Жетпісті алқымдадық.

— Жер бетінде жетпіс өмір сүріп, ұры мен ұры емес-тің кім екенін ажырата алмауынның мәні қалай?

Шал қарқылдап күлді.

— Түрегел, балам. Құдайы қонақ боларсын. Қой соямын.

— Рахмет, ақсақал, көңіліңіз құдайдан қайтсын. Мен жолдан шаршап келдім. Тынығайың.

— Ендеше малды таңертең соямын. Қарамай кетіп қалып жүрме.

— Түн тыныштығы болсын. Мен де ерте тұрамын ғой. Сөйлесерміз.

Уәдеміз осы болды. Қарт шопан екінші үйге кетті. Мен болсам ұйқыға аттандым.

Ертеңіне ояна кетсем, ұйқым сондай қанып қалған. Денем жадыраңқы. Түрегелдім де жол жабдығына кірістім. Ерте тұрам деген шалдан дыбыс жоқ.— Соятын

малың қайда?— деп жүрем бе. Жол аяғы жүрсе бітеді дегендей, балаларымды оята бастадым. Ойым үндемей ғана аттанып кетіп отыру. Сол кезде қора жақтап үй иесінің кемпірі көрінді.

— Үйбәй-ау, қайда аттанып бара жатырсын, шырағым?

— Жүремін, женеше.

— Жүргені несі? Жоқ, тоқтайсың. Мал жеп кетесің.

— Алда разы болсын. Жер мойны алыс. Ит арқасы киян. Жүріп кеткенім жөн болар,— дедім ішімнен ұйықтап қалған қарт шопанға қыжыл сақтап.

— Енді қайттім? Қонақты жіберме, деп кетіп еді шалым.

— Ол кісінің өзі қайда?

— Мана ала көбеден мал жайып кеткен. Қайтып келіп мал соямып, қайтсең де жіберме, деген. Қой қорада байлаулы тұр.

Дағдарып қалдым. Балаларыммен, әйеліммен ақылдасып едім, жүріп кеткенді жақсы көрді.

— Бір жапырақ ет жейміз деп ерте күнді кеш қыламыз ба?!

Мен жолды оңай таптым.

— Бұл жерде қанша отырарсыздар?

— Енді бір жарты айда жайлауға, ана үлкен баланың қасына көшеміз,— деді кемпір.

— Олай болса, ақсақалға сәлем айтыңыз. Аманшылық болса, он күннің ол жақ, бұл жағында мына сапардан қайтып ораламын. Ақсақалдың арнаған малын сонда келіп жермін. Әзірге сау тұрыңыздар.

— Шалыма енді не деймін?— деп кемпір кинала-кинала көш айтысты.

Араға он бір күн салып Қаракөл совхозының жол үстіндегі қой қорасына қайтып оралдым. Келсем, қарт шопанның жұрты ғана жатыр...

Жарғы айсыз көшпеуге тиісті еді ғой, мұнысы қалай?

Кенет совхоз орталығы жағынан жүк машинасы көрінді.

— Мына Жәксыбек ақсақал қайда? Жайлауға көшіп кеткен бе?

Шофер жігіт кідіріп біраз тұрды.

— Жәксыбек ақсақал дүние салды ғой. Бүгін совхоз орталығында жетісін бергелі жатыр.

Мен не айтарымды білмей аңырып қалдым.

— Апыр-ай, осыдан он күн бұрып кездескенімде сапсау секілді еді...

— Иә, сап-сау болатын. Бір жерім ауырды, деп шағынып көрген жан емес. Түнделетіп қой жайып келіп, шай қайнағанша қисая тұрайын деп жатқан да тұрмай қалған...

Мен әлде бір қимасымнан айрылғандай, жүрегім бір түрлі сазып жүре берді.

Бір күн шалдың қасында болып, әңгімесін тыңдап, өткен-кеткен өмірін айтқызып, келер күні аттансам да ештеңеден құр қалмайтын едім ғой. Өкінішті-ақ!

Әй, от ала қашқан өмір-ай десеңші!

ҮЙ ІШІНЕН ҮЙ ТІККЕН

Мен осы сапардан оралғанда Өскеменнен шығып тұра Аягөзге түстім. Бірақ уәделі уақыттан екі сағат кешігіп, кештетіп келгенім. Сөйтсе де күтіпті. Аягөз аудандық партия комитетінің бірінші секретары Нұралинов Енжиһан сыпайы да сабырлы кісі екен, бұл ауданда қанша болатынымды сұрап жатыр.

Менің бар тілегім — қонып шығатын жер тауып берсеңіз дегенге ғана саймақ. Әрі Алматыға асар жол үсті болса, құба-құп. Рульде өзім. Шаршап келе жатқан жәйім бар. Ертең қалаға жетуім керек.

Нұралинов басылыңқырап қалды.

— Мен екі-үш күн осы елде болатын шығар, шаруашылықтарымызды аралап, ел-жұртпен танысатын шығар деп ойлаған ем...

— Көңіліңізге ризамын. Ыңғайына қарай кейін еліңізге арнап та келермін. Қазір жолымнан қалдырмаңыз.

Біз осыған келістік. Енжиһан қасыма өз қызметкерін қосып, көрші бір ауылға аттандырып салды.

Тегі алдын ала хабарлаған болса керек, мұндағы совхоз басшылары да жол қарап отыр екен. Совхоз директоры, жаңылмасам, Ғұмаров деген жігіт. Таныстықтың басы — қалдарыңыз қалай?— деп бейтаныс ел басшыларын сөзге тартамын ғой баяғы.

Ай-шай жоқ, совхоз директоры Ғұмаров.

— Халіміз жаман,— деп қойып қалмасы бар емес пе.

— Себеп?

— Мына ауыл — түгелімен пәлен рудан. Шетінен қияңқы, арызқой.

— Тентектігі сол рудан болғандығынан ба? Әлде бұл кілең тентектердің жиналған жері ме?

— Жок, пәлеп рулығынан басқалар өйтпейді.

Ел басшысының кейпіне қарасам, ойнап отырмаған секілді.

Көп кешікпей, біз бір шопанның үйіне барып түстік. Өлгіңдей болмай дәм келді. Совхоз туралы, сол совхозда тірлік кешіп жұмыс істейтін адамдармен өзінің қарым-қатынасы туралы ойлардан уақытша болса да біршама алыстап, көңілдене бастаған директор сұрақты енді маған қойды.

— Аға, кітаптарыңызды оқыдық. Сыртыңыздан қанықпыз. Сөйтсе де өзіңіз туралы айта отырыңыз.

Мен Өскемен жағынан келе жатқанымды, онда көптен бергі көріспеген қарындасым тұратынын айттым.

— Онда сіз де біздің рудан болдыңыз ғой?

— Жок.

— Енді қай рудансыз?— деп қадалды Ғұмаров.

— Өлгі тентек руынанмын.

Ғұмаров құп-қу болып жүре берді. Тілі байланып, үндей алмай отыр. Қайтер екен деп мен де сөйлемей қойдым. Бір кезде есін жиды білем, әлде бір ішкі есеппен енді жамандаған руын мақтай жөнелді:

— Ойбай, ерліктің бәрі соларда ғой! Осы жердің Таужан аталуының өзі тегін емес. Таужан жалаулы найза қолға алып жауға шапқан жаужүрек батыры. Қалмағынды көгендеп қойып қырған ғой сабазың. Бұлардан өнердің де не бір түрі қашып құтылмаған. Әнші, күйші, сал, сері...— деп пұшайман болды да қалды.

Келесі күні мен шопан үйінен ерте аттанып кеттім. Жол бойы ойымнан Ғұмаров шықпай қойды: рушылдық атты науқасқа шалдыққан осындай басшысымақтардың дертіне табылар дауа қайда?

СӘЛЕМ ХАТ

М. деген жолдас қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтында бізбен қатарлас оқып, елуінші жылдардың бас кезінде бітіріп шыққан болатын.

М. жатақханада жатады. Қасындағы балалар ұйықтады-ау деген кезде тұрып алып хаттар жазады. Кімге дейсіз бе? Достарына... мектепте бірге оқыған қыздарға... Әрине әке-шешесіне жазады ғой.

Көңілі арманға толы жас жігіт сәлем хатын: Қадірлі Әке!!!— деп үш леп белгісін қойып бастайды ғой әлбетте.— Қадірлі әке!!! Қазір түн. Терезе ашық тұр.

Самал жел еседі. Аспанда ала бұлт бар. Ай қалықтап барады. Бозамық сәулесі мені алыс арманға шақырғандай болады. Терезе шынысына жанасып сыбдырлаған жапырақтар да жүрегімді қытықтайтын секілді. Жұрт шырт ұйқыда. Ал балаң болса, жұмбағы көп мына сырлы түнде ой ойлап, арманның жетегінде кетіп барады.

Көп кешікпей баламнан қашап хабар келер екен деп үздігіп жүрген әкеден хат келеді ғой. Ол хат мынадай:

— Атана лағнет М.! Сен жынданудың қай жағындасың?! Түнің мен желің не? Қалықтаған ай деген пәлені қайдан шығардың? Жеті қараңғы түнде кім сені жетектеп барады? Қайда? Ойбай-ау, бұл жақта да ай туады. Самал жел соғады. Жапырақтар да сыбдырлайды. Түн тыншу болса терезені біз де ашып тастаймыз. Әлде сен осының бәрін жарты жылдың ішінде ұмытып қалдың ба? Қалайша ұмытасың? Түрің жаман. Бүйте берсең, бара-бара бізді де ұмытып кетерсің сен. Түн... самал жел... қалықтағай ай...— деп шалықтай бермей, өзін қалай оқып жүрсің? Денсаулығың қалай? Ауру-сырқаудан амансың ба?— Соныңды жазбайсың ба!

Бұл хат сол кезде бір көшеде көрші орналасқан университет пен институт студенттерінің қалай екені белгісіз, әйтеуір қолына түсіп, көп уақыт күлкіге тиек болғаны әлі күнге есімде.

Жөнін таппай сөйлеген, кімге не айту керегін білмеген адам жоқ жерде сүрінеді деген осы-ау тегі.

БІР ӨЛЕҢНІҢ ӨМІРБАЯНЫ

Қызық деңіз, демеңіз, мен қай күні туғанымды білмеймін. Үлкендерден сұрасам: ит жылы ауыл қыстаудан көшіп шығып, көктеуге қонғанда туыппын. Күні бүгінгі мен сол «итіңізді» малданып келем. Ал Хамит Ерғалиев болса, туған күнін айнытпай біледі екен: 1916-жылғы патша жарықтығыңыздың июнь жарлығынан соң төрт ай өтті дегенде, жаңа шежіре бойынша қарашаның он төрті күні дүниеге келген. Керек десеңіз, бұл кісіңіз туғанда таң қылаң беріп қалған ғой. Соған дейін дәп басып айта алады.

Міне бүгін он төртінші октябрь. Сәске түс. Ақын алпыс беске толып, алпыс алтыға аяқ басқанына тұп-тура бес сағат болды деп қабырға сағаты қоңырау шал-

ғанда Зейнолла Қабдолов екеуміз бір-бірімізге телефон шылдыратыстық.

— Ау, неғып отырсың? Бүгін Хаманның шыр егіп жерге түскен күні емес пе?!

— Білем, шыр етіп жерге түскен күні.

— Барып шалды құттықтап шығайық та.

— Кеттік онда.

Біз, Зейнолла екеуміз аз-кем уақыттан соң қазақтың бір ұлы ақыны Жамбыл мен орыстың ұлы бір композиторы Чайковский атымен аталатын шуы жоқ тыныш көшелердің қиысатын жерінде кездестік те, өткен жылы ғана тұрғызылған еңселі, әдемі үйдің екінші қабатындағы ас пісіретін бөлмесі болса, даладай, ал дәлізі айнала ат шаптырым, төрт бөлмелі пәтердің қоңырауын келіп бастық. Есікті балалардың бірі ашты.

— Әкең үйде ме?

— Үйде, жұмыс істеп отыр,— деді жаңаға бала сыбырлап.

Кілтке жабылмақ түгіл, топсасынан еңкеймейтін Хамаң кабинетінің есігі дағдысынша далнып ашық тұр екен. Дүбір шыкса делебесі қозар жүйрікке ұқсас қайрап ақын біздің дауысымызды естіп, бөлмесінен жүгіріп шықты.

— Ал, төрлетіндер!

Хаманды жұмысынан бөлмейік дедік пе, әйтеуір:

— Біз осы дәлізде отырсақ та болады ғой,— деп мүдірдік.

Хаманның мұрны тап ашуланар кезіндегіше кәдімгідей қисайыңқырап қалды:

— Әй, дендерің сау ма өздеріңнің? Көрпесін төрге салмай, есік көзіне төсеген қай қазақты көріп едіңдер! Бүйтіп мүләйімсітіндерің бар, неге келдіңдер ендеше!?

— Жәй, өзіңізді құттықтайық деп...

— Немен құттықтамақсыңдар? Бұл күні айт та, той да жоқ секілді еді ғой,— деп дәлізге отырайық дегенге шамданып қалған Хамаң пілер емес.

Ас үйден Әнуар жеңгеміздің даусы шықты.

— Ау, інілерің сенің туған күніңмен құттықтағалы келіп тұр ғой. Бүгін он төртінші октябрь!

— Ә, солай ма еді?— Жымия күлген Хаманның әлгі бір кезде қисайыңқырап қалған мұрны енді кәдімгідей түзеле бастады. Бір қызығы — бұл кісі туған күнін білсе де, толған күнін ұмытып кеткен екен.

— Ал, онда Әнуар, қазан көтер. Дастарқаныңды жәй,— деп үй несі бізді кабинетіне бастады.

Хамаң шынында да шабыт үстінде екен. «Жүйріктің тоқымы құрғамайды» дегендей жазу үстелі бұрқыраған қағаз.

— «Жұлдыз» журналы қызық бір іс бастапты. Келер жылғы бірінші санына біраз ақындарды шақырған екен. Өлең тақырыбы — Қыс. Мұның өзі бәйгеге жаратып ат қосқан секілді, нағыз жарыс қой. Журнал қызметкерлері тауып кеткен. Сол тапсырманы талай күн толғанып жүріп, бүгін бір өлең келтірдім дүниеге. Сендерге оқып берсем қайтеді?— деді акын енді ағынап жарылып.

Хамаңның бұл ұсынысынан көрі әлгі Әнуар жетпегізге айтқан «қазан көтері» дәмділеу, әуезділеу шықты ма кім білсін, Зейнолла екеуміз әуелі бір-бірімізге қарастық. Содан кейін ашық тұрған ас бөлме жағына көз тіктік. Байқаймыз, ол жақтағы қимылдың бәрі дұрыс. Соған көзіміз жетіп, көңіліміз орнына түскеннен кейін шалға бұрылып:

— Қайткені несі?.. Ал кәне, оқып жіберіңіз,— дедік кәдімгідей кісімсіп.

Жаңа туған өлеңнің аты «Осынау қаңтарға орай»— екен. Әуелі Хамаң оқыды. Содан кейін Зейнолла екеуміз алма-кезек дауыстап оқыдық. Ал сосын пікір таласы басталсын да кетсін.

Он екі шумақтан тұратын осы өлеңде: «Қартайғандағы шашымдай»— деген бір жол бар екен. Өлерменбіз ғой деймін, біз әуелі соған шұқшидық:

— Бұл жерде әдемі табылған теңеуге мән берілмей қалған. Оқушы назары тоқтамайды. Ал оқушы назарын тоқтатам десеніз осы жолды қаққан шегедей етіп нақтылап, қадап тастауыңыз керек. Ол үшін бар болғаны «менің» деген есімдікті қоса салсаңыз бітіп жатыр. Сонда: «Қартайғандағы менің шашымдай»,— болып жанып түседі.

Ақынның мұрны «қисайсам ба екен, қисаймасам ба екен»— дегендей қимылдаңқырап кетті.

— «Меніңнің» керегі жоқ бұл жерде. Ана «шашымдай» деген сөзде «мен» тұрған жоқ па?

— Тұруын тұр. Бірақ ол жерде ұрланып тұр. «Менді» үй төбесінде тігетін ту секілді көтеріп, желбіретіп қойған дұрыс.

Ас бөлмесі жағынан келе бастаған мұрынды қытықтап, сілскейді шұбыртар бір ніске қосылып Әнекеңнің даусы шықты.

— Кеше бар болатын. Өзі ғой алып тастаған. Мен «меніңді» алма деп едім, көнбеген.

Хамаң бері келейін деді.

— Рас болса, онда сөзге тоқтайсыз.

Ақынды дегенімізге көндіргеннен кейін дәндесен қарсақ құлағымен қазадының кері болып, біз тағы бір пәленің басын қылттық. Біз емес, дәлірек айтсам — Зейнолла.

— Маған ана бір шумағыңыз мүлде ұнамайды.

— Қай шумақ?— деп ақын тіксініпкірей сұрады.

— Ана бір «мүңкіген нис», «шірік» деген сөздері бар шумақ.

Ақынның мұрны тағы қисайды.

— Оның несі ұнамайды? Дұп-дұрыс-ақ тұрған жоқ па?

— Дұрыс тұр дейсіз... Дұрыс тұрмағаны былай тұрсын, мүлде бүлдіріп, теріс тұр. Алып тастайсыз.

— Жоқ, алып тастамаймын. Бұл шумақ маған переходқа керек.

— Онсыз да переход бар.

Талас көпке созылды. Ақын көнбей әлек, Зейнолла скеуміз көндіреміз деп әлек. Ақыры ас ішетіп бөлмеге ауысып, жеңгеміз әкеп қойған дәм үстінде Хамаң бері қарады.

— Айтқандарында жан бар деймін. Тіпті көп таластындар ғой. Алсам, алып-ақ тастайыншы...

Біз сөйтіп бір күнде Хамит Ергалиевтің мұрнын үш мәрте қисайтып, үш мәрте түзеттік те, дегенімізге екі рет көндіріп орнымыздан көтерілдік.

Көтеріліп жатып, ақынның өз қолымен бір жолы жөнделіп, бір шумағы алынып тасталған өлеңді мен қалтама салып алдым.

— Ау, мен бұл өлеңді журналға апарып бермекші емес пе едім?..

— Үлкен адамсыз, әуре болып жүресіз бе. Мен-ақ апарып бере салам ғой.

Хамаң осы шіркін рас айта ма?— дегендей маған қарады. Бірақ қайтсең де қайтарып бер деп қадалған жоқ.

«Шабан үйрек бұрын ұшар» дегендей айына бір рет шығар «Жұлдыз» журналы ерте қамшылап, менің қалтама тым ерте түсіп кетуінің себебінен, оның үстіне Зейнолла екеуміздің де еңбегіміз бар болғандығынан ақы несіне жетпей қалған сол өлең мынау еді:

Қаңтардағы қарлы төңіректі
Оңашада ойлы қарақтап.
Басымыздан қанша өмір өтті,—

Қаңтардағы сырттың бәрі аппақ,
 Мың заманғы таудың көк тасы.
 Кеп-кешегі жасыл дарақ та,
 Тандырдағы күйген от басы.
 Күнбағыстың орны...— бәрі аппақ.
 Қаңтардағы кайран табиғат
 Түрлі түстерге шашылмай,
 Бірақ бояуға табынған
 Қартайғандағы менің шашымдай.
 Және де бұл өзі бүтіндей.
 Нәрестенің нәзік ерніне
 Жаратылған ана сүтіндей...
 Желіндегенде сөйткіш жер — міне!..
 Желіндегенде солай дертетін
 Қаңтардағы аппақ кайран Жер,
 Құт-берекесін өртейтін
 Пәле-жалапы кайдан дер?
 Уа, көкірегі күйлі, алаңсыз
 Адамдарға зәру ақ қысым!
 Сөйлемейді бүгін жалаң сөз
 Тұмысында саған жақ кісінің
 Қанды табан жендет қар таптап
 Көрдік қой ит-қор еткенді.
 Қорлаушыдан әм қорқақтан
 Жіпкеренетін мезгіл жетті енді!
 Өрт шықса, соған жұмсарға
 Жұмылған бұл шак — жұдырық.
 Кезікпесін деп жыл сорға
 Күшті нәр жерден жеді ұрық.
 Қаңтардағы аппақ жер-көктің
 Қасиетті сүті шырындап,
 Көп келсін дейді жөргектен
 Нәрестелері шырылдап.
 Қаңтардағы таза акнәма —
 Ақындардың дұғай дастаны!
 Алаңсыз, мұңсыз шағына ма?—
 Беймаза жаңды дос таппы.
 Беймаза жаппы... жатпаймын
 Жанықтырмай жылда санамды.—
 Тойламай тағат таппаймын:
 Көктемдегі шілдехананды!

Талантты қолдан шыққан туындыларды көз жүгіртіп қана қоймай, үніле оқысаң ғана ашылатын бір астарлары болады. Басы аяғы жұп-жұмыр осы бір әдемі өлеңнің мен екінші шумағына оқушы назарын аударғым келеді. Сол шумақта: таудың тасы — көкпенбек, дарақ — жап-жасыл, тандырдағы от басы — қап-қара, ал күнбағыс болса — сап-сары. Әдебиетке түс бояулардың үлгісі болып кіріп кеткен кемпіркосақтың жеті бояуына тағы бір бояу — атап айтқанда, ошақ басындағы қара бояу қосылып сегіз түр-түс құраса, содан тандап алынған төрт түстің бәрі де өзгеріп, қартайған ақынның ақ шашындай тағы бір түске — атап айтқанда

аппақ түске табынған. Ақын ойы тереңде: әзірге ақ жамылғанымен, ертеңгі күннің жемістеріне жүкті болып дертіп жатқан Жер-ананың шілдеханасын күтеді ол. Осы жерде заңды сұрақ келіп туады: ал ақын жырлап отырған жаңағы төрт бояуды қаңтардың үскірік ақ қары басты да жауып тастады делік. Бірақ сол төрт бояуда адам іздері — іздері болғанда да кісілігі мен қабат иттілігінің де, өсек-ғайбат, хайуандығының да, арамза есептері мен зұлымдығының да, жә болмаса, тіпті бері салғанда адам мен адам арасындағы өкпе-базынасының да іздері жасырынып қалды ғой. Ал сонда ертеңге деп дерткен Жердің шілдеханасын күткен ақын сол шілдеханамен бірге өткен жылғы жауыздық пен иттік, арамза есеп пен арзан қулық іздері ол күткендей көмескі тартудың орнына көктеммен бірге қайта ашылып, қайта бадырайып көрініп жататын болса, не етпек? Менінше, бақай есебі жоқ, аманда кесек турап жүретін аңқылдақ ақынға бұдан артық соққы болмаса керек.

Енді біз алдыртып тастаған шумаққа келейік:

Бұл күндерде бүлгіп ниеттер
Бұрынғыдан бетер есірік.
Пәле-жала мүлде нектеп
Мүңкіп тұр кісі не шірік.

Бұл шумақ жаңа жауған ақ қарға Хамиттің өзіне тән өрнекпен сызып түсірілген сурет секілді мына өлеңнің қай жерінен қай жеріне «переход» бола алады? Тапсаңыздар жақсы. Таппасаңыздар; ешкімді мен жазғырмаймын. Өйткені оған кінәлі әуелі біз — Зейнолла екеуміз де, қала берді қоймаған соң дегенімізге көне салған мұрны қисайғыш тентек шалдың өзі.

ТҰТҚЫНДА ҚАЛҒАН СӨЗ

Бір ғажабы, Жазушылар одағына кім болса, сол үйір. Келіп кететінде, жаудыратып хат жазатындарда қисап жоқ. Және сорттары бөлек. Даңғойлары мен бөспелері... тағысын тағылары. Бұлар жазғандарын кешіктірмей бастыруын, кітап етіп шығаруын талап етеді. Осы ретте одақтың поэзия секциясының алшысы опынан түскен десең де болғандай. Белбеуінді бір жұма бастау тартсаң, хаттар тасқынына тұншығып қаларың қық.

Поэзия секциясын Хамит басқаратыны бұрынғы әңгімеден белгілі. Мен аман-есен проза секциясында жүріп

жатырмын. Хамиттың жасы үлкен. Бірақ проза секциясының жолы үлкен. Сол себепті бір бөлмедегі бес консультантқа ортақ жалғыз телефон менің үстелімде.

Телефон безілдей қалды. Мен құлағын көтердім. Жарықшағы көп барлыққан еркек даусы:

— Маған Хамит Ерғалиевтің өзі керек.

— Өзі керек болса, өзі міне...

Телефон құлағы Хамитқа көшті. Жақын отырғандықтан барлыққан дауыс маған да айқын естіліп жатыр.

— Хамит Ерғалиев сенсің бе?

— Ия, мен... Тыңдап тұрмын.

— Жоқ, сен Хамит Ерғалиев болсаң, тыңдама! Далаға шык!

— Сен, сен деп такылдап тұрған бұл кім өзі?

— Мен бе? Мен өзіммін. Далаға шык! Шығасың ба, жоқ па?

Анау дікілдеп әкетіп бара жатқан соң, Хамит бір саты төмен түсейін деді:

— Далаға шыққанда қайда барамыз?

-- Гоголь мен Пролетар көшесінің түйіскен жерінде тұрамын.

— Мен сені танымаймын ғой?

— Танитын боласың...

— Қайтіп?

— Менің үстімде кір-кір майке. Қолтығымда жарты бөлке қара нан.

Қайдағы бір тентекпен тәжікелесіп тұрғысы келмеді ғой деймін, адуын Ерғалиевтың өзі далаға шығып кетті де, әлгіндей болмай-ақ жанағы майкешен жігітті ертіп келді.

— Өлең жазады екен. Акын болған соң ағаларына жасаған еркелігі. Ал нең бар? Қане оқыық.

Майкешен қара жарты бөлке нанды үстелдің шетіне қойды да, шалбарының қалтасынан мыж-мыж қағазын суырды. Хамит ски бастады.

— Мына жолың тамаша. Мына бір жолың да жақсы екен. Ал мына бір жолың...— деп Хамит күмілжіңкіреп отырып, әлде бір сөзді қолындағы қарындашпен қоршауға ала бастағанын өзі де байқамай қалғаны.

Майкешен қара ұшып түрегелді. Өңі бұзылып кеткен. Дір-дір етеді.

— Қараптан қарап отырып сөзімді қамап тастадың ғой. Ал енді не болды? Босат сөзімді тұтқыныңнан!

Қамалып қалған сөзді жөппелдеседе қалай босату-

дың ретін таппаған Хамит пұшайман. Майкешен қара тықсырып барады:

— Почтамен жіберсең, жоғалтасыңдар. Өзің алып келсең, қамап тастайсыңдар. Өздерің не қылған адамысыңдар?! Босат деген соң босат деймін сөзімді тұтқын-дарыңнан!

Дес бергенде біреуміздің есімізге сөзді «тұтқыннан» қалай босатудың амалы түскені. Мен жүгіріп барып машинисткадан резинка алып келдім. Дағдарған Хамит өзі салған қоршауды өшіріп, қолтығында жарты бөлкесі бар майкешен батырдан зорға дегенде құтылғаны...

БАЛА ТАПҚЫРЛЫҒЫ

Ділмұхамедімің үш жастағы кезі. Үй ішімізбен қырғыздың Ыстық көліне барып дем алатын болдық. Ертемен елең-алаңда жолға шықпақпыз. Ал Димашым болса әлде неге елігіп ұйықтамай қойғаны.

— Димаш, жат енді. Ала көбеде сапарға шығамыз. Тұра алмай қаласың. Ал тұра алмай қалатын болсаң, айтпады деме, қалдырып кетемін,— дедім баламды қорқытқан болып.

Сәби жауабы әзір екен:

— Папа, мені оятып әуре болма. Ұйықтап жатқан қалпымда көтеріп апар да, машинаның артына жатқыза сал.

Табылған жауапқа қалайша дау айтарсын. Бар болғаны езуімізге күлкі жүгірді.

АҚПА ҚҰЛАҚ ПЕН АШУЛАНШАҚ АҚСАҚАЛ

Ділмұхамедім төрт жасында шахмат ойынымен қатты шұғылданғаны. Және тез үйренді. Тез өсті. Мен онымен шындап ойнайтынды шығардым. Соның өзінде бірде ұтсам, бірде ұтылып қалып жүрдім.

Жетпіс бесінші жылдың қысы. Бір күні ойда жоқта үйімізге Ішанбай Қарақұлов кіріп келді.

— Бір семіз соғым пісі шыққан соң, жүре беріп едім, сенің үйің болып шықты,— деп күлдірді ол.

Жақсы көретін ақжарқын ағаның шақыртпай келісіне қуанып қалдық. Келіні ас пісіретін бөлмеге жүгірді.

Әбдікәрімов Тұтқабай — Жамбыл облысынан. Жауапты қызметкер. Ең жақсысы — көркем әдебиетті сүйіп оқиды екен. Көптен бері көріспеген таныс адамдардай бір-бірімізге шүйірілістік те қалдық. Суды да бірге ішеміз. Тамаққа да бірге барамыз. Бір жүріп қыдырамыз. Әйтеуір, көңілдіміз. Ол аға тауып алғанына, ал мен жақсы іні тауып алғанымға қуаныстық.

Тұтқабай күн аралатып почтаға барады. Достарымен сөйлеседі. Жұбайымен, балаларымен сөйлеседі. Олардың амандығын біліп қуанып келеді де, маған өз семьясының жәйін жыр етіп айта бастайды. Балалары сондай ақылды. Жұбайы болса, сондай сабырлы. Қайтсе де сүттей ұйыған бір жандар, әйтеуір.

Бір күні Тұтқабай почтаға барды да, көңілісіз келді.
— Не болды? Үй ішін аман ба екен?

— Аман...

Тұтқабай шешіле қоймаған соң мен қазбаламадым. Көршім келесі күні почтаға тағы барды. Бұл жолы тіпті өңі бұзылып, үрейленіп келді.

— Ойбай, Саф-аға, көмектеспесеңіз болатын емес.

— Ия, аты-жөні бар ма көмектің?

Әңгіме былай... Әңгіме деген де қазақтың баяғы құрдастар қалжыны тағы: Әбдікәрімов былтыр да осы Сарыағашта дем алған ғой. Сонда кездескен бір жолдасы әйел болып Тұтқабайға хат жазбай ма — Сарыағаш суының шипасы тиді. Нәрестелі болдым. Сені өлсем де ұмыта алмаспын.— Әңгіме осы. Кеңсеге келген бұл хатты Тұтқабай әйеліне көрсетпекке үйіне апарады. Жол жабдығымен әуре болып жүріп көрсетуге ұмытып ерулік костюмінің қалтасында қалдырған. Жұбайы бұл кеткен соң сол хатты тауып алған.

— Айтсам, түсінбейді аяқ астынан тулап жатыр. Сарыағашта қатының бар, барам да көкеңе танытамын,— дейді. Телефонмен болса да тоқтау айтпасаңыз, түрі жаман,— деп Тұтқабай мені сүйрегендей етіп почтаға алып келгені...

Қалай тоқтатпақпын? Не басу айтуым керек!— Ерлі-зайыптының арасына есі кеткен түседі. Алжасайын деген екенсің,— десе не демекпін? Мен өстіп толғанып тұрғанымда Тұтқабай әйелімен сөйлессін де кетсін.

— Балалар аман ба?

— Бала саған не керек? Балаң да, әйелің де бар емес пе сол жақта. Қазір қасында да тұрған шығар

жұтынын,— деген әйел даусы санк-саңк етіп маған естілді.

Тұтқабай байғұстың сасқаны ма, білмеймін:

— Ал қарай ғой қасымда тұрса...— деп қалғаны.

— Өзің не былжыратып тұрсың?! Телефоннан қалай көрем?

— Қасымда кісі тұрғаны рас. Міне трубканы берейін,— деп есі шыққан Тұтқабай телефон құлағын маған ұстата салмасы бар емес пе!..

Бір жақсысы, әлі де бірдеме деп жатқан әйел даусымды естіп саябырсып қалды. Осы жәй әл беріп жібергені.

— Келін шырағым, мен осындай кісі едім,— деймін ғой баяғы жоқ жерден жұмыс тауып алған сорлы басым.— Білетін бе едіңіз?

Әйел даусы ашу-зілсіз сабырлы шықты.

— Сізді білеміз ғой. Кітаптарыңызды оқып жүреміз. Оның үстіне Тұтқабай да қасымда сол кісі бар деп айтқан.— деді кәдімгідей.

— Онда сенсеңіз, қызық бір жәйді баяндағым келіп тұр.

— Неге сенбейін, баянданыз...

— Қурортқа пәлен еркек пен әйел барсын деп путевка сатпайтынын білесіз ғой. Әйел мен еркек саны жоспарланбайды.

— Ия, қурортқа ауырған адамдар барады ғой,— Тұтқабайдың әйелі жығыла сөйледі.

— Қызық деп тұрғаным — өткен жолы бұл қурортқа кілең әйелдер келіп емделген. Араларында бір еркек болмаған. Ал осы жолы қас қылғандай сандалып жүрген өңкей еркектер... Әйел затын емге таппайсыз.

— Құдай-ау, мұндай да қызық болады екен-ау?!— деп оның аузын сылп еткізгені маған айқын естілді.

— Қызық болғанда да керемет тіпті. Тұтқабайыңыз күні-түні қасымда. Ташкентке барып әлденені бүлдірмесе, Сарыағаш төңірегінен қорықпаңыз.

— Кешіріңіз, ағасы. Ақылсыздық жасап, мазанызды алдым. Айыпқа бұйырмассыз.

— Жақсы көрген жұбайлардың жан сырларын түсінеміз ғой. Ешбір айыбы жоқ. Екеуіңіз бірлікке келсеңіздер, тілегімнің орындалғаны,— деп телефон құлағын Тұтқабайдың өзіне ұстаттым. Көп кешікпей-ақ ерлі-зайыпты екеуі сылқылдай күлісіп әлденелерді айтыса бастады. Ал мен болсам, ойламаған жерде болмайтын оқиғаны ойлап тапқаным, әрі соған біреуді сендіргені-

ме тұншыға күліп сыртқа шығып кеттім. Соңымнан гүл-гүл жайнап Тұтқабай жетті.

— Көп-көп рахмет сізге, ағасы.

— Рахметті маған емес, анау анқау әйеліңе барып айт.

— Ойбай, ол анқау әйел емес. Сізге сенгені.

Тұтқабай сөзінің растығына көп кешікпей-ақ көзім жетті. Бір мың тоғыз жүз жетпіс үшінші жылы Жамбыл облыстық драма театрында «Әсия жағалар» деген пьесам қойылды. Сол қойылымның премьерасына барғанымда өнер сүйгіш Тұтқабаймен, Тұтқабай үйіндегі келінмен кездесем ғой әрине. Келісті келген ак сары кісі екен. Әрі пейілі кең, дастарқаны мол. Дәм үстінде көңілді отырған көпке күлкілеу етіп былтырғы әңгімені айтпаймын ба. Тұтқабайдың жұбайы:

— Жасыңыз үлкен, атыңыз бар ағасыз. Телефонға келіп, қайдағы бір әйелге басыңызды иіп жатқанда бірдеме дейтін болсам, білімсіздік болмай ма? Анқаулық десеңіз, деңіз. Бірақ алдыңыздан кесіп өткім келмегенін де ескеретін болыңыз. Үлкен басыңызбен солай деп тұрсаңыз, иланбасқа шарам қайсы— деп тәйкемнен түсіргені.

Табылған сөзге қайтарар жауап қайда?!

Бала кезімде аулымызда аузы жеңіл Әйтім деген шал болған еді. Әйтім екі қолын желкесіне айқастырып алады да шалқасынан түсіп төрде жатады. Жай жатпайды, кіріп-шығып үй шаруасымен айналысып жүрген келіндерінің жүріс-тұрысын, іс-әрекетін бағып жатады. Сөйтседі де: келін шырағым, әне бірсеу нәрсені олай емес, былай тастамайсың ба,— деп қалады ғой. Сондай жеңіл ауыз атадан мезі болып, беті ашылған келіні: нені болса, соны көреді екенсің, ата. Жәйіңа жатпайсың ба,— деп шаптыға кетеді. Ал жеңіл ауыз Әйтім болса:

— Аузым... аузым!...— деп аузын басып теріс айнала жата қалатын еді.

Сол Әйтім шалға ұқсап кеткенімді аңғарып, әңгіме тақырыбын басқа жакқа аударып жібергенім...

Қайтсе де мына тату семьяның бүгінгі тірлік-тыныштығында өзімнің де үлесімді көріп дәтке қуат демекпін ғой.

АДУЫНДЫҚТЫҢ ШАРАПАТЫ

Адуындықта да шарапат бола ма? Болады екен. Сондай қызық. Тыңдай беріңіз.

Осыдан бес-алты жыл бұрын Алматыда «гараж науқаны» деген науқан басталсын да кетсін: айдың пәленшесі күніне дейін гаражынды алатын болындар. Әйтпеген күнде сырылып тасталынады,— деген қара-хабарлама жапсырылмаған гараж қалмағанды. Сондай қағаз менің гаражыма да ілінді. Осы іспетті хабарландырулар жиі-жиі қағылатын болғандықтан, етіміз үйреніп кеткен ғой деймін,— алса, алып-ақ тастасын,— деп жүре бердім. Бір күні Жазушылар одағына барып ем, алдымнан бір досымның шыға келгені.

— Ау, жүрісің суыт қой, қайда тарттың, батыр-ексі?

— Горисполкомға. Баяғы гараж мәселесі-дағы. Құрылыс жағын басқаратын орынбасарына телефон соғып едім, келе ғой деді.

Мен желкемді қасыдым.

— Осы мәселенің мені де қинап жүргені...

— Онда жүр менімен. Өтінішті бірге жасаймыз,— деді ақ көңіл досым.

Мен ере түстім де ойланып қалдым: біреудің құйысқанына қыстырылғанша, өз бетімше неге бармаймын? Осы тоқтамға келдім де, одаққа кіріп жаңағы орынбасарға мен телефон соғайын.

— Келіңіз,— деді жылы дауыс.

Араға жарты сағат салып қалалық атқару комитетіне жақындай бергенімде, жаңағы досымды тағы кездестірдім.

— Кірмей-ақ қойсаң да болады. Құр мәселің қайтады,— деді ол.

— Немене, өтінішің орындалмады ма?

— Гараж десең-ақ құлағын басады екен. Қала бойынша жүріп жатқан науқан.

Мен тағы да досыма ере түсіп барып тоқтадым: япырау, жаңа ғана телефон соққан жоқпын ба?! Ол кел деді. Ал мен бармаймын. Сонда не ойламақшы ол мен туралы? Жоқ, қайткен күнде де алдынан өткенім дұрыс.

Осы байламмен қабылдау бөлмесіне кірдім. Көмекші қыз күте тұруымды өтінді. Мен орынтахқа жайғастым. Журнал үстелшесінде жатқан газетке үңіле бергенімде, көмекші қыз аты-жөнімді сұрады.

— Басып кіреміз!..

— Үйіңе өрт қоямыз!..

— Бала-шағанды, әйеліңе дейін қырып тастаймыз!..

Осы кезде үйден жүгіріп шыққан әйелі Жәмидің терезе алдынан өткенін, қораның сырт жағындағы кішкене қақпаға келсін дегенін хабарлаған. Ұрып, тепкілеп, нықтарымен итеріп сындырып қиратар қалға жеткізе бастаған қора дарбазасын жайына қалдырған Ескен жүгіріп барып сыртқы қақпаны аша бергенде торы атқа мінген Жәми мен мұның арасына екі жігіт түсе қалыпты. Аттылы адамды көріп осы бетті аңдығандар болса керек. Алдымен ұмтылғанын Ескен келдекпен бастан періп, жалп еткізген, одан кейінгісін келдектің қаламымен ішінен сұғып құлатыпты. Сөйтіп торы атына қолы жеткен ғой. Колхоз басқармасының мәпелеп бағып, жаратып мініп жүрген қарулы торысына қарғып мінген Ескен енді келсең-кел деп ойнақтап шыға келмей ме! Көзі қора айналып қашып бара жатқан біреуге түскен екен, қуып жетіп торының төсімен соғып құлатады да тапап кетеді. Содан кейін қақпаға үймелегендерге айқай салады:

— Не істейтін едіңдер? Мен міне мындамын!

Жаңағы дүлей тобыр осылай қарай лап қойғанда Ескен торыны тебініп қалып соқталы аттың кеудесімен ортасын қақ жарып бір өтеді. Қайырыла шапқанда ат тұяғына ілігіп мертігіп жатқан екеу-үшеуге көзі түскен. Енгезердей бірден мұның шылбырына жармасқан екен, бала кезінен ат құлағында ойнап өскен Ескен қарулы қолымен жауырынынап сарт еткізіп, қапсыра ұстап басып тақымына басып сүйрете жөнеледі. Оқ бойы жерге шауып барып аяғын жазса, қылқына бастаған жаңағы сылқ ете қалған. Қайырыла шапқан Ескеннің көзі топтан жырыла шығып ұмтылып келе жатқан тағы бір каска бас дәуге түсіпті. Саусақтарын тарбитып, құлашты қолын кең жайып, мысық табандап келеді екен. Шамасы, аттан аударып түсірмек. Жұлқына шапқан ат екпінімен ұлғая, күшейіп барып дәл тиген келдек соққысы қойсын ба, мұнысы да қылжап ете қалыпты. Бұл тегі «атамандарының» бірі болса керек. өйткені осы каска бас құлаған соң қалғандары тырақайлап қаша жөнелген. Осы жағдай көзіне қан толып кеткен Ескенге әл беріп жіберген ғой. Іс-әрекет қимылға кеңістік-мүмкіндік алған жігіт енді қашқандарды біртіндеп қуып жетіп баудай түсіре беріпті. Соққыға жығылмаған бірі жоқ. Қашқандардың ең соңғысы Суаткөлдің арғы қа-

бағына жетіп қалған екен, қан майданды көріп құтырынып алған торы ат қойсын ба, Ескен оны да Тоқтыбай көліме жеткізбей қуып жеткен де жайратып тастаған... Өтірік, шынын кім білсін, «Суаткөлге қарай енді қайтып аяқ баспайын, ағатай, өлтірмеңізші,— деп жалыныпты деседі,» бірақ өз басын бәйгеге тігіп, әйелі мен бала-шағасының өмірін оққа байлап, ойран салып жүрген жігіт ол жалбарынышты естіді дейсін бе?! Ести қалса, мағынасын түсінбеуі де мүмкін. Әйтеуір, ауыр соққыға жығылып, қатты жараланғандардың бірі сол жігіт...

...Осы оқиғадан кейін бір айдан соң мен туған ауылыма бардым. Жұрт аузында жиырма бір жігітке қарсы шапқан Ескен ерлігі. Жараланбаған бірі жоқ.

Қасыма милициядан кісі ертіп, ауруханаға барып, Суаткөл аймағына қатысқандардың екеу-үшеуімен тілдескенім де бар. Қандай сұрақ қойсам да, бастарын төмен салып, қипыжықтап теріс айнала береді. Мардымды жауап жоқ. Қан-жоса болып отырғанымен: Ескен мені ұрып кетті, Ескеннен таяқ жедім,— деп бірі шағым жасамайды. Қипыжықтап теріс айнала беретіндері де содан болса керек.

Мен Петропавл қаласының түрмесінде Ескеннің өзімен де жолығыстым. Сәл таралып, бозаң тартқаны болмаса, жиырма бір адаммен жекпе-жек шыққан батырдың көңілі сондай тетік.

— Айыпты болсам, қандай жазасын да көтеремін,— деді сергек дауыспен.

Бірақ өткен оқиғаның көп жайлары есінде жоқ. Айта беретіні торы бестісі. Қарсы келгенді құлағын жымпитып тістеп, кеудесімен жапырып, жығылып жатқандарды қашаулап басыпты. Сөйтіп басына қатер төнген пәсіне көмектесіпті жануар.

— Көрер жарығым, татар дәм-тұзымның таусылмағаны шығар...— деп Ескен торы ат жөнінде кемсеңдей айтты.— Жығылсаң, спыр мүйізін төсейді, жылқы жалын төсейді,— деген нақыл бар. Бекер айтылмаған нақыл. Өйткені жылқы баласы көкпар, сайыс, бәйгелерде жығылып жатқан адамның бірін баспайды, қайтсе де қарғып өтеді. Ал мына жерде жануар ата-тегінің сол қасиетінен айнып, жығылғандарды таптап жапырып жүріпті...

Қоштасар сәтте Ескен қайратқа мінген секілді болды:

— Өз бетіммен барып ешкімге де тиіскен жоқпын.

Менің ісім ерлік емес, бас арашалау ғана. Советтік әділ заң акты-қарасын тексерер. Қылмысым болса, амал не, көтеремін де,— деді тағы да қолымды қысып. Басқа түк айтқан жоқ.

СССР Жоғары соты пленумының қаулысында мынадай пункттер бар екен:

«Право на необходимую оборону является одной из важных гарантий реализации конституционных прав и обязанностей граждан по защите от общественно опасных посягательств интересов Советского государства и общества, социалистической собственности, общественного порядка, жизни, здоровья, чести и достоинства советских людей.

...граждане имеют право на применение активных мер при защите от общественно опасного посягательства путем причинения посягающему вреда, независимо от наличия у них возможности спастись бегством или использовать иные способы избежать нападения.

...состояние необходимой обороны возникает не только в самый момент общественно опасного посягательства, но и при наличии реальной угрозы нападения. Состояние необходимой обороны может иметь и тогда, когда защита последовала непосредственно за актом хотя бы и оконченного посягательства, но по обстоятельствам дела для оборонявшегося не был ясен момент его окончания... Суды должны учитывать не только соответствие или несоответствие средств защиты и нападения, но и характер опасности, угрожающей оборонявшемуся, его силы и возможности по отражению посягательства...»

Бұл қаулы Суаткөл оқиғасынан көп жыл кейін бір мың тоғыз жүз сексен төртінші жылдың он алтыншы августы күні алынған. Бірақ осында барынша айқын да бүкпесіз айтылған шындық пен әділдік рухы сол кездің өзінде де өмір бар жерде, қым-қиғаш адам қатынастары бар жерде қалықтап ұшып, заң әділдігін жоқтаушы әділ қазылардың көкірегінде сара жол болып сайрап жатқан болса керек... Ескен үш айдан кейін тұтқыннан босап, құлап таза ақталып шықты.

Суаткөл — қазір Жамбылдан бөлініп шығып өз алдына отау тіккен жаңа совхоздың орталығы. Жыл сайын өсіп, өркен жайып келе жатқан жаңа ауыл. Баяғы жоқшылық пен кедейшілік келмеске кеткен. Ендігі ауыл азаматтары — Суаткөл оқиғасы кезінде немесе сол оқиғадан кейін туғандар. Ескен ерлігі оларға жәй

ертегі секілді. Бірі білсе, енді бірінің хабарында да жоқ. Бас-аяғы жетпіс-сексен үйден құралған осы ауылдың жүз елуден астам азаматы майданға аттаныпты. Солардың жүзден астам боздағы от басына қайтып оралмаған. Әзірге жалғыз-ақ көшеден тұратын осы бір шағын қыстақтың ортасында бойын көкке созып құлпытас тұр.— Жаңағы майданда қаза болған ата, әке, ағаларға арналған қазіргі ұрпақ алғысы. Әрине, ол тізімнің ішінде Ескен есімді жігіт жоқ. Майданға солдат болып барып, офицер болып оралған Ескен соғыстан кейінгі өмір тауқыметінің талайын басынан кешіріп барып өз ажалынан қаза болған.

Мен білетін Ескен адал да таза, еңбекқор да момын, қой аузынан шөп алмастың өзі еді. Бірақ майданда болсын, мейлі бейбіт еңбекте болсын намысын қолдан бермеген асыл азамат.

Ел ішіндегі намысқой, жоқшы жігіттер жиналып ел атынан белгі қоямыз деп қаракет жасар болса, Ескен оған татитын ағалары...

АҚЫН МЕН ҚАЙЫРШЫ

Майданнан Совет армиясының офицері болып оралған менің бір досым соғыстан кейінгі жылдарда журналда істеді. Екеуміздің танысып, достасып кеткеніміз де сол кез. Бірге жүреміз, бірге тұрамыз. Не көп бізде?— Арман көп. Ақын болсақ,— дейміз. Жазушы болсақ,— дейміз. Әрине, арман жетегінде салақтап бос жүрмейміз. Қидалап өлең жазамыз. Қықымдап әңгіме, очерктерге де барамыз. Бірақ мұны місе тұтпаймыз. Поэма жазсақ дейміз. Роман жазсақ деп қиялдаймыз. Шіркін, ақын атансақ, жазушы атансақ, Жазушылар одағына мүше болсақ,— деп емешеміз үзіледі.

Бір күні екеуміз — анау болсақ, мынау болсақ,— деп көкшін базардың төңірегінде Максим Горький көшесімен жай басып келе жаттық. Ерсен-қарсаң ағылып жатқан жұрт. Анадай жердегі тал түбінде бір қайыршы отыр. Алдында жаюлы қалпағы. Өткен-кеткенге қолын жаяды:

— Шпеттей балаларым бар еді, қайыр-садақаныздан қағажу қалдыра көрмеңізші...

Біреу карамай өтеді. Біреу — жұрттан ақша жинап арақ ішеді, сол үшін отыр,— деп күңкілдеп өтеді. Сыңғыр еткізіп бақыр тастайтындар да бар. Ағаш аяғына мініп алып тепеңдеп отырған қайыршыға біз де жақын-

дай бердік. Сол кезде жарықшағы көп барлыққан да уыс шықты:

— Будь великим поэтом, дай мне пять копеек!

Досым шалқалап тұра қалды да пиджагінің ішкі қалтасынан жиырма бес сомды суырып алып, қайыршының қалпағына тастады. Ертеден қара кешке дейін отырса да түсіне енбейтін мол дүниені сол сәтінде қағып алып қалтасына ұрған қайыршы мандайын жерге соғып шұлғып жатыр:

— Жаксылығың құдайдан қайтсын. Балаларыңның игілігін көр! Ақындардың ақыны, данышпаны бол!

— Өй, жындымысың, не істеп жатырсың?! Бір сом берсең де жететін еді ғой, бестың сұраған қайыршыға,— дедім жиырма бес сомға жаным удай ашып.

Әлгі екі арада арманның қанатына мініп алған досым аспанға қарайды.

— Мұның аузына мынадай сөзді құдай салып тұр. Әйтпесе менің өлең жазатынымды қайдан біледі?!— деп болашақтағы ұлы ақыным болмайды.

Арада үш-төрт жыл өтті. Досымның тұңғыш өлеңдер жинағы жарық көрді. Ақын деген атқа ие болып, жұртқа таныла бастады. СССР Жазушылар одағына мүшелікке өтті. Тоқсан ауыз сөздің түйіні — ұлы — деген жалғыз ғана анықтамасы болмаса, қайыршы айтқан тілектің бәрі де жүзеге асты.

Мен Қарағандыда болып, ол Алматыда қалып көптен бері кездеспеген ескі достар жолымыз түсіп тағы да көкшін базардың төңірегіндегі Максим Горький көшесімен баяғыша жүрмейміз бе... Баяғы қайыршы баяғы көк талдың түбінде денесін ағаш аяғына артып, баяғыша қолын созып отырмай ма... Біз өте бердік... Баяғы жарықшығы мол барлыққан дауыс санқ етті:

— Будь великим поэтом, дай мне пять копеек...

Мен баяғы қалпаққа бес тың тастадым. Ал досым болса, қолын бір сілтеді де ілгерілеп кетті.

Тегі, ұлылықтан менің әлі де дәмем бар да, ал болып алған ақыным күдерін үзсе керек.

...Болғанға дейін тілеуінді ел де тілейді, өзін де тілейсің. Болғаннан кейін өзін ғана тілейсің,— деп данышпан Абай тегін айтпаған-ау, сірә...

КҮПІЛІК

Бұдан біраз жыл бұрын шалғай ауылда тұратын жас талапкерден хат алдым. Ренішті хат. Бәйге алған повесі альманахқа басылмағанын жазыпты. Бәйге бе-

реді де баспайтыны қалай?— Ренжімгенде қайтерсін. Аяндап «Жалын» альманагының редакциясына келейін. Редакторы жоқ екен. Редактордың орынбасары аласа бойлы талдырмаш жігіт отыр. Сырттай таныспын. Төлен Әбдіков — проза жазатын жастардың бірі. Бірақ жазушылығын да, кісілігін де біле бермеймін. Ол да мені біліп жарытып жатпайтын болса керек. Онысын кездесе қалғанда көңілі түссе, амандасып, көңілі түспесе, теріс айналып кете беретінін талай-талай байқағанмын.

...Мен сөйтіп «Жалын» альманагының бас редакторының орынбасары Төлен Әбдіковтің қабылдауындамын. Үлкен кісі келді-ау деп орнынан тұрмайды. Отырыңыз,— деп орындық ұсынып ізет көрсетпейді.— Не жұмыспен келдіңіз?— Жұмысым өзін секілді бір жас жазушының шаруасы.— Ия, құлағым сізде. Ол не шаруа болды екен?— Пәлен деген жігіт повесіне бәйге алды ма?— Ия, алған.— Бәйге берсеніздер, жаман шығарма деп бермеген боларсындар?..— Әлбетте.— Әлбетте болса, бәйге берген шығарманы енді альманахтарына неліктен баспайсындар?— Бәйгеге іліккен шығармалардың бәрін бірдей баса алмаймыз.— Неге?— Екі айда бір-ақ шығатын альманахтың мүмкіндігі жоқ.— Сонда қалай, бәйге берген шығармалардың өзін де іріктеп басасындар ма?— Әлбетте.— Ал бәйге алмаған шығармаларды ше?— Оларды да жариялап тұрамыз.— Олай болса, ең алдымен жүлделі шығармалардан құтылып алмайсындар ма?— Бәрін бірдей баспаймыз деп жана ғана айттым ғой сізге.— Төленім тыжырына жауап берді.— Принцип қайда сонда?— Альманахтың мүмкіндігі жоқ демедім бе?— Біз сөйтіп манағы сұрақтарды қайта бастап, манағы жауаптарды қайтарып, екінші айналымға кеттік. Қалай айтсам да көнбейді.— Бәйге алса, қайтеміз, ала берсін, баса алмаймыз.— Сөздің тоқ етері осы.

Шынымды айтсам, мен мына жас жігітпен тәжікелесемін деп ештеңенің ығы-жөнін таба алмай шаршап та ренжіп те шықтым. Не істеу керек? Үлкен адамға дөкір жауап беріп отырған мына баланың сазайын қалай тарттырсам екен? Жоқ жерде намысым мұқалған мықтының ішкі есебі міне қайда жатыр десейші?! Мен Төлен Әбдіковтің шығармаларын іздедім. Оқпын да өзінен үлкен жазушымен қалай сөйлесу керек екенін көрсетейін мен оған... Сөйтіп болмай жатып бола қалған кекірттің әуеселесін басайын бір...

Осындай пендешілікке бой алдырып жүргенде қолы-

ма Төленнің сол өзі басқарып отырған альманахта жарияланған «Оң қол» атты әңгімесі түссін. Құдай берді. Өзі қол қойып отырған альманахта өз әңгімесі... Ырымшылдықтың, жүз жырtpастықтың осыдан артық үлгісін қайдан таппақсың?!

«Оң қолды» оқып жатырмын... Олай қозғаймын, былай қозғаймын. Қозғалмайды. Жок кітап емес, Төленнің өзі қозғалмайды. Қозғалмайды емес-ау, қайтсе де қалпақтай түсірем деген мықтының өзі — мына мен қозғалта алмаймын.— Он алты, он жетілердегі жас қыз. Сондай көрікті, үріп ауызға салғандай сұлу да тартымды қыз. Оған жігіттердің бәрі ғашық. Ынтығып танысады да біраздан соң басылып қала береді. Себебі — Алма ауру қыз. Ауру болғанда науқасының түрі қызық: ұйықтап бара жатса оң қолы шап етіп өз кеңірдегінен ала түседі де қылқындыра бастайды. Қыз болса, тұншығып өліп бара жатады. Жан-дәрмен дегенде сол қолы көтеріліп оң қолымен сайысқа түседі. Женсе, женеді. Женіліп бара жатса қыз бақырып айқай салады. Көмекке көлденең адамдар келіп оң қолды кеңірдектен босатып алады. әйтеуір. Оң қолынан қорыққан қызда ұйқы-күлкі жоқ. Үнемі түн күзетеді. Ауруханада да жағдай осы. Қыз қасында қайтсе де біреу отыру керек.

Бұл не? Фантастика ма? Фантастика дегіңіз келсе, деңіз. Бірақ адам жүрегінде жақсылық пен жаманшылықтың үнемі тайталасып жүретіні өтірік емес қой. Бір өзәзіл сезім әлде бір ұят нәрсеге итермелесе, ендігі бір тазалық сезімің мен ар-ұжданың соған қарсы бой көтермей ме?! Олай болса, Төлен айтып отырған мәселе өмірде бар құбылыс. Оқшаулығы — әңгіменің формасы ғана. Ал жас жазушы бұрынғы жұрт шырылап кеткен ізге түспей, ізденетін болса, өзінше жана түр тапса, оның несі айып? Айып емес, қайта ғанибет демейсің бе?!

Жер бетінде алтыннан да қымбат бір асыл металл бар. Оның аты платина. Саф күйінде көне заманнан бері белгілі болғанымен, платинаны тұңғыш рет өндірістік жолмен ашқан адам француз ғалымы А. Сент-Клер Девиль екен. Ол бір мың сегіз жүз елу тоғызыншы жылы екі шаршы дециметр платинаны үстелге қойған да бір досына: көтеріп көрші,— депті. Көтермек түгіл орнынан жылжыта алмаған досы — шегелеп тастаған металдың қалай көтеремін?! Мазақтауына жол болсын!— деп ашуланған екен деседі. Мен Девильдің досына ұқсап, Эбдіковті қозғалта алмай пұшайман болғаным. Жок,

пұшайман болдым,— дегенім дәл емес. Шынтуайтқа келетін болсақ, Төленнің оң қолымен сол қолы төбелесіп жатқан ана ауру қызына ұксап кетіп тұрмын ғой. Бірақ екінің бірінің басында кездесетін осы бір шамшылдық пен кіділік, менше неге болмайды деген өзіншілдік секілді қатерлі дерттен мені айықтырып алған дауа — «Оң қол» әңгімесінің өзі. Дәлірек айтсам, Төлен Әбдіков бойындағы баяу болса да айқын ашылып келе жатқан жазушылық талант.

Ал талантқа бас имеу — ақымақтардың ғана үлесі болмақ.

ҚАЗАҚ ӘЙЕЛІ

Ілияс Омаров — партия, совет қызметкерлерінің ішінде әдебиет пен өнерге жақын жүретін, жаны ашығыш қайраткер еді. Жәй жақын жүрмейтін, жана туындыларға құлағы түрік, оқыған дүниелері туралы ой-пікірін ортаға сала жүретін. Әлі ешкімге танылмаған жас азамат Қарағандыда жүріп «Болашаққа жол» атты роман жазып Алматыға алып келсе, сол романды астанада біріншінің бірі болып оқып, пікір айтқан адам Ілияс болса, мен бұл оқиғаны тегін дей алмаймын. Ілияс қай қызметте жүрсе де кездесе қалғанда: не жазып жатырсың? — деп сұрайтын. Біткен туындың болса, оқып шығуға, пікір айтуға дайын тұратын-ды.

Мен бір мың тоғыз жүз алпыс жетінші жылы «Әсия жағалар» деген пьеса жаздым. Сол туындымды Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің Репертуар коллегиясына әкеле жатыр едім, қаға берісте — есік алдында министрдің өзі жолығыса кеткені.

— Пьеса жазып жүр деп естіп едім, қалай, бітіре алатынсың ба? — деп сұрады Ілияс.

— Бітірген секілдімін. Коллегияның сарасына салайын деп әкеле жатырмын.

— Ендеше маған бер. Оқып шығып, жігіттерге берермін, — деді министр.

Арада бес-алты күн өтті. Телефон шылдырады. Көтерсем, Мәдениет министрінің қабылдау бөлмесінен.

— Уақыты болса, пәлен сағатқа Ілияс Омарұлы келсін деп өтініш жасап еді...

Министрдің өзі шақырып жатса, әрі шаруасы мен жазған шығарма туралы болса, неге уақытым жоқ?! Мерзімді сағатында жетіп барайын.

Пьесамды Ілияс оқып шығыпты. Пікірі жақсы. Бірақ ескертпелері де бар екен. Соны айтпақшы.

— Қош, құлағым сізде, Ілеке.

— ...Ендігі бір ескертпем пьесадағы әйел образдары туралы, — деді Ілияс біраз ескертпелерін санап келіп. — Әйелдерің ынжықтау екен. Олар күрестің адамдары емес. Тағдыр салды, мен көндімнің, өкілдері.

Мен болсам министрдің бұл пікірімен келіспейтін сеніңдімін.

— Көнбістік пен момындық, қайда болсын құрбандылыққа дайын тұрушылық, үлкеннің алдын кесіп өтпеу, суырылып ығып сөйлемей қазақ әйеліне тән қасиет емес пе...

— Мұның бәрі сынық мінез, тәлім-тәрбиенің нышаны. Бірақ қазақ әйелі намысын қолдан бермеген. Ынжықтықтан құрбан болу бар да, намыстың құрбаны болу бір басқа. Бұл ездік пен ерлік мәселелері. Қытайға барған сапарымда сондағы қазақтардың аузынан мынадай әңгіме естідім: бір момын шаруа дүние салайын деп жатып әйеліне — риза бол, риза бол, — деп екі рет қайталапты. Сонда әйел қара салғалы отырса да шаршы топтың алдында кетіп бара жатқан сөзді жібермеген: не болмаса қару асынып барып жауға шаппадың, не болмаса тон киіп тауға барып отын әкелмедің. Не ісіне риза болмақшы? Бақұл бол деп айт. Бақұл бол де! — депті! Бізден талай көш артта қалған қытайдағы қазақ әйелдері осындай болса, өз топырағымызда жаралып, тәлім-тәрбие алып жатқан әйелдерімізді ынжық етіп көрсетудің орны жоқ.

Білгір не пікірлі Ілиястың осы сөзінен кейін мен пьесамды қайта қарап, ондағы әйел образын басқаша сомдадым.

Шығарма соңында арманшыл Зәринаның өз төнірегіндегі надандық пен күйкі тірлікке шыдай алмай безіл кетуі — сол Ілияс пікірінің жемісі.

АТ БЕРМЕЙМІН.— АКТ...

Төбенің Шорасы келісті келген қара мұрт кісі еді. Өсек-аяц, қақ-соқпен айналыспас бір тоғаның өзі. Жалғыз міні — аққабақтау, тез ашуланатын да, тез қайтатынды. Жоқ жерде шартпа-шұрт болады да, қас қағымда жайылып қалады. Шора қара жұмысқа да икемсіз. Өйткені жиырмасыншы жылдардағы тікаяқтардың бірі.

Сауаты жоқ, сөйтсе де сот қызметін атқарған, жүре бара ауылдық кеңестің председателі де болған. Ол заман өтіп кетті. Жаңа заман жаңа талаптар қойып, Шора секілділер жағаға қарай толқын айдаған салындыға ұқсап бір жұмыстан екінші жұмысқа ауысып, ақыры колхоз шаруашылығында әр нәрсенің басын шалып ер-қара болып жүрген шағы. Мен бала болсам да ойға қаламын: алды барда арты жоқ сауатсыз Шора қалайша сот құрды? Қалайша ел басқарды?— Әрине, бұл сұрақтарды ретін тауып шамына тимейтін сақтықпен Шораның өзіне қоямын ғой. Ақ көңіл Шора өткен күнді еске алады да кенкілдеп күледі.

— Несін сұрайсың, талай қызықтар болды ғой...

— Қандай қызықтар?— деп мен болсам ынтыға түсем.

Шора айтқан бірінші қызық әңгіме: Үлкен сот болды. Қылмыскерлер — өкіметтен малын жасырғандар. Ұзын саны жиырма шақты. Мәжіліс төрт күнге созылды. Қасымда сауатты жігіттер бар. Солар маған кімге қандай сұрақ қоюымды үйретеді. Отырыс аяқталғаннан кейін қай қылмыс қай статьяға жататынын айтады. Мен тегі құйма құлақ болмасам керек. Естігендерімді қағып аламын да сұрақты боратып қоямын. Ара-арасында статьяларға сілтеме жасаймын. Бесінші күні мәжіліс аяқталды. Оқып тұрған болып үкімді жатқа соғып жатырмын ғой: пәленше жылдың пәлен айының пәленшесі күні Қазақ автономиялық республикасының атынан үкім етемін. Өкіметтен малын жасырып, бас пайдасын көздегені үшін мына азаматтар қылмысты деп табылсын. Пәленшеге он жыл. Түгеншеге он жыл. Пәленге он жыл. Түгенге он жыл.— Он жылдан кемі жоқ.

Мен үкімді «оқып» болдым. Сот мәжілісі жабылды деп жарияладым. Сол кезде біреу кол көтерді.

— Менің атымды атамадың ғой, мен қайда қалдым?

Жатқа соғып тұрып ұмытып кетсем керек. Қағазға қайта қараған болдым да — Сау снырдың жапасы емесің, саған да он жыл, дедім.

Әліпті таяқ деп білмейтінімді отырғандардың көбі сезетін болса керек. Зал ішін күлкі кернеді. Оған қарамадым,— сотталған азаматтарды залдан әкетіндер,— деп милиция бастығына жарлық бердім.

Шора осыны айтты да сылқылдай күліп біраз отырды. Содан кейін есін жиғандай болып салмақты бір қалыпқа келді де:

— Шындап келгенде күлетін мұнда түк те жоқ. Қай-

та қасірет қой. Сауатсыздықтың, кеудеге нан пісіргіш надандықтың қасіреті,— деп томсара отырып қалды.

Шора айтқан екінші қызық әңгіме: Ауылнай болып жүрген кезім. Қасымда хатшым бар. Бір қат шаруамен жол жүріп бара жатып Әлтидің үйіне келіп түстім. Кәдімгі Сәбит Мұқанов кітабында жиі айтылатын атакты бай Әлти. Бұл ұлы көмеспескенін алды болатын. Бар мал-мүлкінің көмеспескеленетініне көзі жеткен ол бұдан жаман енді не істейсіндер дей ме, әйтеуір, ауылнай келді деп басын да көтермеді. Лау сұрасақ, бермейді.— Үкіметтің маңызды шаруасымен кетіп барамын. Кешіксем, басың кетеді деп қорқытсам, мына кірмейді. Ыза болғаным сондай, хатшыма әкті жаса — деп бұйырдым. Хатшы отыра қалды да жаза бастады.

— Ал оқы енді, мына Кеңес үкіметіне жұлдызы қарсы, ниеті бұзық, байдың өзі естісін.

— Әкті. Бір мың тоғыз жүз жиырма жетінші жылы, жұлдыздың пәлені күні өкіметтің қат шаруасымен кетіп бара жатып Әлти үйіне түстік... Лау сұрасақ, ниеті жаман бай...

— Тоқтай тұр. Әктің не?— деймін хатшымның жазғанына риза болмай.

— Әкті деген әкті.

— Күр әкті деген бола ма екен. Ат бермеймін... Әкті?— деп жаз. Бұл итті сөйтіп құрту керек,— деп бұйырамын.

Шора тағы сылқылдай күлді.

— Ойым Әлтиді табанда құртып жібермекпін ғой. Ол үшін күр — Әкті — дегеннің түк қауқары жоқ. Ат бермеймін... Әкті!— Міне Әлтиді сеспей қатыратын сөз қайда!? Басымыздан осындай да қызықтар өткен, шырағым,— деп Шора әңгімесін аяқтады.

БАСТЫҚ МІНЕЗ

Қазір Алматы медицина институтының бір кафедрасын басқаратын оташы-ғалым Әлмағанбет Дайыров көптен көңілдес кісім. Көңіл жақындығы оның Ақтөбеден Алматыға көшіп келіп, Төртінші бас басқарманың қарамағындағы ауруханаға бас дәрігер болып тағайындалған сонау алпысыншы жылдардың орта тұсында-ақ басталғанды. Әлмағанбет сырт сыпайы,— сіз, біздің — адамы. Ия, ия, сырт көзге ғана. Бір жолы шын мінезін басқаны былай қойғанда маған да танытып жібергені. Біздің қа-

дірлі бір жолдасымыз әйелі екеуі машина қақтығысына душар болып ауруханаға түсті. Әрине, ондайда көңіл сұрап келушілер көп. Мен де бардым. Сол күнгі күзетте көптен бері осы ауруханада істейтін, бәрімізге таныс. Нина Павловна деген әйел екен. Таныс болса да қинала-кинала жіберді.

— Бас дәрігер рұқсат етпейді. Жарлығы солай. Ұзақ отырып қала көрменіз. Бастық көрсе ұрсады,— деп ескертті Нина.

— Бастығыңыз Әлмағанбет пе, ол болса, бір ретін жасармыз,— деп мен Дайыровпен көңілдес екенімді танытып беті бері қарай бастаған жолдасқа кірдім де шықтым. Сол кезде дәлізбен бері салып келе жатқан Әлмағанбетке көзім түсті. Сары кісіңіз мені көріп қыпқызыл болып жүре берді. Амандық-саулық сұрасу деген қайда, далада қалды. Нина Павловнаға дүрсе қоя бермесі бар емес пе! Қазір барып жарлық шығарып жұмыстан қуамын дегенге дейін барғаны.

— Кінәлі ол емес, байқатпай кіріп кеткен менмін. Нина Павловнаның жазығы жоқ,— деп ара түссем, құлақ салмайды.

Несін жасырайын, танымайтын адам болса, бір сәрі. Танымасын сыйламастың керіп жасады-ау мына жазған,— деп кете берер едің ғой онда. Ал күнде кездесіп жүретін, әзіл-қалжынымыз жарасқан Әлмағанбетке не болды? Шыдамай бара жатса мен кеткен соң ұрысса да жетпейтін бе еді. Басынғаны ма? Қай жолсыздығы?— Осындай ренішпен кеттім. Бірақ ат құйрығын үзісіп кеткен жоқпыз. Күні бүгінге дейін кездесе қалсақ амандығымыз тұзу. Тұрғылас жандар болғандығымыздан ба, әзіл-күлкіміз де сондай жарасты. Мен бірде оған:

— Әлмағанбет, сен түзеле бастаған екенсің. Баяғы бастық кезіндегі мінезіңнің бірі жоқ, сол орнына қайта апарып қояр ма еді өзінді,— дедім ойынды-шынын араластырып.— Нина Павловнаны ғана емес, оған қоса мені де жерге тығып жібере жаздағанын есімнен кетпейді.

— Ұмытпаған екенсің ғой,— деп Әлмағанбет күлді.— Бірақ қателесіп отырсың. Түзелген түгім де жоқ. Бастық болып бара қалсам, сол мінезімді қайта көретін боласың.

— Қазір неге ондай емессің?

— Сен баланың сұрағын қойма маған. Мінез деген кресломен бірге келеді. Соны біл,— деп Әлмағанбет жымия күлді.

Әлмағанбет сөзінде жан бар ма деп шамалаймын.

СӨЗДІҢ НҰРЫ

Бір мың тоғыз жүз сексен екінші жылы ноябрь айының орта тұсында Шымкент облысын аралағаным бар. Сол сапарда Жетісайда Оразқожамен кездестім.

Оразқожа — орта бойлы талдырмаш келген ақ өнді жігіт. Сөзі де, өзі де сондай сыпайы. Ол менің көңілімді өнерімен аударды: домбыра тартады, ән салады. Қопыр даусымен бипаздап отырып соқталы жырларды айтады. Жәй қара сөзіне де сондай шебер.

Оразқожа бір отырыста мынадай бір қызық ой тастады:

— Үй толы жан болса, солардың әрқайсысының сол үйде отырар өз орны бар. Біреу төрдің қақ басында, біреу одан кейін... енді біреу есік көзінде дегендей. Бір кереметі сөздің де сөйлем ішінде алатын өз орыны болады. Сол ерекшелікті ескермеген жыршы мен жырау, ақындарыңыздың қайсысы болмасын табысқа жете алмақ емес. Мәселен, осы төңіректе аты шыққан Жұманазарұлы Молда-Мұса жырау былай депті:

...Қалы кілем...

Мұса жолдас болыпты Әліменен...—

Жыраудың осы айтқанын шала ұққан біреу:

...Қалы кілем...

Әлі жолдас болыпты Мұсаменен...

деген ғой. Мұса жырындағы бұл жолдарды жақсы білетіндер:

— Әй олай емес еді ғой, қате айтып отырсың демей ме.

Сонда әлгі байғұс таласа кетіпті:

— Қалы кілемі, Әлісі, Мұсасы... бәрі де бар. Қай жерін өзгерттім? Қай сөзіне қиянат жасадым? Өзінің былжыратып отырғаның не?

Сөз орынын тапса, төңірегіне нұрын шашып тұрады. Ал орынын таппаса, төңірегіндегі жарқырап тұрғандардың өзіне де көлеңкесін түсіріп көмескілендіріп жіберерін бекер дей алмайсың ғой.

Шамаң келсе, өз орныңды тауып төңірегіне нұрыңды шашып жүргеннен артық не бақыт бар өмірде?!

МЕНІҢ АЛШЫМ..

Алшымның әманда оңынан түсе бермейтінін мен өзім жақсы білемін. Әсіресе пәтер мәселесінде көпке дейін ісімнің оңға баспағанын жасыра алмаймын. Төрт балам бар, алты жанбыз. Төрт жыл бойы үш бөлмелі үйде тұрдық. Үш бөлмелі? Үш бөлмеден артық немене, сарай керек пе еді?— демексіз ғой. Асықпаңыз. Үш бөлме деген аты ғана. Шынтуайтқа келгенде, бөлмелері аяғынды шындап созсаң, табалдырықтан шығып жатар үйшік қана.

Бір мың тоғыз жүз алпыс төртінші жылы Қазақстан Жазушылар одағының үй бітті. Дәмелілердің бірі болып төрт бөлмелі үй сұрап арыз бермеймін бе... Жазушылар одағының председателі Ғабит ағамыз:

— Үш бөлмелі пәтер болмаса, төрт бөлмеден дәметпе,— деді. Сөзі Қарабайдың: айттым бітті, кестім үзілдісі. Талай-талай дастарқанын жайып, шын мағынасында келіні болып ақ дәмін сылаған жұбайым маған көнбей қайын ағасының алдына барып, ол да мұқалып қайтты.— Төрт бөлмелі пәтерді анау алып жатыр, мынау алып жатыр... мен солардан кем бе едім?— деген әлсіздікке барып несіне бой алдырайын, тура барып іс тындыра алмайтыныма көзім жеткен соң, өкпесі бар көңіліммен:

— Олай болса ана екі семьяға бөліп бергелі жатқан бес бөлмелі пәтердің үш бөлмесіне кірейін,— дедім қайтерскен деп. Өз ойымша қам жегіш бастық: қой, оның қалай, екі семья болып бір кухняға сыя алатын ба едіңдер?! Одан да былай етейік,— деп басқа бір амалын қарастыратын шығар,— деп, ойлаймын ғой баяғы. Бірақ Ғабит Мүсрепов оп-оңай көне кетті.

— Олай болса, тіпті жақсы. Саған үш бөлме, ал Жұмекен Нәжімеденовке екі бөлме,— деп бастық өз қолымен екеуміздің атымызды тізімге қосақтады.

— Болса болсын!..— дедім мен де өкпе-ерегіс пен намысқа бой алдырып.

Біз сөйтіп Жұмекен Нәжімеденов екеуміз тағдыр хәм бастықтың жазуымен үш жылға жуық бір пәтерде тіршілік кештік. Шынын айтсам, ұсақ жайларда отбасының — әрі отыры мен бері отыры — болғанымен жалпы алғанда жаман тұрмадық. Біріміз аға, біріміз іні болып, бірі женге, бірі келін — абысын-ажын болып күн кештік. Соның айғағы — кейін бөлініп шыққаннан соң

да қарым-қатынасымыздың үзілмегендігі. Әсіресе мінезге бай Жүмекен іні бола алды. Ал жөн-жобаны білетін тәрбиелі келін Нәсіп болса, алдымызды кесіп өтпеді.

Қанша тату тұрдық десек те екіге айрылар күн туды. Жазушылар одағына пәтер бөлінді. Мен жай-күйімді айтып ендігі бастығымыз Әди Шәріповке барамын ғой. Мақсатым — Жүмекенге үй бергіздіріп, өзім мына бес бөлмеге не болу.

— Жок, атама, бес бөлмелі үй саған тимейді. Осында үй сұрап жүрген үлкен жазушылар бар. Солардың біріне береміз.

— Үлкен жазушың кім сонда?— деймін мен жасы үлкен, жолы үлкендердің ішінде пәтер сұрайтындардың жоқ екенін білгендіктен.

— Әбен Сатыбалдиев...

Мен тегі бұл бастықтың да ойлаған жерінен шыға алмай жүрген сор мандайдың өзі болсам керек, өйткені Әди жауабы қайтсе де мені мұқатудың амалы. Үндемедім. Шығып кеттім де алдында әне қабылдаймын, міне қабылдаймын,— деп жүрген бір үлкен кісіге тура телефон соғып мән-жайымды баяндадым. Ақыры сол жауапты қызметкердің арқасында Жүмекен басқа үйге көшті де, мен өзім отырған үйге не болып қала бердім. Арада бір шама уақыт өтті. Жазушылар одағының фойесінде үлкені, кішісі бар бес-алты жазушы отыр едік, кабинетінен Әди шығып біздің қасымызға келді.

— Сафуан, сен осы үй алдың ба?

— Алдым ғой, Әдеке.

Әди жұртқа оқыс бұрылды да:

— Өне қазаққа жанымыз ашып үй береміз. Жақсылық істейміз. Новоселье жасап, бес бөлмелі пәтерді жумағаны былай тұрсын, кабинетке келіп рақметін де айтпайды бұлар,— деді бір жігіттің арқасына қолын артып тұрып.

— Әдеке, шыдай тұрыңыз. Новосельесі де жасалынады. Рақметі де айтылады. Бірақ сіз жақсылықты б... былғап бердіңіз ғой. Аршып алғанша сол болып жатыр,— дедім.

Жұрт ду күлді. Әди қып-қызыл болып жүре берді.

— Әй, осы жігіттерге ештеңе айтуға болмайды,— деп қорбандап басып теріс айналып кетті.

Алшым оныан түспейді деп қайғыра береміз бе, ең болмаса, ақынды өстіп сезден жібермеуің керек қой...

ӘБІКЕЙДІҢ СЫРЫ

Менің бала кезімде біздің ауылда Масақтың Әбікейі деген қапсағай денелі үлкен кісі болды. Әбікейдің даусы зор. Қайда болсын дарылдап жер-көкті жанғырықтырып жүргені. Өзінің өсек-аяң, қулық дегенмен жұмысы жоқ еді. Кісілікке, билікке де таласпайтын. Әйтеуір істе деген жұмысты істеп, өзімен өзі болып жүре беретін. Ал осы секілді ақ көңіл адамда жұрттан жасырар не сыр болмақ? Сөйтсе де Әбікей сыр айтқыш. Топ жұрттың ішінен біреуді — сенде оңаша шаруам бар еді, — деп былай шығарып алатын да жер-көкті жанғырықтырып әлде бірдемелер жайында айқайлап айта бастайтын. Онысы жақын жердегілерді былай қойғанда ауылдың екінші басындағыларға да естілер еді. Әбікейдің онда шаруасы жоқ. Кетіп бара жатып:

— Имандай сырым бұл, ешкімге тісіңнен шығара көрме! — деп ескертетін-ді.

Менің бала кезімдегі Әбікей ақсақал міне осындай адам еді. Өткен өмірге көз салсам, жоқтыққа кеткен көп көленке-бейнелердің ішінен ірі кескінді ақ сақалды Әбікей тұлғасы бөлініп шығады да, көңілге нұр себелеп өткендей болады.

— Өзіңнен өзің неге жымиып отырсың? — деп сұрады қызым.

Бақсам, Әбікей дабырлай сөйлеп әлдекімді оңаша алып бара жатыр екен...

АҚЫЛ МЕН ӘЖІМ

Бір мың тоғыз жүз жетпісінші жылы елу алты жасында ортамыздан оқыс кетіп қалған Шәкен Айманов барлық атак-даңқ, лауазымдарын былай қойғанда кісінің сырбазы еді. Әу баста оның аты артистігімен шыққанды. Бірақ күнделікті тірлік қарекетінде Шәкен артист болып ойнап көрген жан емес. Табиғаты таза. Мінез байлығы мен байсалдылығы, кендігі мен сабырлылығы, қара су теріс ағып бара жатса да асып-сасып күйгелектенбейтіндігі, керек десең қыңбайтындығы, адалдығы мен әзілге жүйріктігі, серілігі.. тағы сондай тамаша қасиеттері бір көрген адамынды да табындырып, бас шұлғытып тастайтын. Қықым есебі жоқ, әманда ірі жүретін, әманда әсем жүретін Шәкенде достар көп. Дос болғысы келіп үзілетін ынтызар жандар көп. Сондай оған ғашық жандардың бірі мына мен едім. Содан ба, кім

білсін, жасым үлкен деп бәлсінбей-ақ, тіпті телефон соғып ескертпей-ақ қасына бірер жолдасын ертіп оқыс бір кездерде салып ұрып кіріп келетін еді ол үйімізге. Біз, әрине, абыржып, қысылып қалатынбыз:

— Апырау, Шәке, құдайға шүкір, телефон болса бар, алдын ала келетінінді айтып ескертіп қоймайсың ба?

Шәкен бірақ саспайды.

— Үйінде су бар ма?

— Бар.

— Ендеше қысылудың жөні жоқ. Асықпай отырып шәй ішеміз. Шахмат ойнаймыз. Телефон соғып ескертіп, сендерді әуре-сарсаңға салып, ойда-жоқта жұмыс тауып керегі не? Осылай келудің өзі дұрыс,— деп асықпай отырып түсіндіре бастайтын.

Әрине, Шәкен келген соң жан қала ма, барымызды алдына тосамыз. Ал ол болса осы үйдің өз адамы секілденіп іші-бауырына еніп кетеді. Жоқ, қате айтып отырмын. Шәкен еніп кетпейді, қайта бізді өзіне магнитше тартып алады. Үй-ішіміз, бала-шағамыз болып жанымыздың қалмайтыны да содан. Бес жасар қызым Жанна Шәкен ағасының алдына отырып алып маңдайының қатпар-қатпар, қыртыс-қыртыс әжімін сипайды.

— Шәкен аға, маңдайыңызда әжім көп қой. Неліктен олай?

— Әжім — ақылдың белгісі. Ақыл көбейген сайын әжім де көбейе бермек. Мен сондай ақылы көп кісімін,— дейді Шәкен кәдімгі шын сөйлеп отырған адамға ұқсап.

Қызым мүдіріп қалады да маған қарайды. Содан кейін Шәкенге тағы да сұрақ қояды.

— Менің папамның маңдайында әжім жоқ қой. Сонда қалай, менің папам... сізше...— деп күмілжиді.

Шәкен күлмейді.

— Жер бетіндегі маңдайында әжімі жоқтардың ішінде ақылы көп жалғыз ғана адам бар. Ол — сенің мына отырған папан...

Көңілі орнына түскен қызым болған оқиғаны айтып бермекке ас дайындайтын бөлмеде жүрген шешесіне жүгіреді. Ал Шәкен болса,— қы, қы, қы...— деп санын соғып күледі-ай келіп. Әжімі жоқтардың ішіндегі жалғыз ақылдысы болғаным себепті мен де сәуімді екі құлағымға іліп тастап, жоқ мұртымды ойша ширатып шалқая отырамын.

Қайран Шәкен!..

ТАХАУИ КӨПІРІ

Жазушылар одағының барында айнала отырған жігіттерді аузына қаратып Ахтанов Тахауи әңгіме айтып отыр:

— Рульде өзіммін. Медеу бетке шықтым да, Кіші Алматы өзенінің арғы бетіне өтейін деп келсем, ағаш көпірдің төсеніш тақтайлары алынып тасталған... Алдымда аралары ат шаптырым, бой-бой болып көпір арқалықтары жатыр. Енді не істеу керек? Машинадан шықтым. Үңіле қарап екі бөренеге көңіл аударғаным. Шамасы ара қашықтығы машина доңғалақтарының ара қашықтығына шамалас секілді. Менің көз мөлшерім кәте кетпейді ғой. Жіп алып өлшесем, тура болды да шықты. Ендігі міндет — машина доңғалақтарын арқалықтарға дөп түсіру. Кейін шегініп барып туралап салдым ғой. Қасымдағылар қарап тұрды. Алдыңғы екі доңғалақ арқалыққа дұрыс іліккенін көрмесем де бірден сездім: өйткені екеуі де бірдей көтерілді. Ендігі қиындық — артқы доңғалақтардың да осылай ілігуі. Газды беріңкіреп жылжыта-жылжыта артқы доңғалақтардың да тұп-тура келгенін тағы да бірдей көтерілгенінен сездім де газды беріп келіп жібергенім. Машинам зыр етіп арғы бетке шыға келді... Шіркін, шеберлікте шек дегенін болмайды екен ғой!

Не болар екен деп демін ішінен алып, тынып қалған жұрт дуылдаса жөнелді:

— Жазатайым болып тайып кете ме деп зәрем ұшып отырды.

— Е, Таханның машина айдағаны бүгін ғана ма еді?!

Жұрт осылай дүрілдесті. Ішіндегі шүбәлісі мен ғана. Өйткені Тахауидың машинаны қалай айдайтынын жақсы білем. Ғабиден Мустафиннің жана сатып алған машинасын ашық тұрған гаражға кіргізе алмай екі сағат айналысқанын көрген жұрт аңызға айналдырып айтатынды. — Апырау, өз машинасын бұл шіркін қалай айдап жүргені?! Екі сағат өзінің де зықысы шықты. Менің де зықымды шығарды, — деп Ғабиденнің қайран қалып, басын шайқап отырғанын талай рет көргенмін. Сөйткен Тахауи қалайша акробат болып кеткен? Кейін Медеу жаққа бара жатып Тахауи көпірі есіме түсіп бұрылмаймын ба... келсем, ескіріп, шірн бастаған тақтайлардың алынып тасталғаны рас екен. Бірақ ырсып жатқан көпір арқалықтары жоқ. Себебі тақтай қосқабатталып төселген. Алынған соның үстіңгі қабаты. Мен көзімді жү-

мып алып әрі де өттім, бері де өттім. Былқ етер көпір жоқ. Сөйтіп машина жүргізуге келгенде менің шеберлігімде де шек болмай шықты. Содан бері достар арасында ол көпір — Тахауи көпірі — атанып кеткен-ді.

НҰРҚАННЫҢ КӨЙЛЕГІ

Нұрқан Токқожаұлы — менің аталас ағам. Қаршайынан ат жалын тартып мініп ел басқарды, шаруашылыққа араласты. Бір сөзбен айтқанда жпырмасыншы, отызыншы жылдарғы ауыл өміріндегі ұлы өзгеріс, бет бұрыс оқиғалардың шүйгінінде жүрген белсенді еді. Бір мың тоғыз жүз отыз бірінші жылы күзде жанды-жақты семьясын алып Түмен жағына көшіп кетті де, отыз төртінші жылы елге оралды. Салып жатқан балшық үйлері бітпегендіктен, күздің кара суығы болса да киіз үйде отырған. Мен іштен көшіп келген ағайынға жиі барамын. Әрине, он екі жасар баланы қарсы алып төрге шық деп ешкім де қолпаштамайды. Шай ішіп жатса жеңгелерім ұсынған ыстық бауырсақты жеп, маздап жанған отқа қарап, анда-санда арқамды бір қиқаң еткізіп есік көзінде тұрам ғой. Арқамды қиқандата беретінім — үстімде лыпам жоқ. Әлде қашан тозып қалған көйлегімнің сырмалы тік жағасы мен омыраушасын мойныма саламын да, жалаңаш етіме шапан киемін. Менің көптен бері осылай жүретінімді Нұрқан ағам сезетін болса керек, бір күні шай ішіп жатқан үстіне кіріп дағдылы орным — есік көзінде тұрған едім, үстіндегі жейдесін шешіп алды да, жағасынан бүріп маздап жанған отқа дөңгелете ұстап, қағып-қағып менің қолыма ұстатты:

— Үйіне бар да қазір мына көйлекті киіп ал.

— Жазған бала, бір-ақ көйлегің қалды ғой, өзің не киесің?— деп анасы Мәлике қарсылық білдірді.

— Бір жөні болар, апа...

Менде ес қалған жоқ. Жүгіріп үйге келдім де, тозған көйлегімнің сырмалы омыраушасы мен жағасын лақтырып тастап, аға көйлегін киіп қойқандап далаға шықтым.

Содан бері аттай елу бір жыл өтті. Бірақ Нұрқан киізген көйлекті өле-өлгенше ұмыта алмайтын шығармын деп ойлаймын...

Қазақта — көзсіз ерлік — дейтін сөз айшығы бар: алды-артына қарамайтын ерен батырлықтың үлгісі. Жағымды мағынада айтылатын осы бір нақыл сөздің арғы тегі ойландыратын да секілді. Көзсіз ерлік?.. — Алдында тұрған шым-шытырық жағдайдың сыр мағынасын білмегендіктің салдары емес пе екен? — Ғажап емес. Мен бұрын біреудің машинасында келе жатып бір қызық жайға қайран қалып күлетін едім: алда оқ бойы жерде милиция қызметкерінің ала таяғы көрінсе ағызып келе жатқан шофер бірден тежемені басып, баяулай қалатын. Алатайқа жақындай бере басын шығарып ізет көрсете амандасып, шұлғып-шұрқырасатын-ды. — Мен осы бір көріністі ерсі көріп күлетін едім ғой. Алпысыншы жылы машина сатып алдым. Көп кешікпей айдауды да үйрендім. Әрине, өзімше тәртіп бұзбай жүруге тырысамын ғой. Алатайқ, көкқалпақты көре қалсам, әлбетте тежемені баспаймын, терезеден басымды шығарып шұлғып жатпаймын. Өте беремін... Кенет шырылдаған ысқырық даусы шығады. Амалсыз тоқтайсың. Ала таяқты көк қалпақ асықпай басып бері салып келе жатады. Не болмаса басқа біреуге бірдеме деп жолда кідіреді. Қайтсе де асықпайды. Қайтсе де сені тоқтаттым-ау, жолынан қалдырдым-ау, ұят болып қалмас па екен? — деген ой пәрігейіне де кірмейді. Кейде ысқырып қалып сені тоқтатып сол орнында міз бақпай мелшініп қалатынын қайтсерсің. Жының келеді. Өзіңше әлде нелерді дәлел етіп, тәртіп бұзбағаныңды айтып әуре боласың. Бірақ оның дәлелі сенікінен де мықты. Документінді алады да бір тесікті басып кетіп қалады. Ал бір жылдың ішінде осындай тесіктің үшеуі түссе, машина жүргізер хұқыннан айрылдым, емтиханды қайта тапсыратын болдым деп кете бер. — Бұл тәртіпті мен жүре-бара білдім. Таласқанмен, өз жөніңді дәлелдеп қызыл кенірдек болғанмен нәтиже біреу-ақ: документіне қадалар тағы бір сөлкебай... Содан кейін анда барып, мында барып, әркімге өз жөніңді қорғап қара тер болып жүргенін. Барған адамың қарсы алса жақсы. Қарсы ала қалса, түсінсе жақсы. Түсінбесе ше?.. Аз айдың ішінде осы бір мәселенің қиямет-қайымын көрген. Басым ай далада ағызып келе жатсам да көкқалпақты көзім шалса, бітті, аяғымның тежемеге қалай барғанын, басымның терезеден қалай шығып, қалайша шұлғып жатқанымды аңғармай қала-

мын. Өйткені бұлай етпесем, артының не ботатыпын жақсы білем ғой мен қасқа...

Көзсіз ерлік көзсіздіктен туады екен-ау, шынында да.

ЖИЫРМА ЖЕТІ

Жұлдызы жанып туған. Осы бір сөз орамын қалай түсінуге болады? Әр адамның шынымен жұлдызы бола ма? Әлде жер бетіндегі діни ұғымға, ырым-жырымға байланысты туған негізі жоқ жәй ұғым ба?— Әрине, мен бұл сұрақтарға кесіп-пішіп жауап бере алмаймын. Ал санға келсек, жөні басқа. Менің ойымша, әр адамның өз саны болады. Сенбейсіз бе?— Еркіңіз білсін. Қалай десек де менің саным — Жиырма жеті.

Санай беріңіз:

Екінші қызым Дана жиырма жетінші август күні туды.

Ұлым Саян жиырма жетінші ноябрь күні дүниеге келген.

Үшінші қызым Индираның туған күні жиырма жетінші январь.

Бір қызығы — елу тоғызыншы жылғы январьдың жиырма алтысы күні бір жолдастың үйінде қонақта болғанбыз. Сол үйде менің жұбайымнан басқа тағы бір екіқабат әйел отырды. Әрине, әйелдер арасында болашақ нәрестенің айы, күні туралы әңгіме тумай ма!

— Сенің күнің қашан?

— Сенікі қай күн?

Әңгімеге жаңағы екіқабат әйелдің жолдасы араласып бір күнді айтып жібергені. Содан кейін жұрт маған шүйлікті:

— Ал батыр-екесі, ендігі кезек сенікі. Қалай санайтыныңды білейік, айта ғой.

— Айтатын түк те жоқ.

— Неге?

— Неге екені — бізге бөлініп қойған арнайы күн бар...

— Жоқты айтпай қойшы, шын көріп қалар, — деп жұбайым қарсылық білдірді.

Қарсылық білдіргені не керек, сол күні түнде Бағдат перзентханаға кеткені...

Таң ата Индирам дүниеге келді.

Мен үшін жиырма жеті саны мұнымен бітпейді.

Индирамның жолдасы Беріктің туған күні жиырма

жетінші ноябрь. Оның туған інісі Ерік Индирамен бір жылы, бір күні — бір мың тоғыз жүз елу тоғызыншы жылдың жиырма жетінші январі күні дүниеге келген. Құдағным Зәмзетайдың туған күні жиырма жетінші октябрь. Үлкен қызым Жаннаның жолдасының туған күні тағы да жиырма жетінші... әрине, жиырма жетінші январь болады да.

Үй-ішіндік ұсақ-түйек қуаныштарымның бәрі де әр айдың жиырма жетісі күніне саяды. Керек десеңіз телефонымда да жиырма жеті саны бар: алпыс жеті-жетпіс бес-жиырма жеті. Таң қаларлық осы жәйларға сексен екінші жылы тағы бір қызық оқиға қосылды. — Мен дербес пенсияға шықтым. Книжкамның номері қалай дейсіз ғой? Айтайын: Он мың алты жүз жиырма жеті!?

Әрине, өзіме қызық болғанымен, басқаларға онша мәні жоқ осы бір жиырма жеті санын қалай түсінсем екен?

Егер жұлдыз туралы халық ұғымы рас болса, онда менің жұлдызымның жиырма жетінші санды жұлдыз болуы ғажап емес шығар деп ойлаймын. Әкем қара танымаған кісі. Сол себепті қай күні туғаным хатқа түспепті. Ес білген кезде кәрі құлақ кісілерден сұрасам — ит жылы ауыл қыстаудан көшіп жатқан кезде дүниеге келіппін. Солтүстік Қазақстанда ауыл қыстаудан апрельдің аяғына таман немесе май айының бас кезінде көшеді. — Ауа райы, көктемнің ерте-кеш шығуына байланысты. Егер біреу-міреу: мен білемін, бір мың тоғыз жүз жиырма екінші жылы жиырма жетінші апрель күні туғансың, — десе, шамасы, таң қала қоймайтын болсам керек...

ӨКІНІШ¹

Бір мың тоғыз жүз жетпіс бірінші жыл. Қазақ ССР Мәдениет министрлігінде репертуарлық коллегияны басқарып жүрген кезім. Душанбе қаласында жас драматургтардың бір айлық семинары өтетін болды. Жазушылар одағымен ақылдаса отырып біз сол семинарға Амантай Сатаевты жіберуді ұйғардық. Жол қаражатын, әрине министрлік көтеруге тиісті. Бірақ Амантай бұл мекемеде қызмет істемейді. Енді не етпек керек? Жол табылды — Амантай Сатаев министрдің бұйрығы бойынша жол қаражатын Қазақ филармониясынан алмақ.

Сөйтіп, Амантай Душанбе қаласына бір айлық семинарға қатысты. «Бір шанырақтың астында» деген пьесасын талқыға салып, ақыл-кеңес алып, түзеп-жөндеп пісіріп қайтты. Келген бойда біз Амантай пьесасын қайта оқып қабылдадық та, облыстық театрлардың бірінің репертуарына енгіздік. Амантайдың жағасы жайлау. Репертуарымыз бір жақсы пьесамен молыққан біздің де көңіліміз қош. Осындай қуанышпен жүргенде жетпіс екінші жыл да жақындап қалды. Кенет телефон шылдырлайды.

— Бұл филармониядан... Екінші тоқсанда Амантай Сатаев бізден жол қаражатын алып еді ғой, докумен-
тін әлі күнгі тапсырған жоқ...

— Тапсырмағаны қалай?— деп сұраппын. Сірә, қайран қалған болсам керек.

— Телефон соғамыз. Өтінеміз. Қерек десең жалына-
мыз да. Ертең әкеліп тапсырамын,— дейді де зым-зия жоғалады да кетеді. Жыл аяғы жақындап қалды ғой. Қиналып отырмыз. Көмектесіңізші. Әйтпесе алған ақ-
шасы біздің мойнымызға жазылады.

— Саспаңыздар, документтерін бүгіннен қалдырмай қолдарыңызға табыс ететін болады.

Филармонияның бухгалтері өлердей қуанбас па!

— Тәңір жарылқасын! Сізге баяғыда-ақ айтуымыз керек еді,— бүгін, ертең деген соң мазанызды алмайық деп ұялып жүретінбіз,— деп ағынан жарылып жатыр.

Мен Амантайды тауып алдым.— Осылай да осылай. Ертең жаңа жыл келеді. Қыздардың жаны мұрнының ұшында тұрған секілді. Апарып бер.— Амантайымда ес қалмады — Құнт етпей кеткен екем. Міне қазір апарып табыс етемін...

Жетпіс екінші жылдың екінші тоқсаны бітер кезде министрдің орынбасары шақырады.

— Амантай Сатаев өткен жылы Душанбеге барып па еді?

— Барған.

— Ендеше отчетін әлі күнге тапсырмапты.

— Қой, жаңсақтық шығар. Отчетін былтыр декабрь айында тапсырған болатын.

Орынбасар филармонияның хатын алып шықты. Осы жылдың май айының аяғында жазылған хат. Мағына-
сы — баяғы Амантайдың Душанбеге сапары...

Амантаймен енді ренжіңкіреп сөйлесем ғой:

— Әй, сенің мұның қалай? Мына шаруаңа енді министр орынбасарының өзі кірісіп жатыр.

— Жаздым, жаңылдым. Міне қазір апарып қолма-қол тапсырамын...

Мен енді Амантайдың елпілдеп тұрғанын сезіп жайылыңқырап қалам ғой.

— Айналайын, сөйте қойшы. Әйтпесе ұят болатын түрі бар.

— Саф-аға, міне телефон құлағын орнына қоя салып жүгіремін...

Үшінші тоқсан бітуге жақындады. Шақырып жатыр деген соң министрге келдім.

— Былтыр Амантай Сатаев Душанбеге барып па еді?

— Барған.

— Отчетін әлі күнге тапсырмапты ғой?..

— Мүмкін емес. Май айының аяғында апарып берген болатын.

— Май айының аяғында қалайша апарып берген болады? Міне мына хат сентябрь айының ортасында жазылып отыр ғой.

Жазған құлда шаршау бар ма?! Мен тағы да Амантайды тауып алам ғой.

— Әй, сенің денің сау ма өзі?

— Сап-сау.

— Сау болса, анада апарып беремін деген отчетіңді неге тапсырмағансың? Әнгіме енді министрдің өзіне жетті. Документтерің бар ма өзі?

— Бар.

— Олай болса, жұртты неге әуре етіп жүрсің?

— Ұят болды шынында да. Үйде еді, қазір барайын да алып шығып апарып берейін.

— Неше сағат шамасында?

— Көп болса екі сағат.

— Мен екі сағаттан кейін тексеретін боламын.

— Тексеріңіз, уәде құдай аты.

— Ал жақсы...

Мен филармония бухгалтеріне телефон шалдым.

— Екі сағаттан кейін апарып беремін деп уәде берді. Әкеліп бермесе, маған телефон соғыңыз.

Бухгалтер телефонды екі сағаттан кейін емес, келер күні ертесімен шылдыратты:

— Амантай әлі келген жоқ.

Телефон соғу кезегі енді маған тиді. Дес бергенде Амантайдың өзі тап болғаны.

— Амантайсың ба? Амантай болсаң, ей, тап...— аргы жағында жазыла бермейтін бір дөрекі сөздің шығып кеткені. Неңдей жауап болады, күтпедім. Теле-

фон құлағын ұясына салдым. Осы оқиғадан кейін бір сағат өтер-өтпесте филармония бухгалтериясынан қуанышты хабар келді: Амантай есебін тапсырған. Документінің бәрі дұрыс.

Былай қарасаң, қалбаландап жүгіріп жүретін, әманда қызмет істеуге әзір елгезек Сатаевтың мына қылығын қалай түсінуге болады? Бас-аяғы жарты-ақ сағатта тындырар істі неліктен екі жылға созды? Түсінбеймін. Арада біраз күн өтті. Бұрын министрлікке жиі келіп немесе жиі-жиі телефон шылдыратып тұратын Амантай хабарсыз кетті. Сонысына қарағанда өкпелі болса керек. Өкпелесе, өз обалы өзіне, өкпелей берсін. Оңай нәрсені қиындатпау керек емес пе?! Бір күні ұйғыр жазушысы Хизмет Абдуллинді іздеп жазушылар одағына телефон соғып едім, құлағын Амантай көтерді де даусымнан танып қойды.

— Саф-аға, аман-саусыз ба?

— Аманмын. Амантай, мен бір нәрсеге өкініңкіреп жүрмін...

Өкінішті өзінше қабылдаған Амантай іле жөнелді:

— Оқасы жоқ, Саф-аға. Жасыңыз үлкен. Не айтсаңыз да көтереміз...

— Жок, сен менің өкінішімді теріс түсініп тұрсың. Мен аңада телефонда айтқанымды бекер айттым-ау деп емес, осыдан бір жарым жыл бұрын неге айтпадым екен?! Сонда мына дүрбелеңнің бірі де болмайтын еді ғой,— деп өкінемін...

Амантайым қарқылдай күлгені.

Адам мінезінде осындай да қызықтар бола береді екен-ау!

ПАКО КАМИНО — МАТАДОР

Пако Камино — атакты испан матадоры. Өзінің мал фермасы бар. Бірақ сүзеген бұқаларды өсірмейді екен. Өу баста бұқалары болған көрінеді. Арнаулы сүзеген бұқаларды баптап өсіріп сататын ганадеростарға кіріп-тар болмау үшін ұстаған. Алайда жүре-бара коррида майданының құдайы — Пако Камино бұл пиғылынан айныған.

— Мал скеш мал да, адам секілді, үйірсек келеді. Мен бұзауларымның күн сайын құлпырып, күш алып өсіп келе жатқанын, ақыры сұлу мүсінді бұқаларға қалай айналғанын көз алдымнан өткіздім ғой. Қайсысы-

нын болса да мінез-құлық, қылықтарын бес саусағымдай білемін. Олар да иесін таниды. Одырая қарамайды, қасынан өтсең, мойындарын созып жақындағысы келіп тұратынын сеземін. Ал осындай шандақы алыптарға қалайша қылышынды көтере алмақсын. Фермада бұқаларды өсірмейтін себебім осы,— дейді екен атакты матадор.

Бұл нені танытады?

Адам баласына етін, сүтін, терісін сыйлағаннан басқа түк жазығы жоқ әукелі жануарларды айқайлап, шулап, жер тепкілеп құтырынып жатқан сан мың адамдар алдына алып шығып, қызылмай етіп сілікпесін шығарып, ақыры есінен танып тұралап болдырған кезінде қолқасына канжар сұғып өлтіру, соған мәз-мейрам болу — бір кезде арыстанға жем болатын гладнаторлар өлімін қызықтаған жабайы тобырлардың қуанышына ұқсап кетпей ме екен?

Қалай десең де коррида аренасында жскпе-жек шығып сан-сан алып бұқаларды жайратып, қаумалаған сан мыңдаған халықты қызыққа батырған, сол шеберлігімен данқы шыққан, сол кәсібімен қалтасын қалыңдатып жүрген әйгілі матадордың мына сөзі испан еліндегі коррида ойынының негізіне күдік-күмән, шүбә келтіре ме деп ойлаймын.

Ал шүбә тугызар жайдың бәрі де адам табиғатына жат болса керек-ті.

ҚАСАПШЫ МЕН ҚЫЗ

Бала кезімде бір жылы Қызылжар қаласында қасапшының үйінде бір ай пәтерде тұрғаным бар. Қасапшы орта бойлы, жирен шаш, көк көз тығыншықтай жас жігіт еді. Есепке жүйрік-тін: қас қараймай шам жақтырмайды. Ал түнгі сағат он бірде әдейі келіп мен жатқан бөлменің шамын өшіріп кететін. Әке-көке десең де көнбейтін.

— Жанып тұрған шамың ақшаға түсетінін білесің бе?— дер еді.

— Тиын ғой, тақсыр-екесі.

— Мм... ақшаның тиыннан құралатынын білмейді екенсің ғой, шырақ. Біліп қой онда,— деп электр жарығын тырс еткізіп сөндіріп кететін. Түнде далаға шықсаң да айқайлап жатқаны:

— Шам жақпасаң адасып кетесің бе? Сөндір деймін.

Бұл күнде атын ұмытып қалған қасапшым осындай жігіт еді. Бір күні кеш құрым мынадай оқиғаға куә болмасым бар емес пе: далаға шықсам, үй сыртында қасапшым біреумен сөйлесіп тұр екен. Біреу дегенім көрші үйде тұратын Нағима дейтін сұлу қыз.

— Мен саған ғашықпын, Нағимаш.

— Мен саған ғашық емеспін...

— Екі жарты қосылып біу бүтін болайықшы, Нағимаш.

— Жарты болсаң өзін жарты бола бер. Мен жарты емеспін. Бүтінмін.

— Мен бай адаммын, Нағимаш.

— Баймын дегенше бақытсызбын де.

— Не себептен бақытсыз болмақпын? Мен бақытты адаммын қайта.

— Бақытсыз болатының — қараусың. Дүниеқоңызсың.

— Не дейсің? Қайталашы.

— Бақытсызсың, дүниеқоңызсың деймін... Сендей на-данға қор болғанша өмір бақи қу тіземді құшақтап өткенім жақсы.

Қасапшы ұмтылып барып Нағиманы теуіп жіберді.

Араларында бұрын қандай қатынас болған, ол арасы маған қараңғы. Әйтеуір менің естігенім осы жанжал. Екі-үш күн өтті. Қасапшы үйге бір қыздың суретін алып келді. Турасын айтсам, сурет емес, ет сататын дүкендерде сойылған мал нобайы ілініп, қызыл сызықтармен қалай бұтарлаудың жолдары көрсетілуші еді ғой, дәп сондай қолын қол, бұтын бұт етіп бұтарлаған сурет. Қасапшы сол суретті қабырғаға ілді де ұзақ қарады. Содан кейін мені шақырды:

— Қыз дейді... осы қызда, кәне айтшы, не қызық бар? Қолы қол, саны сан. Түк қызығы жоқ. Қызығы жоқ емес-ау, малдың мүшелері әлде-қайда әдемі, әлде қайда дәмдірек келеді. Ал мынада не дәм, не тату жоқ. Өтірік деші?!— деп менен қолдау таппақ болды.

Мен қарсылық білдірдім.

— Дүние-тірлікке тек қасапшының көзімен ғана қарауға болмайды ғой...

Қасапшы үндемей қалды. Менің пікіріммен келіскен шығар десем, қателескен екенмін. Ертеңіне басқа бір үйге қоныс аударуыма тура келді...

БОПАШ ПЕН БӘЙМІШ

Бопаш — менің немере нағашы ағам. Әзілге жүйрік адырақ көз қара жігіт еді. Бәйміш — соның құрдасы. Екеуі бір ауданда қызмет істеді. Құрдас болған соң екеуінің бір-біріне әзілі қатты. Әрі жарасты да. Бопашта жасы тоқсаннан асқан шеше бар. Көзілдірік дегенді білмейтін. Іненізді былай сабақтай беретінін өзім де талай көргенмін. Бірақ Тұрғын әжемнің құлағы естімейді. Тас керең. Ал Бәйміште жасы тоқсаннан асқан әке бар. Оның құлағы естігенмен, көзі көрмейді. Екі дос құрбылар әзілдеспей ме:

— Сенде тоқсаннан асқан әке бар. Құлағы естиді де, көзі көрмейді.

— Сенде тоқсаннан асқан ана бар. Көзі көреді де, құлағы естімейді.

— Екеуі де жарты. Екі жартыны қоссақ, бір бүтін шықпай ма? Жалғызсыратпайық.

— Қоссақ қосайық. Бір жұма сенің үйіңде, бір жұма менің үйімде шалқақтап жүрсін де балаларының арқасында.

— Қосайық дейсін, шешен көнбепті ғой, бірақ.

— Қайтіп?

— Менің әкем қасына шалдарын ертіп жол-жоралғысымен құдалыққа барып: ұрын келдім деп қанша айқайласа да, шешен естімей қойыпты.

— Әй, сенің әкең де оңып тұрған жоқ-ау! Менің шешем кемпірлерін ертіп барып: балаларымыз дос еді, біз де дос болып жүрейік,— десе қарамай қойыпты...

Қандай жарасты әзіл, қандай тапқырлық!..

ӘКІМДЕР АРАСЫНДА КЕЛГЕН ОЙ

Мен бір жолы лауазымы жоғары жолдастың үйінде қонақта болдым. Бұл дүниеде ешнәрсеге мұқтажы жоқ, жақсы киінген тығыншықтай еркектер мен қарынды келген әйелдер. Ойыны ойын. Күлкісі күлкі. Отырыстырысы да, сіз-бізі де дұп-дұрыс. Көзге ұратын пандық, жә болмаса әкімге тән кіділік-кекірттіктің нышаны да жоқ. Жасы үлкендерін төрге шығарып, лауазымы жоғары болса да жасы кішілері кейіндеп отырып жатты.

Қымбат француз нісмайларын бұрқыратқан қарынды әйелдер әңгіме бастады:

— Пәленше-скең кеше жапон мебелин сатып алыпты...

— Кайсысы екен? Ғлгі жиырма бес мындығы ма? Олде отыз екі мың сом тұратыны ма?

Өмірде жапон мебелі дегенді естіп көрмеген басым таң-тамаша қалам ғой:

— Құдай-ау, отыз екі мың сом тұратын да мебель бола ма?

— Жапон мебелінің ішінде жоқ нәрсе жоқ. Телевизорынан бастап шұлығың мен кебісіңе дейін сонда. Ал жапон телевизоры дегеннің не екенін білетін шығарсыз?!— деп түсіндірді менен төменірек отырған бір марқасқа.

— Ау, сонда отыз екі мыңды қайдан табады? Еңбекақысын ішіп-жемей, ешнәрсеге жұмсамай тірнектеп он жыл бойы жинауы керек қой.

Сөзге қарсы бетте отырған жігіт араласты.

— Ай, Саф-аға-ай, баланың сөзін айтып отырсыз дер едім, жасыңыз үлкен, өкпелетіп алам ба деп қорқамын,— деп сыпайылықпен жымия күлді.

— Айтып қойғаннан кейін өкпеледі не, өкпелемеді не...— деп мен де күлген болдым.

Енді әңгіме шибарқыт шалбар мен лама пальтосына ауысты. Бұл тақырыпты шұбар бет жігіттің қасында семіздіктен тырсылдап жарылардай болып отырған дөңгелек жүзді шикан бет әдемі келіншек қозғап жіберген. Бұл жерде сөзге менің жұбайымның араласа кеткені:

— Лама пальтоны сіздердің үстеріңізден ғана көріп отырмыз. Әйтпесе біздің түсімізге де енбейді.

— Енеді ғой, бірақ Саф-ағанды шындап жұмсай алмай жүрсіз ғой,— деп қалжындады енді бір лауазымды жігіт.

— Жұмсадым дейін, сонда бұл кісі қайдан табады? Магазинге нысыраты да түспейді ғой...

— Шын іздесе табады.

— Қайдан табам?— деймін мен шынымен танданып.

— Сіз шынында да баланың сөзін сөйлейді екенсіз...

Қалай десең де мен бұл тақырыпта өзімнің дәрімсіздігімді сезініп, әңгімені әдебиет жайына аудармақ болдым.

— Мұқағали Мақатаев сырқаты мендеп ауырып жүрсе де жазуын тоқтатпаған. Артына еш жерде басылмаған жиырма бес мың жол тамаша өлең қалдырғаны енді анықталып отыр...

— Мақатаев деген кім?— деп сұрады манағы мені өкпелетіп алам ба деп сыпайылық тапшытқан жігіт.

— Пәленше-еке, сұрағыңыз баланың сұрағына ұқсап кетті ғой деймін.

Қарымта қайтарды деп жұрт күлген болды. Бірақ осында жиналғандардың бірде-бірі Мұқағалиды білмей шықты.

— Мұқағали — қазақтың көрнекті ақыны,— деп мен оның өзім жатқа білетін «Алтын адам» деген өлеңін оқып бердім.

Алтын адам
Алтын адам...
Адам жоқ!
Алтын қалған жарқыраған.
Білмейміз саудагер ме, қолбасы ма?
Сараң ба, алтын үшін қалтыраған?!
Сары алтынның белгілі нарқы маған,
Қайда бірақ алтыннан артық адам?!
Кім болды екен алтынмен аптайтындай?
Алтын жиган шонжар ма жатпай-тұрмай?!

Кім де болсаң,
Ей пенде!
Күн кештің ғой,
Ажал келсе алтынның сақтайтындай...
Алтын табыт ішінде жатпайтындай...
Шежіремді ұрлапты...
Зұлапты күн.
Ғасырлардап бір ызың тындап тұрмын.
Алтын адам шынымен қазақ болса,
Білген екен құнының қымбаттығын!!!

Біреу жақсы өлең екен,— деді.

Біреу: ә, мынау әлгі Есіктен табылған адам ғой,— деді.

Үшінші жігіт: осы алтын адамды Ленинградқа алып кетіпті.— деді.

Енді біреуі: жоқ әкетпеген,— деп таласты.

Осы кезде сөз кезегі бір азаматқа берілді де, жаттанды бокал көтерістің аяғы ішіне алты ай бойы сақта-саң да ет бұзылмайтын шетелдік тоназытқыш туралы әңгімеге ауысты. Алтын адам жайында Мұқағалидан басқа бір пенденің ойына келмейтін мына керемет толғаныс осындағы сыпайы жігіттердің ешқайсысын да толғандырмаған секілді.

Ішіп-жемі мол, бір-біріне деген жұрт ылтипаты асып-төгіліп жатқан осы отырыстан мен ойға қалып шықтым:

— Мұқағали Мақатаев — қазіргі қазақ әдебиетіндегі айта жүрерлік, халқымыздың мақтаны бола аларлық құбылыс. Ал осы ірі құбылысты оқыған, сауаты бар, кәдімгідей ел басқарып жүрген адамзаттар мақтан тұт-

пак түгіл есімін де біле бермейді. Бұл нені танытады? Ұлттық сезіміміздің, ұлттық намысымыздың шау тар-тып бара жатқаны ма? Әлде әдебиет пен өнерді күнде-лікті өткінші тірліктің сән-салтанаты мен тоғышарлық сезімі жұтып, жалмап бара жатқаны ма? Қайсысы де-сен де өкінерлік жай. Қай заманда да өнерге, өнер иелеріне табынған адамдардың мәртебесі биік болған. Өз заманында дүниені дүр сілкіндірген әміршілер, пат-шалар мен хандар көп. Бұл күнде сіз соның қайсысын біле бересіз? Сіз Махмуд Ғазнауиды білесіз бе?— Білесіз, әрине. Бірақ ұлы Фирдаусимен байланысты ғана білесіз. Сіз саксон-поляк королі Август III-ні біле-сіз бе?— Біріңіз білесіз. Біріңіз білмейсіз. Білетіндерге Август III не кереметімен белгілі?— Атақты Дрезден галереясының сәнін келтіріп тұрған ұлы полотнолардың бірі — данышпан Рафаэльдің данқты «Сикст мадонна-сы». Бұл картинаның тарихы қызық: Италияның Пья-ченца қаласындағы Әулие сикст тәркіханасының монах-тарынан осы картинаны бір мың жеті жүз елу үшінші жылы жанағы Август III сатып алдырып, өзінің тахы тұратын залға қойдырған ғой. Адам айтқысыз үлкен полотноны залға кіргізгенде патша тахы кедергі жасап-ты. Сонда саксон-поляк королі — Ұлы Рафаэль келе жатыр. Жолды босат! — деп тахын қозғаған екен десе-ді. Білетіндер — Август III-ні осы ісі үшін біледі. Егер ол осы сөзді айтпаған, Рафаэльдің құдіретіне бас име-ген болса, жоқтыққа кеткен көп корольдің бірі болар да қалар еді.

Асылы, талантты танып, табыну үшін де талант пен білім, мәдениет керек.

Ал тоғышарлардың бәрі бірдей білімді, мәдениетті, талантты болып жаралмайтын болса, шараң қайсы?!

ҚҰРМЕТТІҢ ҚҰНЫ

Бір мың тоғыз жүз алпыс бірінші жылдың февралін-де семья жайымен Қызылжарға жолым түсті. Әржерге қонып ұшатын кішкене самолет үскірік аяз, ақ түтек боранның кесірінен бір тәулікке кешіккені. Сарғая күтіп шаршаған ағайындар — бүгін келмейді — деген жаңсақ мағлұматты малданып тарап кеткен. Қарсылап алған пенде жоқ. Енді не істедім? Ойлап-ойлап түнгі сағат бір кезінде жобалап келіп бір іні жігіттің есігін қақтым. Табиғатында ақ көңіл, жап-жақсы өлеңдерімен көзге түсіп жүрген газет қызметкері. Құрақ ұшты: Ау,

аға, төрге шығыңыз... Ау, шақырып келтіре алмайтын құрметті қонақ келіп қалды. Шай қой. Ет ас!

Мен неге келе жатқан жайымды айттым. Тәулік бойы аяғымнан тік тұрып шаршағанымды, түктің керегі жоқ екенін баяндадым.

— Маған көрсетер сый-құрметіңнің ең үлкені — төсек салып бергізсең, мен тынықсам...— дедім.

Өтінішімді қабылдар, менің қазіргі жағдайымды түсінер іні қайда.

— Үйімізге тұнғыш рет бас сұғып отырғанда... о не дегеніңіз?! Құр ауыз жатқыза алмаймыз. Мен қазір ауыз жылытатын бірдеме табайын, келініңіз тіске басарын дайындай берсін,— деп киіне бастады.

— Мына жеті қараңғы үскірік аязды түнде қайда бармақсың? Әуре болма!

Ақын тыңдаудан қалды.

— Қайда баратынымды өзім білемін...

Екі бөлмелі кішкене үй әрі таза, әрі сондай жып-жылы екен. Әрі-беріден соң бойым жылынып маужырай бастадым. Қанша жатқанымды білмеймін. Әйтеуір, дауыстан ояндым: басы-көзін қырау басқан жігітім қып-қызыл нарттай болып есік көзінде тұр.

— Сонау вокзалға барып, күзетшінің бірінен зорға тапқаным...

— Әлгіндей болмай-ақ шай мен дәмді қуырдақ келді. Кішкентай сидаң үстелдің жоғарғы жағында көзімді ашып-жұмып мен отырмын. Қарсы бетте үй несі. Әлсің-әлі еңкейіп аяғына қарай береді. Неге өйтеді?— Таба алмай таңмын. Бақсам, таңданатындай ештеңе де жоқ: ит өлген жерге жаяулап барып әкелген шөлмегі үстелдің астында екен.

— Шөлмегіңді ашпайсың ба?!— деп әйелі сыбыр етті.

— Үй несі үстел астына қарай екі-үш рет қол созып барып, аузында қағаз тығыны бар шишаны алып дастарқан үстіне қойды да үніле қарады:

— Күн дегенің қақап тұр ғой. Тонғаннан кейін аузымды жылытайын деп анда-санда бір ұрттап отырып едім, енсеріліп қалған ба өзі, немене?!

Шынында да шөлмекте түбін жасырарлықтай ғана бірдеме қалыпты. Мен күлген болсам керек. Онсыз да нарттай жанып отырған інім өз ісінің ерсі екенін енді түсініп қызарақтап қалды. Әйелі намыстана сөйледі:

— Әдейі барған соң екеу-үшеуін неге алмадың? Біреу болған соң бүтін әкелмейсің бе?! Мұнысы көз

ғана. Өйткені мана күйеуі кетерде қалтасының түбін қағып жатқаны өзіме аян.

Жұбата сөйлеуіме тура келді.

— Жакын жер болса, бір сәрі. Тұу-тұу вокзалға барып қайту оңай ма! Осы ықыласыңның өзі неге тұрады. Бөл екіге,— дедім ішімдікке зауқым соқпай отырса да.

Қалай десек де басқаға қоң етін кесіп бергісі келіп тұратын інімнің осы бір күлкілі әрекетінде айта жүрерлік әдемілік барын мойындауыма тура келеді.

ДӨКЕЙ АҚЫҚ

Ойлап қарасаң, адам табиғаты қиян-қиялы екен-ау... Көп заман бұрын көленке болып кеткен бейнелерді еске аласың да, осындай бір тоқтамға келесің...

— Ақық — менің кіндік шешем. Бетінің жінішке қан тамырлары шым-шытырық жол секілді қызара тарамдалып шашырай көрініп тұратын, қалың ерін ірі кісі еді. Сол ірілігінен болар, жұрт оны Дөкей Ақық деп атайтын. Дөкей Ақық жәй ірі емес, шын мағынасындағы теңдесі жоқ балуан әйел. Теңдесі жоқ болатын себебі — мынау деген жігітіннің талайы аяғы аспаннан келіп Ақықтан жығылып жататынын өзім де көргенмін. Ал жігіттің әйелден жығылуы өліммен тең. Олай болса, менің кіндік шешеммен күресер жан табылмайды. Бір ретте бәйгеге қой тігілді. Сонда да — мен күресемін,— деп құлшынған ешкімді көре алмағанбыз. Күйеуі Мәуния ерте өлсе де Ақық шешем шаруаға өте құнтты. Сол себепті оның үйі ауыл арасында алдына салған бес-алты қарасы, ұсақ-түйек қой-ешкісі бар тыңғылықты үйдің бірінен саналатын. Сол тыңғылықты, ауқатты үй несі — дөкей Ақықтың мінезі қызық: біреуге сабақты жібін араластырмайды. Не сұрасаң да жоқ — деуші еді. Бірақ сараңдар қатарына қосылмайтын-ды. Өйткені ретін тауып бір нәрсесін ала қалсаң, пәлен уақыттан қалдырмай әкеп бер,— деп түйіле айтып, қадағалағанмен, соныға түсіп өмірі қайтып сұрамайтын. Шешеміздің осы әлсіздігін білетін жұрт сұранғыш.— Апанан бере тұршы... Мына бірдемеңді ала тұрайыншы... Ақық — бермеймін,— деп кесіп тастап жатса да қарамайды. Айналып келіп тағы сұрайды. Дөкейдің дымы құрып шаршайды.— Қашап әкеп бересің?— Пәлен уақытқа...—

Ұмытып кетпейсің ғой?..— Неге ұмытайын...— Ал ендеше ала ғой.

Менің бала кезімде біздің ауылдың жігіттері сернешіл болды. — Он шақтысы жиналады да бас қосып бір тоқты сатып алып сойып шылқымай жасайды.— Сернесі осы. Әрине, сернеге аңсары ауғандар Ақықты айналдырады.

— Ақшасын ертең жинап береміз. Бір тоқтыңды сата көр.

— Тоқты жоқ қой менде.

— Әне бір сек те біз жеуге жарай береді.

— Жоқ, ол секті сата алмаймын.

Саудаласа келген жігіт кетіп қалды. Ендігі сәтте оның орнын басқа біреу басады.

— Апа, бір тоқтыңды сатсайшы бізге. Ақшасын ертең қолыңа тигіземіз.

— Сататын тоқты жоқ менде.

— Ана бір ісек те жарайды бізге...

— Жоқ, ол ісекті сата алмаймын.

Жігіттердің меселі қайтпайды бірақ. Кезектесіп келе береді, келе береді. Ақық ақыры жеңіледі.

— Ал жақсы, ақшасын ертең жинап беретін болыңдар.

Ақшасы ертеңі түгіл ендігі жылы да жиналмайды. Ақық шешем жиналмаған ақшаны ертеңі түгіл ендігі жылы да сұрамайды. Оның осы әлсіздігін білетін ел жігіттері ұмыттыра беріп менің кіндік шәшеме қайта келетінін қайтерсің.

—Ақық апа, ақшасын ертең жинап береміз, бір тоқтыңды сата қойшы...

Дүниеде қандай ғажап мінездер болады, а?!

РИЗАМЫН... ӨЗІМЕ

Несін жасырайын, мен тегі қапияда тауып сөйлеп кететіндердің тобына жатпайтын болсам керек. Жаманның ақылы түстен кейін кіреді демекші, менің қайтарар жауабым көбінесе келесі күні барып ойыма оралады. Содан ба, бір кезде «Берілмей қалған жауаптар» атты кітапты жазуды да жоспарлағаным бар. Ал мына бір жолы дес берісте тауып сөйлегенім. Өзіме өзімнің риза болып отырғаным да содан. Тынданыз:

Мен жетпіс жетінші жылы «Ит ашуы» деген повесть жаздым. Ит ашуы — өзінің тура мағынасында. Өйткені

бұл туындымның басты қаһарманы — Марғау деген ит пен Лезбай атты қойшы екенін оқырман қауымның бәрі біледі.

Повесті машинкадан шыққан бойда қарым-қатынас, достығының бәрін есепке ғана құратын, кімнің тарысы піссе соның тауығы бола кетуге әзір тұратын бір іні жазушы алып оқыды да телефон соқты. Дауыс ырғағына қарағанда шығарманың ұнағаны айқын. Сөйтсе де Лев Толстойдың ат туралы жазылған «Холстомер» повесін оқып шығып, авторына: Лев Николаевич, жылқы психологиясын соншалықты жақсы біледі екенсіз, өзіңіз ат болып кеткеннің қай жағындасыз?!— деп Иван Сергеевич Тургенев айтқан баяғы әйгілі сөзді тамағына тақап:

— Апырау, ит психологиясын, ит өмірін осыншалықты қайдан біле бергенсіз?...— деп мүдіре күлді. Әрине, көмейінде — өзіңіз ит болып кеткеннің қай жағындасыз?!— тұрғаны бесенеден белгілі еді.

Менің жауабым табан аузында шықты:

— Төңірегімдегі дос-жаран, інілердің көбі ит болса, ит психологиясын мен білмегенде кім біледі?

Досымның аузына құм құйылсын да қалсын. Тегі сасқаны болса керек, бар айтқаны: қап, солардың ішінде мен де кеттім-ау!— болды.

Әңгіме мұнымен бітпеді. Жаңағы іні досым қолжазбаны алып үйге келді.

— Әдейі келдім. «Ит ашуын» жуамыз.

— Қарсылығым жоқ.

— Ендеше біздің үйге жүресіз. Келініңіз дәм жасап жатыр.

Біз сөйтіп жаңағы жұғыш жігіттің үйіне бет алдық... Дәп осы жерде екі анықтама бар:

Бірінші анықтама — бұл жігіттің әйелі жас.

Екінші анықтама — «Ит ашуының» басты қаһарманы Лезбай да бәйбішесі Айған дүние салған соң, өзінен көп кіші Ұмсындық сұлуға үйленген. Ұмсындықтың бұрынғы танысы Қарғабек Лезбай үйіне қонаққа келеді де, арақ бітіп қалған соң өзінің ферма бастығы екенін пайдаланып, қарамағындағы шопанын дүкенге жібереді. Сөйтіп ашына келіншекпен оңаша қалады. Ұмсындықты қызғанған Марғаудың Қарғабекті талайтыны осы жерде.

Осы екі анықтанамы ескерсеңіз, арғы әңгіме мынадай:

«Іт ашуын» жуам деп келе жатқан іні дос жолда дүкенге бұрылды:

— Үйде ішімдік жоқ еді...

Дардай жігіттің сондағы алып шыққаны жалғыз шөлмек аққайнар.

— Ау, мына аққайнарыңды бүркесің бе? Кімге жетеді?

— Жетпесе тағы барып әкелмеймін бе?

Бұлтартпас жауап табыла кетті:

— Сен Лезбай болып, мен Қарғабекшілеп кетіп жүрмейміз бе?

Досым қарқылдай күліп, басын шайқай-шайқай дүкенге қайта кіргені...

— Табан аузында осындай жауапты қайдан табасыз? Ал сгер — оқасы не, көп болса, Қарғабекшілерсіз...— деп мен айтсам ғой, онда жағдайыңыздың қандай бола-рын кім білсін!..

— Сенің де жағдайың келіспес. Өйткені арашалап алар итің жоқ қой.

Досым тағы да шалқасынан түскендей болды.

Жөппелдемеде жарқылдап шығар тапқырлық сағындырып барып келетін сирек қонағым секілді болғандықтан ба, әйтеуір, осы бір қалжың есімде қалыпты.

БЕТМОНШАҚ

Менің басымда тағы да бір мін бар. Оным — орынсыз ұяндық. Орынсыз деп отырғаным — кей-кейде ұялмайтын жерде ұялып, беті ашылмаған жас баладай өз-өзімнен қысылып қаламын. Ондай уақытта орнымен сөз тауып сөйлеуім де оңайға түсе бермейді. Әлі есімде: бір мың тоғыз жүз елу төртінші жылы май айында өзімнің туған өлкем — Солтүстік Қазақстанның аудандарын араладым. Қасымда облыстық «Ленин туы» газетінің редакторы Ғалым Мұхамеджанов. Бір жақсысы — Ғалым ашық жігіт. Кез келген адаммен оп-оңай тіл табысып кете береді. Ал мен болсам, өйте алмаймын. Әкесінің артына тығыла беретін ұялшақ балаға ұқсап, Ғалымға қараумен боламын. Былайша айтқанда, осы облыста көптен істейтін, сол себепті қай ауданға барса да танысы көп газет редакторына ерқарамын. Мені таныстыратын да, керек жерінде сөйлейтін де өзі.

... Біз бір ауылға келдік. Ғалым мені мектепте қал-

дырды да, жарты сағатқа бір жерге барып келейін деп кетіп қалғаны. Сол жарты сағат маған жарты жыл секілді өтпей қойды. Бөлмеде бес-алты мұғалім. Әрқайсысы өз жұмысымен шұғылдануда. Анда-санда бір сұрақ қоямын. Олар анда-санда тоқ етерін айтады да үнсіз қалады. Әңгімеміз жалғаспайды. Маған тіпті олар осы бөлмеде бөтен кісі бар екен-ау,— деп ойламайтындай көрінеді. Содан ба, әйтеуір, қысыла түсемін. Далаға шығып кетейін десем, оның да жөнін таппаймын. Ақыры Ғалым келіп көзім ашылғаны. Әңгіме де түзелді. Сазарып үндемей отырған жұрттың кескініне қан жүгіріп сала бергендей...

Мен бұл оқиғаны тәптіштей айтып отырған себебім — өз басымдағы күні бүгінге дейін есіме түссе, жанымды қинайтын бір өкініштің барлығы.

Сол сапарда біз Преснов ауданына қарасты Қызыл әскер совхозына соқтық. Себебі — совхоз орталығындағы ауруханада менің немере апам Күләш жатқан болатын. Мен іздеп келген соң жалғыздық түскен Күләштің қуанғаны-ай десеңші. Төсегінен басын көтерді. Төнірегіндегілерге Алматыда тұратын інім,— деп мақтанды. Көпке дейін қасынан шығармады. Ауруын, қалай емделіп жатқанын айтты. Ақыры қоштасарда:

— Бас дәрігеріне барып жолыға кетші. Менің жағдайымды сұра. Өзіңнің кім екенінді айтып, қадағалап қара деп тапсыратын бол. Атқа мінгендер бірінің сөзін бірі тастамайды. Ал біз секілді жәй адамдарды жүрестіндейды,— деп қиылды.

Мен апама уәде беріп палатасынан шықтым. Бірақ ауылдық жердегі аурухананың бас дәрігеріне жолыққаным жоқ. Баруын бардым. Кабинетінде бір кісілер отыр екен, соларды баса көктеп кіріп баруға ұялып бетімнен басқаным.

Менің бұл әлсіздігімді не деп түсінуге болады?

Рас, тура келген ажалға басқаны былай қойғанда, ауылдық жердің дәрігері де ара түсе алмайды ғой. Сонда да қаны бір туыстың соңғы өтінішін орындай алмауым, орындай алмау себебім — ұяндығымда тұрса, қалай сөксеніз де артықшылығы жоқ деп білемін.

Осы бір жөн-жосығы жоқ ұялшақтықтан күні бүгінге дейін арыла алмай келе жатсам, не демексіз?!

ЖИНАҚЫЛЫҚТЫҢ ЗИЯНЫ

Үміт — қысқа мойын кесек келбетті кішкене әйел. Әдемі сөйлейді. Жәй әдемі емес, тауып сөйлейді. Ағайынға қоң етін кесіп беруге дайын тұратыны тағы бар. Содан ба, былайғы туыстары сөзін екі етпеуге тырысады. Күйеуі Дәкен өзінің аз ғұмырында жұбайына қарсы келмеген жан еді. Анауың теріс, мынауың қате демеітін. Не тілегі болса да бас тартпайтын-ды.

Жұмысшы арасында туған ауыз әдебиеті туралы жап-жақсы диссертация қорғап, ғылым кандидаты атағын алған Дәкен ұзақ өмір сүре алмады. Таланты енді ашылып келе жатқан кезде дүние салды. Оған да міне отыз жылға айналып барады. Артында қалған жалғыз қызын бағып отырған Үміт араға отыз жыл түссе де екеу-ара болған бір қызық оқиғаны осы күнге дейін айтудан жалықпайды. Және бір ерекшелігі — өзін құрбандыққа шала отырып баяндайды:

— Гүлмирамыздың бір жастағы кезі. Қарағандыдағы туыстарға сапар шектік. Жолда Жарық станциясында тұратын жама ағайын Жәмиге телеграмма соққанбыз. Ойымыз — онда да бір-екі күн болу. Поезд мерзімді сағатында Жарыққа келді. Бірақ Жәми жоқ. Оның орнына жеңгеміз Алтын қарсы алып жатыр.

— Ағаларың жұмыс басты адам ғой. Ауданның бар шаруашылығы өз мойнында. Қазір бюро өткізіп жатыр. Сосын мен келдім.— Поездан алып қал, бір-ер күн аунап-қаунап дем алсын,— деп жіберді,— деді. Шынымды айтсам, Жәмидің өзі шықпаған соң, қитығыңқырап қалдым. Алматыдан арнайы алып шыққан бір торлама алманы қолына ұстаттым да: ықыласыңызға алда разы болсын. Телеграмма берсек те, тоқтайық деген ойымыз жоқ еді. Қарағандыдағы туыстар алаңдап отырады ғой. Қинамаңыздар,— деп, торламаны қайтарып беруді өтіндім.— Гүлмираның жөргектерін салуға керек еді. Бірақ Алтын құр қол шығыпты. Енді не істеу керек? Әманда ыңғайымды бағып тұратын Дәкен: Жәкеннің үйі міне тұр ғой, жеңгеймен еріп барып, босаттырып алып келе қояйын,— деп жөнеле бермесі бар емес пе...

— Поездан қалып қоясын, бармай-ақ қой.

— Жүгіріп барамын. Жүгіріп келемін. Қалмаймын поездан,— деп Дәкен жеңгесіне еріп кете берді. Мен қарап тұрмын. Олар әңгімелесіп Жәмидің үйіне жете бергенде поезд қозғалсын де кетсін... Сол екі арада үйге Жәми келеді.

— Ештеңе етпейді. Бір-ер күн осында болындар. Мен кәзір алдағы станцияға — келінді түсіріп алындар,— деп хабар берем...—

Үмітінің бір қисайса иілмейтінін білетін Дәкен кәнбейді.

— Жок, қайтсе әйелім мен баламды қуып жетуім керек.

Ақыры Дәкенім мені екінші станциядан жүргелі тұрғанымызда қуып жетті. Алып келген кім дейсіз ғой?.. Қазақтың жұтынып тұрған бір қызы. Қалай, немен алып келді?— Мотоциклмен... Дәкен аяғы баспалдаққа да ілікті, поезд да қозғала бастады... Байқаймын, көйлекшен кеткен Дәкен үстінде бөтен бір пиджак бар.

— Мына пиджак кімдікі?

— Ә, Жәмидің пиджагі ғой. Мотоцикль үсті суық болады, тоңасын,— деп кигізіп жіберіп еді, мә, карағым, ала кетші,— деп Дәкен пиджакті қызға лақтырды.

Арада бір шама уақыт өтті. Әдейі барып алып кетмек болған бізге де, Жәмилерге де қиындық туғызған торлама есіме түспей ме...

— Дәкен, сетка қайда?

Дәкен санын бір-ақ соқты.

Соншама арам тер етіп, жұртты дүрліктірген торлама Жәми пиджагінің қалтасында кеткен...

— Кейде тым пысықтықтың осындай зияны да болады екен...— деп Үміт сөзін күле аяқтады.

ӨНЕРДІҢ БІР ТҮРІ...

Әр халықтың дүние танымы әркілы. Сол себепті олардың өмір құбылыстары жөніндегі көзқарастары да, адамның іс-әрекет, қимылдары жайындағы ұғымы да, қабыса бермейді. Айталық, Сібірге жер аударылған декабрьшілердің соңынан еріп барған әйелдеріне каншама кітап арналды?! Қанша мадақ сөздер айтылды?! Ол әйелдердің Сібірге баруын бүкіл халық болып ерлік деп қабылдады ғой. Ал қазақ үшін осы әйелдердің бұл ісінде ешқандай ерлік жоқ. Күнделікті тірлікте күйеуі айдалған кез келген әйел жасайтын әрекет. Қазақша ұғым бойынша — күйеуі жер аударылса, әйелі аяғын көсей салып, шөлжиіп үйінде отыруы керек пе? Жок, құдай қосқан қосағының қасында болсын. Ол көрген қиындық-мехнатты бірге көрсін, бөлісетін болсын.— Бұл жәй уағыз емес. Қазақтың қай әйелінің болса да қолынан келетін, сол себепті мадақтауды қажет етпей-

тін шаруа. Осындай ұғым алшақтығы өнерде де, өмірдің басқа құбылыстарында да кездесе береді. Мәселен, мал баққан қазақ халқында өркениет елдер түсініп, қабылдай бермейтін бір өнер бар. Ол өнер ет жегіштер жарысы. Ерегіске сойған тайын жеп кетіпті. Бәс тігісіп бір қойдың етін жалғыз өзі тауысып қойыпты дейтін аңыз-әңгімелердің ет жегіштікті өнер санаудан туғаны бесенеден белгілі.

Әрине, қазіргі қазақтар ондай жарыс өткізбейді. Бірақ бұл өнердің Сілтүстік Қазақстанда елуінші жылдарға дейін санаттан шықпағанын өз басым дәлелдеп бере аламын.

Бір мың тоғыз жүз елуінші жылдың январь айында туған ауылым «Лияға» барып бір ай жаттым. «Лия» — өңірлес Преснов пен Октябрь аудандарының шекаралығында орналасқан колхоз. Пресновқа да, Марьевқа да бірдей қашықтықта.

Бір күні үйімізге қонақ келіп түсті. — Тайжанов Садық. — Октябрь аудандық партия комитетінің ауыл шаруашылығы бөлімінің бастығы. Көрші аудандар социалистік жарысқа түскен екен. Соның нәтижесін тексеріп келе жатқан беті. Қасында Қуантаев дейтін колхоз председателі және атшысы бар. Менің елге келіп жатқанымды естіп сәлемдесе кетейік деп бұрылған.

Өгей шешем Бейіс жаңа сойылған соғымның жылы-жұмсағын қазанға салды. Бұл өңірде Садық ат жалын тартып мінген жақсы азаматтардың қатарынан саналады. Әрі менен мүшел жас үлкен. Соған қарамастан сәлемдесем деп келген ағаның осы бір білгірлігіне риза болған әкем де аса көңілді. — Садық ел кісісі. Барынды аяма, — деп шешеме қадағалап айтып жатты. Үйіме табақ дәм келді. Садық та, оның қасындағы Қуантаев та ет жегіштер санатына қосылмайды екен. Шамалап алып отырды да, шегініп кетті. Ал ана атшы болса, қайтар емес. Бір ет, бір майды қос қолдап асайды да, жағы сартылдап шайнайды-ай келіп. Жұрт енді соның ет жесін қызықтады. Немере ағам Нұрқан мен колхоз председателі Дүйсенбінің Әбдіраші етті екеулеп турады. Дөңгелек жозыдан басы ғана көрініп отырған қағалтай денелі, атаса бойлы, қалқан құлақ атшы жағы сартылдап шайнап отыр. Шайнап отыр... Бір кезде ағаш табақ толы ет таусылды. Атшы сонда ғана бетін сипады. Әкем қысылыңқырап қалған секілді. — Мана дәмінді мол жаса, — демеп пе едім деп Бейіске кейістік білдірді. Араға Әбдіраш түсіп жұбата сөйледі.

— Ертең мен шақырайын бұларды. Атшының әуселесін сонда көреміз.

Бірақ атшы ол үйден жағын сартылдатып отырып табағын тоңқарып қайтарды. Әуселе баспақ болған Әбдіраш та қайран. Бар болғаны басын шайқай береді: мен мұндай жалмауызды тұмысымда көрген емен.

Осыдан кейін келген қонақтармен арамызда ет жеу спортының егесі басталсын да кетсін. Әңгіме былай болды: Садық аттанарда Марьевкаға шақырды. Жәй сыпайылық жасап тұр дедім бе, әйтеуір бара алмайтынды айттым.

— Ендеше мына «Балуанға» жүресің. Ауыл арасы жақын, ертең қайтып оралатын боласың.

«Балуан» колхозы, «Лиядан» сегіз-ақ шақырым жерде. Ағайын, туыстық жағынан бізге жақын. Бірақ Садық қызмет істейтін Октябрь ауданына қарайды.

— Онда кімге бармақпын?— деймін ғой Садыкка.

— Ат басын қай үйге тірейтініңді бізге тапсыр. Күтеміз... Егер етжегіштерің болса, ала кел. Бірін... керек десеңіз... онын... Қиналып қалар деп қорықпа!..— Сөз осы.

Садықтың бұйтіп қыр көрсетіп, ірі сөйлеп тұрғанын кейін білдім: Пресновкаға қарай жүрерде қасындағы Қуантаев бар, өзі «Балуандағы» тағы бірер азамат қосылып бір жылқыны сойған екен де,— қайтарда Садық секілді ағаларымның барына мақтанып қоюыма болады: арнап келіп біздің үйге ат басын тірегені — сәлемдесіп қана кету емес, өз ауданының мен үшін ең бір ұрымтал жеріне апарып қонақасы беру.— Қанша жалмауызыңды алып келесің, ол өз шаруаң... бәрі бір, ақ майды ауыздарыңнан ағызып жібереміз...

Жөн-жобаны жақсы білетін көшпелі ағаның бұл пиғылын кейін білдім,— дедім ғой, сөйтсе де ана жерде атшысының тақымы батып кеткендіктен бе, еруліге қарулы деп қасыма кілең етжегіштерді ертпек болдым. Нұрқан ағам — көптің керегі жоқ. Кәкке хабар салсақ жетеді,— деді. Ел арасында Кәк атанып кеткен Кәкімжан көршілес «Талпын» атты колхоздың председателі. Ағайын ішінде айтқаныңды екі етпейтін сыйлас, азамат-туыс. Ал сонда Нұрқан құрығы неліктен көрші ауылдағы Кәкке түсті?— Кәкке түсетін себебі: сырт естуімше, Кәк осы орамдағы етжегіштердің сойқаны. Неліктен сырт естуімше?— Бұрын кездеспеді, табақтас болмады,— деп ойлайсыз ба? Жоқ, әсте олай емес. Кездескенде, табақтас болғанда қандай!.. Бірақ ет жеу өнері де

спорттың күрес секілді аруақ көтеретін түрі. Кез келген жерде кез келген табақты қотарып кету — ана Садық-тың атшысы сияқты жалмауыздардың ғана үрдесі. Қәк ондай топқа жатпайды. Не ішіп, не жесе де жұрт қатарлы. Сырт естуімше — деп отырғаным — Қәктің егеске түскен кезін көрмегендігім ғана.

Сөйтіп біз Қәкті ертіп төрт-бес кісі болып «Балуанға» барып колхоз председателі Балахметтің үйіне түстік. Қәк пен Балахмет әзілі жарасқан замандас адамдар.— Бірін бірі қағыта кездесті:

— «Лия», «Талпын» екі ел болып бетке ұстап шыққандарың — өмір бойы шыр бітпеген мына арықтарың ба? Қараса көз тойдырар жөні бүтін біреулеріңнің табылмағаны ғой тегі,— деді Балахмет Нұрқан мен Әбдірашиқа көз қысып.

— Шыр-пырынды қайтесің!.. Ой мен бойды айт. Қай көрмеге салсаң да жұрт көзіне сенен бұрынырақ түсетінімді өзің де мойындайсың.

— Даналардың бәрі аласалардан шыққан. Түйе бойына сеніп жылдап құр қалғаны тегін бе еді?!— деп Балахмет болмайды.

— Тап сендей аласадан түк те шықпайтынын сен дүниеге келгеннен бергі қырық бес жыл артығымен дәлелдеп берді. Бос сөзді қайтесің, дәмінді қымзаула. Асығыс шаруам бар, түнделетіп болса да жүріп кетпекпін. Атымды ағыттырма,— деді Қәк.

— Қонбайсың ба?

— Қонсам, не түйе сойып бермексің бе?

— Сойыстық мал табылады.

— Алда разы болсын. Қона жатуды жағдай көтермейді.

Келісім біреу: дәм ішкеннен кейін Қәк түнделетіп қайтып кетеді. Аты ағытылмайды.

Күндізгі біздің ауылда басталған егестің нәтижесі — қос қолдап екі жігіт екі басынан көтеріп әкеп алдымызға қойған астаудан көрінді. Бұл төңіректе халық көп жиналған ірі жиын-тойларда етті тайқазанға салып пісіретін де, осындай ағаш астауға салып епті жігіт көтеріп әкеліп алдына тартатын. Біз құдды сондай бір үлкен асырға жиналған секілдіміз. Арқасы барлардың арқасы күреске козатын, құсы барлардың құсы қызылға түсетін шақ дәп осындай... Еске түскен соң айта кету жөн: соғыста жоқ болған боздақтардың бірі менің Шақан деген немере ағам. Ауыл-үй арасында күресе қалса, екінің бірі домалатып кете берер аға. Ал ірі жиындарда

әлгі домалатқыштардың бірі де Шақанға қарсы келе алмайды. Шақан жауырыны жерге тимеген атақты балуан. Күреске дайындық кезінде өзіне сенген балуанның жалаңаш етіне шекпен жамылып межелі жерде қарсыласын күтіп отырар бір сәт бар. Сондай сәтте Шақан ағамды талай байқағанмын: ең алдымен жайшылықта біреудің бетіне қарап — сен — деп ажырая қарамайтын оның түсі өзгеріп, сұстанып кетеді. Шекпеннен шығарып отыратын оң қолының бұлшық еттері айрықша көтеріле қимылдап бұлтиып ойнап тұратын. Осындайда бұған қарай қарсыласы келе жатады. Орта бойлыдан сәл жоғары, талдырмаш денелі менің ағам шекпенді сілкіп тастайды да, әлде бір сәтті бағып, сүзіле айналып сәл жүреді. Шуылдаған жұрт іштен тынады. Ендігі бір қас қағымда Шақанның оң қолы қарсыласының жауырынына қалай барып қалғанын байқай алмай қаласын. Сол шақта сол қол мата белбеудің кіндік тұсына қадала кетеді. Кеудесін бері, бөксесін әрі салып сақ жүрген қарсылас Шақанның қойнына кіріп бара жатады. Кілең тарамыстан сомдалған секілді болып көрінетін оң аяқ ұзарып барып ана балуанның сол аяғына бұрандаша іліге кетеді.— Ия, аруақ!..— деп қалады Шақан сол сәтте. Көзінді жұмып қайта ашсаң, шалқалап түскен қарсыласының басынан аттап бара жатқан Шақанды көретіңсін...

Дәп қазір қос жігіт ағаш астауды қос қолдап алдымызға тартқанда осындай егесте ғана құсы түсетін Кәктің де өңі өзгеріп сала берді. Шақан қолының бұлшық еттері қалай қимылдаса, мұның да асқазан бұлшық еттері солай ойнап кеткен болса керек. Шарта жүгініп комдана бастады. Балахмет үй несі болса да басқарып жүрген Садықтың өзі. Ет турамақ болып бәкісін камдап кіре берген атшысын — бар сен ана бөлмеде отырарсың,— деп ауыз үйге қуды. Сол жақтағы ет те жетеді саған.

Сөйтіп төргі үйде төрт-бес қонақ пен Садықтың өзі ғана қалды. Төңкеріліп, туралып түсіп жатқан қазыкарта, жал-жая — бой-бой мүшелер. Туырылып жатыр. Біз қанша жейміз. Шамамызша алдық та отырып қалдық. Бар сенгеніміз Кәк болса, комданғанымен самарқау. Өзіміз секілді әлім-берім ғана. Жұрт ет жеп болды-ау деген кезде ауыз үйдің есігі ашылып, Балахметтің басы көрінді. Астау толы дәмді көріп қуанып кетті білсем.

— Ау, алсандаршы. Жендер. Ау, Кәк саған не бол-

ған? Әдейі асқан дәмді жемейсіңдер ме?! Ау, Нұрқан?.. Ау, Әбдіраш?.. Бұларың қалай? Алыңдар кәне...

Біз дәмнен тағы да алған болдық. Әлденіп бара жатқан Балахмет келуді көбейтті.

— Ау, алып жіберіңдер...

Кәк бір қозғалып алып сөйледі:

— Әй, Балахмет, сауысқанға ұқсап шықылықтап барасың ғой тіпті. Ту биені сойғаның рас екен, бірақ түгел асып беріп отырсың ба шықылықтай беретіндей.

— Әй, Кәк ең алдымен алдындағы дәмді тауысып алсаңшы. Айтарың болса, содан кейін айт. Мысық секілді көзіңді жұма беретінің қалай?!

— Ал ендеше бері кел де ұсақтап тура мына етті, мақтаншағым!

Балахмет еркін басып дастарқанға келді де, ірі туралған етті ұсақтай бастады. Астау толы ақ майды Кәктің тауыса алмайтынына көзі әбден жеткен адам секілді.

Кәк ыстық сорпа сұратып алдырды.

— Ау, жүрегінді алады ғой,— деп қалды манадан бергі егесті үнсіз бағып отырған Әбдіраш.

— Балахмет үшін жүректі алғаны дұрыс емес пе. Қалған етті ертең қуырып жейтін болады.

— Ертеңге де бірдеме табылар. Ең алдымен осыны тауысып алшы.

— Тауыссақ, тауысамыз,— деп Кәк арақ қосылған сорпаны тартып салды. Содан кейін ақ майды уыстап қылғыта бастады. Жалмауыз атшы жағын сартылдатып айызынды қандыра шайнап қылғытса, Кәк шайнамай қылғытады. Соны байқаған Балахмет — ал, же,— деген тықпалау тілден айрыла бастады. Осы егеске дәнекер болған Садық жымия күліп отыр. Ақыры астау түбінде бір асайтындай ғана ет қалды. Сол кезде Кәк Балахметке бұрылды.

— Ана жақта сарқыт дәмбететін келін-кепшік жоқ па еді?

— Жо... жок... ала бер.

— Ай, сен құрдастың түрін жаман. Сарқыт қайтарсам — ақ майды аузынан ағыздым. Мелдек атқыздым.— деп өсек жаярсың. Одан да аш құлақтан тыныш құлақ демекші, алып қояйың,— деп қалған етті де асап, астаудың екінші басын маған көтергізіп тұздығын да ұрттап қойды. Осыдан кейін шай келді. Ұзын дастарқанның әр жерінен шұңғыл тарелкаға салынып май қойылған.

Қант, бауырсақ төгілген. Көңілі төмендеп қалған Балахмет кегі кеткен Кәкке қайта тиісті:

— Мүмкін, мына сары майды да жеп қоярсың?..

— Жесек, несі бар?..— деп Кәк сығымдап-сығымдап шайға ерітіп отырып сары майды да жұтып қойғаны.— Ал ендеше...

Балахмет әйелі Биғайшаға бұрылды.

— Қарындағыңды әпкел бермен!

Кәк дауласа кетті:

— Ау, мырза болсаң, әлгіңде қайда қалдың? Мол етіп салмайтын ба едің?.. Бір тойда екі жар болмайды. Мүмкін, сен ауыл-үйдің майын жинаттырып әкелерсің. Оның бәрін қалай тауыспақпын?!

Балахметтің үні өшті. Кәк жүрмек болып далаға шықты да, үйге ренжіңкіреп қайта кірді. Ренжитіні — атын ағытып, қамыт-сайманын тығып тастаған.

— Мана келіскен секілді едік қой, Балахмет? Мұның қалай?

— Ертең шай ішкен соң аттанарсың. Көрші үй шақырып қойды.

Кәк ештеңе демеді. Боранды күндері салқындап кететін ағаш үйде менің сол жағымда ішігін айқара жамылып, оң жамбасынан жатқан қалпы ертесіне бір-ақ тұрды.

Осыдан отыз бес жыл бұрын қыс айында осындай оқиғаға куә болғаным бар менің.

Кәк кейін жетпіске қарай барып дүние салды.

ҚУАНТАЕВТЫҢ ӘҢГІМЕСІ.

Садық Тайжановқа еріп келген осы сапарында бұл күнде есімі есімнен шығып кеткен Қуантаев мынадай бір қызық әңгіме айтты:

— Бір күні аулымызға финагент келіп өткен жылдан ауысқан алым-салықтарды тексеріп, қарыз иелерін тықсыра бастады. Үш-төрт жылдан бері қарызын өтемей жүрген бір колхозшы снырын көшеге алып шығып әркімге сатып ал деп ұсынды. Жәппелдемеде кім бар сныр сатып ала қоятын. Ақыры әлгі жазғанды аяп, сұраған пұлын бердім де снырды мен сатып алдым. Сөйтіп салық қарызынан құтқардым. Колхозшы рахметін айтты. Арада ай шамасы болғанда Марьевкадан телефонограмма келді: «Шұғыл түрде аудандық партия комитетінің бірінші секретарының кабинетіне жетсін. Облыстық атқару комитетінің председатели Ташнев Жұмабек шақырып жатыр»!.— Ташневке неге керек болып

калдым екен деген түйткілмен аудан орталығына келдім. Кабинетке кіре бергенімде келісті келген толық денелі аксары кісі төрдегі үстел басынан көтеріле берді:

— Колхоз председателі Қуантаев сенбісің?

— Ия, мен едім...

— Сен болсаң, қазір аулыңа қайтып бар да, ана колхозшының жалғыз сиырын өзіне қайтарып бер!

— Қайтарғанда... Жұма-еке, ол былай болып еді...

— Бар, бар... Қайтарып бер де қайтып кел. Қалай болғанын сонда түсіндіресін.

Амал жоқ, ауылға келдім де, қысылып тұрған жерінен құтқарып алған шағымқойдың сиырын өзіне қайтарып, жазған құлда шаршау бар ма, Марьевкаға бесін кезінде тағы келгенім.

— Колхозшының сиырын өзіне қайтардым...

— Міне, мұның дұрыс болды.

— Дұрыс болғанда әңгіме былай еді...

Ташенев ұшып тұрды да қолын сілтеп мені тоқтатып тастады:

— Әңгімең маған айтпасаң да түсінікті. Бар енді жұмысыңды істе!.. Бұдан былай қарамағындағы колхозшыларыңды жәбірлемейтін бол. Жәбірлейді екенсің, жақсылық күтпе бізден!..

Сөйтіп мен бірауыз түсіндірме бере алмай колхозға оралдым. Өкініші — заяға кеткен жақсы ниетімді Ташеневтің тындамағаны. Оның үстіне ана арызқой колхозшының қарыз салығын айналып келгенде менің төлегенім, — деп Қуантаев әңгімесін жымия күліп аяқтады.

Соған қарағанда, қанша өкінсе де кейінірек біраз жыл республика басшысы болған Ташенев Жұмабектің оқыс та күрт шешіміне Қуантаев сөзінен ризалық байқала ма деп шамалаймын.

ТЫШҚАН МЕН МЫСЫҚ

Сіз Тышқанның Аманын білесіз бе?— Білмесеніз айттайын: Аман — Құлан қыстағынан алпыс шақырым жердегі Макпал тауының баурынан орын тепкен Жамбыл колхозының веттехнигі. Бұл өзі кен жауырынды, қапсағай денелі, қою бұйра шашты, сирек тісті кескінді келген қара торы жігіт ағасы. Өзі сөйлеп, өз сөзіне өзі мәз болатын Аман алғашында жәй лақылдақ болып көрініп еді, түсінігіміз қате екен. Біраз сұқбаттан кейін таныса келе Аманның барынша сауыққой, көңілге зіл сактамайтын анқылдақ, өзімнен көрі өзгеге болса екен

дейтін акниет екеніне көзіміз жетті. Әдемі қоныр даусы бар. Домбырасын шерте отырып ән салғанда, сіз оған еріксіз елтисіз. Дүние сырын тереңірек түсінгендей боласыз. Кең даланың самал желі желпігендей, асқар таудың қарлы шыңы қол бұлғап шақырғандай әсер аласыз. Па, шіркін, қазағымның әндері-ай, десенші!... Айтушы табылса, тыңдаушысын елжіретпей қоймайды-ау!

Аман әншілігімен қабат әңгімешіл, сөзуар да болып шықты. Кейде мысқылдай сөйлегенде зілі жоқ әжуаға тапқыр-ақ. Бірде ол қонаққа шақырған бір іні үйіне уақытымен барса, басқа жұрт жинала қоймаған екен. Қарсы алған келіні — хош келдіңіз, жоғары шығыңыз, — деудің орнына:

— Амансыз ба? — деп сәлемдесіпті.

Аман-есендікті өз атына мезгеген қуақы Аман:

— Тап өзімін — деп жауап берген.

Әрине, ибалы келін аңғырт сөйлегенін байқап ұялып қалған ғой.

Тағы бірде ауданнан келген менмендеу уәкілмен мал жайылымына шығыпты. Бір фермаға барса, жұмыс басты болып жатқан малшылар уәкілді шылбырынан ұстап аттан түсіріп ала алмай қалыпты. Соған қыңырайған уәкіл қасына еріп келген жігітке үстемдік жүргізе алатынын танытпақ есеппен:

— Атымды ұстай тұр, — депті Аманға.

Уәкіл кіділігін байқаған Аман жайбарақат тұрып:

— Атыңыз тістемей ме? — деп сұрапты.

— Ондайы жоқ.

— Тулайтын шығар?

— Жоқ, мөңкіп те көрген жануар емес.

— Кісіден қашып көрмеп пе еді?

— Неге қашсын...

— Ендеше осыншалықты жуас атты ұстап тұрудың не қажеті бар? Тізгінінен шарбаққа іле сал да жұмысына кірісе бер, — депті Аман.

Жиын-той, мереке болса, қуаныш күлкі әкелетін, өлім-жітім болса, қам көңілге жұбаныш ұрығын егетін осы Аман секілді өнерпаз, көпшіл жігіттер керек-ақ.

— Әкесінің аты Тышқан демесен, бәтшағардың басқа міні жоқ та ғой, — деп осы ауылдың көшелі қариясы Есбергеннің кеңкілдеп күлгені бар. Бұл күнде жасы сексеннен асқан Есберген ақсақал осы Жамбыл колхозын өз қолымен құрған белсенділердің бірі. Отызыншы жылдары болған бір оқиғаны есіне алды. Есберген кілтші. Ал Аманның әкесі Тышқан қойма қарауылшысы.

Аталас ағасы Рахман деген кісі күзетшіге келіп бір-екі уыс бидай сұрамай ма. Тышқан, әрине, бере алмайды. Сонда сөз тапқыш Рахман:

— Атыңды Тышқан қойған ата-анаң неткен көреген жандар. Тіпті жемесең де қоймадағы бидайды емін-еркін аралап жүресің. Бірақ шүкіршілік ет. Әке-шешем менің атымды азан шақырып Мысық деп қойса күнің не болар еді,— деп әзілдепті.

Жарасымы мол қандай әңгімелері!..

АРАЛДАҒЫ ЖЕҢЕШЕ

Қазақ музыка өнерінің жосатты тұлғасы Нұрғиса Тілендиевтің «Аралдағы жеңеше»— атты әнін кім білмейді?! Кім айтпайды! Тіпті ән десе ніс алмайтындардың өздері де оңашада:

Аққуындай Аралдың,

Қандай нұрдан жаралдың?

Жадыраған жаның гүлдей, жеңеше.

Мінезінді сағындым ғой. Аралдағы жеңеше-ай!— деп өз бетінше ыңылдап жатпай ма әлде бір көңіл күйінің әуенімен. Шіркін, естір құлаққа бас шұлғыттырып қойған Аралдағы жеңеше-ай десеңші!...— Бір көрсем-ау,— деп армандамайтын жан табыла қояр ма екен сірә да? Ал мен болсам...— ішіңіз күйсе тұз жаланыз,— Аралдағы осы жеңешенізді көрдім. Көрмек түгіл қол беріп амандастым да. Бір мың тоғыз жүз алпыс тоғызыншы жылы Нұрғисаның үйінде отырғанбыз. Телефон шылдырлады. Бір емес, қайта-қайта шылдырлады. Ақыры телефонды қайта-қайта шылдыратып тұрғаны кім екенін Нұрғисаның айтуына тура келген болса керек:

— Аралдағы әлгі жеңешеміз ғой. Күйеуі істі болған ба, соның шаруасымен жүрген секілді. Вокзалда тұрмыш, келіп кет дейді,— деді ықылассыз ғана.

— Шақырып тұрған кісінің Аралдағы жеңешен екені рас болса, неге бармайсың? Барып, тым болмаса амандасып кел.

— Онда бірге барайықшы,— деп қиылды Нұрғиса.

Біз сөйтіп вокзалға келдік. Нұрғисаның Аралдағы жеңешесі күтіп жүр екен, алдымыздан шықты: Бет бітімі кесек, шығыңқы қарын, жауырынды да мықынсыз, толықша келген орта бойлы қоныр келіншек. Қол алысып танысқаннан кейін біз жүре сөйлестік.

— Нұрғисаның Аралдағы жеңешесі мен едім,— деді

ол маған қарап.— Бірақ көп жұрт соған сене бермейді...— Содан кейін Нұрғисаға бұрылды.— Мен екенім рас қой, Нұр-еке?

— Рас, рас.

— Рас болса, онда...

Нұрғисаның Аралдағы жеңешесінің көңілімдегіні таппағаннан кейін сөз аяғын күтпей-ақ кейіндеп қалдым да, бұрылып кеттім....

Жоқ, алай-былай,— деп Аралдағы жеңешенізді жазырудан мүлде аулақпын. Балуан-Шолақты табындырған Ғалия, Ақан-серіні ғашық еткен Ақтоқты, Мұхиттың емешесін үздіріп, ынтызар еткен Айнамкөздер, мүмкін, Аралдағы осы бір жеңешеміздей-ақ шығар?.. Кім біліпті оны!.. Еңлік пен Баян, Қыз-Жібек пен Ақжүністер ше?.. Дүниеден жанып өткен Қасым Аманжоловты алыңызшы:

Өкімде ме еді,
Түсімде ме еді?..
Көріп ем ғой бір армандай қызды.
Бір нәзік сәуле
Күлімдеп еді,
Сұрапыл соғыс соқты да бұзды.
Сапырды дауыл,
Тебіренді теңіз.
Тұлады толқын,
Шайқалды шың-күз....
Қып-қызыл өрттің ішінде жүрміз.
Қайда екен, қайда, дарига, сол қыз?

Қып-қызыл өрттің ішінде жүріп іздеген армандай қыз кім? Айналып келгенде, ұлылық пен сұлулық үлгісі өз көңілімізде. Армандай пәк сәулеге айналған сол үлгіні үлбіретіп әкеліп жаныңыздың нәзік пернесіне қондырған өнер құдіретіне басымызды нейікші!..

ҚАЙДА АСЫҚТЫҢ, ЖІГІТІМ?..

Бір мың тоғыз жүз жетпіс тоғызыншы жылы июль айында Қалихан Ысқақов, Әкім Тарази — үшеуіміз Алматы іргесіндегі Қара Қастек арқылы асатын Суықтөбе жайлауынан оралдық. Мезгіл — түн. Ел болса, жатып қалған. Үшеуіміз де екі түрлі сезім құшағында келеміз. Бірінші сезім: дүниенің апшысын қуырып тұрған мына сарша тамыз шілденің өзінде де мал мен жанға сондай жәйлі қоңыржай жайлау әсері. Екі күн

үйінде болған жылқышы Әбдісаматтың бізге көрсеткен ықыласы.

— Екі-үш күн деген не, Суықтөбе жайлауының қызығын арнайы келіп апталап жатып көру керек қой. Еңбек адамдары туралы сонда ғана жөні бүтін бірдеме жаза аласың,— деп артымызда қалған жұмақ тірлікке ойша үңіліп, алаңдаймыз.

Екінші сезім: машинамыздың бензині жоқтың қасы. Қаскелеңнің Алматыға шыға берісіндегі бензеколонкаға жете алсақ жарар еді,— деп қыпылдаймыз.

Осы сезімдерге тағы бір сезімнің келіп қосылғаны...

Газды сақтықпен басып, май үнемдеген болып Қаскелеңге келіп кірдік. Көше бұрылысында қызыл мотоциклді бір жігіт пен қыз құшақтасып тұр. Жақындай бергенімізде жігіт қолын көтерді. Ұзын бойлы көк көз әдемі бозбала.

— Шылым тартайын деп едім, оттығыңыз болар ма екен?— деді ол қасымызға келіп. Талдырмаш денелі жирен шаш қыз бізден ұялғаны ма әлде машина жарығынан қысылды ма, әйтеуір, теріс айналды.

Мен оттық ұсындым. Қасымдағы жолдастардың бірі:

— Қызың ұялшақ па, деймін. Ұялшақтық тәрбиеліктің белгісі.— деді жігіт түсінің игі екенін байқап.

— Қалыңдығым ғой. Келер жұмада той жасап қосылмақпыз. Мына үйде ата-анасы тұрады. Той жабдығына байланысты демалысын алып келіп жатыр. Өзім Алма-тыда заводта істеймін.

— О, онда өмірдегі жұбайлық сапарларыңыз оң болсын.

— Рақмет, ағалар.

Біз жүріп кеттік. Әлгіндей болмай қызыл мотоциклді жігіт артымыздан ызғытып келіп басып озды да, қолын бұлғап ұзап сала берді. Жүрісі сондай суыт.

— Жанағы сыпайылығы мен мына қимылы қабыспайды екен,— дедім мен машина жөйін білетін болғандықтан.

— Алда тойы тұрғандықтан, асығып бара жатқан шығар,— деді Қалихан дағдылы білгіштігіне, болжағыштығына бағып.

Әкім болса, дағдылы сабырлылығына салды ғой деймін, үнсіз отыра берді.

Біз сөйтіп аман-есен бензеколонкаға да жеттік. Керек майымызды құйдырып көңіліміз орнына түскен соң, үлкен жолға шықтық. Жүріп келеміз. Кенет алдымыздан алысқа кетер фары жағулы бір үлкен жүк машина-

сы көрінгені. Машинаны баяулатып, сақтықпен оң қапталды ала ақырын жүре бастадым. Алысқа кетер жарықпен жақынға түсер жарықты алма-кезек ауыстырып белгі берем. Бірақ жүк машинасы міз бақпайды. Жақындап келсек, жүк машинасы жол шетінде тұр. Манағы қызыл мотоцикль арғы бетке ұшып түскен. Жігіттің бір башмағы жоқ та, екінші башмағы жол үстінде жатыр. Жосылған қан... Төңіректе адам жоқ. Көп кешікпей қала шетіндегі ГАИ постына келіп көргенімізді баяндасақ, ондағылар білетін болып шықты. Ес-түссіз қалған жігіт жүргінші машинасымен ауруханаға аттандырылған...

Бақытың мен махаббатың да, болашақ тірлігіңнің қуанышы мен қызығы да артында — Қаскелеңде емес пе еді? Қайда астықтың, бишара бала?-

ЖАҚСЫ КЕЛІН

Солтүстік Қазақстанның шалғайында жатқан осы бір «Талпын» атты шағын ауылға келе қалсам, мына бір аласа үйге кірмей кете алмаймын. Онда қарт ана бар, қадірлі ана — Меруерт. Меруерт десе меруерттей. Сәл еңкіштеу келген аласа бойлы, етжеңді адам. Менің есімде қалғаны — қияпатты ақ жүзіндегі үлкен меңі, көк күмбездей алыстан көз тартатын көкке салған кіршіксіз таза жаулығы мен шаршысы. Бара қалсаң айналып-толғанатын, «жұрағат қой» деп маңдайымнан ніскейтін, барын алдыма әкеп қоятын.

Әрине, одан бері талай заман өтті. Көкке малған шаршы да тозды қияпатты ақ өңге әжім ұялады, ақша жүздің нұры тайды.

Меруерт ана өмір қыспағын көп көрген. Мен ес білген кезімнен бері оның жесір екенін білемін. Зүбәйра деген жалғыз қызы бар еді. Елбесіп-селбесіп күн көрді. Кейін келе Зүбәйра тұрмысқа шықты да, шешесін қолына алды. Қарт ана немерелі болды. Бірақ енді-енді қолым жылы суга тиді ме дегенде, Зүбәйра бір кеселге душар болды. Көзінің нұры тайды оның. Су қаранғы болып үйде отырып қалды. «Күшік күйеу» атанғанын намыс көрді ме, әлде Зүбәйраның мына ғарыптығы себеп болды ма, әйтеуір Зүбәйраның жолдасы тастап кетіп отырды. Бірақ нәресте күнінен нағашы әжені бауыр басқан кішкене Тарғын ермей қалды.

Содан бері де көп жылдар өтті. Зүбәйра болса дү-

ние салды. Тарғын болса ер жетті. Үйленді. Балалы-шағалы болды. Колхозда адал еңбек істеді, ескі аласа үйді құлатып, еңсесі биік үй салды. Жаңа жерден қоныс-мекен тепті. Бәрі де табиғаттың заңы.

Ал Меруерт ана қайда? Ол да осы үйде, жиен келінінің қолында. Жиеншарын сүйіп отыр.

Мен, міне, кіріп келемін. Жүрегім лүпілдейді. Сексенге келген қарт ана қазір ұшып тұра келеді, оң қолын менің мойныма салады да, ұзын бойымды доғаша иіп, бетімнен сүйеді...

Жұпыны да таза жиналған ауыз бөлме. Сұңғақ бойлы, томпақ бет келген бір жас келіншек бізді сыпайылықпен қарсы алды. Тарғынның жолдасы осы болар деп ойлаймын. Төргі үйге беттеймін. Сол қолда темір кіреует. Сол кіреует үстінде келбетті өңіндегі қара мені бірден көз тартады. Меруерт ана кісі келді деп селт ете қоймады бірақ. Ақылға біткен кішкене қара көзін терезеге қадаған қалпы, отыра берді.

— Апа, амансыз ба?

— Бұл қайсысың?— деді Меруерт ана терезеден көзін алмастан.

— Танымай қалдыңыз ба, апа, мен ғой. Жұрағатын...— сөзімді айтып жеткізе алмадым, қарт ананың иегі кемсендеді. Бірақ көзіне жас келмеді, өңін де бері бұрған жоқ. Кірпігін қақпайды. Бұл не ғаламат? Жақындай беріп көз салсам, жаудырап тұрған мөлдір көзде нұр жоқ екен. Меруерт ана да Зүбәйрамен тағдырлас, су қараңғы болыпты. Аяқ-қолда жан жоқ. Тек бар тірлік қу домалақ кеудеде ғана қалған. Ішкі сарайы сау, ас ішеді, ақыл ойы да бүтін, жаңылмай сөйлейді. Бірақ бар сабыты кісіде.

— Меруерт шешенің бар жәйі осы,— деді ол.

Менің ойыма сол кезде жаңа ғана бізді ауыз үйде қарсы алған жас адам түсті. Сөзді неден бастарымды білмедім де:

— Келмегеніме көп заман болды ғой, мен жоқ кезде келін түсіріпсіз, жиеншарлы болыпсыз, құтты болсын,— дедім.

— Е, айтсын! Менің өстіп мәз болып отырғаным сол келін қарағымның арқасы ғой. Осындай шағымда бағыма қарай мыңдай бір мерейлі пендені тап қылды. Бақытсыз емес екенмін деймін.

Ана сөзінде жан бар секілді. Үсті-басы тап-таза, төсегінде бір кіршік жоқ. Біреу аузына тамақ салып, біреу отырғызып, тұрғызатын ғарып апаның айналасы-

нан ұқыпты да жан ашыр қолдың айқын ізі білінеді.

Әлгідей болмай шай келді. Ақжарқын келін дастарқанды кереуетке таянқырап жасады да, ішім-жемін алып, ананың аузына салып отырды. Кісі келді деп көрсеткен сыпайылығы емес, қанына сіңген, дағдысына айналған қылығы сияқты. Ақжарқынның бұл мінезі мені қайран қалдырды.

Шайдан кейін ол.

— Іздеп жатқан болар, жұмысқа барып қайтайын,— деп колхоз коймасына кетті.

Меруерт ана келінінің көзінше ғана сараң сөйлеп отыр екен.

— Шырағым, тұрған бір алтын,— деп әңгіме бастады.— Колхоз жұмысынан бір сәт қалмайды, одан қала берсе екі-үш қарғасы бар. Үй ішінің жабдығы да бір өзінің мойнында. Соның бәрі аз дегендей мен болсам мынау бар сабытымды салып отырған. Бір қабақ шытпайды-ау сонда да. Аяймын. Масыл болмай тезірек өлсем деймін. Төсегімнен көтеріп алып далаға шығарғанда, одан көтеріп алып үйге енгенде бар тілейтінім сол. Осы баланың қолында кетсем арманым бар демес едім.

Мен Меруерт анамен бақұлдасып аттандым.

Содан бері екі жыл өтті. Бірақ күні-түні көз алдымнан ғарып ана, сол ананың қасы мен қабағына карап, айтқанын екі еткізбейтін Ақжарқын кетпейді. Мен ауылға хат жазған сайын сол таза, мүскін пенделердің хал-жайларын сұраймын.

Міне, менің алдымда бас-аяғы қысқа, дағдылы амандықты сұрап, дағдылы амандық хабарын білдірген шағын хат жатыр. Соның аяғында Меруерт ананың дүние салғаны айтылыпты. Ақжарқын баяғы мінезінен айнымаған. Өз қолымен таза арулап, соңғы сапарға аттандырып салған. Зират басына болмай ере барыпты, өз қолынан ана қабіріне топырақ салып, жылаған. Көңіл айтқан, жұбатқандарға:

— Үйіміздің нұры, балалардың ұйтқысы еді ғой, әжетайым. Құлазып қалдық қой,— депті Ақжарқын.

Жан тебіренерлік сөз.

Мен өткен күнге көз жүгіртсем, сол қарт ананың өзі де алтын адам болғанын пайымдаймын. Мынау жаман болсын демеуші еді. Бір пендеге көлденең келіп көрді ме екен сірәда. Ай, келмеген шығар-ақ. Мүмкін, мына қартайған шағында Ақжарқын секілді алтын келінді кез қылғаны да сол мінезінен шығар...

КӨҢІЛ МЕН НАРЫҚ

Мен өз өмірімде «қазақ мәдениетінің өркендеуіне себімді тигізе алдым-ау» — дейтін болсам, онда екі жайды атамақпын. Біріншісі — әуелгі негізін Бейімбет пен Ілияс қалаған, бірақ соғыс басталған жылы жабылып қалып, кейін қайта түлеп жарық көрген «Қазақ әдебиеті» газетінің алғашқы санын шығарысқаным. 1955 жылдың январында шыққан сол бірінші сандағы программалық бас мақаланың авторы болғаным.

Екінші мақтанышым да баспасөз орынымен байланысты. 1958 жылы июнь айында «Мәдениет және тұрмыс» журналының алғашқы саны жарық көрді. Сол санда да менің еңбегім бар. Мен бұл журналда 1958 жылдан Қазақстан Жазушылар одағының баскарма секретарлығына сайланған 1961 жылға дейін бөлім бастығы болып істедім. Осы бір үш жылдың ішінде журнал редакциясына қаншама хат келіп түспеді. Сол хаттардың қаншамасына мен жауап қайтармадым. Қаншамасы мені жолға шақырмады. Жолға шақырған көп хаттардың бірі міне былай басталып еді:

— Жел тасты бұзады, сөз басты бұзады деген бар емес пе, үй ішіне реніш кірді де, кішкене басым шарадай болды. Былай бұрсам, арба сынады, былай бұрсам, өгіз өледінің кері. Мен туған анамды да қия алмаймын, жастай қосылған қосағымды да, үш бірдей бүлдіршін баламды да қия алмаймын. Әйелімді көндірсем, анам илікпейді. Сонымен қатар жұбайым Бекеннің де мінезі онып тұрған жоқ. Ол қазіргі жастарға ұқсап ұсақ сөзге құлақ қоймауы керек еді, үлкенді сыйлап, анамды ардақтауы керек еді. Бірақ Бекен олай етпеді. үй ішіндегі кезекті бір жанжалда анама тілі тиді. Бұрын да сыныққа сылтау таба алмай отырған анам тіпті өршіп кетті. Бекен де тартынған жоқ. Әлқал не керек, бұл үйде бүйтіп тұруға еш мүмкіндік қалмады. Ажырасуға тура келді. Келіншегімді, үш баламды әкесінің үйіне шығарып салдық. Арада бір ай уақыт өтті, анама келіні келіп, үш немересін алдына беріп кешірім сұрады. Кінәлімін, ақмақ басым ашумен не айтқанымды білмеймін. Кешіре көріңіз деді. Оған анам илікпеді.

Қымбатты редакция! Міне біздің үй іші осылай азып кетті. Бұл халімді хатқа тізіп сіздерге жолдап отырғаныма сондай қатты ұяламын. Бірақ амалым қайсы. Енді қайттым? Ақыл-кеңес беріңіздер, — деп жа-

зыпты Талдықорған облысындағы Мұқыр селосының тұрғыны Мұхамед-Садық.

Мұхамед-Садық редакцияға хат жазады екен, ақыл сұрайды екен. Онда тұрған қиындық не? Кеңесті беру керек, ақылды айту керек. Семьяда не болмайды. Үй-ішінің «әрі отыр, бері отырынан» трагедия туғыза берсек не сткеніміз. Мұхамед-Садық тұрған ауылға барамыз. Ақыл-кеңесімізді айтамыз. Бас сынса бөрік ішінде, қол сынса жең ішінде дегендей, келін мен енені татуластырамыз. Содан кейін сол татулықтың тарихын журналымызға жазамыз. Татуласқандарды мадақтаймыз. Ал басқа бір жерлерде басқа бір үй іштерінде дәп осындай әбестіктер болса, «сендер де мына Мұхамед-Садық семьясынан үлгі алындар, татуласатын болындар. Дүниеде тату тұрудан артық рахат жоқ»,— деп жар саламыз.— Редакциядағы келісім осы.

Байқайсыз ба, сапар мақсаты айқын. Тілегіміз игі. Құдды Қожанасыр жарықтықтың ісі. Қожекең келе жатып бір таға тауып алыпты да қуанып кеткен ғой:

— Оһо, бір таға табылды! Ендігі қалғаны — бар болғаны үш таға мен ат қана,— деп айқайлаған Қожа-екен.

Біз де сол. Бар әңгіме — Мұқырға жету ғана. Келін, бала, еселермен кездесу, әңгімелесу ғана. Мұқырға жетіп, кездесетін адамдармен кездесіп әңгімелессек болды. Араздасқандарды татуластыру шаруа болып па, тәйірі.

Мұқыр ауылы Алматыдан Семейге баратын үлкен тас жолдың үстінде, Талдықорған қаласының іргесіндегі әдемі жерге орналасқан қыстақ екен. Шынымды айтсам, редакциядан аттанғанда бәрі оңай көрінгенімен, барар жерге жақындаған сайын мазам кете бастады: Ал, Мұхамед-Садық басқа бір жакқа жол шегіп кетті. Сонда қайттім? Мүмкін, ене мен келін Мұхамед-Садық айтқандай араз да емес шығар? Ал тіпті араз болса, қайта татуласа салуы ғажап емес қой. Біреуіне бала, біреуіне немере болып келетін екі-үш қарғаларды кнып қайда кетпекші олар? Әйтеуір, басында копақардай болып көрінген осы бір семья кикілжіні мен ауылға жақындаған сайын әуелгі біз қабылдаған мән-мағынасынан айырылып, жүдеу тартып сала берген секілденеді. Содан ба, сол ауылға тезірек жетсем екен, хат несін тезірек көрсем, жағдайларымен тезірек таныссам екен деймін.

Мұхамед-Садықтың үйі колхоз кеңсесінің дәп іргесін-

де скен, есікті он үш-он төрт жастағы бір қыз бала ашты.

Тым шағын, тым жұпыны екі бөлме. Мұхамед-Садық редакцияға жазған хатында:

— Колхозға аянбай еңбек еттім, дәулетті тұрамын демеп пе еді, мұнысы қалай?— болды алғашқы ой. Бір карт әйел бізді бейілдене қарсы алды:

— Жаксы келдіңдер, шырақтарым, былай шығындар,— деп жатыр.

Сұрастыра келсек, Мұхамед-Садықтың шешесі Жылқыбала осы кісі болып шықты. Мен таңырқап қалдым. Мұхамед-Садық жазған хаттың әсері болды ма, бұл кісіні бет бақтырмайтын адуын адам шығар деп жорыған едім. Ал қарсы алдымда өмірдің бары мен жоғын да, ашысы мен тұшысын да көп көрген құс алақан еңбек адамы тұр.

— Мұхамед-Садық қайда?— болды алғашқы сұрақ.

Қарт әйелдің әжімді жүзіне кірбең жүгірді.

— Кетті ғой бізден, шырағым,— деп күрсінді Жылқыбала. Бір жарым жасында әкесінен жетім қалып еді. Байлықпен мал сатып асырағаным жоқ, қолыма кетпесін алдым, етегім елпі, жеңім желпі жүріп асырап едім. Міне, енді есейді, үш баланың әкесі атанды. Өз қолы өз аузына жетті. Біржола кетті бізден.

Мұхамед-Садық анасынан рұқсат та сұрамапты, өзімдікі деген мал-мүлік, дүн-дүниені алыпты да әйеліне кетіп отырыпты.

Шынымды айтсам, мен абдырап қалдым. Жол бойғы ойша соққан сарайларымның бәрі— негізі жоқ бос қиялымның жемісі екенін енді түсінгендеймін!

Жылқыбала отыз жасында жесір қалыпты. Мұхамед-Садық онда бір жарым жаста скен. Ол бір таршылық жылдары ғой. Жесір әйелдің тарыққан да, шалдыққан да күндері көп болыпты. Бірақ өтірік айтпаған, ұрлық істемеген, әйтеуір, жалаң аяқ сыз кешіп дегендей, оның өз сөзімен айтқанда етегі елпі, жеңі желпі жүріп жалғызын асырапты. Менің де құлыным ер жетер, мен де жұрт қатарына қосылармын,— деген үміттің сықсыма шырағын медет тұтып жас ғұмырын өткізіпті.

Мен жолда келе жатып қандай аңқау қиялға берілсем, Жылқыбала да жиырма жыл бойы сондай аңқау да негізсіз қиялмен өмір сүріпті.

Мен енді Мұхамед-Садықтың өзімен, оның әйелі— Бекенмен кездескім келді. Шамам келсе, осы сапардың негізгі мақсаты— татуластырып кетпекпін. Ол үшін көп

адамдармен жолығыстым. Солардың пікірін тындадым. Бір қызығы — келінінің Мұхамед-Садық хатында айтылғандай кешірім сұрай келгені рас екен. Бірақ Жылқыбала иілмепті. Соның себебін білгім келді енді.

— Келінінің алдыңызға келіп кешірім сұрапты ғой, неге илікпедіңіз?— деп сауал қойдым Жылқыбалаға.

— Шын келсе кешірмейтін бе едім, шырағым. Кіпәлімін деп келген жоқ, тілі ұзын, сүйрендей келді. Өз үйімде отырсам опак, тұрсам сопақ болып едім, сол таз көбімді қайта кигім келмеді,— деп жауап берді.

Бұл жауап маған араздықтың шын өзі емес, ебенке себебі ғана секілді болып көрінді. Келін мен ене арасында әкетіп бара жатқан ештеңе де жоқ сияқты.

Мұхамед-Садық осы Мұқыр қыстағынан сегіз-ақ шақырым жерде су шаруашылығының бір учаскесінде мұрап болып қызмет істейді екен. Шешесін ала жүрдім.

Мұхамед-Садық хат жазғанымен, редакциядан тап кісі келе қояр деп ойламаған болса керек-ті, біздің жөн-жайымызды біліп абдырап қалды. Ал Бекен дегеніңіз таңқы мұрын, қара сұр келіншек екен, сөзді бәледен бастады:

— Міне, отыр ғой баласы сопып, керек болса алып жүре берсін.

— Енеңіздің не айып-кінәсі бар? Не жетпейді сіздерге? Бірге неге тұрмайсыз?— деп сұрап едім:

— Тазалығы, мәдениеті жоқ, міне көрмейсің бе был-шылдатып жерге түкіріп отырғанын,— деп жауап қайтарды Бекен.

Менің қасымда отырған осы ауылдың мұғалімі шыдамады білем:

— Сол да сөз болып па?!— деп қалды. Бекен өрлеп сала берді:

— Менде не шаруаларың бар? Мына құ кемпірге керегі мына отырған өлі балық болса, алындар да кете беріндер деп отырмын ғой.

— Сол сол-ақ екен. Қара сұр келіншекті ешқайсымыз тоқтата алмадық. Басын төмен салған қалпы, үн-түнсіз Мұхамед-Садық отыр. Татуластырамыз ба деген ой далада қалды. Токал ешкі мүйіз сұраймын деп құлағынан айрылдының кері келіп, бұл үйден «аллалап» зорға дегенде шықтық. Ұртына су толтырған адамша тіл қатпастан Мұхамед-Садық қалды. Әлденені үміт етті ме кім білсін, бара жатқанда Жылқыбала шешей көңілді отырып еді, енді тым шөгіп, төмсірайып үндемей қалыпты. Оған тіл қатар, көңілін аулар менде де

дәрмен жоқ. Анқаулықпен дүниенің бәрін дос тұтып лапылдап барып сондай жасып, қам көңіл болып келемін.

Бұл күнде сол көңілсіз оқиғаны ойласам, арамыздан тым ерте, тым жас кетіп қалған талантты ақын Төлеген Айбергеновтың мына бір елең жолдары есіме оралады:

Оралам үйге кейде мен
Ойнақшып сылқым ойда өлең.
Қайтамын үйге кейде мен
Еңсемді басқан ойменен.

Қиялдың маздап ой-қыры,
Келемін кейде таскерен.
Қайралып кетіп кей күні
Шабылып қайтам тасқа мен...

Ия, мен де, ақын айтқандай, сол жолы Алматыдан қайралып аттанып, тасқа шабылып қайтқан едім.

Мейлі, керек десең тіпті ана мен бала арасы болсын, әйтеуір, адам қарым-қатынасы дегенің бөрікпен соғып алам деуге келмейтін құр ақылгөйсуді көтермейтін шешуі қиын жұмбақтардың бірі екеніне сол сапарда көзім жетіп оралғанымды мойындамасыма шамам жоқ,

ӘПЕНДІЛЕР

Адам дегенің әрқилы: Арамы мен адалы, ақымағы мен ақылдысы, жаманы мен жақсысы, даңғойы мен данасы, тағысын тағылары... Ал осы топтағылардың біріне де жатпайтындары ше?— Бір қызығы, ондай адамдар да болады екен. Олардың ныспы — әпенділер. Әпенділер тобындағылардан жақсылық күтпейсің. Жаманшылық күтіп қорқудың да қажеті жоқ. Жо... жоқ, бұл топтағылардың қолынан жақсылық та, жаманшылық та келеді. Бірақ жақсылықты жақсылық жасайын деп істемейді. Жаманшылығы да қастандықтан емес. Болмыс-болығы да солай. Рас, әпенді жақсылығынан мерейің үстем болып кетпейді. Бірақ білмей жасаған жаманшылығынан өліп те қалуың мүмкін. Дегенмен де бұларда басқа топтағыларда мүлде кездеспейтін бір артық қасиет бар. Ол қасиеттің аты — күлкі. Күлкі адам ғұмырын ұзартады деген жорамал рас болса, әпенділермен кездескенде бір жасап қалатының айтпаса да түсінікті. Сөйтіп, ендігі әңгіме әпенділер туралы болмақ.

АЙТПАЙДЫҢ ШАЯХМЕТИ

Аудандық комсомол комитетінің секретары болып сайланғаныма біршама уақыт өткен, іске төселіп жаттыға бастаған кезім. Аудандық партия комитетінің бюро мәжілісінде Тегісшіл колхозына баратыным белгілі болды. Міндетім — газет тілімен айтқанда, көктемгі егіске дайындықты қадағалау ғана емес, осы науқанды ойдағыдай атқарып, абыроймен аудан орталығына оралу.

— Мен комсомол комитетінің топырыш торысын жа-

дағай шанаға жектім де, дайындалып екі айлық сапарға шықтым.

Тегісшіл колхозының үш ерекшелігі бар: бірінші ерекшелігі — жан басының аздығы. Колхоз не бары он бес-ақ үйден тұрады. Екінші ерекшелігі — сол орамдағылардың ұғымы бойынша, жылқы тұяғының көптігі. Орталық жылқысы әр үйге шаққанда жиырма-жиырма бестен айналады. Сол себепті бұл ауыл ауданда жылқылы Тегісшіл, бай Тегісшіл деп аталады. Үшінші ерекшелік — шапаты келген, қол тоқпақтай ғана қара кісі Айтбаев Шаяхметтің осы жылқылы Тегісшілдің колхоз председателі болуы. Онда тұрған ерекшелік не? Әйтеуір, біреу болмаса, біреудің колхоз шаруашылығын басқаруға керек емес пе? — дейсіз ғой. Біреу болмаса, біреудің емес, әңгіме Шаяхметтің председатель болуында.

Шакең бұл колхозға келгенге дейін осы ауданның басқа бір совхозында директордың орынбасары болып істеген. Орынбасарға жұмыс табылмай ма, бір шаруамен облыс орталығы Петропавлға барады. Әдейі келген ісін тындырған соң, балаларына көйлек-көншек, тағы сондай бірдемелер сатып алмақ болып дүкенге кіреді. Әрнәрсені бір қарап, үлкен қара пештің тасасына қарай ойысады. Бір кезде: шырағым, мына бір ойыншықты көрсетіп жіберші, — деп басын көтерсе, магазинде бір жан жоқ. Бұларға не болған деп шығар есікке барса, сыртынан үлкен қара құлып салулы тұр. Бұл пеш тасасында әлде неге телміре қарап тұрған кезде магазинде кісі барын байқамаған сатушылар есікті жапқан да түскі үзіліске шығып кете барған. Шаяхметтің зәресі ұшады. Айқай салады. Есікті ұрғылайды. Түстіктен қайтып оралған сатушылар, әрине, мұның ұры емес екенін бірден танып, қоя берсе, Шакең магазиннен кетпейді ғой:

— Жок, милициядан кісі шақырыңдар! Менің қойны-қоншымды жақсылап тінтетін болыңдар!

— Ұры емес екеніңізді біліп тұрмыз. Жолыңыздан қалмаңыз. Алатын затыңызды алыңыз да бара беріңіз...

Оған көнер Шаяхмет пе? Ақыры органнан өкілдер шақыртып, акт жасаттырып, өзінің адалдығына жұрттың көзін жеткіздірген соң ғана дүкеннен шығады...

Ойда жоқта душар болған осы жайдан зорға дегенде құтылып, үйіне келсе, әйелі:

— Манап басқа совхозға көшейін деп жатыр, — депті.

— Қай Манап?

— Бухгалтердің орынбасары Манап тағы... Өсіп, бас бұхтың өзі болып кетіп барады.

— Әу, онда не ғып отырмыз? Барып қоштасып қалмаймыз ба?

Дәм-тұзы жарасқан есепшімен қоштасып қалмақ болып, Шәкең Манап үйіне барады. Ортада дөңгелек үстел, жағалай отырған жұрт, енді біреу оң қолда кіреует үстінде екен. Самауыр күжілдеп тұр. Ал самауыр мен пеш арасындағы еден қаппағын ашып, үй иесінің әйелі қоймадан май алып жатады. Әманда асығып жүретін Шаяхмет жұрттың бәрімен қолдасып, енді кіреуетте отырған адаммен амандасайын деп кері айналып келіп самауырын мен пеш арасынан: сәлеме...— деп қолын созып ұмтыла бергенде қоймаға құмп береді. Бір жақсысы, үй иесінің әйелі қиыстау отыр екен, аман қалыпты. Ал Шаяхметтің өзі мертікпесе де көпке дейін белім деумен болған ғой. Біраздан кейін есін жиған жұрт сұрамай ма:

— Ойбай-ау, алдында апандай үңірейіп ашық жатқан қойма барын көрмедің бе?

Сонда шойырылып отырған Шаяхметтің жауабы:

— Қайдан білейін, қарайып жатқанға, төсей салған кара тері екен деп ойладым ғой мен бейбақ...

Мен, міне, сол Шаяхмет Айтбаев басқарған жылқылы Тегісшіл қолхозына келе жатырмын. Аудандық партия комитетінің бюро мәжілісіне катынасқан Шаяхметпен келісімім де бар: шабан үйрек бұрын ұшар дегендей мен комсомолдың топырышымен кете бермекпін. Ал Шәкең болса, бай Тегісшілдің жер таршыған арғымағымен мені қуып жетпек.

Март айының аяқ шағы. Алты ай қыс бойы үстемдік алып, толассыз бұрқырап, шабына соққан ақ боранның жыпы басылып, жуасыған жылы, шағырмақ күннің бірі. Шана табанына темір шыңылындай тиетін шыңылтыр қар сіді жұмсарып жылымық тартқан. Қыстан жүденкіреп шығып келе жатқан топырыш торым ауырлай бастаған жолдағы шана сырытына екі құлағын қайшылап кезек тігіп, аяқ бүлкекпен келеді. Төңіректегі қарлы даладан ат ізімен, шана ізімен нығарланып біршама биіктеп алған жол сорабы айқын. Алда ағаш қылтасы бар. Ойым сол жерге барып ат саркын басып, дем алу, артта қалған Шәкенді күту. Ағаш қылтасына жақындаған кезде артыма көз салдым. Біреу құйғытып келеді. Өзі

шапа үстінде тұр. Ішігінің он жеңінен қолын шығарып алған. Ұзын бишігін төбеде ойнатып, торысын үсті-үстіне төпелейді. Жакындағанда таныдым: Айтбайдың Шаяхметінің дәл өзі. Мен бұрылып жол бере бердім. Шаяхмет кұйғытқан бойы алдыма түсті де тоқтай қалды.

— Ау, Шаке, бірдеме көрінді ме, от ала қашқапдай, мұныныз не?

— Көрінді.

— Не көрінді?

— Бала, саған айтқан жоқ па едім?..

— Ештеңе де деген жоқсыз.

— Кешеден бері мына ат ауырып...

— Еһе, ауырған атты осылай қинай ма екен олай болса?

— Бала, сен түсінбейсін

— Түсіндіріңіз онда түсінбейтінімді...

— Қазақ: адам жылқы мінездес дейді. Осының мәнін, әрине, сен білмейсің.

— Білмейтінім рас, бірақ естіген мәтелім.

Шаяхмет қуанып кетті.

— Айттым ба әне... Адамның жылқы мінездес екені рас болса, жылқы да адам мінездес болып шықпай ма сонда?

— Мүмкін...— деп күмілжідім мен оның не айтқысы келіп тұрғанын аңғара алмай.

— Ал сонда адам суық тиіп ауыра қалса, ыстық бір сорпа ішіп терлеп, жазылып кете бармаушы ма еді. Мен де мына торы аттың ащы терін шығарып жазып алайын деп келе жатырмын...

Бірдеме дегенше қара малға ұксап солығын баса алмай, теңселіп тұрған торы аттың жонында бишігін ойнатып Шаяхмет шаба жөнелді:

— Енді Тегісшілдің өзінде ғана көрісеміз.

Жоқ, біз Тегісшілде емес, екінші қырдың астында қайта жолығыстық. Топырыш торыммен калқақтап дөңге шықсам, арғы құлай берісте Шакеңнің торы аты сұлап жатыр. Не істерін білмей аңырып қалған Шаяхметтің екі көзі жыпылық-жыпылық етеді. Қайтсе де колхоз председателінің жем жеген семіз аты ғой, арам өлмесін, бауыздап таста десем, онда да, менде пышақ жоқ. Алда бір шақырымдай жерде Айымжан колхозы бар. Мен соған барып істің мән-жәйін колхоз председателі Жолмұқанов Мұхамеджанға айттым. Мұхамеджан жол-жобаны білетін, сол төңіректе кісілігімен аты шыққан тыңғылықты адам еді,— Ә, Айтбайдың Шаяхметі болса, одан

шығады,— деп бір жымын алды да, дереу кісі шаптырып, зорығып өлгелі жатқан торы атты бауыздатып, еліне қырық жілік етіп таратып, ат құнын Шаяхметтің қалтасына салып жіберді.

Тегісшілге аудандық партия комитетінің өкілі келуімен байланысты Айтбаев колхозшылардың жиналысын шақырды. Күн тәртібінде малдың қысқы күтімі, көктем егіске дайындық жәйі. Колхоз председателінің беделі соншалық мықты ма деймін, қайта-қайта хабарлап, қайта-қайта кісі жіберіп, бала-шаға, қатын-қалашы бар, жнырма бес-отыз адамды зорға дегенде жинап, түнгі сағат бірден асқан кезде жиналыс ашылды. Шаяхмет баяндамасына кірісе бергенде-ақ күнімен жұмыс істеп көк жұлын болып жүрген енбеккерлер отырған залдың әр жерінен қорыл шыға бастады.

— Әй, бәленше-еке, тоқтат қорылды,— дейді Шаяхмет баяндамасын доғарып.

Бәленше-екен ұйқысынан оянып, қақырынып-түкірініп енді жөнделіп отыра бергенде колхоз председателі баяндамасын әрі жалғайды. Сол-ақ мұн екен, қорыл залдың екінші бір жағынан дүр ете түседі.

— Әй, бәленше-еке, тоқтат деймін қорылды.

Осы кикілжіңмен біршама уақыт өтті. Шакен мал басын түгендеп келіп, енді тауық шаруашылығына тоқталды.

— Жылдың басында арам қатқыр жүз шақты әтеш бар болатын осында. Әуелі бес-он жұмыртқа салып жүруші еді, мен оны МТС директоры Андрюшковқа астыртып беріп едім, соған қырсықты ма, білмеймін, қазір жұмыртқаламайтын болып кетті иттер.

Қорылдап жатқан зал ду ете түсті.

— Оу, денің дұрыс па өзіңнің? О заман да, бу заман, әтеш жұмыртқалайтын ба еді!

Шаяхмет көзі тағы жыпылықтай қалды:

— Жо...жок, ішінде ұрғашылары да бар болса керек... мекпен деген сөз Шакен аузына қайдан түссін.

Күлкіге көмілген зал тірілейін деді. Бір жерден айкай шықты:

— Жылқы шаруашылығына атүсті тоқталдың. Тебінде жүрген жануарлардың жәй-күйі қалай? Сол жөнінде баяндап бер!

— Тебіндегі жылқы саны төрт жүз. Бәрі де дін аман. Жылдың басы қара қатқақ, жүре бара мұздақ болға-

пын өздерің де білесіңдер. Күзде айғырдан шыққан жүз биенің отыз шақтысы құлын тастады...

— Биыл сонда жүз жетпіс-ақ құлын аламыз ба? Айтбаев жолдас, басыңмен жауап бересің!— деген әлде қулық, әлде шын, әйтеуір, бір дауыс шықты.

Шаяхметтің көзі тағы жыпылықтай бастады. Сасқаны ма, кім білсін, сәл мүдіріп тұрды да:

— Көктемге дейін қаншама уақыт бар әлі, өйтіп-бүйтіп, биелерге жүз құлын таптырамыз...— деп салмасы бар емес пе. Әлгінде ғана бір жамбастап жатқан ұйқылы-ояу зал күлкіден ішегі қатып, дүр сілкінді.

Мен қатысқан колхозшылар жиналысы таң ата өстіп думен аяқталды.

Көктем шықты. Біз бәріміз де қос басындамыз. Сол түстік жағында құралайдың қара суығы деп аталатын нағыз салқын кездің өзі. Қыстың жыңды боранына бергісіз қара жел өнменінен өтіп, қойын-қонышынды аралағанда жаныңды қоярға жер таптырмайтын, малға да, жанға да қиын қара өзек шақ. Бірақ қос іші жылы. Ортада маздап от жанады. Колхозда бір ғана бригада бар. Бас көтерер ер азаматтардың бәрі майданда болғандықтан, сол жалғыз бригаданың бар жүгі Күміс деген әйелдің мойнында. Күміс-әйел болса да, еркекке бергісіз пысық адам. Колхоз жұмысын тасқаяқтай қағыстырады. Өзі ана-мынана көне де бермейді. Не жұмыс атқарса да өз бетінше істейді. Әрі біліп, жөнімен істейді. Сол Күміс бригадир де от басында. Әңгіме әрқилы: қыс сондай қатты болғандықтан, былтыр күзде көктеген қара бидайдың өзі үсіп кеткен... Құралайдың салқыны өтпегендіктен, жердің тоны да жібімей жатыр... Қылтия бастаған көк біткеннің қорғалап, бой салмай тұрғаны да содан... Бүйте берсе, көктемгі сгісті де уақытында аяқтай алмаспыз...

Ұзаққа созылған осы тұрғылас әңгіме үстінде Шаяхмет қолын қолайсыз бір жеріне апара беріп:

— Күміс, сен бүгін мынаны ұйымдастыр...— демесі бар емес пе!

Жұрт ду ете түсті. Сабырлы болса да, ешкімге сөзін жібермейтін Күміс:

— Сау адамның тамағын ішіп, ауру адамның сөзін сөйлеп, өзінді әбілет басып отырғанның қай жағы?— деп салды.

Шаяхметтің көзі тағы жыпылықтап кетті.

— Не... не болды саған, Күміс?

Күлкімізді тыйып, әңгіменің байыбына барсақ, колхоз председателінің ұйымдастыр деп отырғаны колхоз шаруашылығына байланысты бір мәселе екен. Аңдамай сөйлескен ауырмай өледі деген осы.

Бәріміз колхоз кеңсесінің алдында тұрмыз. Анадай жерде сұлап түсіп бір көтерем жатыр. Қыстан арып шыққан малдың алғашқы көкке аузы тигенде өстіп тұра алмай қалатын әдеті. Шаяхмет бастап, біз қостап, бәріміз сол көтерем қасына келдік. Тұрғызып жіберейік деп едік, қозғалта алмадық.

Орталық малына жаны шын аштын колхоз бастығы батыс бетке негін безеп:

— Әне бір түйіліп келе жатқан бұлттың репеті жаман. Түнде бозқырау түссе, мына көтеремнің күні нешік?— деп дағдарды.

Колхоз председателінің бар әлсіздігін жақсы білетін Шәріп ақсақал дағдылы қулығына бағып бір бәленің шетін шығарып қойды.

— Рас айтасын, бұлт рені жаман. Түнде аяз соғады.

— Мына көтеремді не істедік онда? Ұшып өледі ғой...

— Ұшып өлмесін десең, жабулап тастау керек.

— Жабуды қайдан таптық?— деп дағдарды Шаяхмет байғұс.

Шәріп ақсақал бір мырс етті де:

— Әй, тәйірі, сол да сөз болып па! Үйің болса, міне тиіп тұр. Төрде жатқан алашанды алдыр да жаба сал.

Бұл ақыл Шаяхметке қона кетті. Бір жас жігітке бұрылып:

— Бар, біздің үйге кір де, төрде жатқан алашаны алып келе ғой,— деді.

— Жеңгей бермейді,— деп жігіт қиқандай бастады. Сөзге тағы Шәріп араласты.

— Әй, бермейдің не сенің? Шакең айтса, бермеуші ме еді! Жүгіріп бар да алып кел. Қарап отырып орталық малын арам өлтіріп аламыз.

Шәріп ақсақал ауылда сондай беделді адам. Әңгіменің арғы астарын аңғармаса да, қарттың ығына жығылған бала бастық үйіне беттеді. Әлгіндей болмай қораға кірді. Бәріміздің көзіміз сол жақта. Не болар екен деп бағып тұрмыз. Біршама кешіккен жігіт бір кезде ауладан құр қол шықты. Байқасақ, Шаяхметтің де көзі өз үйі жағында екен. Құр қол шыққан жігітті байқай салып негін тағы батысқа кезеді.

— Шәке, әлгі бұлт дегенің ыдыран бара жатыр ма

калай?! Күн ашылып, түннің жылы болатын түрі бар ма деймін.

Шәріп ақсақал бізге көзін қысты да, колхоз председателін қостай кетті.

— Шаяхмет, дұрыс байқап тұрсың. Әне, әлгінде түйілген бұлттан дым да қалмаған. Жабудың керегі болмай қалды енді.

Тұрған жұрт рахаттана күлді.

Расында да, былайғы түндер сондай жылы болды. Колхоздың арық-тұрағының бәрі де көп кешікпей алашасыз-ақ көтеріліп кетті.

Көктем егісі аяқталысымен колхоз шаруашылығының аз күнге қолы босаған шаруа адамдары енді өз үй іргесіндегі жұмыспен айналыса бастады. Бұл жұмыстың бастысы — картоп егу науқаны. Шаруа қуған тыңғылықты колхозшылардың, әрине, тұқымға деп қыстан алып шыққан картоптары бар. Соларын екті. Ал салақтары көршідегі украин деревняларынан тұқымдық картопты сатып әкеліп жатты. Жұрттан қалсын ба, Шаяхмет те өз үйінің іргесіне картоп егетін болды. Кешқұрым кез. Колхоз кенсесінің алдында әңгіме құрған адамдар ортасында отырып Шаяхмет осы ойын ортаға салды.

— Жұрт тұқымдық картопты қаншадан сатып әкеп жатыр?

— Пұтын жүз елу сомнан...

Шаяхмет отырғандардың ішіндегі жастау біреуіне қарады.

— Ендеше жүз елу сом берейін, ертең бар да Жекекөлден маған бір пұт картоп әкеп берші.

Шәріп ақсақал сөзге араласты.

— Жекекөлге ат шаптырып кайтесің. Сепкеннен қалған бір пұт картоп біздің үйден де шығады.

Шаяхмет жұлып алғандай:

— Ендеше жүз елу сомды саған берейін онда...— деді.

Шәріп ақсақал ұнатпағанын білдіріп бірдеме дейін деп келе жатыр еді, сөз соңын тоспаған Шаяхмет іле жөнелді:

— Ендеше екі жүз сом берейін.

— Ау, Шаяхмет...

— Ендеше екі жүз елу сом берейін.

— Оу, сенің есің дұрыс па өзі?..

— Ендеше үш жүз сом берейін.

Шаяхметтің үдете беретінін аңғарған Шәріп ақсақал үндемей қалды да, батырың сабасына түскен кезде ақыры жәйлап қана:

— Үш жүзін не, жүз елудің өзі қымбат. Ана Түлкі Ойнаққа барғандар жетпіс бес сомнан әкеп жатыр,— деді.

Шаяхмет дағдысынша көзін жыпылықтатып алды да:

— Ендеше жетпіс бес сом берейін,— деп салды.

Жұрт ду күлді. Ішек-сілесі қатқан Шәріп ақсақал күлкісінен тыйылып былай деді:

— Олай болса, бір бұт картопты мен саған жәй бердім.

Шаяхмет мінезінен айныр емес.

— Ендеше картобыңды жәй алайын...

Өзім куә болған осы әңгіме қыстан жүдеңкіреп шыққан мына бір шағын ауылдың бір айлық күлкісіне ұласқан еді.

Ол кезде ауылдық жерде, әсіресе Тегісшіл секілді көпей колхозда қонақ үйі деген қайдан болсын. Ауданнан келген өкілдер не болмаса есепші, ферма бастығы секілді белсенділердің үйіне түседі. Мен де осы дәстүрден озып кеткенім жоқ. Жатар жерім Шаяхметтің өз үйі. Шакеннің жұбайы.... өкінішке орай есімін ұмытып қалыппын... сол себепті мен оны Гүлсім деп атайын, не, сол Гүлсім елде жоқ келісті адам. Мінезге де бай, сондай орнықты. Күйеуінің әпенділігін жақсы біледі. Сөйтсе де шамданбайды. Жұрт күлкісіне мән де беріп жатпайды. Гүлсімнің тағы бір керемет қасиеті бар: ертеректе қалада тұрғандықтан ба, әйтеуір, тамақты шәрдәрілеп, аса дәмді етіп дайындайды. Үй ішіне де, алтын асықтай болып өсіп келе жатқан үш баласына да, өз басына да құнтты. Бір жақсысы әйелінің осы ерекшеліктерін Шаяхметтің өзі де жақсы біледі. Жақсы білгендіктен бағалайды да. Міне сол Гүлсім жеңгеміздің дәмді кеспесін ішіп отырмыз. Шаяхмет кеспені қасығымен сапырып-сапырып алды да мақтаныңқырай сөйледі.

— Шіркін, біздің көмешкеге жететін әйел бар ма екен жер бетінде?! Ай, жоқ-ақ шығар мұндай әйел!

Менің білетінім, бұлар жиырмасыншы жылдардың бас кезінде қосылған. Шаяхмет болса тақыр кедей, оның үстіне әпенділігі және бар. Ал Гүлсім болса, сұлу да ақылды қыз. Әке-шешесі де ел ішінде қадірлі жандар. Шаяхметтің қолы осындай қызға қалай жеткен сонда? Әркімдердің көңіл құртын оятып, дәмелі жігіттерді өзіне ынтызар еткен бойжеткен сұлу Шаяхметке қалайша

тұрмысқа шыққан? Көптен бері көңілімде жүрген осы сауалды реті келген соң қойып қалдым.

— Жоқ скеніне мен де имандай сенемін, Шаке. Бірақ елде жоқ осындай сұлу қызға қолыңыз қалай жетті? Соны айтыңызшы.

Тамақ құйып беріп отырған Гүлсім аса бір сыпайылықпен жымиып қойды. Ал Шаяхмет болса, есіңкіреп жүре берді:

— Ойбой, ол бір жатқан хикая...

— Ал, не, соныңызды айтыңызшы...

Гүлсімнің бұл естіген әңгімесі болса керек, сәл даусын шығарып бұйығы күлді.

— Айтсам... Гүлсімді алдап түсірдім...

— Қайтіп?

— Мен женгесімен сөйлестім ғой. Ол тоқсан сом берсең, Гүлсімді шығарып беремін деді. Мен көне кеттім. Уәде байласқан күні қырық сом ақша салып бардым. Женгесі сөзінде тұрып Гүлсімді алып шықты. Қолына қырық сомды ұстата бердім.

— Әй, қағынды, қалғаны қайда?

— Қалғаны кейін болады женеше.

Сөйтіп, Гүлсімді шанама салып алып тартып отырдым. Женгеміз қала берді. Кейін елу сомды сұрап қынқылдаған-ды. Ал мен болсам, Гүлсіммен тұз-дәміміз жарасып қалған соң әне берем, міне берем деп жүрдім де ақыры алдап кеттім...

— Өзіңіз коммунист адамсыз, алдағаныңыз жарамаған екен...

— Коммунист қалыңмал бермейді.

— Бермегеніңіз қалай, ана қырық сомды қайда қоясыз?

— Ол қалыңмал емес. Құдайға шүкір, қазір алтын асықтай үш балам бар. Әрқайсысы он үш сомнан есептесең де, отыз тоғыз сом тұрады. Ал сонда Гүлсім секілді сұлудың құны бір-ақ сом ғой. Өзің ойлашы, о заман да, бұ заман бір сомдық қалыңмал бола ма!?

Шаяхметтің әзілі емес, шын есебі бұл. Күлмегенде қайтесің енді...

Осы айтқандарымның бәрі де қоспасыз әңгімелер. Соғыс кезінде жалғыз Солтүстік Қазақстанда ғана емес, әржерде-ақ колхоздың осындай бастықтары болған. Сол себепті таңданатындай бұл оқиғаларда ештеңе де жоқ деп білемін.

Қ-НЫҢ ҰЛЫ Қ.

Менің Қ. ұлы Қ. дейтін досым бар. Атын толық жазбай отырған себепім: әпенділер тобына оның жатпайтындығы. Бірақ барынша адал, барынша таза, біреуге иенің жасауындай да қастық ойламайтын, ойламайды емес-ау, қайта жақсылық жасағысы келіп тұратын көшелі азамат. Әлбетте осындай қасиеті бар адамдардың аңқаулығы да кездесе бермек. Ал аңқаулық жүрген жерде әпенділікті ат шаптырып алыстан іздеудің қажеті бола қоймай ма деп ойлаймын.

Қ. екеуіміз ол кезде бүкіл Солтүстік Қазақстанға әйгілі Майбалық орта мектебінде оқыдық. Дәлірек айтсам, ол менен екі класс жоғары оқыды. Мен сабаққа жаман болмадым. Бірақ осыдан басқа менде жұрттың көңілін бұрып, көзге ұратын түк өнер жоқ. Көптің бірі ғанамын. Ал Қ. нің жөні басқа, жолы бөлек. Қ. сол орамда ауызға іліккен өнерпаз бала. Ол домбыра тартып, ән салғанда жұртты аузына қарататын еді. Қ. аудандық, облыстық олимпиадаларға да қатысқан. Жәй қатысып ғана қоймайтын, бас жүлдені допша теуіп жүріп әкелетін-ді. Мен оны досым десем де, әрине ол кездегі достықтың жөні бөлек. Қ. секілді жұрт ылтпатының гүл шоғы — дақты балаға кімнің жақын жүргісі келмейді дейсің. Мен де соның бірі. Қ. жымнып күліп амандасса, қолымды ұзағырақ ұстап, қаттырақ қысса, төбем көкке жеткендей мәз болып жүре беремін. Менің досым оқуын бітірген жылы соғысқа аттанды. Майданнан аман-есен жеңіспен оралған соң мұғалім болды. Партия қызметін де атқарды. Ақыры елуінші жылдардың аяқ кезінде Алматыға партия мектебіне келіп, оқуға түсті. Осы тұста біз бұрынғыдан да достасып, жақындаса түстік. Шынайы достықтың белгісі — шақырту іздемеу ғой. Қ. сондай жігіт. Оқудан қолы босаса-ақ болды салып ұрып біздің үйге келеді. Біз болсақ, құрақ ұшып қарсы аламыз. Бес-алты жыл үнемі пәтер жалдап, бір жерден екінші жерге көші-қонды болып жүргендіктен бе, өз баспананың айы өткені соншалық, патшаның сарайындай санайтын бір бөлмелі үйіміздің төрі сонікі.

Қыс ортасы ауып кеткен. Ұзара бастаған шуақты күн болатын. Мен әлде бір газеттің қауырт тапсырмасымен жұмыс істеп отыр едім, қолында аумақты торламасы бар, Қ. кіріп келді. Бақсақ, ол қысқы каникулды пайдаланып елге, семьясына барып қайтқан екен. Мына торлама елден алып келген сәлем-сауқат болып

шықты. Қ. сондай қазақы жігіт. Қазақы ғұрыпқа мән бергіш. Сол дағдысына бағып торламаны аша бастады:

— Мына жал, жая, ұзын омыртқа сенің сыбағаң. Қазы-қарта Бағдат замандасқа арнап салынған. Ал шұжықтар балалардың үлесі...

Мен Қ-ге кат шаруамен отырғанымды айттым.

— Біраздан кейін босаймын. Ал сен Бағдат екеуің ас пісіретін бөлмеде шәй ішіп, әңгімелессе тұрындар,— дедім.

Жұмсақ мінезді Қ. бәлсінген жоқ, бірден көпді де, ас пісіретін қуысқа Бағдат қасына барды. Мен жазуға отырдым. Бірақ жұмыс істеу қайда. Есікті қанша қымтап жапсам да, олардың екеу ара ду әңгімесі ап-айқын болып жетіп жатты.

— Қысқы каникул сондай қысқа, әрі жер шалғай ғой, бармасам да болатын еді, бірақ балалардың басы бар ғой бізде, соларды көріп, ніскеп қайтайын деп бардым ғой,— деді Қ.

Сондағы менің әйелімнің жауабы:

— Үйіміз тар болса да бізде де бала-шаға бар ғой. Кейде Сафуанның өзі де баладан әрман болып кетеді...

Қ-нің қайтармасы:

— Балаларды сағынып барсаң, ауыл да сені сағынып қарсы алады.

— Біздің төңіректе магазин түскірің де жоқ қой, сүт-айран іздеп саңдалып үнемі орталық дүкенге барып жүргенің,— дейді менің жұбайым.

Қ:— Жәй сағынып қарсы алса бір сәрі ғой. Алма кезек шақырысады келіп.

Б.— Жалғыз ілікті болған соң қолың да тие бермейді...

Қ.— Жәй шақырып, дәмін беріп ғана қойса бір сәрі ғой, арақ іш деп зорлайды...

Б.— Қазір үй күтуші әйел дегенің де таптырмайтын болып алды. Мұрнын шүйіргенде құдай сақтасын...

Қ-ның жауабы — Ішпесен, өлердегі сөзін айтады. Өкпелейді...

Б-ның жауабы — Кірді де өзіңнің жууыңа тура келеді...

Қ.— Көңіл жықпайын деп ішсесің, ертеңіне ауырып қаласың...

Б.— Келімді-кетімді кісіміз де көп қой біздің...

Қ.— Ауырганына қарай ма, тағы бір үй шақырады... Тағы да кеп зорлайды... Өлердегі сөзін айтады. Торсандап өкпелей бастайды: кеше анау үйден ішіп едің,

бізді, менсінбегенің бе не сонда?

Б.— Сафуан елге жиі шығады ғой. Тамыр-таныстың көп болатыны содан...

Қ.— Амал қанша тағы да ішуіне тура келеді...

Ие, амал жоқ, күлкіден буынып қала жаздап отырған мен жұмысты жайына қалдырдым да, ас үйге шықтым. Қ. мен жұбайымның аркасында көрер танды көзімнің атқызып, сол күні түнімен жұмыс істеуіме тура келді.

ДОСӘЛІНІҢ СҮЛЕЙМЕНІ

Университетте оқып жүрген кезімде біз бір бөлмеде жеті жігіт тұрдық. Ең ересегі Досалиев Сүлеймен, содан кейінгісі мен.

Сүлеймен — зор денелі, өңкиген ірі жігіт. Көзінде кара мүйіз көзілдірік. Бір қарағанда қатардағы студенттен көрі, жайбасар, маңғаз, соқталы профессорға көбірек ұқсайтын-ды. Ұлы Отан соғысының жаңа ғана аяқталып елдің бой жаза алмай жатқан кезі болғандықтан, азық-түлік пен өндіріс бұйымдарына әлі де карточка бар. Біз күніне төрт жүз грамм кара нан аламыз. Шәй ішерде басымыз ортадағы үлкен үстелде қосылғанымен, екеу-екеу жеміміз бөлек. Айталық, біз Қожықов Мүсілім деген студент екеуміз бірыңғаймыз. Басқалар да солай. Ішіміздегі серігі жоқ жалғызымыз Сүлеймен ғана. Онымен басқаның бірікпейтін себебі, Сүкең тамақсау. Кітап оқыған болып отырып басқаның нанының екі-үш турамын аузына оп-оңай тыға салады да түк білмегенсіп отыра береді. Досалиевтен жұрттың қашатыны сол. Қашқанмен де бір бөлмеде тұрған соң қайда барасың. Ортаға әкеліп шәйнекті қоямыз. Кара нанды тураймыз. Сырттан келген адамға дастарқанда үйіліп жатқан секілді болып көрінгенмен, екеу-екеу жігі бар. Сол шекарадан қайсымыз болсын аспаймыз. Ал Сүлеймен болса, өйтпейді. Үлкен мүйіз көзілдірігін қозғап қойып, кітабының бір парағын аударарды да, шәйді сораптап тарта беріп, қолды көршінің нанына салып келіп жібереді. Әркімнің бағып отырған малы — наны болғандықтан, жұрт шу ете қалады. Сүкең аңғармағаныды. Осындай күннің бірінде Досалиев өз нанын жеп алды да, көршісіндегі Зыпберген атанып кеткен Медәлиев дейтін студенттің нанына саусақты салып жібергені бар емес пе. Зыпберген шар ете қалды. Шар еткенмен не пайда, кара нан керек жеріне аттанып кете барды.

Төбелессейін десе шынашақтай Зыпбергеннің түбейдей Сүлейменге әлі келмейді. Ит ашуын тырнап алады дегендей, Зыпберген сол кездегі республика басшыларының бірінің атын атап: біздің Сүкең соған ұқсайды,— деп қалды.

Сасатын Сүлеймен жоқ.

— Неге мен оған ұқсаймын. Ұқсатсан, мені оған емес, оны маған әксіп ұқсат. Өйткені мендей күнінде ол, кім біледі, қой бағып жүрген шығар. Ал мен болсам, университеттің дындай студентімін,— деп жауап берді.

Осы оқиғадан кейін екеуі жиі-жиі ілігісіп қалыңқырап жүрді. Зыпберген әманда кекете сөйлейді. Ал Сүкең болса, далбастап жауап беріп жатады.

Бір күні Сүлеймен екеуміз бөлмеде оңаша қалыппыз.

— Менің қайран болатын бір жайым бар,— деді Сүлеймен.

— Жайың болса, айт.

— Осындағылардың үлкені екеуміз. Сөйтсе де балалар сені тік тұрып сыйлайды. Ал мені сыйламайды. Себебі неде соның?

— Ол өзіне байланысты дағы.

— Қалайша маған байланысты?

— Байланысты болатыны, жұрттың илеуіне көне алмаймын. Балалар сол қасиетімді біледі. Сыйлайтыны содан.

— Көнбеу үшін не істеуім керек?

— Мазақтай бастағанға тойтарыс беріп тастау керек мезгілінде,— деп мен ойымдағыны айттым.

Арада бір күн өтпеді, тағы да шәй үстінде Зыпберген:

— Осы біздің Сүкең ана кісіге ұқсайды...— деп келе жатыр еді.— мә, саған ұқсаған!— деп әдетте тау қозғалса, қозғалмайтын Сүлеймен құлақ шекеден байғұсты қопжытып жібермесі бар емес пе. Зыпберген қалпақтай ұшты.

Әдейі шаптамасам да, кінәлі болғандықтан, көпке дейін өзімнен өзім қысылыңқырап жүрдім.

Сүлеймен өлең жазады. Сүлеймен драмалық шығарма жазады. Сүкең пьесаларын санай берсең он шақты. Әзірше ешбір жерде қабылданған жоқ. Ешбір жерде қойылған да емес. Бірақ қамығар Досалиев пе: бүгін болмаса, ертең, ертең болмаса, бүрсікүні қабылданады. Астана мен облыстық театрлардың сахпасынан Сүкең

қиялынан туған дүниелерді жұрт тамсана ертең болмаса, бүгінгі кызықтайтын болады. Шіркін, аты не еткен өзгеше бұл пьесалардың: Ақанның асуы. Құм бел. Неге? Наз. Осылардың ішінде айрықша тоқталарлығы — Неге? пьесасы. Бұл шығарма орта ғасырлық данқты философтардың мәнерінде сұрау жауап ретінде жазылған. Сұрау — Колхоздың бір тышқақ лағы өлсе, акт жасалынады. Тексеріледі. Неден өлгені анықталады. Ал адам өлсе, неден өлгені тексерілмейді. Акт жасалынбайды. — Неге? Осы секілді мың түрлі жайлар бар. Ал Сүлеймен болса, сол жайлардың негесін іздеп әуре. Мазмұнын былай қойғанда атының өзімен көз тартып, көңіл аударатын дүниелер қай драматургінде бар? Әрине, ешқайсысында да жоқ. Осы бір ұғым әманда оны алға жетелейді. Ешнәрседен түңілдірмейді де. Сүлеймен жазған өлеңдер де көп. Әрі сондай қызық болып келеді. Нанбайсыз ба? Қараңыз ендеше:

Кош, Саһнда, күдерінді үз, мен өмірдің қашқыны,
Бұл дүниеден іздесем де таба алмадым...
Бір өліммен басқаны.

Біз таласа кетеміз.

— Саһиданың жазығы не?

— Ол маған ғашық.

— Ғашық болғаны үшін де қыз кінәлі болмақ па?

— Қыз бала жер қозғалса да қозғалмауға тиісті.

— Жоқ, келісе алмаймыз. Сондай жылауық, күйрек өлең.

Сүлеймен жауабы бұлтартпайды.

— Қайғыны басыннан кешірмесең, қуаныштың не екенін түсіне алмайсың. Бірақ теріс ұқпандар мені. Көңілді өлеңдерім де бар.

— Ал сонынды оқы ендеше.

Бұл тойға шақырдым мен көсемімді.
Ойда жоқта кеп қапты орынбасары да.

— Жоқ, бұл өлеңіңнің ең алдымен буын саны асып кетіп тұр.

— Қазақ өлеңін құртып, шырғалап келе жатқан осы буын. Тап жауы есебінде поэзиядап аластау керек оны.

— Ал ұйқастың не жазығы бар? Мына өлеңіңдегі ұйқасың да жетісіп тұрған жоқ қой. Көсемімді... орынбасары да... — осындай да ұйқас бола ма екен?

Сүлеймен біздің поэзия жөніндегі ұғымымыздың шаалағайлығына танданады.

— Өй, сендер қызық екенсіңдер. Екеуінің аяғы да дауысты дыбысқа бітіп тұрған жоқ па?!

Әрине, мына секілді бұлтартпас дәлелге қарсы бірдеме айтудың өзі — парықсыздық қой. Біз жауап қайтара алмаймыз.

Бір күні оқудан келсем, Сүлеймен жалғыз екен. Кіреуетінің үстінде он шақты кітап ашық жатыр. Әрқайсысына бір үніледі.

— Ау, Сүке, не істеп жатырсың?

— Емтиханға дайындалып жатырмын.

— Емтиханға осылай дайындала ма екен? Кітаптарды кезегіммен оқымаушы ма еді? Әр кітаптың әр бетіне бір үніліп, не түсінесің?

Баяғы таныс мақал менің алдымнан тағы шыға келді.

— Адам жылқы мінездес демей ме, қазақ атам?

— Иә, солай деп айтады...

— Ендеше бәйгеге жаратқан атқа бір шөп берген дұрыс па, әлде әртүрлі шөп берген дұрыс па?

— Әлбетте әртүрлі шөп берген дұрыс.

Сүлеймен мәз болды:

— Олай болса, әртүрлі кітапты бір оқысаң, миыңа тез қонады. Өйткені емтихан ұстау да атжарыс, бәйге секілді...

Сүлеймен бір күні қалған талонына студенттер магазинінен барып шалбар сатып әкелді. Кнп көріп еді, тылтнып тұр. Елу төрт-елу алтыншы размерлі киім киетін Сүкенің шалбар балағы сирағына да жетпейді. Қаптырмасының арасы кере қарыс. Біз ду күлдік.

— Мына шалбар Зыпбергенге лайық екен, соған бер.

— Бұл итке өлсем берем бе!—деп алды да, Сүлеймен дағдара сөйледі:

— Апырай, э, осы саған шақ болады деп еді сатушы әйел. Енді не істедім?

— Апарып бер де, үлкеніне айырбастап ал,— деді жаны ашыған жігіттердің бірі.

— Айырбастар ма екен?

— Айырбастамаса, көрмейсің бе, бірдеменді алып калмас.

— О да жөн екен-ау,— деп Сүлеймен шалбарды дереу шешті де, қолтығына қысып алып үйден шығып жүре берді. Жігіттер тағы да ду күлдік. Өйткені ескі шал-

барын қайта киюдi ұмытып кеткен Сүкен трусишан кетiп бара жатқан болатын. Біз оны терезеден айқай салып, зорға дегенде қайтарып алдық-ау, әйтеуір.

Бір күні ертемен Сүлеймен төсектен басын көтеріп алып:

— Менің данқым дүние жүзіне кететін болады,— деді.

— Е, оны қайдан білдің?

— Түс көрдім...

— Қандай түс?

— Бұған дейін бір пенденің түсіне еніп көрмеген түс.

— Ал ия?..

— Түсімде... аспан жарқ-жұрқ. Не болып қалды деп жоғары қарасам, ай мен күн соғысып жатыр... Күн келіп айды періп кеп өтеді. Ай қарап тұрсын ба, шегіне беріп, ол да салып жібереді. Арада қанша уақыт өтті, білмеймін, ақыры күн айды жеңді. Аспаннан құлаған ай мен тұрған жерге кеп дік ете түсті. Мен айдың үстіне шығып кеттім. Дүние жүзіне атым шықпаса, бұл не!?

— Өй, қайдағы жоқ түске сеніп...— деп кекетті Зыпберген.— Былшылбай мұнын.

Жоқ, былшылбай емес екен бұл. Өйткені Сүлеймен бұрын да талай түс көріпті. Солардың бәрі де айна катесіз жүзеге асқан. Соның бірі мынадай: Сүлейменнің бұдан бұрын КазПИде оқып жүрген кезі. Сабакка бірде барса, бірде бармайды. Түнімен отырып өлең жазады. Көрер танды көзімен атқызып пьеса жазады. Содан кейін ұйықтап қалады. Ол кезде институт директоры Толыбеков Серғазы екен, бір ескертеді, екі ескертеді, ақыры болмаған соң жарлық беріп оқудан шығарып жіберіпті. Сол күні түс көрген ғой.

...Байқаса, бұл тұлдыры жоқ көк төбенің басында тұр. Аяқ асты көкпенбек мұз. Айналасы тік жар. Апырау, құлап кетпесем, жарар еді дегенше болмайды, аяғы тайып төмен қарай зырқырай жөнеледі. Енді өлдім-ау деп жан дәрмен жасап қарманса қолы бір көк еліктің сирағына ілігіпті. Елік тұяғын көк мұзға қашай салып өрлеп бара жатпай ма, дырылдатып көк төбенің басына қайта әкеп тастайды. Оянып кеткен Сүлеймен өз түсіп өзі жориды ғой: көк төбем — институт. Құлап кеткенім — институттан шығып қалғаным. Олай болса, қайтарып алатын көк елігімді іздейін деп институтқа барса, Толыбеков басқа жұмысқа ауысып орнына Тәжі-

баев Төлеген келіп отырған. Сүлеймен қуанып кетіп жаңа директорға кіріп барған ғой.

— Төке, сіз менің көк елігімсіз...

Аң-таң болған Төлеген Сүкеннің көрген түсін естіп күліпті де:

— Ал енді бұдан былай сабақтан қалмайтын бол,— деп оны оқуға қайта алыпты...

— Сондағы түсім айна қатесіз келді ме? Келді,— дейді Сүлеймен Зыпбергенге ежірейе төніп.— Олай болса, мына түсім де келеді.

— Ал, жақсы, сенің дүние жүзіне даңқың шығады. Қолыңнан келмейтін іс болмайды. Сонда бізге не жақсылық жасайсың?— деп сұраймыз одан. Обалы нешік, Сүлейменнің аяры жоқ. Жақсылық атаулының бәрін үйіп-төгіп бере салады.

— Ау, Сүке, Зыпберген қалып қойды ғой. Оған не сыйламақсың?

— Зыпбергеннің құлағын кесіп құнтитам да қой соңына салып қоямын.

Күл, күлме, Сүлейменнің шын сөзі бұл.

Осыдан көп жыл өткен соң әдебиетке байланысты бір жиналыста Сүлеймен шығып сөйледі. Талқыға түскен кітапты оқымағаны анық байқалады. Біреу оның сөзін бөліп сұрақ қойды:

— Ау, сен өзін бұл кітапты оқымаған секілдісің ғой?

— Рас, оқыған жоқпын...

— Оқымасан, неменеге бөсіп тұрсың?

Сүлеймен өзінің алдында сөйлеп кеткен бір шешеннің атын атады да:

— Жана ана кісі осылай деген жоқ па?! Мен бөтен сөз айтып тұрғаным жоқ қой,— деп жауап берді.

Шіркін, бұлтартпайтын-ақ дәлел емес пе!

Осыдан үш-төрт жыл бұрын Сүлеймен Алматыға келді. Қолында бір қоржын қолжазба. Баяғы «Неге?» деген пьесасын енді романға айналдырған. Маған оқы дейді. Қалай десем де бірге оқыған, ұзақ жыл бір бөлмеде тұрған, ең қиын жылдардың ауыртпалығын бірге жүріп көтеріскен, жас шағыңның көп күндерін бірге өткізіскен адамға қалайша «жоқ» дей аласың. Оқның десем, екі жарым мың бет. Енді не істедім? Жолды Жазушылар одағындағы бір жігіттер тапты.

— Негені? автордан артық білетін ешкім де жоқ. Бес алты бет рецензияны сенің атыңнан өзі жазсып.

Ойланып барып мен осы ұсынысқа қосылдым. Ал Сүлеймен болса «рецензияға» құлшына кірісті. Несін жа-

сырайын, пендешілік деген әркімнің де басында бола бермей ме, көңіл жықпастық жасап, басқаның қолынан шыққан дүниеге мен қол қоя салдым. Кейін Сүлеймен баспалардың біріне барып, директорына: Сафуанның құптап жазған рецензиясы бар, демей ме. Директор әдебиетті жақсы білетін, кімнің кім екенін шағып айыра алатын адам еді, мен жазды деген соң елп етпей ме.

— Ондай рецензия болса, кітабіңізді жоспарға кіргіземіз. Көне көрсетіңізші.

Обалы нешік, осы әңгімені маған Сүлейменнің өзі айтып, былай деді:

— Басында құлшына кіріскен директор бір-екі бетін оқығаннан соң бетін тыржитты да:

— Бұл Шаймерденов жазған дүние емес қой,— деп өзіме қайтарып тастады.

— Нанбасаңыз қойған қолына қараныз.

— Қолын қойса, қойған шығар. Бірақ ол кісі бұлай жазбайды.

Сүлеймен әпенді болмаса, құрығанда директор мен скеуара болған осы әңгімені басқаға айтпас еді ғой. Әпенділерде ішкі есеп дегенің болмақшы емес-ау теңінде.

Сүлеймен университетке бізден әлдеқайда бұрын түссе де, оқуды әлдеқайда кеш аяқтады. Содан Арыс жағында мектепте істепті. Тіпті орталау мектептің директоры болған да кезі бар. Содан кейін бұл жұмыстың бәрін тастап қой баққан. Қойшылық қызмет жалықтырған кезде балаларын ертіп алып дермене жинап мемлекетке өткізіп те күн көріпті. Міне, енді жетпіске қарай ойысқан шағында қолы бос. Ер жеткен балалары мен ағайындарын кезек аралап жүрген жәйі бар. Әр жұмыстың басын үзіп жұлып бір шалған соң пенсияға да қолы жетпей қалыпты. Мен онымен бір мың тоғыз жүз сексен екінші жылы Жетісайда үлкен баласы Сапардың үйінде төрт-бес күн бірге болдым. Сапар тыңғылықты жігіт. Әйелі де алтын асықтай. Біз барғанда немерелері атам келіп қалды деп сандарын шапалақтап қуанысын жатты. Тамақ үстінде ана-мына шаруашылық жөйін сөз етіп отырды да:

— Қайта-қайта хабар сала берген соң, ана кісіге төрт-бес айдың алиментін төледік,— деп қалды келіні.

Сүлеймен мыңқ етпейді.

— Мақұл,— деп өзінің дағдылы сөзін қыстырып қойды.

Мен кейін білдім: Сүлеймен бәйбішесі дүние салған соң, тағы бір әйелге үйленген де көп кешікпей ажырасып тыныпты. Сол әйелде жас кеткен екі баласы бар. Сот арқылы кесілген алиментті Сүлеймен өзінің үлкен балаларына төлеттіріп тұрады екен.

Бұл, адамзат қоғамының тарихында бұрын-соңды кездеспеген оқиға болса керек-ті, сірә...

КҮНКӨРІС ПӘЛСАПАСЫ

Бір мың тоғыз жүз елу үшінші жылдың декабрь айының орта кезі еді. «Әдебиет және искусство» журналында істеп жүргенмін. Ойда жоқта бөлмеме Белгібай Шалабаев кіріп келді. Қолында баспадан жаңа ғана шығып, кітап дүкендеріне түсе бастаған менің кітабым — «Болашаққа жол» романы:

— Шәкірті жазған мына кітабын алып құттықтайын, деп ұстазы әдейі келді.

Бір кезде бізге сабақ берген Белгібайдың өзі мынадай қуанышты пиғылмен келсе, қарсылық бола ма, скеуміз далаға шықтық.

Ол кезде «Қазақстан» атты ресторан 28 гвардияшы-панфиловшылар паркінде қамыстан қаланған шағын ғана үй болатын. Сонда бардық. Жұмыс аяғы болғандықтан ба, жұрт қарамы едәуір. Белгібай қолында поднос, қалқып жүрген даяшы қызды тоқтатты да:

— Мен ҚазГУдің доцентімін,— деді.— Ал мына бала менің шәкіртім. Былайша айтқанда, мен мұның ұстазымын. Роман жазды. Ұстазы шәкірт кітабын жумаққа келді.

Белгібай сөзі даяшыға әсер етті білем, ол бізге дереу орын тауып берді. Дереу заказымызды қабылдады. Жайланып отырғаннан кейін:

— «Былайша айтқанда» дегеніңіз қалай, Беке? Сіз маған былайшасыз да ұстаз емессіз бе!— деп қойдым.

Белгібай жымия күлді. Кейпінде ризалық белгісі бар.

— Мұндай көпшілік жерде сыпайылық керек. Шәкірт бала, ұстазыңның бұл сөзін есіңнен шығарушы болма!

— Әлбетте, Беке.

— Әлбеттең не? Ұстаз сөзін есімнен шығармаймын де!

— Ұстазым Шалабаев Белгібай сөзін есімнен шығармаймын...

— Ә, жөні солай. Мен егер ұстаз болмасам, мынадай кітапты сен қалай жазған болар едің?

— Сізді ұстаз еткен тәңіріге мың мәртебе алғыс.

Біраздан кейін кең шешіле түсті.

— Мен қазақ совет әдебиетінде көп бағыттардың негізін қалаған адаммын. Чернышевский алғаш рет менің арқамда ғана қазақша сөйлеген. Мен Беллинскийді аударғанда осы күнгі мен ғалыммын дейтіндердің көбі ауылда қой бағып жүрген... Поэзиядағы алғашқы қарлығаштардың да бірі менмін. Романынды да Сәбиттің өзінен бұрын жазғанмын. «Өмірде нелер болмайды» деген кітабым соның айғағы.

— Беке, бір сұрағым бар.

— Ал, шәкіртім, білмегенінді сұрай қой ұстазыннан.

— Соңғы екі-үш жылда мен Қарағандыда тұрдым ғой. Газет-журнал бетінен атыңызды іздеумен жүрдім. Ысмайылов, Жұмалиев есімдерін көремін. Ал менің ұстазым болса, мүлде хабарсыз кетті. Неге үндемей қалдыңыз?

— Шәкіртім, ұстазынды неге жазбай кеттін деп жаман жолға итермелеме! Олар дауға ілігіп жүр. Неге ілігеді дауға? Қаламдарын сүйрендетіп жазғандықтан ілігеді. Жазар болсам, мен де солардың кебін кимес пе едім. Тек жүрсең, тоқ жүресін, шәкіртім.

Академик Тарле өзінің «Наполеон» деген кітабында кезінде бүкіл Францияға таралып кеткен мынадай бір оқиғаны келтіреді: Бурбондардың Снес дейтін премьер-министрі болған екен. Үкімет басына Наполеон келгенде Снес кенет ғайып болыпты. Жұрт тіпті корольдікте осындай премьер бар екенін де ұмытып кеткен. Наполеон жеңіліп, Эльба аралына жер аударылып, бурбондар тахқа қайта отырғанда король сарайында жұрт көңілінен мүлде шығып кеткен әлгі Снес оқыс сая бола кетпей ме. Таңырқаған қауым бір кезде осындай премьер болғанын есіне алып:

— Снес, көрінбей кеткеніңізге көп болды, қайда жүрдіңіз?— деп сұраған ғой.

Сонда Снес:

— Күнімді көрдім.— деп жауап беріпті.

Иә, қалай десен де өмір сүру онай шаруа емес-ау тегі...

МЕНИҢ ЖҰБАЙЫМ

Менің жұбайымның аты-Бағдат. Алматының орталығындағы бір орыс мектебінде ұзақ жыл қазақ тілін сабақ берді.

— Мақсатым — тіл ұстартып өнер шашпақ, — деп ұлы Абай айтпақшы қазір пенсияға шыққан жолдасымның да мақсаты осал болған жоқ: орыс, татар, жебірей мен неміс, ұйғыр мен керей балаларын былай қойғанда, өзінің ана тілін ұмытып бара жатқан қазақ балаларының да жиырма бес жыл бойы табан аудармастан тілін сындырып келді. Егер Алматы көшесінде қазақша сөйлесіп бара жатқан жастарды көре қалсаң, олардың осылай сөйлесуінде менің әйелімнің де еңбегі бар деп біліңіз.

Құдайға шүкір, біздің Бақан өз мектебінде беделсіз болған жоқ. Соның айғағы күні бүгінге дейін мейрам сайын: Дорогая Багдат Кользаковна! — деп басталатын тамаша құттықтау хаттардың келіп тұратындығы. Мейрам сайын ғана емес-ау, менің, бала-шаға, немерелерімнің кейде ұмытып кете беретін туған күніне арнап келетін құттықтауларды айтсаңшы. Ондайда Бақан көзіне мөлтендеп жас та келіп қалады. Ал біз болсақ, кінәлі оқушыға ұқсап, алдына келіп басымызды иіп тұрамыз. Қалай десең де Бақанда зіл жоқ. Немерелерінің басынан алма-кезек сипап, бетінен иіскейді. Жымнып күліп те қояды. Өйтетіні мен де, ол кісі де туған күнімізді дөп басып біле бермейміз. Сол себепті біздерді былай қойғанда шамамен алған туған күнін Бақанның өзінің де ұмытып кететіні бар. Сондайда табаны күректей жиырма бес жыл бала оқытқан мектебі: Дорогая Багдат Кользаковна! Поздравляем Вас с днем рождения... — деп есімізге салып жатқаны... Қуанғаннан жыламасқа не шара!

Біздің бес баламыз бар. Үйіміз төрт балапан ұшырған құтты ұя. Төртеуі төрт үй. Бәрі де осы Алматыда тұрады. Бұрын жолдастардың біреу-міреуі келмесе, біреу-міреуі шақырмаса, елегізіп отырушы едік. Енді өйтпейміз. Үйіміз онсыз да думан. Немерелер шуылынан құлағымыз тұнады. Ал қонаққа барайық десек, отаулар дайын. Қона жатып аралайтын болсақ, апта дегенін жете де бермейді. Мұны біз шүкіршілік дейміз. Шүкіршілік дейтін тағы бір себебіміз — қолымызда қалған Димашымыз сабағын жақсы оқиды. Тәртіпті. Ең жақсысы — өтірік айтпайды. Алдамайды. Ал он үштен он төртке қараған жасөспірім балаңда осындай қасиет болса, одан

артық бакыттың әзірге саған керекі жоқ. Бала тәрбиесі жағынан біз Бағдат екеуіміз өзімізді алшысы бопанан тұрған жандармыз деп септейміз. Рас, баларымыздың ішінде талантымен жұртты тамсандырған ешқайсысы жоқ. Үш қызым үш үй. Сүйкімді немерелер сыйлап, өз алдына түтін түтетіп, тиесілі қызметін атқарып жатқан жәйі бар. Ал ұлым Саян болса, кезінде СССР чемпионы атағын тоғыз рет жеңіп алған халықаралық дәрежедегі спорт шебері. Еліміздің он дүркін чемпионы атанған атакты Динамо командасының ұзақ жыл капитаны болған бала. Қазір көгалдағы хоккейдегі «Связист» командасының бапкері. Үй-ішіміз болып мақтан етеміз баламызды. Өйткені қаршадайынан ат жалын тартып мініп кісі болып кетті. Ата-анасына сабыты жоқ. Жұрт арасына кеңінен тарап кеткен өлендегідей: есейіп кетсем де, мен саған сәбимін,— деп төсегін төрімізге әкеп салып, жатып алса, не істер едік?! Мұндай жайдың нағыз бакытсыздық екенін төнірегімізде ұл өсірген, қыз өсірген кейбір ағайындардың жағдайына қарап танимыз. Шүкіршілік дейтініміз : : содан.

Біз Бағдат екеуіміз университетте үш жыл бірге оқып жүріп қосылдық. Қосыла салып бакытқа шолп ете түстік, қосылған күннен бастап бірімізді біріміз ұғыныса кеттік десем, құр көлгірсу болады. Аш-жаланаш, үй-күйсіз жүрген кезіміз де бар. Ренішті күндерімізді де кейде есімізге алып, күлісіп қоямыз. Қазірдің өзінде де менің ойлаған жерімнен ол, оның ойлаған жерінен мен шыға бере алмаймыз. Бірақ семья саулығы — үйдің несі мен үй несінің әйеліне байланысты екені рас болса, жалпы алғанда, жаман тұрып келе жатпағанымыз байқалады. Дегенмен де еркектің аты еркск, әйелдің аты әйел емес пе, екеуіміздің ара қатынасымыздағы кейбір тәтті жайларды менің ұмытып қала бергіштігім, ал Бағдаттың еске сала бергіштігі бар. Сірә мен жалтаратын, не болмаса, еске алғым келмейтін кездерім болса керек, сол кезде Бақаң менің өліп-өшіп өзіне жазған хаттарымды алып шығады. Осыдан отыз бес-қырық жыл бұрыпғы көңіл күйің мен сезім күйінді оқып әрі танданасың, әрі ұяласың. Бірақ мойындауына, растауына тура келеді. Қалай десен де үйдің тұтқасы әйел. Мен балаларымның дұрыс тәрбиесі алғанын мақтанып қанша айтсам да, соның бәрі Бағдаттың аркасы, соның еңбегі екенін жасырмақшы емеспін. Ең алдымен Бағдат өтірік айтпайды. Ең жақсысы өсек дегеннің не екенін білмейді. Құлығы жоқ. Сондай адал. Бар болса, мұрынын шүйірігі

мактанып кетпейді. Жоқ болса, қайғырып, жасып та жатар ол емес. Неге болсын көнтерлі. Кең пейіл де шыдамды. Кешірімі көп те, ал кеттімі, ашуы жоқ. «Қ. пың ұлы К» деген әңгімемде адалдық жүрген жерде аңқаулық бар. Ал аңқаулық жүрген жерде әпенділікті ат шаптыртып алыстан іздеудің қажеті жоқ деп едім. Сол сөзімді өз әйелім туралы да қайталап айта аламын.

Сөйтіп, ендігі әңгіме менің Бағдатым туралы болмақ,

Бағдат университетті бір мың тоғыз жүз елуінші жылы бітіріп, Қарағандының екі жылдық оқытушылар институтына жолдама алды. Мен соңғы бесінші курстағы пәндерді алдын ала тапсырып экстернаға ауыстым да, Қарағанды облысына «Лениншіл жас» газетінің тілшісі болып бардым. Көп кешікпей бұл қала менің өз ауылым секілденіп кетті. Өйткені Бағдаттың туған жері — осы облыстағы атақты Нұра өзенінің бойы. Алпыстан асқан әкесі, апа-сінділері сол Нұра ауданында тұрады. Әкесі Көлұзақ өзінде ұл бала болмаса да, жиырмасыншы жылдардың аяқ кезінде мектеп ашқан, орысша, қазақша сауаты бар, білікті көшелі кісі. Ел ішінде беделі зор. Сол себепті үлкен де, кіші де атын атамайды, Көкең деп сөйлеседі. Басқа жұрттан мойнының озық тұратынын байқадым ба, әйтеуір, мен де ол кісіні Көкем деп кеттім. Міне сол Көкемізге айыптымын мен. Өйткені болашақ қайын атамның алдынан өткен жоқпын. Осы күнгі жастарға ұқсап той да жасай алмадық. Алматы көшесінде қол ұстасып жүріп-жүріп, ақыры бір жесір әйелдің жалғыз бөлмелі үйіне шыға салғанбыз. Бірақ көкеміз озық ойлы адам болғандықтан, қателігімді бетіме басып жатпады. Туған баласындай құрақ ұшып қарсы алды. Біз — бір жасар қызым Жанна, Бағдат үшеуіміз сөйтіп көкөрай шалғын Нұраның бойындағы кішкентай ғана «Қызылшілік» колхозында бір ай жатып рахаттанып дем алдық. Аттанар мезгіл жетті. Көкеміз сөз бастады:

— Бағымыз ба, сорымыз ба, ол арасын білмеймін, сен арамыздан озып туған баласың, — деді амамыз маған қарап. — Менде ұл баланың жоғын өзің білсең. Мен олай-пұлай болып кетсем, осы үйдің бас көтерері өзіңсің.

Ақтық сөйлемейтін амамыздың бұл сөзінен мен көп нәрсені аңғардым: ұл баласы болмағандықтан, мені мұрагерім деп отыр. Әрине, ол кісі дүние салғаннан кейін Қызылшілікке барып, амамыздан қалған шаруа-

шылыққа мал-мүлік, дүниеге иелік еткен жоқпын. Әңгіме бұл жерде менің жұбайыма байланысты бір күлкілі жайда. Соны айтып бермекпін.

Бағдаттың Күләш, Қамыкен, Бәтік деген үш апасы бар. Солардың үлкені Күләш — атамыздың жастайынан бауырына салған асыранды қызы. Күләш Қарағанды қаласында тұрады. Бір күні үйіне барсам, әпкеміз жылап отыр...

— Ау, не болды, апатай?

Күләш көзінің жасын тыйды да:

— Естіген жоқсындар ма?— деп таңданды.

— Нені естімекпіз?

— Көкем қайтыс болды ғой...

— Оны саған кім айтты?..

— Сот Омар айтты...

Сұрастыра келсем, осы қалада тұратын Түсіпбектің Омары деген жамағайын жаңағы суық хабарды әлдекімнен құлағы шалған да қазақ ресімін жасап қой сойып, Күләшті шақырып естірткен.

Мен бұл хабарға сене алмадым. Себебі орысша, қазақша сауаты бар көкеміз жан тәсілім жасар алдында мұрагерім деп таныған баласына телеграмма бергіздірмес пе! Қалайша бізге хабар келмейді? Мен почтаға бардым да атамның өз атына телеграмма соқтым. Денсаулығыңызды айтып тез жауап беріңіз дедім. Ертеңіне атамыздан: аман-саумын деген телеграмма сарт ете қалды. Осы хабарды алған соң ең алдымен Күләшті барып қуанттым. Содан бұл оқиғаның түгін білмейтін, мүлде бейхабар, жайбарақат жүрген Бағдатқа келіп мән-жайды баяндамасым бар емес пе.

— Әлгі сот Омар қой сойып, шақырып Күләшқа естірткен,— деймін ғой баяғы. Сонда жұбайымның жұлып алғандай етіп алғаш қойған сұрағы:

— Ал мен қайда қалдым сонда?

Сот Омардың да ісі іс емес. Тумаған қызын шақырып суық хабарды естіртеді де, туған қызын алалап тастап кетеді. Бақанның мен қайда қалдымын басқаша қалай түсінбексің әйтпесе?!

Әлбетте тілші деген халық көп жүреді. Көп адамдармен кездеседі. Олардың ішінен шын достар да табылып қалатыны болады. Атығаев Кеңес — осы достардың бірі. Кеңес Қарағандыдағы жаңа ашылған № 48-шахтаның бас инженері. Сол кезде жиырмадан жаңа ғана асқан жігіт болса да, аса орнықты, аса сауатты жас. Әйелі Фарида да кішіпейіл, барын қонағының аузына тосып тұратын сыпайы да сұлу келіншек. Біз көп кешікпей достасып, аралас-құралас болып кеттік. Жұи-жұи кездесіп, жұи-жұи шақырысамыз. Көңілімізде қаяу жоқ. Жалғыз-ақ кемшілік: жер шалғайлығы. Оның пәтері ескі қаладағы шахта жанында. Ал біз болсақ, жаңа қаладағы оқытушылар институтының бұрын аудитория болған бір бөлмесінде тұрамыз. Жол қатынасы аса қиын. Автобус дегенін мүлде жоқ, Ал ескі қала мен жаңа қала арасында жүретін трамвай боранды күндер тоқтап қалады. Сондай бір түтеген боран, аязды күні Кеңес бізді қонаққа шақырды. Әукен Жәкішев деген Кеңеспен бірге оқыған жолдасым екеуміз әрі жүгірдік, бері жүгірдік, екі сағат бойы ескі қалаға баратын бір машина тапсақшы. Ақыры жаурап, өле жаздап үйге келдік те Кеңеске телефон соқтық. Бара алмайтынымызды айттық. Ол кездегі шахта бастықтары парлап ат мінетін. Кеңес өкініп қалды. Атшысын әлгінде ғана босатып қоя берген екен. Іздеме болды. Тапса, жіберетінін білдірді. Күтіп отырмыз. Арада біршама уақыт өткенде телефон шылдыр ете қалды. Трубканы Бағдат көтерді. Кеңестің өзі. Даусы санкылдап бізге естіледі:

— Әлгі атшы итті таба алмадым. Ішкіштеу біреу еді. Бір жерде аялдап қалса керек. Үйіне оралмапты. Өздерін бірдеме етіп жетсендер қайтеді?

— Кеңес, атшының табылмағаны жақсы болды.

— Неге?— деп қалды әлде нені секем алған Кеңес.

— Мына аязда аттарын үсіп кететін еді ғой!— деді Бағдат.

Біз күліп жатырмыз. Арғы жақтағы Кеңес Бағдатқа түсіндіріп әлек:

— Ат үсімесін үсімес еді-ау, әлгі кучер иттің таптырмай тұрғаны.

Бағдат та қайтар емес.

— Ойбай, ат түгіл, біздің өзіміз үсіп кете жаздадық. Бүгінгі аяздың қандай екенін білмейді екенсің ғой. Әуре болмай-ақ қой. Басқа да күн бар емес пе, кездессеңіз тағы да,— деп трубканы салып қойды.

Дегенмен де біз сол күні Кенес үйінде болдық. Ат үсіп кетеді деп шын ойлаған Бағдаттың анқау сөзін кексін деп түсінген Кенес аттарын өзі барып жегіп, бізді келіп алып кетті. Аңғырт сөйлеудің кейде осындай пайдасы да болады екен.

Біз бір күні қонақ шақырдық. Салқын тамақтан кейін үзіліс жарияланған кез. Етті түсіріп, нанын салайын деп жатқан Бағдат маған дауыстап:

— Сафуан, шалбарыңды шеш те, ет тура,— деді.

Келген қонақтар күлкіге кенелді де қалды.

Бір мың тоғыз жүз елу сегізінші жылғы декабрь айы. Қазақ әдебиеті мен өнерінің Москва қаласында өтетін онкүндігіне бара жатқанбыз. Бір купеде бес жасар балам Саян мен оның анасы, ұйғыр жазушысы Хадір Хасанов төртеуіміз. Жол ортасы ауғанда бір күні ертемен Бағдат мені жұлмалап оята бастады.

— Тұр, Сафуан.

— Е, не болып қалды?— деп сұрадым мен әлі ұйқымды аша алмай.

— Бүгін поезд түнімен жүрді...

Москваға жеткенше Хадір марқұмның ішек-сілесі қатумен болды:

— Бақаң тегі поезды кеш түсе атын ағытып, арба жетегін қосақтап көтере байлап, дем алатын аттылы жолаушыға ұқсатқан болды-ау сонда?!

Мен бір күні Х. деген жасы үлкен ақын жолдастың үйінде ұзағырақ отырып қалдым да, үйге кешеулеп орал-

дым. Ол үйде Тахауи да болған-ды. Келсем, Бақаң ұйықтамаған.

— Қайда болдың осыншама кешігіп?

— Х-ның үйінде.

— Онда сенен басқа кім болды тағы да?— деп шүйлікті дағдыда терісі кең, ана-мынаны елеі қоймайтын Бағдат мінез танытып.

— Тахауи болды.

Ертеңіне тұра салысымен Бағдат телефон құлағына жармасты. Байқаймын жасы үлкен Х-ны әурелемей, замандасы Тахауимен сөйлесіп жатқан секілді.

— Тахауи, кеше қайда болдыңдар?

— Х-ның үйінде.

— Қашан тарадыңдар?

Мәселенің қай жағынан шығып қалам дей ме, Тахауи ыныраныңқырап көпке дейін жауап бере қоймаған секілді:

— Түннің бір уағы болып қалған, әйтеуір...

Шыдамы таусылған Бағдат:

— Әй, сендер осы таңғы сағат төрт кезінде тарқаған жоқсыңдар ма?

Аузына сөз салып берген соң Тахауи көсіліп жүре берді.

— Иә, таң бозамықталып, тауықтардың шақырып жатқан кезі болатын...

Мәселені осылай «анықтап», біздің таң ата тарқағанымызға көзі жеткен Бағдат трубканы ұясына қойды. Менін күлкіден ішегім түйілді.

— Тексереді екенсің, дұрыстап тексермейсің бе?

— Енді қалай тексеру керек?

— Сағат төртте тарадыңдар ғой деп Тахауидың аузына неге сөз саласың? Тымырайып үндемей тұрмайсың ба! Пәле қуған адам өтірік дегенінді өстіп ұстайды.

— Әй, қойшы, сендермен сөйлесіп болмайды,— деп біздің Бақаң ас үйге қарай жөнеле берді...

Қулық атты қызыл түлкіңіз кез келгеннің қақпанына оп-оңай келіп өз бетінше түсе салатын аңқаулық емес-ау, тегінде...

ТОЙТАРҚАР

Жасым алпысқа келгеннен кейін бір күні отырып мақтандым: даналық жасқа жеттім. Ақылым кірді.

Атаулы күндер жақсы өткен соң артын ала Бағдат тойтарқар жасады. Оған біраз жазушылар шақырылды. Әлі есімде. Бұл бір мың тоғыз жүз ~~жүз~~ екінші жылдың он сегізінші октябрі болатын. Он тоғызыншы октябрьден бастап Қазақстанда эстон әдебиетінің апталығы өтпек. Соған қонақтардың келіп жатқан кезі. Тойтарқар басталып кеткен. Жұрт сондай көңілді. Бір кезде бұрын есігімізді ашып көрмеген, бірақ маған іні саналатын, сол інілігін кешегі жиында өзіме арнаған әдемі өлеңімен танытқан Ғ. деген ақын кіріп келді. Және сөйлей кірді:

— Кешігіп қалғаным үшін кешірім сұраймын. Әлгі эстондардың бір топ жазушыларын қарсы алу маған тапсырылған еді. Соларды аэропорттан күтіп алып, қонақ үйге әкеліп орналастырғанша көп уақыт өтті...

Ғ. әрине, тамақ аңдып жүретін сұйық адам емес. Өтірігі де, қулығы да жоқ дәулетті тұратын жазушы. Мына жерде менің той тарқар жасап жатқанымды біліп, өзінше еркелесп келгені. Әрі шақырылмағанын сездіртпеу үшін кешігіп қалдым деп көз қылып жатыр. Осы жерде менің не істеуім керек еді? Әлбетте:

— Кешіккеніңнің түк ерсілігі жоқ. Қонақ қарсылап жүргенінді бәріміз де білеміз. Былай шық,—деуім керек қой. Ауыма сөз салып, тілеп тұрғаны да сол. Осылай деудің орнына мен тұрып алдым да Ғ-ға рахметімді жаудырта бастадым:

— Міне, іні деген осындай болуы керек. Өзімсініп, шақыртпай келгенің қандай жақсы. Кісілік те, кішілік те осындай мінезден көрінбек. Ал мына тойтарқарды енді өзің басқар.

Обалы нешік талай жиын-тойларда той бастап үйреніп алған Ғ. көсіліп жүре берді. Домбыра тартып, ән салды. Төгілдіре мінездеме жасап, жұртқа сөз берді. Өзі де

сөйлеп бакты. Өзгені де сөйлетті. Бір кезде кәдірлі қонақтарымның бірі мұрты жыбырлап ұшып түрегелді:

— Келе салып оттап жатырсың, оттап жатырсың... Сені кім шақырды осында? Бар шығып тұр. Кет деген соң кет деймін мен саған!

Ғ-да тегін жаралған ба, шап ете қалды:

— Қалайша кет демексін? Мен сенің үйіңде отырған жоқпын ғой...

Қойшы, өзеуреген дардай екі азаматты әке, көке деп зорға басып тойтарқарымызды дұрыстап таркаттық-ау ақыры.

Бірнеше күн өткен соң сол тойтарқарда бірге болған Тахауи Ахтановты кездестірдім.

— Алпысқа келдім. Ақылым кірді деп жүрсін. Түк те ақылың кірген жоқ,— деді маған жымына қарап.

— Неге ақылым кірген жоқ? Кірді.

— Ғ-ның өзі аузына сөз салып тұрғанда, шақыртпай келгенін жақсы болды деп қайта-қайта қоймайсың. Ақылы кірген адам солай дей ме?! Оның шақырылмай келгенін ана мұрты жыбырлағыш қонағың білмегенде түк те болмайтын еді.

Мен үндей алмай қалдым.

Қайтесің, адам қайта жаралмайды. Әпенділік әр адамның да басында кездесе беретін болса керек...

АЙТЫЛМАҒАН АМАНАТ

Бір мың тоғыз жүз жетпіс төртінші жылы «Қазақ әдебиеті» газетінің қырық жылдығы тойланды. Жазушылар сарайының кең залы лық толы. Жиынды қазақ әдебиетінің ақсақалы Ғабит Мүсрепов ашты. Салтанатқа сол кездегі Қазақ ССР Жоғары Советі Президиумының председателі Сабыр Ниязбеков те қатысқанды. Бір кезде залға Мұқағали Мақатаев келіп кірді. Қасында ұйғыр ақыны Ілһия Молотов. Шамасы, екеуі де жылылау секілді. Залдың арт жағына барып жайласқаннан кейін

Мұқағалидың даусы шығыңқырап отырды. Жұрт құлағына ерсілеу сөздер де шалынып қалды...

Мәжілісті басқарып отырған Ғабен дағдығынша баппен көтерілді де:

— Әй, Мұқағали, ана көшеде айтылар сөздерінді жер таппай келіп айтып отырсың ба?! Қоймайсың ба?— деді әр сөзін салмақтап асықпай сөйлеп.

Мұқағали екі қолын ұшатын құстың қанатынша қомдап орнынан тұрды:

— Ғабен, мен құладым...

Зал жым-жырт. Шыбынның ұшқаны естілердей тыныштық орнай қалды. Неге өтті? Менің ойымша, оның сыры — құладым — деген жалғыз ауыз сөзде. Сөз сиқырын ерттеп мінген дарынды ақын мынандай хал-күйінің өзінде де: қойдым, жаңылдым, қателестім,— деп жатқан жоқ. Өлеңде де, өмірде де үнемі кесек тұрайтын Мұқағали қателігін құлауымен мойындап жатыр. Және кімнің алдында? Қазақ халқының біреуден жасы үлкен, біреуден кіші болғанымен жол үлкендігіне еш қарияң таласа алмайтын Ғабит Мүсреповтің өзінің алдында. Сөз қадірін білетін Ғабит ризалығын жымиюымен білдіріп орнына отырды. Мұқағали осыдан кейін аузын ашқан жоқ. Кикілжің осымен бітті. Мінбедегі шешен сөзін жалғады. Жоқ, кикілжің тынбады. Үстінде орман шаруашылығы қызметкерлерінің киімі бар бір азамат мәжіліс президиумының соңғы қатарынан тұрды да айқай салды:

— Міне мына жиынға қымбат уақытын жіберіп Республика президентінің өзі қатысып отыр. Сол кісінің алдында көргенсіздік танытып, бейбастақтық жасап отырған әнебіреуді әкетіндер залдан!

Мәссаған безгелдек! Халық ақсақалы Ғабиттің өзі тындырған істі қайтадан қоздыра ушықтырып, алты аласы, бес бересі жоқ бөтен үйге келіп тәртіп орнатып жатқан бұл кім өзі?! Орман шаруашылығы министрлігінде істейтін бір азамат екен.

Мен бұл кісінің дарақылығын кейін осы тойға арналған дастарқан басында да байқап қалдым. Соғыс

кезінде данқты қолбасшы Конев басқарған майданның бір құрамында болған, кейін орталық Қазақстанның бір ауданының бірінші басшысы есебінде Партия съезіне қатысқан Төлебаев Кремль сарайында үзіліс кезінде бұрынғы қолбасшысына аяғын сарт-сұрт тік басып барып: пәлен армияның пәлен дивизиясындағы пәлен батальонының пәленшесінің өзі келді,— деп рапорт беріпті. Жәй азамат киімін киген бұл кісінің мына ерсі қылығына маршал абыржыңқырап қалыпты да, төніректегі жұрт күліпті. Осы бір ерсі ісін ол осы дастарқан басында да ерлікке санап айтқаны бар.

Төлебаевтің айқайынан кейін бір-екі жігіт қаумалап Мұқағалиды сыртқа алып кетті. Жәй алып кеткен жоқ. Келесі күні мемлекет басшысы отырған жерде бейбастақтық жасады деген айып тағылып, Мақатаев жазушылар қатарынан шығарылды. Дәлелдің мықтысы: мемлекет басшысы отырған... Мәселе, міне, қайда жатыр десенші!

Сабыр Біләлұлы Ниязбековті мен сонау бір мың тоғыз жүз елу төртінші жылдан білетін едім. Сәкең онда Солтүстік Қазақстан обкомының екінші секретары болып істеді. Өзімнің туған облысыма барып жүріп онымен талай-талай кездескенмін. Үйінде де болғаным бар. Содан білетінім: Сабыр Біләлұлы өте кітапқұмар адам. Үйі толған кітап. Бір жақсысы — кітапты жәй сәндік үшін жинамайды, оқу үшін жинайды. Өзінің үйінде өткізген кеште мен оның орыс әдебиетін, батыс әдебиетін ғана емес, қазақ әдебиетін де оқитынын, аңғарғанмын. Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсреповтер ғана емес, кейінгі буынның өкілдерін де білетініне, әманда оқып қадағалап жүретініне көзім жеткен. Осы бір ұғымым мені жстелеп отырып президенттің өзіне алып барды.

— Сәке, Сіз Мұқағали Мақатаев деген ақын барын білссіз бе?

— Білгенде қандай?!

— Қандай ақын?

— Айтары жоқ тіпті...

— Ал ендеше осы айтары жоқ ақынды кеше Жазушылар одағынан шығарып жіберді.

— Не себепті?

— Себебі Сізде...

— Нәліктен менде болмақ?

Мен істің мән-жәйін түсіндірдім.

Ниязбеков шошып кетті.

Дереу қажет кісілеріне телефон соқты. Соның нәтижесі — Мұқағалидың мүшелік билеті қалтасында қалды.

Арада біршама уақыт өтті. Бір күні семьяммен келе жатып әрі сыра, әрі минералды су сататын киосканың қасынан өте беріп, әйелім су ала кетейік деген соң тоқтай қалдым. Киосқаға жақындай бергенімде, екінші жағынан қасында бір жас жігіт бар Мұқағали шыға келді. Сәлемдескеннен кейін, жуырда Ниязбековте болдым, — деп сөз бастай беріп едім, менің ол ісімнен мүлде бейхабар Мұқағали дүрілдете жөнелгені.

— Ниязбеков деген кім өзі? Ертең орынан түссе көптің бірі болады да қалады. Ал мені Ниязбеков отырғаны үшін деп мүшеліктен шығарып...

— Жоқ, мүлде олай емес... Мен барып сөйлесіп...

Мұқағали сөз соңын тосудан қалды.

— Неге олай емес? Дәл солай. Оның атын екінші рет атайтын болсаң, мына берген тиыныңды қайтып берем.

— Ал қойдым ендеше.

Мұқағали киосқаға қайта кірді. Мен сүйретіліп машинаға келдім.

Осы оқиғадан кейін Мұқағалимен кездесе алған жоқпын.

Әй, аңғырттық-ай десейші! Ана әңгімені ретін тауып дұрыс кезінде айтсам... Жә, қойшы! Айтылған болса.

Үзіліп түскен алмадай,
Үзіліп көңіл қалғаны-ай!

Арыма басқан таңбадай,
Арылмай қойды-ау дау-дамай!
Тасыған көңіл арнадай,
Таусылып бүгін қалғаны-ай!
...Қнылып қалған құрақты
Қиын да болар жалғау-ай!
Шоқтапып жанған көгімде,
Шолпаным бар ғой менің де.
Жолдассыз, доссыз тегінде,
Өткерген өмір өмір ме?!
Өкініш көп қой көңілде.
Осы да жақсы, кім білсін,
Ділгірсің, көңіл, ділгірсің.
Өкініш-ынсап бір жүрсін.
Алайда доссыз өткерген,
Күн құрсын, бауырым, күн құрсын!—

деген жан толғанысы туар ма еді, әлде тумас па еді?!
Өкініші жоқ.

АҢҒЫРТТЫҚ АДАМ ӨЛТІРЕДІ

Бірде Ғабит ағамыз мынадай бір қызық әңгіме айтқан еді.

Екі ғасырдың тел қозысы, атакты күйші Дина Нұрпейісованың көңілін сұрауға төрт-бес жазушы барыпты. Ішінде Ғали Орманов бар екен. Ұлы күйшінің науқасы меңдеп жатқан кез болса керек. Басқалары сабырлық танытып үндеңкіремей, алысырақ қалса, Ғали домалаңдап анамыздың қасына барыпты да аяғын сипап жіберіп:

— Үймәй-әй, башайларыңның жаны кетіп қалыпты ғой, өліп қалмасаң жарар еді...— депті.

Сонда аңғырттықпен айтылған осы бір сөзді ұнатпай қалған Дина әл үстінде жатса да:

— Тәйт әрі, мына шіркін қолын қайда апара жатыр?!— деп аяғын жинап алған екен...

АТ ҚОЮДЫҢ МАШАҚАТЫ

Дүниеге өз келіп те, ер келіп,
Жатар бірдей ақ бесікте тербеліп.
Аңғарылар айырмасы ақыры —
Кетерінде тіл сауырлы жерге еніп.

Ізтай Мәмбетов.

Әукен балалы-шағалы болса да, осыншама жасқа келгенімен немере сүйіп көрген жоқ еді. Бас қосқан бір жерлерде өзінен әлдеқайда кіші бір інілері мен келіндері әлденеге мензеп «әлгі біздің үйдегі күшік» деп кеуделерімен көрік үрлегенде, құдай сақтасын, ұшырып жібере жаздап, көкіп отырады. Інілер бұлай болса, аға дегендерің одан да өткен. Әсіресе Сафа дейтін ағайынның кездескен сайын, басқа дүние құрып қалғандай: «Өй, менің немерем бір жас тоғыз айында хат таныған. Төрт жасында менің немерем Пифагордың кестесін жаттап, шахмат ойынын үйренген. Сол жылы менің немерем Ишанбай атасын мат жасап, матап тастаған. Ал Жаппар атасы менің немеремнен жеңіліп қалып ашуланған» — деп күпсінгенде, үйге сыймай кететінін қайтерсің! Ол ол ма, мына жақтан «біздің немере» — деп кемпірі Бағдат жанапайласқанда бар ғой... есінді шығарады тіпті. Біздің немере де, біздің немере! «Сарт есегін мақтайды» — дегендей, мына кісілер қартаяйын деген болса керек, отыра қалып немерелерін мақтайды, — деп әзілдеген болса да, сол әзіл-әңгімелердің бір ұшы өзіне барып тиетінін біліп октау жұтқандай болып отыратын Әукен үйге келген соң, ал өз үйінде болса, жұрт тараған соң үлкен баласы Хабайды қасына отырғызып алып, сұрайтын-ды.

— Әй, Хабай, жасың болса отызға жақындап қалды. Осы сенің не ойлағаның бар?

Хабай саспайды. Өйткені бұл оған тосын қойылған сұрақ емес. Осындай жиын-тойдан кейін үнемі қойылып тұратын жәнә мағынасы түсінікті сұрақ.

— Не ойла дейсің. Институтты жаман бітірмедім.

Диплом болса қалтада. Енді міне жұмысты да жаман істеп жүргенім жоқ.

— Жок, онындай айтпаймын. Келін түсіріп, шешен екеуімізге бір жас иіс сүйгізбейсің бе?

— Ә, асықпасаң, бәрі де болады.

Осы «боладыны» қашан болар екен деп күтумен алаң болып жүргенде, Хабай бір күні үйге бір қызды ертіп келді де:

— Ал, папа, ал, мама, болашақ келіндерің осы кісі. Аты Гүлім,— деп ақ түйенің қарнын жарып тастама-сы бар емес пе.

Өлгенше қуанған Әукен мен Сақыш әуелі Гүлім атанған болашақ келінге, содан кейін өзара ұпатқандарын танытып бір-біріне қарасты. Сол күнгі түнді олар көрер көзбен атырды десе де болады.

— Келін бала сондай сүйкімді екен,— деді сөзге сараңдау Әукен.

Ал қашанда ағайын арасы ашылар болса, қиюлас-тырып, жыртықтың бәрін жамап-жасқап жүрер есті Сақыш:

— Сүйкімдің не, уыздай уылжып тұрған, қара то-рының ішіндегі ең сұлуы ғой. Тіпті ана жоғарғы ерпі-нің үстіндегі қап-қара менінің өзі қандай жарасымды. Тек құт болып кірсін де үйімізге,— деп анықтап қой-ды.

Әукен қарсы болар ма:

— Иә, құт болып кірсін үйімізге,— деп Сақышты қостап жатыр.

Ал, Гүлім болса, бұл үйге құт болып кіргені рас. Ең әуелі Гүлімнің әке-шешесі Әбиболла мен Зият құда-құдағи деп ауыз толтырып айтарлық, жөн-жоба-ны білетін болымды адамдар болып шықты. Өз қызын былай қойғанда күйеу баласы Хабай десе ішкен асын жерге қояды. Ал Әукен, Сақыш дегенде, обалы нешік, жандары жоқ тіпті. Шүкіршілік. Бұдан артық не тілеу-

ге болады? Осы күні құда-құдағилардың не бір сорттары шығып жүрген жоқ па. Естімеген елде көп дегендей, бүгін ұлан асыр той жасап, балаларын қосып, ертеніне көшеде кездесе амандаспай өтетін де құдалардың табылып қалатынын естігеніміз бар. Нелер болмайды дейсің бұл дүниеде.

Баласының үйленгеніне бір, жақсы келін, жақсы құда-құдағи тапқанына екі қуанып жағасы жайлау болып жүрген Әукен міне енді үшінші қуанышқа ие болды.

Жұмыста отырған-ды. Сақыш телефон шылдыратты.

— Әй, қайтып шыдап отырсың? Әлгі Гүлімтайды толғақ қысып, перзентханаға алып кетті ғой.

— Ал, нә?— дей берді қуанған Әукен аузына басқа сөз түспей!

— Не нәсі бар. Перзентханаға алып кетті деп тұрмын ғой.— Осыдан кейін Сақыштың басқа бір телефонда басқа біреумен сөйлескен даусы шықты.— Сестра, сестра, бала менің балам, келін менің келінім. Қуаныш хабарды ең алдымен маған естіртетін бол. Білдің бе, сүйіншісін өзім берем. Келінімнің әке-шешесі келуге тиісті. Оларға да дым үндеме. Әуелі маған хабарла.

Әукен шыдай алмады.

— Ау, кіммен сөйлесіп жатырсың?

— Жәй, әшейін...

— Қалайша жәй әшейін?.. Сенің келінің болса, олардың жан дегенде жалғыз қызы. Өміріндегі тұңғыш қызығын неліктен естімеуге тиісті?

Сақыш құлақ қояр емес.

— Мен жұмыстан шыға алатын емеспін. Сен сол жаққа барып басы-қасында болмайсың ба,— деп әңгіме тақырыбын кілт бұрды.

Басқаға тап қастандығы жоқ, сыралғы әйелінің мына ерсі ісі тұңғыш қуаныштың тұңғыш хабарын

жұрт алдымен өзі естігісі келген, болмашы бір өзім-шілдіктен туған, зілсіз қылық екенін бірден түсінген Әукен мына жәйдан кейін қопандап отыра алмады. Салып ұрып перзентханаға барды. Барса, Әбиболла құда мен Зият құдағи сонда жүр. Әлде қайтеді деген үрейлі мазасыздық па, әйтеуір, Әбиболладан көрі Зият құдағидың өңі өзгешелеу, салқындау екен. Қылт еткен ой ұшығы: әлгі Сақыштың телефондағы сөзін естіп ренжіп қалмады ма екен?— болды. Сол теткулі көңілді басқысы келген Әукен:

— Ал, нә, Гүлімтай қалай?— деп сұрады.

— Біле алмай анырып тұрмыз,— деді Зият дағдылы сабырлы калпында.

Әбиболла шыдамай жатыр.

— Күтуші қарындас жаңа ғана шығып, әзірге бәрі де ойдағыдай. Қуанышты өзім шығып хабарлаймын. Күте тұрыңыздар,— деп кетті.

Әукеннің жүрегі орнына түсейін деді. Әй, Сақыш-ай, жоқ жерде менің балам, сенің балаң деп алалап... екі ата, екі әженің қайсысы бұрын естісе де бәрібір емес пе.

Зият өңі өзгермейді.

— Сіздер бұл жерде тұрып не аласыздар. Үйге бара беріңіздер. Хабарды өзім әкелем.

«Сақыштың кулығы секілді бірдемелер мына құдағиымда да болғаны-ау»,— деп жорыған Әукен енді тіктеу келіп калды.

— Неге бара береміз? Хабарды осы арада тұрып бәріміз бірге естіміз.

Зият түсіндіріп әлек.

— Қазақ дәстүрінде әйел толғатқан үйде еркек қауымы отырмакшы емес қой.

— Е, біз үйде отырғанымыз жоқ. Далада жүрміз. Есік, терезелерді бағамыз.

— Сөйтсе де ырымға жақсы емес...

Әбиболла Әукенге ым жасап, кете берейікті түсіндіріп жатқанша болмады, ақ халатты әйел терезеден басып қылтитты да:

— Сүйінші, ұл бала!— деп дауыстады.

Әукеннің жеткен жері осы болды.

— Ал кеттік...

— Қайда?

— Біздікіне. Тойлаймыз...

Знят бұл жерде естілік жасады.

— Сақыш болса жұмыста. Біздің үйге барып тойлаймыз.

Қай үйде тойланады, Әукенге оның бәрібір, әйтеуір, тойланса болды. Атасын осыншама зарықтырып дүниеге жаңа ғана келген нәресте Жәкішевті қайда болсын, қайтсе де тойлау керек. Әбиболла үйіне келген соң, Әукен бірінші болып сөйледі де. Елуден асып барып ата болған Әукен шалқаймағанда кім шалқаяды енді. «Менің күшігім» дейтін інілер, «менің Типулім бір жас тоғыз айында хат тапыды» деп бөсетін Сафа секілді кейбір аға туыстар көрсін енді. «Менің күшігім?!» «Менің Типулім!?— Осы жұртта ес деген болсайшы-ей бір. Бір жас тоғыз ай?! Сол да сөз болып па? Мына Әукеннің немересі ал, тіпті бір жасқа жетпей-ақ хат таниды. Пифагордың кестесін төрт жасында емес, ал, үш жасқа келмей жатып-ақ үйреніп алады. Ишанбай, Жаппар секілді аталарын төрт жас емес, ал тіпті үш жарым жасында-ақ шахматтан ұтып жібереді. Сонда ана Сафа секілді бөспебайлардың күні не болмақ? Ай, бұл қазақ дегенің ертеңгі күнін ойламайды екен ғой мүлде.

Немерелерін үнемі көлденеудетіп, алға тартып, ыза-сын келтіріп жүргендермен Әукен көп жылғы егесті осылай шешті де құда-құдағидың соңынан ерді.

Бір кереметі, «ұл бала!»— дегенді әлгі екі арада естіп үлгірген бе, әлде Гүлімтайдың перзентханада жатқанына елендеп жүргендіктен бе, әйтеуір Әбиболла үйінде жұрт жиналып отыр екен.

— Немеренің аты кім болмақ?— деп шу ете түсті.

Рас екен-ау, құр «немсер, немере» дей бергенше ат қойып, айдар тағу жөн екен-ау.

— Ал, нә, немеренің есімін кім деп қоямыз?

Бір дауыс шықты.

— Ұлы философ болсын, атын Аристотель қою керек.

— Олай болса, Платон деп неге қоймаймыз?

— Жок, Галилей деу жөн. Кім біледі, ойда жоқта бір керемет жаңалық ашар.

— Ендеше Коперник де.

— Жок, ұлы акын болсын деп, Пушкин деп азан шақырайық.

— Олай болса, Абай деп неге атамасқа?!

— Сәкен дейік.

— Бейімбет болсын.

— Жок, Мұқтар дұрыс.

— Жок, Сәбит дұрыс.

Есімдер әуеден бұршақ жауғандай құйылды. Соның бәрінде де жұрт ұсынысы Әукен мен Әбиболлаға, Зиятқа барып тіреледі. Осылар қалай қарар екен дегендей. Тіпті қызметте тырған Сақыш не дейді? деген де сауалдар туып қалып жатты. Обалы нешік, Әбиболла мен Зият екеуі сондай ыпайы. Әңгіме соңы өздеріне барып тірелген кезде «ақы несі мына Әукен ғой, құданның өзі білсін»,— деп салмақты Әукенге салады. Ал Әукен болса аталған есімдердің ешқайсысына айдар таға алмай қиналады. Оңай ма, ат адамның өмір сәрігі. Тіпті жақсы болса өзін өлсең де, болашақ ғасырларға атын қалады. Сол себепті асықпаған жөн. Асықпайтын тағы бір себепті ол мына жиыннан да түйін отыр.— Немеренің түп несі өзі. Олай болса, Әукенсіз бұл мәселе шешілуі мүмкін емес. Тіпті қиналып бара жатса, нәрестенің ақы несі атасы ретінде «міне, мынау атты ұнаттық»— дейді, сонда кім қарсы бола алады оған?— Ешкім де қарсы бола алмайды. Олай болса шылбырдың ұшы өз қолында тұрғанда неменеге аптығады?

Ат қою қайда қашар дегенмен, қашып та кетер халге жетті. Ертең келін мен немеренің перзентхана-

дан шығар күні. Өл, тіріл, қайтсең де ат қоюың керек. Жаңа тәртіп солай. Ал бұлар болса күнде жиналады. Күнде ондаған ат аталады. Біреуі олай тартады, біреуі былай тартады. Бір үйде анау есім бел алса, екінші үйде мынау есім бел алып кетеді. Әркімнің өзі атаған аты өзіне жақсы. Сол таласпен шаршай бастайды. Шаршаған жұрт «жарайды, жақсы атты ертең тауып қоярмыз»,— деп дегеніне жете алмай тарқасады.

Дәп кеше де солай болды. Ат қою тағы да ертеңге қалдырылды. Ертең болғанда да, ертеңнің ертесімен. Әйтпесе кеш қаласын. Дүниеге келгеніне жеті күн болса да әлі ат қойылмаған атсыз нәресте бүгін түске тармаса перзентханадан шығып үйге келмек.

— Апырау, мынау бір сұмдық қызық болды-ау,— деді дағдарған Әукен.— Енді қайттік?

Орамалмен басын танып алып сақинасы ұстап ыңкылдап жатқан Сақыш та дағдарыста.

— Бас жазылар-ау, бірақ әдемі атты қайдан таптық енді?— деп қиналды Әукен. Қиналатын рет бар. Дүниеде не көп?— Шешілмеген мәселе көп. Алынбаған қамалдар бар. Ашылмаған жаңалықтар... Салынбай жатқан құрылыстар... Адам бақытының ұзақ жолында көлденең түсіп кес-кестеп жатқан қиындықтарда қисап жоқ. Ал солардың ішінде мына дүниеге жаңа келген немереге ат қою — қиынның қиыны екен ғой. Кім білген онынды. Жоқ.. жок, күлменіз. Бұл қиындық жас нәрестенің өз әке-шешесін былай қойғанда, беделі тең екі атасы мен қайда болсын өз әмірін жүргізе алатын екі әжесі болса, ағалары, әпкелері болса, тағы-тағы айтса сөзін өткізе алатын туыс жақындары болса, тіпті шешілмейтін шиеге де айналып кетеді екен. Осындай қиындық болмаса, бұлар неменеге жеті күн бойы сандалады? Еріккендіктен жиналып, еріккендіктен дүрілдесіп жүр дейсің бе? Шешуі табылмағандықтан жүрген жоқ па?

Әукен түрегелді. Күрсілдеп жатқан Сақышқа:

— Қайтсең де түр енді. Шегінер жер қалған жоқ.

Ана құда-құдағиды шақырып алайық. Содан кейін қайтсе де міне немере аты мынадай деп айдар тағамыз да, перзентханаға барамыз,— деді.

Сақыш сүйретіліп тұрғанша телефон шылдыр ете қалды.

— Ау, иә? Бұл қайдан?— деп сұрады телефон құлағын көтерген Әукен.— Жамбылдан?.. Кіммін дейсіз? Нұрғалимын?.. Ал, иә?.. Дүниеге жаңа келген жиеннен туған жиеншардың нағашысының нағашысымын?.. Ә, түсінікті. Жамбылда нағашымыз бар дегенді естігенмін. Ал, Нұр-еке, не айтайын деп едіміз?

— Ең алдымен айтарым: ана менің жиеншарымның бауы берік болсын!

— Айтқаныңыз келсін, Нұреке.

— Атын кім қойдыңыздар?

Сол жағына ұяттымыз, Нұреке. Жеті күн болды, бір пәтуаға келе алмай шатасып жатқан жәйіміз бар,—деп Әукен ағынан жарылды.

Нұрғали деген кісіге керегі де осы болса керек, телефондағы дауыс саңқылдап, көтеріле шықты.

— Ендеше жиеншардың атын өзім қоям.

«Қырықтың бірі қыдыр», деген мәтелді жақсы білетін Әукен қуанып қалды. Жеті күн сандалғанда, кім біледі, құдайдан құдай болып жақсы атты осы мына шал тауып кетпесіне кім кепіл.

— Ал қойыңыз.

— Жоқ, мен бұлай жәй қоя салмаймын.

— Енді қалай қоясыз?

— Ақысына...

— Ақысы не сонда?

— Мен аруақты адаммын. Мен атын қойған балалардың кейін айы оңынан, жұлдызы солынан, күні жарқырап алдынан шығатын болады...

Ырым-жырым дегенге Әукен сене бермейтін еді. Сөйтсе де елуден асқанда көрген немере жөнінде мынадай жарым ырысқа тең жақсы сөз айтылып жатса те-ріс пе...

— Сөзіңізге құлдық? — деді атсыз немеренің атасы.

— Көргенді жердің азаматысың ғой, өзім де шоши қоймас деп жорып едім. — деді телефондағы Нұрғали даусы. — Атын қоям... ат мінгізесің, шапан жабасың.

Жеті күннен бері басы қатқан Әукен немере үшін тіпті мына салмақтап да сескенген жоқ. Тек азан шақырып қояр аты көңілден шыкса болды.

— Е, оныңыз атам қазақтың дәстүрі ғой, қайда қашып құтыламыз. Атаныз!

— Атасам... мен атасам бар ғой, Ешкібай деп азан шақырамын.

Әукен шошып түсті.

— О, ақсақал, оныңыз болмайды. Жиырма бірінші ғасырдың қарсаңында туған баланы атам заманғы Ешкібай, Шөпшібай, Қойшыбай деу ұят. Жаңа ат керек.

— Жаңа ат керек пе? Олай болса, Совхозбек, не Қолхозбек деп қоясың.

— Жоқ, оныңыз да болмайды.

— Болмаса, Тракторбай, Қомбайнбек, Машинабай деген де есімдерім бар.

— Бұларыңыз ауылда туған балаларға лайық есімдер ғой, — деп жалтарды Әукен.

— Ендеше қаланың зәулім үйлеріне ыңғайлап Зәулімбек деп немесе тас көшелеріне ыңғайлап Асфальтбек деп те ат қоя аламын.

— Жо... жоқ болмайды.

Телефондағы дауыс қатулы шықты.

— Әй, сонда неге болмайды?

— Болмайтыны — ерсі естіледі сондай.

— Біреуі ескі, біреуі ерсі... Ау, құда, сен өзін ескіге ғана қарсы ма десем, жаңаның өзін де құлқын сүйіп ұната бермейтін адам болып шықтың ғой. Жуырда бір ауданның білдей бір басшысының баласына Қартонбай деп ат қойдым. Сен секілді «ескі», «жаңа» деген жоқ. Ат мінгізіп, рахметін айтты.

Көмекейіне қатқылдау сөз келіп қалған Әукен ашуын зорға басты. Шынында да алыста жатқан құданың құда-

сымен телефон арқылы жанжалдасып жатуға болмайды ғой. Ұят. «Енді не деп жауап берсем екен?» — деп дағдарып тұр еді, сөзді ыңкылдап, күрсілдеп жүрсе де Сақыш тауып кетті.

— Е, ондай атты өзіміздің атай да қоймай ма? — деп ауылдағы Әукен әкесінің інісін еске салды. Әукен жанып сала берді. Телефон құлағын аузына тақай ұстап:

— Ақсақал, ат-шапанды былай-ақ киерсіз. Атыңызды қоя алмаймыз бірақ. Өйткені ауылда жасы тоқсанға келген, сізден әлде қайда үлкен әкеміз бар. Есімі Сықан. Өзіңіздің құданыз. Сол қариямыздан хабар күтіп отырмыз,— деді байсалды түрде.

Ашулы Нұрғали, «олай болса...» — деп күмілжіңкіреп қалды.

Нұрекеннен Сақыштың арқасында осылай жол тауып құтылған Әукен телефонды — «уһ»,— деп қоя беріп тағы бір ой сап етті де шошып түсті. Ал ауылда тек жатқан Сықан шын хабар салып шөберемнің атын «аяғы майлы, жолды болсын деп «Майлыаяқ» деп немесе «Жолдыаяқ» — деп қоям десе, не деп қарсыласасын? Не болмаса, ырымға жақсы деп Итбай, Күшікбай болсын деді. Сонда ше? Тәуба. Құдай тағала Сықан ақсақалға таулық берсін де, әйтпеген күнде әке сыйлап, шеше сыйлап өскен Әукен қарсыласа алар ма! Осы ойынан шошыған әлі де атсыз немеренің атасы: әй, Сақыш, шәйінді тездет,— дегенше болмады, телефон тағы шылдыр етті.

— Бұл Зият құдағи болар, кеше осы кезде хабарласармын деген,— деді ас үй жакта жүрген Сақыш.

Әукеннің телефон құлағын көтеруге жүрегі дауаламайтын секілді. Қызық жәй: осы Әукен мына немере дүниеге келгелі өзгеріп бара жатыр ма қалай өзі? Қорықпайтын еді, міне енді жүрексінетінді шығарды. Бұрын өжеттікке, батырлыққа келгенде, сұрама тіпті, Әукен сондай ойсаң болатын-ды. Ағайын-туғандар мен жанашыр достар кейде онын осы бір өжеттігін міні деп қарап ақыл да айтып қоятын. Тік мінезсің, ойыңа келгенді жасырмай айтып тастайсың,— деп тезге салмақшы. Мұндай

мінің барлығын Әукеннің өзі де мойындайды. Міне жнырма бес жылдан асты, Әукен бір ірі құрылыс мекемесінде орынбасар болып істеп келеді. Өзімен қызметтестердің ішінде академик болып та, министр болып та кеткендері бар. Ал бұл болса, сол баяғы, орынбасар қалпы. Бір қызығы, оны «білімі жоқ, іске ұйтқы бола алмайды, ұйымдастыру қабілеті жетпейді, жұмысына шорқақ»,— деп тіпті дұшпаны да айыптай алмайды. Пәленің бәрі әлгі бір бірбеттілікте, тура мінезділікте жатыр. Тура мінез дегенде, кім білген, оның да түр-түрі болады екен ғой. Бір тура мінез бар қарамағындағыларға келгенде кекірейіп амандаспай қояды екен, не болмаса дүниені әпіріктей иіріп, бетің бар, жүзің бар демейді, аюдай ақырып, екі аяғыңды бір етікке тығады екен де, ал өзінен жоғарыға келгенде құрдай жоргалап алдына түседі де «дұрыс», «жөн айтасыз», «қате бізден», «жөндейміз», «пәлен-еке», «түген-еке»,— деп маймаңдай жөнеледі екен. Ал, Әукеннің тік мінезділігі мүлде бөлек. Ол өз қарамағындағыларға сондай сыпайы.— Сіз, біз. Ал жоғарғы жақтағыларға келгенде құдайдың берген мына мінезін көрмейсің бе, бетің бар, жүзің бар демейді, ойындағысын төгеді де салады. Әлгі ағайын-туғандар айтқанда тік мінез болсаң бол, бірақ өзіңше болма, жұрт қатарлы бол деп үйретеді ғой баяғы. Әукен болса көнбейді: қалай жаралдым, солай өтем. Өтірік көлгірсінтін жәйім жоқ мына елуден асқанда. Сөз осы. Сөйткен батырың немерелі болғалы тіпті құдағымен сөйлесуге де сескенеді. Жоқ, сескенгені емес, сыйлағаны ғой. Құданың күдіретімен, осы мына Зият құдағын Әукеннің кей ретте осыдан екі жыл бұрын дүние салған өз анасы Балайға ұксатып қалатын да кезі бар. Саспайтындығы, қабак шытып, ашуланбайтындығы, сөзді бір ырғақпен бипаздап сөйлейтіндігі, өз дегенін орындата білетіндігі, құдай-ау, айна қатесіз аумай қалған-ау, аумай қалған. Иманды болғыр марқұм Балай ана да керемет кісі еді ғой. «Әукенжан өйтсейші, Әукенжан бүйтсейші»,— деп үнемі жөн үйретуден жалықпайтын-ды. Және әманда қазақы

жөнді жөнімен үйретіп отыратын. Келіні Сақышқа ашуланғанда да бар айтары: «мына жынды...» еді. Онысы Сақышқа майдай жағатын. Өйткені осы бір одағай сөздің арғы жағында елге қоғам үлкен ананың бала мен келінге деген, немерелерге, ағайын-туысқа деген сүйіспеншілік-мейірімге толы үлкен жүрегі соғып тұратын еді. Зият құдағи да сондай, тұла бойынан кісілік пен достық, татулық есіп тұрған, өзі де өзгені сыйлай білетін, өзін де өзгеге сыйлата білетін, жолынан жығылмайтын, жөн-жобаға жүйрік абзал, көшелі әйел. Әукен құдағиының осы қасиетін жақсы біледі. Және де бір қызығы, Әукеннің осы білетіндігінен Зияттың өзі де хабардар. Ара қатынасты тамыршыдай дәп басып бағалай алатын құдағи: саған немере болса, маған бөтен бе, менің де немерем. Олай болса немеренің аты — бөленше. Айттым бітті, кестім үзілді десе... Оны мына жақта Сақыш коштап, жә, құдағидың дегені болсын,— деп құдағиына қосыла кетсе, әне кереметтің кер тайлағы сонда болады. Шынын айту керек, Әукен телефон құлағын осы ретте жүрексіне көтерді.

— Әле, мен тындап тұрмын...

Дес бергенде телефондағы құдағи емес, құданың өзі болып шықты. Әукен жадырап сала берді.

— Ә, Әбеке, қалайсыздар? —

— Жақсымыз. Өздеріңіз ше?

— Жақсымыз.... Ал, балаға ат таптыңыздар ма?

— Жок. Өздеріңіз ше?

— Жок, біз де таппадық.

— Апырау, енді қайттық? Қызық болды ғой, мынау бір...

— Иә, қызық болды,— деп Әбиболла дағдара қостайды құдасын.

— Ойластырамыз деп жүргенде немереміз перзентханадан атсыз шығып жүрсе қайтеміз?

— Иә, сонысы да бар екен-ау... Енді не істедік?

Қалай десең де, Әукен де, Әбиболла да естияр адамдар ғой, ойласа кел: қапнядан жол тапты.

Бәрі жиналып ағайын-туған болып перзентханаға ертерек барады. Нәресте аты сол жерде аталады да метрикаға жазылады... Осы тоқтамға келген Әукен мен Сақыш жайласа отырып шәйін ішті. Содан кейін туған-туыстарға хабар салып, немересінің перзентханадан шығатынын жариялады. Содан кейін жуынып, таранып барын киіп, байлауышын салып дегендей мына елуден асып кеткен шағында дүниеге келген тұңғыш немересін, әзірге атсыз немересін қарсы алуға перзентханаға келді. Келсе, Әбиболла құда мен Зият құдағи сол жерде жүр екен. Тағы да белгілі сауалдар:

— Ал, немерсін не деп атайтын болдық?— деп сұрады істің екінші ұшындағы суыртпақты әманда біреуге ұсына сөйлейтін Әбиболла.

— Біз Сақыш екеуіміз ақылдаса келіп Сәкен болсын деген ұйғарындыға келдік,— деді Әукен.

Әбиболла құда сен не дейсің дегендей Зият құдағиға қарады. Зият құдағи қайдам, өздерің біліндер дегендей шырай танытты. Соны аңғарған Әбиболла:

— Жақсы, болса болсын. Сәкен деген жақсы ат,— деді.

Жеті күн бойы сандалтқан аттың жоқ жерде оңай шешілгеніне соншалықты қуанған Әукен сумкаға салып әкелген шампанды тарс еткізді.

— Ал, олай болса, жарық дүниеге келген жаңа Сәкен үшін!

Қаумалаған жұрт шулап кетті:

— Сәкен үшін!..

— Сәкеннің жарқын болашағы үшін!..

Осы кезде жайлап перзентхана есігі ашылды да әуелі бала көтерген ақ халатты әйел, одан кейін сол жүдеңкіреп бозаң тартқан келіні Гүлім, артында Сәкенжанның әкесі Хабай көрінді. Айту солай болды ма, әйтеуір, ақ халатты келіншек жаза басқан жоқ, тура келіп жөргекке тас боп оралған жан несін Әукенге ұстата берді:

— Ал, атасы, Дәулетіңіздің бауы берік болсын!

— Жок, Сәкен деңіз,— деп түзетті Әукен немересін қолына алып жатып.

— Міне, метриканыз. Немереніздің аты — Дәулет.

— Дәулет? Дәулет деп атап жүрген кім немеремді?— деп Әукен келініне қарады.

Мына жеті күн ішінде соншалықты таралып, жүдеу тартып қалған Гүлім сәл жымнып күйеуіне бұрылды.

— Хабай солай деді ғой.

Хабай шешесіне бұрылды.

— Мамам айтқан секілді ме еді, қалай еді?

Сақыш әлденені есіне алғандай Зият құдағиына қарады:

— Зия-еке, осы сіз Дәулет болсын деп бірдеме деген секілді едіңіз-ау?..

Зият сасқан жоқ. Әбиболлаға бұрылды да:

— Қашан еді, осы сен Әукен құданың аузынан Дәулет болсын деген бір сөз шықты демеп пе едің анада?— деп сұрана үн қатты.

Бір мінезді Әукен құдасының алдын орады.

— Дәулет деген ат айтпақ түгіл, түсіме де енген емес.

— Ана бір күні сөз еткенбіз Дәулетті. Ұмытып қалған боларсың, тегі,— деді құдасы жымия күліп.

Сөйтіп, ойда жоқта — Дәулет — айналып келіп Әукеннің өзі қойған ат болып шыға келді.

Бір кұлықтың жүріп кеткенін Әукен енді түсінді. Бірдеме дейін деп іеле жатыр еді. Қолындағы тас-түйін боп оралған жұдырықтай ғана жан несі «мен мұндамын»— дегендей ыпырсып дыбыс берді де, аяғымен тебініп қойды. Әукен шыдай алмады, нәрестенің бетін жапқан шілтерді көтерді. «Жоқ нәрсеге таласпаңдар, адамдар!»— дегендей дүниеге жеті күн бұрын келсе де, ез атына енді ғана не болған қызылшақа Дәулет аузын ашып, жыларман реңкте бетін тыржитты. Ата сезімі енді оянған Әукен: жақсы, адам қулығы осы жаңа туған нәрестеге ат қоядан әрі аспасын,— деп күбірле-

ді де жас шарананы: «Дәулетім менің!»— деп іскей берді. Анталаған ағайындар да «Дәулет! Дәулет!»— деп нәрестеге үңіле бастады.

Ия, бұл нәресте әзірге екі үйдің ғана дәулеті. Өсе келе, азамат бола келе, мүмкін, бүкіл елдің де дәулеті болып кететін шығар, кім біліпті оны. Өйткені дүниені таңдандырған не бір ойшыл даналар мен ел қамын жеген кемеңгер көсемдер де әу баста жөргекте осылай жатып інгәлап, осылай жатып бетін тыржитпады деп ешкім де айта алмақшы емес қой...

МАЗМҰНЫ

Бірінші бөлім

ЖЕЛ КЕРУЕНІ

Бір таба нан	7
Автограф	32
Мені қалай үйлендірмек болды	48
Жел керуені	59
Шарапат	87

Екінші бөлім

ҚҰПТЫРҚЫСЫ ЖОҚ БІРҚАҚПАЙЛАР

Үріккен даналық	97
Қаңғыбас қоян	98
Қорқаққа жауап	99
Адамның кейбір кездері	99
Түмендегі Сәрсенбай	100
Тіршілік баспалдағында	103
Өлердегі сөз	104
Құзьминична	105
Қарақұмның Бердәлісі	107
Камсыз күндер	109
Өз машинам дегенде	113
Есіркеп қарттың әңгімесі	115
Әкем туралы соңғы сөз	116
Қулықтың құны	117
Көкпарға тайыпша тартқан	118
Ала тақия	119

Сүзгіш жазушы	125
Ісләм туындатқан жаңа сөздер	126
Қызыласпан тауында мінген ат	128
Сау басқа сақина	130
Бриода кездескен қыз	131
Бағасы жоқ сырға	133
Жар болған мұрын	134
Құлақ туралы екі қайырма	137
Респиги мен Ақан сері	139
Бауыржанның сабағы	141
Мақтапыш	142
Жоқ түйенің өркеші	144
Жолда қалған «бойтұмар»	146
Қалижанның әңгімесі	148
Кәрі күйеу	149
Сырбайдың Нұрқанмен айтысы	153
Сілекей	154
Үкілі Ыбырай мен үкілі қыз	156
Қызылсыраған қазақ	157
Қайран Жақсыкең	158
Үй ішінен үй тіккен	161
Сәлем хат	162
Бір өлеңнің өмірбаяны	163
Тұтқында қалған сөз	168
Бала тапқырлығы	170
Ақпақұлақ пен ашулапшақ ақсақал	170
Жеңіс пен жеңіліс	172
Адуындықтың шарапаты	176
Жаратқан неге шамданды	178
Бапай және оның балалары	180
Сұғанақтың сазасы	181
Бұлтартпас дәлел	182
Шалғайдағы келіншек	183
Көңілдің кейбір пернелері	184
Мүсреповтің аңшылығы	191
Алтын тіс	192
Кәдімгі Сәбит Мұқанов	193

Тіршілік дәпкерлері	199
Сәбиттің тапқырлығы	204
Сәбиттің «дұрысы»	206
Көздің жасы	207
Тау — алыстасаң биіктейді	208
Көктөбелде бір зират	226
Қараңғы түнде тау қалғып	228
Ақкөңілдің есебі	231
Сұрақ пен жауап	233
Жазаның ауыры	234
Менің қулығым	234
Адам мен бұлт	236
Шабыс пен қырын	237
Ұялғаным-ай	240
✓ Коян қулық	241
Сәулем, сәулем, сәулемсің...	243
Скопен паркі	245
Эржабеттің үйінде	247
Қара ала таяқ немесе шалдың сырбазы	249
Жанкешті жігіт	252
Ақыл мен қайыршы	258
Күпірлік	259
Қазақ әйелі	262
Ат бермеймін — Ақт...	263
Бастық мінез	265
Сөздің нұры	267
Менің алышым	268
Әбікейдің сыры	270
Ақыл мен әжім	270
Тахаун көпірі	272
Нұрқанның көйлегі	273
Көзсіз ерлік	274
Жиырма жеті	275
Өкініш	276
Пако Қамино матадор	279
Қасапшы мен қыз	280
Бопаш пен Бәйміш	282

Әкімдер арасында келген ой	282
Құрметтің құны	285
Дөкей Ақық	287
Ризамын.. өзіме	288
Бетмоншак	290
Жиһақылықтың зияны	292
Өнердің бір түрі	293
Қуантаевтың әңгімесі	299
Тышқан мен мысық	300
Аралдағы жеңеше	302
Қайда асықтың, жігітім?	303
Жаксы келін	305
Көңіл мен нарық	308

ӘПЕНДІЛЕР.

Айтпайдың Шаяхметі!	313
Қ.-ның ұлы Қ.	323
Досәлінің Сүлеймені	325
Құпкөріс пәлсапасы	332
Менің жұбайым	336
Тойтаркар	341
Айтылмаған аманат	342
Аңғырттық адам өлтіреді	346
Ат қояудың машақаты	346

Сафуан Шаймерденов

ТЕПЛО ЛАДОНИ

Повести, рассказы и эссе

(На казахском языке)

Редакторы *С. Латиева, К. Жойкинбеков*
Художник *К. Абдикаримов*

Художественный редактор *Т. Ордабеков*
Технический редактор *Абдикаримов*
Корректоры *З. Кузеева, Г. Омирзакова*

ИБ 3580

Теруге 29.05.86 жіберілді. Басуға 9.10.86 қол қойылды. УТ 15025. Қалпы 84×108^{1/2}. № 1. баспа қағаз. Қаріп түрі «Әдеби». Шығыңқы басылыс. Шартты баспа табағы 19.3. Шартты болу көлемі 19.5. Есепті баспа табағы 19.3. Тиражы 20000 дана. Заказ № 1474. Бағасы 1 с. 50 т.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеттің Халықтар достығы орденді «Жазушы» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай проспектісі, 143 үй.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеттің «КІТАП» полиграфиялық кәсіпорындары өндірістік бірлестігінің полиграфия комбинаты. 480002. Алматы қаласы, Пастер көшесі, 41 үй.

Шаймерденов Сафуан

- Ш 18** Ағалардың алақаны: Повестер, әңгімелер эсселер.— Алматы. Жазушы, 1987.—368 бет, портрет, суретті.

Көрнекті жазушы С. Шаймерденовтың бұл жинағында М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсеренов, Б. Момышұлы туралы эсселерімен қатар автобиографиялық повестер мен қысқа әрі нұсқа әңгімелер енді. Бұл қысқаларында танымал қаламгер өзінен көрген-білгендерін әңгіме ете отырып, адамның міндет күңінен аман, философиялық түйіндеулер жасайды.

Ш $\frac{4702230290-014}{402(05)-87}$ 67—87

84 Қаз 7- 14

✓